

Заң күші бар Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы N 210 Заңымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы N 210 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

ҚОЛДАНУШЫЛАР НАЗАРЫНА!

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 2002 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАҢТАРДАН БАСТАП КҮШІН ЖОЯДЫ, бұған мыналар:

2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшін жоятын 57-бабының 1-тармағының 16), 19), 22) тармақшалары, 71-1-бабының 2-тармағы, 179-бабының 9 және 10-тармақтары;

2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшін жоятын 34-бабының 1-тармағының 7) тармақшасы, 57-бабының 1-тармағының 17) тармақшасы, 61-1-бабы;

2004 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болатын мынадай редакциядағы 57-бабы 1-тармағының 12) тармақшасы:

"12) мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерінің, сондай-ақ өндіріс ұйымдарының тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сату жөніндегі айналымдары сауда-делдалдық қызметтен түскен тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сату жөніндегі айналымдардан және акцизделетін тауарларды өндіру мен сату және қызмет түрлерін көрсету жөніндегі айналымдардан басқа), егер осындай бірлестіктер мен ұйымдар мынадай шарттарға сәйкес келсе:

мүгедектер осындай өндірістік ұйымдар қызметкерлері жалпы санының кемінде 51 процентін құраса;

мүгедектерге еңбекақы төлеу жөніндегі шығыстар еңбекақы төлеу жөніндегі жалпы шығыстардың кемінде 51 процентін құраса, (есіту, сөйлеу, көру қабілетінен айрылған мүгедектер жұмыс істейтін мамандандырылған ұйымдарда - 35 проценттен кем болмаса), қосылған құн салығынан босатылады;"

2004 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болатын 57-бабының мынадай редакциядағы 15) тармақшасы:

"15) уәкілетті мемлекеттік орган пайдалануға рұқсат еткен мектеп оқулықтарын және мектеп оқу құралдарын, оқушы дәптерлерін, балалар

әдебиетін, сондай-ақ арнаулы орта және жоғары оқу орындарына арналған оқу құралдарын шығару және (немесе) сату жөніндегі айналымдар;";

2007 жылғы 1 қаңтардан бастап күшін жоятын 179-бабының 4-1-тармағы қосылмайды.

ЕСКЕРТУ. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы N 210 "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексін) қолданысқа енгізу туралы Заңымен

ЕСКЕРТУ. Қазақстан Республикасы 2001.07.05. N 223 Заңымен енгізілген өзгерістер "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағының жұмыс істеу мерзімі ішінде, бірақ бес жылдан аспайтын мерзімде қолданыста болады.

І б ө л і м

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

1-бап. Қазақстан Республикасының салық заңдары

1. Қазақстан Республикасының салық заңдары республикалық және жергілікті бюджеттерге салық сипатындағы міндетті төлемдерді (бұдан әрі - салықтар) белгілейтін және Қазақстан Республикасында салық қатынастарын реттейтін осы Заңмен (Қазақстан Республикасының кеден ісі жөніндегі заңдарымен реттелетін кеден төлемдері мәселелерін, қоршаған ортаны ластағаны үшін төленетін төлемдерді, арнаулы заңдармен реттелетін табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін төленетін міндетті төлемдерді, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда), Трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі мемлекеттік бақылау туралы" Z010136_ Қазақстан Республикасының Заңынан, Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісілген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің актілерінен тұрады.

2. Осы Заңның қағидаларына қайшы келетін заңдар мен өзге актілердің заң күші болмайды. Салыққа қатысты емес заңдарға салық салуға байланысты мәселелерді енгізуге тыйым салынады. Салық салуға қатысты нормативтік құқықтық актілер ресми жариялануға тиіс.

3. Егер Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шартта Қазақстан Республикасының салық заңдарында бар ережелерден өзге ережелер белгіленген болса, онда аталған шарттың ережелері қолданылады. Халықаралық шартты қолдану үшін ішкі республикалық акт шығару қажеттігі шарттың өзінде көрсетілген жағдайларды қоспағанда Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттар салық қатынастарына тікелей

қ о л д а н ы л а д ы .

Ескерту. 1-баптың 1-тармағы жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 1995.12.21.
N 2703 жарлығымен.

1-баптағы 2-тармақтың қолданылуы 1997 жылдың 1 қаңтарына дейін тоқтатыла тұрсын - ҚР Президентінің 1995.12.21. N 2703 жарлығымен.

ЕСКЕРТУ. 1-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 Заңымен. Z960061_

ЕСКЕРТУ. 1-баптың 1-тармағы өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.06.19. N 134-I Заңымен. Z970134_

Бұл өзгерту 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

ЕСКЕРТУ. 1-баптың 1-тармағы өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 заңымен. Z970200_

Ескерту. 1-баптың 1-тармағы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1998.12.24. N 333 Заңымен. Z980333_

ЕСКЕРТУ. 1-баптың 1-тармағы өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 Заңымен. Z990356_

ЕСКЕРТУ. 1-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

2-бап. Қазақстан Республикасындағы салықтар, алымдар және басқа да міндетті төлемдер

1. Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген салықтар, алымдар және басқа да міндетті төлемдер "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен тиісті бюджеттердің кірісіне түседі.<*>

2. Қазақстан Республикасының аумағында қолданылып жүрген салықтар тікелей және жанама болып бөлінеді. Жанама салықтарға қосылған құнға салынатын салық пен акциздер жатады. Басқа салықтар тікелей салықтарға ж а т а д ы . < * >

3. Салық Қазақстан Республикасының заң актілерінде және Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген Құзыретті органның жер қойнауын пайдалануға жасасқан келісім-шарттарының ережелерінде көзделген төлемнің заттай түрі көзделген жағдайлардан басқа кезде сондай-ақ салық және алым төлеу Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес шетел валютасында жүзеге асырылған жағдайда теңгемен есептеліп, төленеді.<*>

4. Қандай да бір салықтан және алымнан босату немесе осы Жарлықпен көзделген салық ставкасын кеміту осы Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібімен, сондай-ақ осы Заңға және "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Инвестициялар жөніндегі уәкілетті органмен жасалған келісім-шарт негізінде жүргізілуі мүмкін. "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан

Республикасының Заңына сәйкес Инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган беретін жеңілдіктерді қоспағанда, басқа актілермен салықтар мен алымдар бойынша жеңілдіктер, ның ішінде жеке сипаттағы жеңілдіктер беруге тыйым салынады. < * >

4-1. Осы Заңда көзделген, есептелген және төленбеген айыппұлдар мен өсімақыларды төлеуден босату немесе олардың сомасын азайту осы Заңға толықтырулар енгізу тәртібімен жүргізілуі мүмкін. Есептелген және төленбеген айыппұлдар мен өсімақыларды, оның ішінде жеке сипаттағыларын төлеуден босатуды немесе олардың сомасын азайтуды басқа актілермен беруге тыйым салынады.

5. Арнайы экономикалық аймақтар бойынша салық, алым және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер арнайы экономикалық аймақтар туралы заңдарда белгіленген тәртіппен арнайы экономикалық аймақтың қаржы қорының (бюджетінің) кірісіне түседі.

Ескерту. 2-бап 4-тармақпен толықтырылды - ҚР Президентінің 1996.01.26. N 2824 жарлығымен.

2-баптың 1-тармағы толықтырылды - ҚР Президентінің 1995.12.21. N 2703 жарлығымен.

2-баптың 2-тармағы толықтырылды - ҚР Президентінің 1995.07.20. N 2370 жарлығымен. U952370_

ЕСКЕРТУ. 2-бап жаңа 2-тармақпен толықтырылды, тармақтардың саны өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 Заңымен. Z960061_

ЕСКЕРТУ. 2-баптың 4-тармағы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1997.02.28. N 76 Заңымен. Z970076_

ЕСКЕРТУ. 2-баптың 1,3,4-тармақтары өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 заңымен. Z970200_

ЕСКЕРТУ. 2-баптың атауы мен 1,5-тармақтары жаңа редакцияда және 3,4-тармақтары өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 Заңымен.

Z 9 9 0 3 5 6 _

ЕСКЕРТУ. 2-бап 4-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z990440_

3-бап. Салықтар, алымдар және басқа да міндетті төлемдер

1. Қазақстан Республикасында мынадай салықтар, алымдар және басқа да міндетті төлемдер қолданылады:

- 1) заңды және жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы;
- 2) қосылған құнға салынатын салық;
- 3) акциздер;
- 4) бағалы қағаздар эмиссиясын тіркегені және мемлекеттік тіркеуге

жатпайтын акциялар эмиссиясының ұлттық бірыңғайландыру нөмірін бергені үшін алынатын алымдар;

5) жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері мен салықтары;

6) әлеуметтік салық;

7) автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүргені үшін алынатын алымдар;

8) жер салығы;

9) заңды және жеке тұлғалардың мүліктеріне салынатын салық;

10) көлік құралдарына салынатын салық;

10-1) бірыңғай жер салығы;

11) кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғаларды және заңды тұлғаларды тіркегені үшін алынатын алым;

12) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығын бергені үшін алынатын лицензиялық алым;

13) аукциондық сатудан алынатын алым;

14) Қазақстан Республикасының базарларында тауарларды сату құқығын бергені үшін алынатын алым;

15) Қазақстан Республикасының радиожилік ресурстарын пайдаланғаны үшін төленетін төлем;

16) заңды және жеке тұлғалардың Алматы қаласының рәміздерін өз фирмалық атауларында, қызмет көрсету таңбаларында, тауар таңбаларында пайдаланғаны үшін алынатын алым;

16-1) заңды (мемлекеттік кәсіпорындарды, мемлекеттік мекемелер мен коммерциялық емес ұйымдарды қоспағанда) және жеке тұлғалардың "Қазақстан", "Республика", "Ұлттық" деген сөздерді (түбір сөз, сондай-ақ олардың кез келген туынды сөзі түрінде) өздерінің фирмалық атауларында, қызмет көрсету таңбаларында, тауар таңбаларында пайдаланғаны үшін алым;

17) жеке тұлғалардың ставкасы есептеу базасының 1 процентінен жоғары белгіленбейтін қолма-қол шетел валютасын сатып алғаны үшін алынатын алым.

2. Осы баптың 1-тармағының 7), 11)-15), 16-1) және 17) тармақшаларында көзделген алымдарды төлеу тәртібін және олардың ставкаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайды.

Осы баптың 1-тармағының 16) тармақшасында көзделген алымдарды төлеу тәртібін және олардың ставкаларын Алматы қаласының өкілді органы белгілейді.

ЕСКЕРТУ. 3-баптың 4-тармақшасы өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 заңымен. Z970200_

ЕСКЕРТУ. 3-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 заңымен. Z980255_

Ескерту. 3-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1998.12.24. N
333 Заңымен. Z980333_

ЕСКЕРТУ. 3-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.03.31.
N 356 Заңымен. Z990356_

ЕСКЕРТУ. 3-бап өзгерді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының
1999.07.16. N 440 Заңымен. Z990440_

4-бап. <*>

ЕСКЕРТУ. 4-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N
356 Заңымен. Z990356_

5-бап. Осы Заңда пайдаланылатын ұғымдар

Салық заңдарында пайдаланылатын ұғымдар мынаны білдіреді:

1) активтер - тіркелген активтерді, оның ішінде материалдық емес және
ағымдағы қаражатты қамтитын есептік санат;

2) бонус - пайдалы қазбаларды геологиялық зерттеуге, өндіруге байланысты
т ө л е м ;

3) ұтыстар - жеке және заңды тұлғалардың конкурстарда, жарыстарда (
олимпиадаларда), фестивальдарда салымдар (ойынға қатысатын), лотереялар
бойынша алатын заттай және ақшалай түрдегі табыстарының кез келген түрлері;

4) ойын бизнесінен алынатын түсім - ұтысы шегеріліп тастала отырып, ойын
бизнесінен алынатын ақша сомасы;

5) пайданың ішкі нормасы - жүргізілетін инвестициялардың өтелу
к о э ф ф и ц и е н т і ;

6) сыйақы (мүдде) - алынған кредиттер, қаржы лизингіне алынған мүлік үшін
және алынған депозиттер және бағалы борыш қағаздары бойынша төлемдер;

7) жылдық есептік көрсеткіш - жыл ішіндегі айлық есептік көрсеткіштердің
ж и ы н т ы ғ ы ;

8) грант - белгілі бір мақсаттарға (міндеттерге) қол жеткізу үшін мемлекеттер,
мемлекеттер үкіметтері, мемлекеттік, халықаралық және қоғамдық ұйымдар мен
жеке тұлғалар Қазақстан Республикасына, Қазақстан Республикасының
Үкіметіне, заңды тұлғаларға (оның ішінде резидент еместерге), олардың
филиалдарына, өкілдіктеріне және өзге де окшауланған құрылымдық
бөлімшелерге, сондай-ақ жеке тұлғаларға өтеусіз негізде берілетін мүлік;

9) алыс-беріс шикізаты - дайын өнім етіп өңдеу мақсатымен меншік иесінің
д а й ы н д а у ш ы ғ а берілетін өнімі;

10) дивидендтер - Заңды тұлға оның қатысушылары (акционерлері) арасында
бөлетін таза табыстың бір бөлігі, сондай-ақ заңды тұлғаны тарату кезінде мүлікті
бөлуден түскен табыс та дивиденд деп түсініледі, бұған инфляцияны ескере
отырып жарғылық капиталға қосылған қатысушының (акционердің) меншікті өз

мүлкінің жарналары кірмейді;

11) ұзақ мерзімді келісім-шарт - бір жылдан астам уақытқа жұмыстар орындауға (қызметтер көрсетуге) жасалған келісім-шарт (шарт);

12) қатысу үлесі - акционерлік қоғамдарды қоспағанда, бірлесіп құрылатын ұйымдарға, консорциумдарға заңды және жеке тұлғалардың мүлікпен үлес қосып қ а т ы с у ы ;

13) шетелдік заңды және жеке тұлғалар үшін қазақстандық көзден алынатын т а б ы с :

а) осындай табыстың қай жерде төленгеніне қарамастан Қазақстан Республикасындағы еңбек шарты (келісім-шарты) немесе мердігерлік (жалдау) ш а р т ы б о й ы н ш а т а б ы с ;

б) осындай табыстың қай жерде төленгеніне қарамастан Қазақстан Республикасында тауарлар өндіруден, жұмыстар орындаудан, қызметтер көрсетуден алынған т а б ы с ;

в) кәсіпкерлік қызметтен алынатын табыс:

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан тұрақты мекеме алатын т а б ы с ;

Қазақстан Республикасында тауар сатудан пайда болатын табыс;

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырылатын қызмет сияқты немесе соған ұқсас сипаттағы кәсіпкерлік қызметтен пайда болатын т а б ы с ;

нақты қызмет көрсету орнына қарамастан, егер Қазақстан Республикасында орналасқан резидентке немесе тұрақты мекемеге шегерім ретінде есептелетін болса, басқарушылық, қаржылық, консультациялық, аудиторлық, маркетингтік, заңгерлік және адвокаттық қызметтен алынатын табыс;

егер Қазақстан Республикасының аумағындағы қызметіне байланысты Қазақстан Республикасында орналасқан резидентке және (немесе) тұрақты мекемеге шегерім ретінде есептелетін болса, жұмыстарды орындауға (қызмет көрсетуге) жасалған келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарлар жеткізуге жасалған сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық төлемі (айыппұл санкциясы);

г) ашық акционерлік қоғамдардың бағалы қағаздарын өткізу кезінде құнның өсуінен түсетін табысты қоспағанда, резидент-заңды тұлғадан және осындай заңды тұлғадағы қатысу үлесін сатудан түсетін дивиденд нысанындағы табыс;<*>

д) резиденттерден не Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан тұрақты мекемесі немесе мүлкі бар адамнан алынған, егер бұл адамның берешегі оның тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, сыйақы (мүдде)

н ы с а н ы н д а ғ ы

т а б ы с ;

е) Қазақстан Республикасында құқықтарды немесе мүлікті пайдалану құқығын іске асыру, пайдалану немесе беру кезінде пайда болатын роялти

н ы с а н ы н д а ғ ы

т а б ы с ;

ж) Қазақстан Республикасында тұрған жылжымайтын мүліктен алынатын табыс, бұған мұндай мүлікке қатысу үлесін іске асырудан алынатын табыс қ о с ы л а д ы ;

з) резидентке Қазақстан Республикасының аумағында мүлікті сатудан түсетін өзге де т а б ы с т а р ;

и) зейнетақы, егер оны резидент төлейтін болса;

к) Қазақстан Республикасында тәуекелді сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйлықтары нысанындағы т а б ы с ;

л) Қазақстан Республикасы мен басқа мемлекеттер арасындағы халықаралық байланыста немесе тасымалдарда телекоммуникациялық немесе көлік қызметтерін көрсетуден алынатын табыс;

м) Қазақстан Республикасындағы қызмет негізінде туындайтын осының алдындағы тармақшаларда қамтылмаған басқа да табыстар;

14) сауда-делдалдық қызметтен алынатын табыс сатып алу-сату операцияларынан және делдалдық қызметтер көрсетуден алынған табыс;

15) тауар импорты - Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының кеден аумағына еркін айналыс үшін тауарлар ш ы ғ а р у ;

15-1) заңды тұлғаның өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі - орналасқан жеріне оның міндеттерінің бір бөлігін орындайтын тұрақты жұмыс орны жабдықталған, заңды тұлғадан аумақтық оқшауланған кез келген бөлімше. Егер жұмыс орны бір айдан артық мерзімге құрылған болса, тұрақты деп е с е п т е л е д і ;

16) тарихи шығындар - осы келісім-шарттық аумақты барлау мен онда ашылған кен орындарын жайғастыруға байланысты және осы кен орындарын пайдалану кезінде өтелуге тиіс мемлекеттің бұрынғы шығындары;

17) жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарт жер қойнауын пайдаланушы мен Қазақстан Республикасының Үкіметі жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге уәкілдік берген құзыретті орган арасындағы ш а р т ;

18) жанама салықтар - салық төлеушінің табысына немесе мүлкіне тікелей байланысты емес, бағаға немесе тарифке үстеме түрінде белгіленетін, тауарлар мен қызметтерге салынатын салық (қосылған құнға салынатын салық пен а к ц и з д е р) ;

19) негізгі құралдардың қаржы лизингі - осы Заңның 43-бабына сәйкес анықталатын келісім;

20) тұлға - заңды немесе жеке тұлға;

21) айлық есептік көрсеткіш - республикалық бюджет туралы Заңда зейнетақыларды, жәрдемақылар мен өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салық және басқа да төлемдерді қолдану үшін жыл сайын белгіленетін көрсеткіш;

22) есептеу әдісі - салық есебінің әдісі, оған сәйкес табыстар мен шегерімдер төлем жасау уақытына қарамастан жұмыс орындалған, қызмет көрсетілген, сату және табысқа енгізу мақсатымен мүлік жөнелтілген кезден бастап есепке алынады;

23) халықаралық тасымалдар - Қазақстан Республикасының аумағынан (аумағына) басқа мемлекеттердің аумағына (аумағынан) тауарлар, жолаушылар, жүктер, почта тасымалдау, сондай-ақ транзит;

24) салық жылы - күнтізбелік жыл;

25) салық патенті (бұдан әрі - патент) - салық төлеушілердің жекелеген санаттары үшін оңайлатылған салық режимін белгілейтін құжат;

26) салық сараптамасы - Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен заңдарға сәйкес салық режимін айқындау, оның ішінде жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдер мен салықтарын белгілеу мақсатымен Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген құзыретті орган жасасатын келісім-шарттың жобасына, оған толықтырулар мен өзгерістерге жүргізілетін талдау мен баға беруді қамтитын міндетті сараптама;

27) жылжымайтын мүлік - үйлер, ғимараттар, көпжылдық екпелер және жермен тығыз байланысты өзге де мүлік, яғни олардың мақсатына қисапсыз зиян келтірмейінше олардың орнын ауыстыру мүмкін болмайтын объектілер;

28) резидент емес - осы баптың 36-тармақшасына сәйкес резидент деп танылмайтын заңды немесе жеке тұлға;

29) негізгі құрал-жабдықтар - сатып алу сәтінде құны 40 айлық есептік көрсеткіштен кем болмайтын, қызмет мерзімі бір жылдан астам материалдық активтер;

30) меншікті акцияларын бастапқы орналастыру - эмитенттің жарғылық капиталды қалыптастыру кезінде акцияларды орналастыруы;

31) тұрақты мекеме:

а) уәкілдік берілген тұлға арқылы жүзеге асырылатын қызметті қоса алғанда, салық төлеушінің кәсіпкерлік қызметті толық немесе ішінара жүзеге асыратын тұрақты қызмет орны;

б) құрылыс алаңы, монтаждау немесе жинау объектісі, сондай-ақ осындай объектілермен байланысты бақылау қызметін жүзеге асыру;

в) табиғи ресурстарды барлау үшін пайдаланылатын қондырғы немесе конструкция, табиғи ресурстарды барлау үшін пайдаланылатын бұрғылау қондырғысы немесе кеме, сондай-ақ солармен байланысты бақылау қызметін жүзеге асыру;

г) қызметтер, соның ішінде консультациялық қызметтер көрсету;

32) тікелей салықтар - салық төлеушінің табысынан немесе мүлкінен тікелей төленетін салықтар;

33) жұмыстар - нәтижелерінің материалдық көрінісі болатын және жеке және заңды тұлғалардың қажеттерін қанағаттандыру үшін сатылуы мүмкін қызмет;

34) іске асыру - жұмыстар орындау, қызметтер көрсету, сату, айырбастау, тегін беру мақсатымен тауарлар тиеп жөнелту, сондай-ақ кепілге салынған тауарларды кепіл ұстаушының меншігіне беру;

35) салық төлеушінің тіркеу нөмірі - салық міндеттемелері бар заңды немесе жеке тұлғаға салық қызметінің беретін нөмірі;

36) резидент:

басталған немесе аяқтала келген салық жылының кез келген жүйелі 12 айлық кезеңінде 183 күн және одан да ұзақ күндер Қазақстанда болған немесе шет елде Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметінде жүрген жеке тұлға. Егер келген жылының алдындағы жылда Қазақстанның резиденті болса ғана жеке тұлға оның келуінің алдындағы кезең үшін резидент ретінде қаралады.

Егер ол өзінің Қазақстанға келуі аяқталатын жылдан кейінгі жылы резидент болса ғана жеке тұлға Қазақстанға келген соңғы күннен кейінгі кезең үшін резидент ретінде қаралады;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылған немесе оның нақты басқару органдары (тиімді басқару орыны) Қазақстан Республикасында орналасқан заңды тұлға;

37) роялти:

а) пайдалы қазбаларды өндіру және техногендік құралымдарды қайта өңдеу процесінде жер қойнауын пайдалану құқығы үшін;

б) авторлық құқықтарды, бағдарламамен қамтамасыз етуді, патенттерді, сызбаларды немесе модельдерді, тауар белгілерін немесе құқықтың басқа да ұқсас түрлерін пайдаланғаны немесе пайдалану құқығы үшін; өнеркәсіп, сауда немесе ғылыми-зерттеу жабдықтарын пайдаланғаны немесе пайдалану құқығы үшін, ноу-хауды пайдаланғаны үшін; кино фильмдерді, бейнефильмдерді, дыбыс жазбаларын немесе өзге де жазба құралдарын пайдаланғаны немесе пайдалану құқығы үшін; осыған байланысты техникалық көмек көрсетілгені үшін төленетін төлем;

38) жер қойнауын пайдаланушының үстеме пайдасы - жер қойнауын пайдаланушының осы Заңда белгіленген нормативтен тыс алған қосымша

т а б ы с т а р ы ;

39) өзіндік құн - тауарларды, жұмыстарды және қызметтер көрсетуді сатып алуға, өндіруге және сатуға байланысты шығындар;

40) отбасы - бірге тұратын және ортақ шаруашылық жүргізетін жұбайлар, балалар мен ата-аналар ;

41) жиынтық жылдық табыс - заңды және жеке тұлғалардың күнтізбелік жыл ішінде түрлі көздерден алған табысы;

42) күмәнді міндеттемелер - сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша, сондай-ақ есептелген еңбекақы төлеу қоры бойынша туындаған және туындаған кезден бастап екі жыл ішінде қанағаттандырылмаған міндеттемелер;

43) күмәнді талаптар - тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету (Қазақстан Республикасының резиденті еместерге өткізуді қоспағанда) нәтижесінде пайда болған және белгіленген тәртіппен ресімделген тиісті құжаттармен расталған табыс есептелген күннен бастап екі жыл ішінде қанағаттандырылмаған талаптар ;

44) мамандандырылған аукцион - мемлекеттік бюджет алдындағы берешегін өтеу үшін салық төлеушіден алынған мүлікпен, сондай-ақ тәркіленген немесе мұрагерлік құқығы бойынша мемлекетке берілген мүлікпен сауда өткізетін орын;

45) қызмет көрсету - нәтижелерінің материалдық көрінісі болмайтын қызмет, осы қызметті жүзеге асыру процесінде сатылады және тұтынылады;

46) қаржылық қызмет көрсету:

а) банк операциялары ;

б) ұйымдардың Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес лицензиялануға тиіс бағалы қағаздар рыногында қызмет атқару жөніндегі қызметтер көрсетуі, сондай-ақ бағалы қағаздар рыногының, бағалы қағаздармен жасалатын операциялардың кәсіпқой қатысушыларының қызмет көрсетулері;

в) сақтандыру және қайта сақтандыру жөніндегі операциялар, сондай-ақ сақтандыру брокерлерінің (сақтандыру агенттерінің) сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын жасау мен орындау жөніндегі қызметтер көрсетуі;

г) чектермен, вексельдермен, депозиттік сертификаттармен жүргізілетін операциялар ;

д) негізгі құралдардың қаржы лизингі;

е) зейнетақы активтерін басқару жөнінде көрсетілетін қызметтер;

ж) жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы жарналарын тарту жөніндегі, зейнетақы активтерінен алынған инвестициялық табыстарды бөлу мен есепке алу жөніндегі қызметтері;

47) таза табыс - осы табыс бойынша есептелген табыс салығы алып тасталған салық салынатын табыс ;

48) сатып алу бағасы - тауарлардың сатып алу құны, сондай-ақ тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) берушілер қосымша құн салығының сомасын көрсете отырып, фактура-шоттар берген және қосымша құн салығының сомасы осы заңға сәйкес есепке алуға жатқызылған, оларды сатып алу мен сатуға байланысты жұмсалған шығыстардың құны;

49) тауарлар экспорты - Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тауарлар әкету;

50) электрондық құжат - белгіленген электрондық форматта жасалған және берілген, электрондық санмен қолтаңба түсіру арқылы шартбелгі салынып, расталған және ол Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігінде іске қосылып, түпнұсқаландырудан өткеннен кейін бастапқы құжат күші бар құжат;

51) электрондық қолтаңба - электрондық құжаттардың түпнұсқалылығын, тұтастығын және авторлығын қамтамасыз ететін арнайы криптографиялық құрал.

Ескерту. 5-баптағы 13,14-тармақшалар жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 1995.12.21. N 2703 жарлығымен.

ЕСКЕРТУ. 5-бапқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 Заңымен. Z960061_

ЕСКЕРТУ. 5-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 154 Заңымен. Z970154_

ЕСКЕРТУ. 5-бап өзгертілді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен. Z970200_

ЕСКЕРТУ. 5-бап өзгертілді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 заңымен. Z980255_

Ескерту. 5-бап өзгерді және 44-тармақшамен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.12.24. N 333 Заңымен. Z980333_

Ескерту. 5-бап 29-тармақшамен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.12.28. N 336 Заңымен. Z980336_

ЕСКЕРТУ. 5-баптың 6),17),20)-тармақшалары өзгертілді, жаңа 22-1)-тармақшамен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 Заңымен. Z990356_

ЕСКЕРТУ. 5-бап өзгерді және жаңа 45-48-тармақшалармен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z990440_

Ескерту. 5-бап 49) тармақшамен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.11.22. N 485 Заңымен. Z990485_

Ескерту. 5-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

ЕСКЕРТУ. 5-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 2000.03.29. N 42

З а ң ы м е н .

Z 0 0 0 0 4 2 _

Бұл өзгеріс Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

ЕСКЕРТУ. 5-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147

З а ң ы м е н .

Z 0 1 0 1 4 7 _

Ескерту. 5-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.07.11. N 237
Заңымен. Z010237_

І І

б ө л і м

ЗАҢДЫ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДАН АЛЫНАТЫН ТАБЫС САЛЫҒЫ

2-тарау. ЗАҢДЫ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДАН АЛЫНАТЫН ТАБЫС САЛЫҒЫН ТӨЛЕУШІЛЕР ЖӘНЕ САЛЫҚ САЛЫНАТЫН ТАБЫС

6-бап. Төлеушілер

1. Заңды тұлғалар (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен басқа), және жеке тұлғалардан алынатын табыс салығын (бұдан әрі - табыс салығын) төлеушілер салық жылында салық салынатын табысы бар заңды және жеке тұлғалар болып табылады.

Табыс салығын төлеушілер өздерінің орналасқан жерлері бойынша салық төлеуді жүзеге асырады.

Заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өзінің филиалдары, өкілдіктері және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері үшін табыс салығын олардың орналасқан жері бойынша тиісті бюджеттерге не Астана, Алматы қалаларының тиісті бюджеттеріне немесе облыстық бюджеттерге төлейді.

2. Табыс салығын төлеушілерге сондай-ақ резидент емес - заңды тұлғалар, олардың филиалдары, өкілдіктері және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелер жатады.

3. Заңды тұлғаға өз қатысушыларынан (құрылтайшыларынан) бөлек салық салынады. Жай серіктестіктің, соның ішінде консорциумның шарты бойынша алынған табыс оған қатысушылардың арасында бөлінеді әрі осы Заңның 94-бабының 4-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда олардың әрқайсысында сол табысқа салық салынады.

4. Шаруашылық жүргізуші субъектінің құқықтық мәртебесін анықтау мүмкін болмаған жағдайда салық қызметі өздігінен оны жеке салық төлеуші ретінде белгілеуге құқылы.

5. Табыс салығын төлеуші жеке тұлғаларға Қазақстан Республикасының азаматтары, шет мемлекеттердің азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар жатады.

6. Табыс салығын төлеушілерге өзі өндірген ауыл шаруашылық өнімдерін,

сондай-ақ өзі өндірген ауыл шаруашылық өнімдерін қайта өңдеуден алынған өнімдерді өткізуден түсетін кірістер бойынша бірыңғай жер салығын төлеушілер ж а т п а й д ы .

7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі жеке баланс пен банктік шоттар болған кезде заңды тұлғаның арызы бойынша оның бөлімшелерін дербес салық төлеушілер ретінде қарай алады.

ЕСКЕРТУ. 6-бапқа өзгерістер және толықтырулар енгізілді - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 Заңымен. Z960061_

ЕСКЕРТУ. 6-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен. Z970200_

ЕСКЕРТУ. 6-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 заңымен. Z980255_

Ескерту. 6-бап өзгерді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.12.24. N 333 Заңымен. Z980333_

ЕСКЕРТУ. 6-баптың 1-тармағы өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 Заңымен. Z990356_

ЕСКЕРТУ. 6-бап 6 және 7-тармақтармен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z990440_

Ескерту. 6-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.11.22. N 485 Заңымен. Z990485_

Ескерту. 6-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

ЕСКЕРТУ. 6-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

7-бап. Салық салу объектісі

1. Табыс салығын салу объектісі жылдық жиынтық табыс пен осы Заңда көзделген шегерімдер арасындағы айырма ретінде есептеліп, салық салынатын табыс болып табылады;

2. Салық салынатын табыс теңгемен белгіленеді. Салық салынатын табыс шетел валютасымен көрсетілген жағдайда ол Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің салық төленген кездегі бағамы бойынша ресми теңгемен қайта есептеледі.

Ескерту. 7-бап жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 1995.12.21. N 2703 жарлығымен.

ЕСКЕРТУ. 7-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 Заңымен. Z960061_

ЕСКЕРТУ. 7-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 154 Заңымен. Z970154_

8-бап. Шетел валютасымен жүргізілетін операциялар

Салық салынатын табыс есептелген кезде түсім, басқа да кірістер, сондай-ақ шетел валютасымен шеккен шығын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің операция (төлем) жасалған күнгі ресми бағамы бойынша теңгемен қайта есептеледі.

3-тарау. ЖЫЛДЫҚ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС

9-бап. Жылдық жиынтық табыс

1. Резидент салық төлеушінің жылдық жиынтық табысы салық төлеушінің Қазақстан Республикасында және Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде алған табыстарынан тұрады.

2. Резидент емес салық төлеушінің жылдық жиынтық табысы қазақстандық көздерден алынған табыстарынан тұрады.

3. Жылдық жиынтық табысқа салық төлеуші алуға тиіс, өзара есеп айырысу ретінде үшінші тұлғаларға немесе тікелей не болмаса жанама шығыстарды өтеуге бағытталған, жөнелтілген өнім, орындалған жұмыс, көрсетілген қызметтер мен басқа да операциялар үшін ақшалай немесе басқа қаражат кіреді.

4. Жылдық жиынтық табысқа табыстың барлық түрлері, соның ішінде:

1) жеке тұлғалардың еңбекақы, сақтандыру және зейнетақы төлемдері түрінде алған табысы;

2) кәсіпкерлік қызметтен алынған табыс;

3) жеке тұлғалардың мүліктік табысы жатады.

ЕСКЕРТУ. 9-баптың 4-тармағының 1)-тармақшасы сөздермен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1997.06.19. N 134-І Заңымен. Z970134_ - бұл өзгертулер 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

ЕСКЕРТУ. 9-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

10-бап. Жеке тұлғалардың еңбекақы, сақтандыру және зейнетақы төлемдері түрінде алған табысы

1. Еңбекке ақы төлеу түрінде алынған табыстарға жеке тұлғаны жалдау жөніндегі жұмыстан алынған табыстар жатады.

2. Жеке тұлғалардың еңбекақы түрінде алған табысына, сондай-ақ мыналар жатады:

1) қызметкерлерге көрсетілген қызметтердің немесе сатылған тауарлардың құны мен осы қызметтердің не болмаса тауарлардың сатып алу бағасы немесе олардың өзіндік құны арасындағы теріс айырма;

2) жұмыс берушінің өз қызметкерлерінің қызметіне қатыссыз шығындарын өтеу шығыстары;

3) жұмыс берушінің шешімі бойынша қызметкердің оған борышының немесе оның алдындағы міндеттемесінің сомасын шығарып тастау;

4) жұмыс берушінің қызметкерлерді сақтандыру шарттары бойынша

сақтандыру сыйлықтарын төлеуге жұмсаған шығындары;

5) жеке тұлғадан ұстап қалуға жататын табыс салығы есебіне жұмыс берушінің төлеген сомасы;

6) өз қызметкерлерінің тікелей немесе жанама табысы болып табылатын жұмыс берушінің басқа да шығыстары.

3. Қызметкерлердің жылдық жиынтық табысына тұруға және жол жүруге арналған іссапар төлемдерінің құжатпен расталған нақты сомасы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар шегінде тұрған уақыты үшін төленетін тәуліктік шығындар енгізілмейді.

4. Зейнетақы төлемдері түрінде алынатын кірістерге жинақтаушы зейнетақы қорларынан алынған төлемдер жатады.

5. Сақтандыру төлемдері түрінде алынған табысқа сақтандыру ұйымдарының жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша төленетін, олар бойынша:

а) жинақтаушы зейнетақы қорларындағы зейнетақы жинақтары есебінен;

б) жұмыс берушілердің қаражаты есебінен сақтандыру сыйлықтары төленген сақтандыру төлемдері жатады.

ЕСКЕРТУ. 10-бап өзгертілді және толықтырылды - ҚР Президентінің 1997.06.19. N 134-І Заңымен - бұл өзгертулер мен толықтырулар 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

ЕСКЕРТУ. 10-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

11-бап. Кәсіпкерлік қызметтен түскен табыстар

Кәсіпкерлік қызметтен түскен табыстарға:

1) борышкерге тағылған немесе ол мойындаған айыппұлдарды, өсімақылар мен санкциялардың басқа да түрлерін ескере отырып, өнімді (жұмыс, көрсетілетін қызмет) өткізуден түскен табыс;

2) үйлерді, ғимараттарды, сондай-ақ амортизациялауға жатпайтын активтерді, сату кезіндегі құнының өсімінен түскен табыс;

3) сыйақы (мүдде) нысанындағы табыс;

3-1) күмәнді міндеттемелер бойынша кірістер;

4) дивидендтер;

5) ұтыстар;

6) тегін алынған мүлік пен ақша;

7) экспорттау кезінде төмендетілген құны бойынша активтерді сатудан түскен табыстар;

8) мүлікті жалға беруден түскен табыстар;

9) роялти;

10) мемлекеттік бюджеттен алынған жәрдемақыларды қоспағанда заңды тұлғалар алған жәрдемақылар;

11) кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе кәсіпорынды жабуға келісім бергені үшін алынған табыстар;

12) банктердің бұрын шегерімге жатқызып, мәжбүрлі шығындар жасаудың мөлшерін азайтудан түскен табыстары;

12-1) жалпы сақтандыру саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдары үшін бұрын шегерімге жатқызылған, сақтандыру резервтерін азайтудан түскен табыс;

13) міндеттемелерді жабудан түскен табыстар;

14) осы Заңның 20-4-бабының 3-тармағына, 20-6-бабының 1-тармағына және 47-бабына сәйкес табысқа кіретін сомалар;

15) осы Заңның 20-бабына сәйкес өтелетін шегерістер кіреді;

16) осы Заңның 138-бабының 1-тармағына сәйкес бағаларды түзетуден түсетін кірістер;

17) кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын объектілерді пайдалану кезінде алынатын табыстардың шығындардан артуы;

ЕСКЕРТУ. 11-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61 - 1 заңымен.

ЕСКЕРТУ. 11-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 154 Заңымен. Z970154_

ЕСКЕРТУ. 11-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен. Z970200_

ЕСКЕРТУ. 11-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 заңымен. Z980255_

ЕСКЕРТУ. 11-бап 3-1), 16)-тармақшалармен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z990440_

Ескерту. 11-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.11.22. N 485 Заңымен. Z990485_

Ескерту. 11-бап өзгерді және 17) тармақшамен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

ЕСКЕРТУ. 11-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

12-бап. Жеке тұлғалардың мүліктік табысы

Жеке тұлғалардың мүліктік табысына мынадай активтердің түрлерін:

1) салық төлеушінің тұрақты тұрғын-жайы болып табылмайтын жылжымайтын мүлікті;

2) бағалы қағаздарды, заңды тұлғаға қатысу үлесі мен басқа да материалдық емес активтерді;

3) шетел валютасын;

4) асыл тастар мен бағалы металдарды, олардың жасалған зергерлік

бұйымдарды және асыл тастары мен бағалы металдары бар басқа да заттарды, сондай-ақ өнер шығармалары мен антиквариат дүниелерді, олардың құнын инфляцияға орай түзету енгізуді ескере отырып, сатудан алынған құнының өсімі ғана жатады.

13-бап. Жылдық жиынтық табысқа түзету енгізу

Жылдық жиынтық табыстан:

1) жеке және заңды тұлғалар алған, бұрынырақ Қазақстан Республикасында төлем көзінде оларға салық салынған дивидендтер;

2) заңды және жеке тұлғалар алған және олардың кәсіпкерлік қызметімен байланысты оңды бағамдық айырма;

3) ашық акционерлік қоғамдардың акцияларын сату кезінде құнның өсімінен түскен табыс;

4) төлем көзіне салынатын, жеке тұлғалар алған ұтыстар;

5) зейнетақы камсыздандыру туралы заңдарға сәйкес алынған және жеке зейнетақы шотына жіберілген инвестициялық кірістер;

б) заңды тұлға-резидентке қатысу үлесін сатудан жеке адамдар алған, бұрын Қазақстан Республикасында төлем көзінде салық салынып келген табыс;

7) меншігіндегі акциялар құнының оларды бағалы қағаздар рыногында алғашқы орналастыру кезінде эмитент алған акциялардың нақты құнынан артығы;

8) шаруашылық жүргізуші субъектілердің кәсіпкерлік қызметке қатысы жоқ, шаруашылық жүргізуші субъектінің таза табысы есебінен алынған, 15 процент ставка бойынша салық салынатын тікелей және жанама табыстары.

9) бұрын Қазақстан Республикасында төлем көзінде салық салынып келген, жеке тұлғалардан алынған сыйақы (мүдде);

10) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік кәсіпорындардан, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындардың мемлекеттік мекемелерден қайтарымыз негізде алған негізгі құралдардың құны.

Ескерту. 13-баптың 2-тармақшасындағы сөздер алынып тасталған - ҚР Президентінің 1995.12.21. N 2703 жарлығымен.

ЕСКЕРТУ. 13-бап 5-тармақшамен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1997.06.09. N 116-1 Заңымен. Z970116_

ЕСКЕРТУ. 13-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1997.06.19. N 134-І Заңымен - бұл толықтырулар 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

ЕСКЕРТУ. 13-баптың 2)-тармақшасы алынып тасталды және өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 154 Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 13-бап өзгертілді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 13-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.07.01.
N 255 заңымен. Z980255_

ЕСКЕРТУ. 13-баптың 6)-тармақшасы өзгертілді және 9)-тармақшамен
толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 Заңымен.
Z990356_

ЕСКЕРТУ. 13-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440
Заңымен. Z990440_

Ескерту. 13-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.11.22. N 485
Заңымен. (өзгерістер 2000 жылғы 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі)
Z990485_

ЕСКЕРТУ. 13-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147
Заңымен. Z010147_

4-тарау. ШЕГЕРІС ЖАСАУ ЖӘНЕ ЗИЯН ШЕГУ

14-бап. Табыс алуға байланысты шығындар

1. Заңды және жеке тұлғалардың жылдық жиынтық табысынан, осы Заңға
сәйкес шегеруге жатпайтын шығыстарынан басқа, оны алуға байланысты барлық
шығыстары шегеріледі.

Осы Заңмен нормалар шегінде шығыстарды шегеруге жатқызу жағдайлары
белгіленуі мүмкін.

Шегеру кәсіпкерлік қызметтен табыс алуға байланысты шығыстарды
растайтын құжаттар болған жағдайда жүзеге асырылады.

2. Егер белгілі бір шығындар шығыстардың бірнеше бабында көзделген
жағдайда, салық салынатын табыс есептелген кезде аталған шығындар бір рет
қана шегеріліп тасталады.

3. Жеке тұлғаның өз тұтынуына жұмсаған шығындары, сондай-ақ еңбек
шарты (контракт) немесе мердігерлік (жалдану шарты) бойынша істелген
жұмыстан табыс алуына байланысты шығындары шегерілуге жатпайды.

4. Иссапарлық, өкілдік шығыстар Қазақстан Республикасының Үкіметі
белгілеген нормалар шегінде шегеріліп тасталады.

Табиғи монополистердің жасаған ысырабы Қазақстан Республикасының
заңдарында белгіленген нормалар шегінде шегеріліп тасталады.

Ескерту. 14-баптың 1-тармағына өзгеріс енгізілген - ҚР Президентінің
1995.12.21. N 2703 жарлығымен.

Ескерту. 14-бап 4-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының
1996.12.31. N 61-1 Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 14-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.06.19. N 134-
І Заңымен. Z970134_ - бұл өзгертулер 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне
енеді.

ЕСКЕРТУ. 14-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.07.01.

№ 255 заңмен. Z980255_

Ескерту. 14-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1998.12.24. № 333
Заңмен. Z980333_

ЕСКЕРТУ. 14-баптың 1-тармағы толықтырылды - Қазақстан
Республикасының 1999.03.31. № 356 Заңмен. Z990356_

ЕСКЕРТУ. 14-баптың 1-тармағы жаңа редакцияда - Қазақстан
Республикасының 1999.07.16. № 440 Заңмен. Z990440_

15-бап. Шегеріс жасауға жатпайтын шығыстар

1. Кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес шығыстар бойынша шегерістер
жасалмайды.

2. Теріс бағамдық айырма бойынша шегерістер жасалмайды.

3. Осы тарауда көзделген шегерістер, егер олар осы Заңның 14-бабының
ережелеріне сәйкес келмесе, жасалмайды.

16-бап. Алынған кредит (займ) үшін сыйақы (мүдде) бойынша шегерім жасау

Алынған кредит үшін сыйақы (мүдде) Қазақстан Республикасының Ұлттық
Банкінің қайта қаржыландыру ресми ставкасы бойынша есепті кезеңдегі
есептелген, осы ставканың теңгемен, кредит (займ) бойынша 50 процентіне
көбейтілген сомасы және шет ел валютасымен кредит (займ) бойынша 100
процентіне көбейтілген Лондон банкаралық рыногының ставкасы бойынша сома
шегінде шегерілуге тиіс.

ЕСКЕРТУ. 16-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1997.07.11.
№ 154 Заңмен.

ЕСКЕРТУ. 16-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. № 200
Заңмен. Z970200_

Ескерту. 16-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.12.28. №
336 Заңмен. Z980336_

ЕСКЕРТУ. 16-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.03.31.
№ 356 Заңмен. Z990356_

Ескерту. 16-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. № 492
Заңмен. Z990492_

17-бап. Күмәнді талаптар бойынша шегерім жасау

1. Салық төлеушінің өткізілген өнімге, атқарған жұмыс пен көрсетілген
қызметтерге байланысты, олардан тапқан табыстары бұрынырақ кәсіпкерлік
қызметтен алынған жылдық жиынтық табысқа енгізілген, күмәнді талаптары
бойынша шегерістер жасатуға құқылы.

2. Банктердің провизиялар жөніндегі күмәнді әрі сенімсіз талаптардан
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігімен бірлесіп Қазақстан
Республикасының Ұлттық Банкі белгіленген мөлшерде шегеріс жасауға хақы бар

Ескерту. 17-баптың 2-ші тармағы жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 1995.12.21. N 2703 жарлығымен.

ЕСКЕРТУ. 17-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Z 9 7 0 2 0 0 _

ЕСКЕРТУ. 17-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 заңымен. Z 9 8 0 2 5 5 _

ЕСКЕРТУ. 17-бап 2-тармағы өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 Заңымен. Z990356_

Ескерту. 17-баптың 3-тармағы алып тасталды - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

18-бап. Резервтік қорларға аударымдар бойынша шегеріс жасау

1. Жалпы сақтандыру саласы бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген нормаларға сәйкес сақтандыру резервіне жасалған аударымдар сомасын шегеруге құқығы бар. V991052_

Қайта сақтандыру бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғаның өмірді сақтандыру саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымы жасаған, қайта сақтандыруға қабылданған шарттар бойынша аударымдар сомасын қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген нормаларға сәйкес сақтандыру резервіне жасалған аударымдар сомасын шегеруге құқығы бар.

2. Өз қызметін заңдарға сәйкес жасалған келісім-шарт негізінде жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының осы кен орнында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың аяқталуына байланысты кен орнын игеру зардаптарын жою қорына (резервтік қорға) аударылған аударымдар сомасын шегеріп тастауға құқығы бар.

Кен орындарын игеру зардаптарын жою қорына аударымдар жасаудың мөлшері мен тәртібі Құзыретті органмен келісім бойынша, кен орнын игеру зардаптарын жоюға жұмсалатын шығындардың жобалық сомасы негізге алына отырып, келісім-шарттарға салық сараптамасын жүргізу барысында жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім-шартта кен орнын игерудің бүкіл мерзіміне белгіленеді.

Егер кен орындарын игеру зардаптарын жою жөніндегі нақты шығындар аталған қорға аударылған аударымдардан аз болса, оң айырма жер қойнауын пайдаланушының салық салынатын табысына қосылуға тиіс.

3. 17-баптың 2-тармағында және осы баптың 1 және 2-тармақтарында

көзделген шегерістерді қоспағанда, резервтік қорларға аударымдар бойынша шегерістер жасалады.

ЕСКЕРТУ. 18-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61 - 1 заңымен.

ЕСКЕРТУ. 18-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен. Z 9 7 0 2 0 0 _

ЕСКЕРТУ. 18-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 заңымен. Z 9 8 0 2 5 5 _

ЕСКЕРТУ. 18-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

19-бап. Ғылыми-зерттеу, жобалау және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарына шығыстар бойынша шегеріс жасау

Табыс алуға байланысты ғылыми-зерттеу жобалау және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарына жұмсалған шығыстар бойынша шегерістер жасалады, бұған негізгі құрал-жабдықтарды сатып алуға, оларды орнатуға жұмсалған шығыстар мен күрделі сипаттағы басқа шығындар кірмейді.

20-бап. Тіркелген активтер

1. Тіркелген активтер - салық төлеушінің бухгалтерлік балансында ескерілетін және кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтер.

2. Тіркелген активтердің құны осы Заңда белгіленген тәртіппен және шарттарда амортизациялық аударымдарды есептеу арқылы шегерімге жатқызылады.

3. Осы Заңның 5-бабының 29) тармақшасына сәйкес негізгі құрал-жабдықтар болып табылмайтын материалдық активтердің құны олар кәсіпкерлік қызметте пайдаланылған жағдайда бір мезгілде шегерімге жатқызылуға тиіс.

4. Материалдық емес активтерге кәсіпкерлік қызметте ұзақ мерзімді кезең ішінде (бір жылдан артық) пайдаланылатын материалдық емес объектілерге заңды (құрылтайшылар мен қатысушылардың шығындарын қоса алғанда) және жеке тұлғалардың жұмсаған шығындары жатады.

Амортизациялауға жататын материалдық емес активтердің құнына, егер олар салық төлеушінің салық салынатын табысын есептеген кезде шегеріліп тасталған болса, оларды сатып алу немесе өндіру жөніндегі шығындар кірмейді.

5. Амортизациялық аударымдар негізгі құрал-жабдықтардың мынадай түрлеріне есептеледі:

- 1) үйлер ;
- 2) ғимараттар ;

- 3) беріліс құрылғылары;
- 4) жұмыс және қуат машиналары мен жабдықтары;
- 5) компьютерлер, жер-жердегі құрылғылар мен деректерді өңдеу жөніндегі жабдықтар;
- 6) көлік құралдары;
- 7) аспаптар;
- 8) өлшеу және реттеу приборлары мен құрылғылары, зертханалық жабдықтар, өндірістік және шаруашылық мүкәммал мен керек-жарақтар;
- 9) жұмыс малы;
- 10) көпжылдық екпелер;
- 11) алдыңғы тармақшаларда аталмаған негізгі құрал-жабдықтардың басқа түрлері.

Көпжылдық екпелер мен жұмыс малы бойынша амортизациялық аударымдар, осы аталған активтерді салық төлеуші кәсіпкерлік қызметте пайдаланған жағдайда есептеледі.

6. Амортизациялық аударымдар негізгі құрал-жабдықтардың мынадай түрлеріне есептелмейді:

- 1) жер;
- 2) < * >
- 3) өнім малы;
- 4) мұражай құндылықтары;
- 5) сәулет және өнер ескерткіштері;
- 6) жалпы жұрт пайдаланатын автомобиль жолдары, тротуарлар, бульварлар, скверлер;
- 7) аяқталмаған күрделі құрылыс;
- 8) фильм қорына жататын объектілер;
- 9) < * >
- 10) < * >

11) сақталуда, жаңғыртуда және олар толығымен тоқтап қалған жағдайда техникалық қайта жарактандыруда, монтаждауда, орнатуда, пайдалануға беру сәтіне дейін қоймаларда тұрған объектілер.

7. Амортизациялық аударымдар материалдық емес активтердің мынадай түрлеріне есептеледі:

- 1) лицензиялық келісімдер;
- 2) сауда маркалары мен тауар таңбалары;
- 3) патенттер;
- 4) бағдарламалық қамтамасыз ету;
- 5) табиғи ресурстарды, жерді пайдалану құқықтары;
- 6) өнеркәсіптік үлгілер;

7) ұйымдастырушылық шығындар.

8. Өздерін өндіруге (сатып алуға) іс жүзінде шығындар жұмсалмаған материалдық емес активтер амортизациялауға жатпайды.

Ескерту. 20-бапқа өзгерістер енгізілген - ҚР Президентінің 1995.12.21. N 2703 ж а р л ы ғ ы м е н .

ЕСКЕРТУ. 20-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 заңымен. Z960061_

ЕСКЕРТУ. 20-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 З а ң ы м е н .

ЕСКЕРТУ. 20-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 заңымен. Z980255_

ЕСКЕРТУ. 20-баптың 10-тармағы 3-ші бөлікпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.12.28. N 336 заңымен. Z980336_

ЕСКЕРТУ. 20-баптың 10-тармағы өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 355 заңымен. Z990355_

ЕСКЕРТУ. 20-бап 6-тармағының 1-тармақшасы толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 Заңымен. Z990356_

ЕСКЕРТУ. 20-бап өзгерді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z990440_

Ескерту. 20-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

ЕСКЕРТУ. 20-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

20-1-бап. Тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдарды есептеу

1. Амортизациялық аударымдарды есептеу үшін тіркелген активтер функционалдық белгісі бойынша топтарға біріктірілген амортизациялық ішкі топтар бойынша бөлуге жатады.

2. Тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдарды анықтау үшін есепті кезең салық жылы болып табылады.

3. Салық төлеуші салық жылының шегінде өзге есепті кезең (ай, тоқсан) белгілеуге және амортизациялық аударымдарды ай сайын немесе тоқсан сайын е с е п т е у г е қ ұ қ ы л ы .

4. Салық төлеуші амортизациялық аударымдарды есептеу үшін қолданатын кезең, сондай-ақ амортизацияның қолданылатын нормалары салық жылы ішінде ө з г е р т і л м е у г е т и і с .

5. Әрбір ішкі топ бойынша амортизациялық аударымдар амортизация нормасын есепті кезеңнің аяғындағы ішкі топтың құндық балансына қолдану арқылы есептеледі, бірақ ол осы Заңның 20-4-бабымен белгіленген шектен

ж о ғ а р ы б о л м а у ы к е р е к .

Салық төлеуші таратылған немесе қайта құрылған жағдайда амортизациялық аударымдар салық жылындағы қызмет кезеңіне түзетіледі.

6. Үйлер, құрылыстар және ғимараттар бойынша амортизациялық аударымдар әрбір объекті бойынша жеке-жеке айқындалады.

7. Салық төлеуші амортизациялық аударымдарды әрбір тіркелген актив бойынша жеке-жеке есептеуге құқылы.

Бұл ретте, ішкі топтардың құндық балансы салық төлеуші әрбір объект сайын жүргізетін есептің деректері негізінде айқындалады.

Ескерту. Жаңа 20-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

20-2-бап. Амортизациялық ішкі топтардың құндық балансын айқындау

1. Есепті кезеңнің басында әрбір амортизациялық ішкі топ бойынша ішкі топтың құндық балансы деп аталатын қорытынды сома айқындалады.

2. Салық жылының аяғына ішкі топтың құндық балансы:

осының алдындағы салық жылында есептелген, сондай-ақ осы Заңның 20-6-бабына және 21-бабының 2-тармағына сәйкес жасалатын түзетулерді ескере отырып, амортизация сомасына кемітілген осының алдындағы салық жылының аяғындағы ішкі топтың құндық балансы ретінде айқындалатын салық жылының басындағы ішкі топтың құндық балансы

қ о с у (а л у)

тіркелген активтерді қосымша бағалау сомасы

қ о с у

осы Заңның 20-3-бабында айқындалған құн бойынша есепті кезеңде келіп түскен тіркелген активтер

а л у

осы Заңның 20-3-бабына сәйкес айқындалған құн бойынша есепті кезеңде шығып қалған тіркелген активтер ретінде анықталады.

Ескерту. Жаңа 20-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

ЕСКЕРТУ. 20-2 бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

20-3-бап. Тіркелген активтердің түсуі және шығуы

1. Түсіп жатқан тіркелген активтер:

а) сатып алу, өтеусіз алу кезінде, жарғылық капиталға салым ретінде - осы Заңның 46-бабына сәйкес айқындалған құн бойынша;

б) консервацияда, жаңғыртуда және олар толығымен тоқтап қалған жағдайда техникалық жағынан қайта жарақтандыруда тұрған негізгі құрал-жабдықтар

объектілерін пайдалануға берген кезде - баланстық құны бойынша ішкі топтардың құндық балансында ескеріледі.

2. Шығарылып жатқан тіркелген активтер:

а) сату, өтеусіз беру кезінде, жарғылық капиталға салым ретінде - сату құны бойынша ;

б) негізгі құралдар объектілерін уақытша консервацияға, қайта жаңғыртуға және техникалық қайта жарақтауға берген кезде, олар толық тоқтап тұрған жағдайда - баланстық құны бойынша ;

в) тіркелген активтерді есептен шығарған, жоғалтқан, жойған, бүлдірген, айырылып қалған кезде, тіркелген активтер сақтандырылған жағдайда - сақтандыру ұйымы сақтандыру шартына сәйкес сақтанушыға төлеген сақтандыру төлемдері сомасы негізге алынып анықталатын құны бойынша ішкі топтардың құндық балансында ескеріледі. Егер сақтандыру шартына сәйкес төленуге тиіс сақтандыру төлемдері тіркелген активтің бөлігіне жатса, онда шығып қалған тіркелген активтің құны сақтандыру төлемдері мен тіркелген активтің сақтандырылмаған бөлігіне жататын баланстық құнның сомасы ретінде анықталады .

Тіркелген активтерді есептен шығарған, жоғалтқан, жойған, бүлдірген, айырылып қалған өзге жағдайларда баланстық құны бойынша ішкі топтардың құндық балансында ескеріледі.

Ескерту. Жаңа 20-3-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

ЕСКЕРТУ. 20-3 бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

20-4-бап. Тіркелген активтер амортизациясының шекті нормалары

1. Амортизациялауға жататын тіркелген активтер амортизацияның мынадай шекті нормаларымен ішкі топтар бойынша бөлінеді:

| топ (ішкі топ) N | Тіркелген активтердің атауы | Амортиза. шекті нормасы (%) | Жаңа негізгі құрал-жабдықтар бойынша амортизацияның қосымша нормасы (%) |
|------------------------|-----------------------------|-----------------------------|---|
| | I | Үйлер, | құрылыстар |
| 1 | Үйлер, құрылыстар | | 8 |
| | II | Фимараттар | |
| 1 | Мұнай және газ ұңғымалары | | 20 |

| | | |
|----|--|----|
| 2 | Мұнай-газ қоймалары | 10 |
| 3 | Кеме жүзетін, су каналдары | 10 |
| 4 | Көпірлер | 7 |
| 5 | Бөгеттер, плотиналар | 7 |
| 6 | Өзен және теңіз айлақ ғимараттары | 7 |
| 7 | Кәсіпорындардың темір жол қатынастары | 8 |
| 8 | Жағаны нығайту және жағаны қорғау құрылыстары | 7 |
| 9 | Резервуарлар, цистерналар, бактар және басқа да ыдыстар | 8 |
| 10 | Ішкі шаруашылық және шаруашылық аралық суландыру желісі | 7 |
| 11 | Жабық коллекторлық-дренаждық жүйе | 7 |
| 12 | Ұшу-қону алаңдары, жолдары, әуе кемелері тұратын орындар | 8 |
| 13 | Парктер мен хайуанаттар парктерінің ғимараттары | 8 |
| 14 | Спорттық-сауықтыру ғимараттары | 10 |
| 15 | Жылыжайлар мен көшетханалар | 10 |
| 16 | Өзге де ғимараттар | 7 |

III Беріліс құрылғылары

| | | |
|---|---|----|
| 1 | Электр берілісі және байланыс құрылғылар мен желілері | 10 |
| 2 | Ішкі газ құбырлары мен өткізгіш құбырлар | 8 |
| 3 | Су құбыры, канализация және жылу желілері | 7 |
| 4 | Тағы басқалар | 7 |

IV Күш-қуат машиналары және жабдықтары

| | | | |
|---|--|----|----|
| 1 | Жылу техникалық-жабдықтары | 15 | 15 |
| 2 | Турбиналық жабдықтар және турбиналық газ құрылғылары | 15 | 15 |
| 3 | Электр двигательдері мен | | |

| | | | |
|-------|--|--|-------|
| | дизель-генераторлары | 10 | 10 |
| 4 | Кешенді құрылғылар | | 8 |
| | 5 | Өзге де күш-қуат машиналары мен жабдықтар (ұшқыр көлікті қоспағанда) | 7 |
| <hr/> | | | |
| Ү | Қызмет түрі бойынша жұмыс машиналары мен жабдықтары (ұшқыр көлікті қоспағанда) | | |
| | 1 | Қара және түсті металлургия машиналары мен жабдықтары | 20 20 |
| | 2 | Химия өнеркәсібі машиналары мен жабдықтары | 20 20 |
| 3 | Мұнай өңдеу және мұнай-химия өнеркәсібі машиналары мен жабдықтары | 20 | 20 |
| | 4 | Мұнай-газ өндіру машиналары мен жабдықтары | 15 15 |
| | 5 | Жүк көтергіштігі 40 тоннадан жоғары карьерлік автосамосвалдарды қоса алғанда, тау-кен рудасы өнеркәсібінің машиналары мен жабдықтары | 25 25 |
| 6 | Электрондық өнеркәсіп жабдықтары | 20 | 20 |
| | 7 | Құрылыс материалдарын өндіретін машиналар мен жабдықтар | 20 20 |
| | 8 | Ағаш өңдеу, целлюлоза-қағаз өнеркәсібінің машиналары мен жабдықтары | 20 20 |
| 9 | Полиграфия өнеркәсібінің машиналары мен жабдықтары | 15 | 15 |
| | 10 | Жеңіл өнеркәсіп машиналары мен жабдықтары | 20 20 |
| | 11 | Тамақ, балық, ет және сүт өнеркәсібінің жабдықтары | 20 20 |
| | 12 | Сауда және қоғамдық тамақтандыру машиналары мен жабдықтары | 5 5 |
| | 13 | Көлік, машиналар мен механизмдер шығаруға арналған жабдықтар | 20 20 |
| | 14 | Ауылшаруашылық тракторлары, | |

| | | |
|--|----|----|
| машиналары мен жабдықтары | 20 | 20 |
| 15 Құю өндірісіне арналған машиналар мен жабдықтар, абразив және алмас өндірісінің жабдықтары | 20 | 20 |
| 16 Коммутацияларды және деректерді берудің цифрлық электронды жабдығы, сан жүйелерінің, оларды берудің жабдықтары, сандық өлшегіш байланыс техникасы | | 25 |
| 17 Спутник, ұялы байланыс, радиотелефон, пейджинг және транкинг байланысы жабдықтары | | 15 |
| 18 Беру жүйелері коммутацияларының ұқсас жабдықтары | | 10 |
| 19 Киностудиялардың мамандандырылған жабдықтары, медициналық және микробиологиялық өнеркәсіп жа б д ы қ т а р ы | | 8 |
| 20 Өзге де салалардың машиналары мен жабдықтары | | 10 |

ҮІ Басқа да машиналар мен жабдықтар
(ұшқыр көлікті қоспағанда)

| | | | |
|---|--|----|----|
| 1 | Өнеркәсіптік тракторлар | 20 | 20 |
| 2 | Темір кескіш жабдықтар | 15 | 15 |
| | 3 Компрессорлық машиналар мен жабдықтар | 15 | 15 |
| 4 | Ұста-пресс жабдықтары | 15 | 15 |
| 5 | Сорғылар | 20 | 20 |
| | 6 Көтеру-көлік, тиеу-түсіру машиналары мен жабдықтары, жер қазу, карьерлік және жол-құрылыс жұмыстарына арналған машиналар мен жабдықтар | 15 | 15 |
| | 7 Тіреу жұмыстарына арналған машиналар мен жабдықтар, уату-тарту, сұрыптау, байыту | | |

| | | | |
|----|---|----|----|
| | жабдықтар | 20 | 20 |
| 8 | Су асты-техникалық жұмыстарына арналған машиналар мен жабдықтар | 20 | 20 |
| 9 | Электрмен дәнекерлеуге және кесуге арналған машиналар мен жабдықтар | 10 | 10 |
| 10 | Технологиялық процестерге арналған барлық түрдегі ыдыстар | 8 | 8 |
| 11 | Өзге де машиналар мен жабдықтар | 10 | |

| | | | |
|---|---|-----------|-----------|
| | Ү І І | Ұ ш қ ы р | к ө л і к |
| 1 | Темір жол жылжымалы тіркемесі | 15 | 15 |
| 2 | Теңіз, өзен флоты, балық өнеркәсібі флоты | | 10 |
| 3 | Автомобиль көлігінің жылжымалы тіркемесі, өндіріс көлігі (жеңіл автомобильдер мен таксиді қоспағанда) | | 10 |
| 4 | Жеңіл автомобильдер мен такси | | 7 |
| 5 | Магистральдық өткізгіш құбырлар | 15 | 15 |
| 6 | Коммуналдық көлік | 10 | 10 |
| 7 | Әуе көлігі | 15 | 15 |
| 8 | Өзге де көлік құралдары | | 7 |

| | | |
|---|---|---|
| | Ү І І І | Компьютерлер, жер-жердегі құрылғылар мен деректерді өңдеу жөніндегі ж а б д ы қ т а р |
| 1 | Компьютерлер | 30 |
| 2 | Жер-жердегі құрылғылар мен деректерді өңдеу жөніндегі жабдықтар | 20 |

| | | |
|---|---|---|
| | І Х | Басқа топтарға енгізілмеген тіркелген а к т и в т е р |
| 1 | Көпжылдық екпелер | 8 |
| 2 | Материалдық емес активтер | 15 |
| 3 | Офис жиһазы | 10 |
| 4 | Аспаптар, өндірістік және шаруашылық мүкәммал мен | |

| | | |
|---|--|----|
| | к е р е к - ж а р а қ т а р | 8 |
| 5 | Көшіру-көбейту техникасы | 15 |
| | 6 Олшеуіш және реттегіш приборлар және құрылғылар, зертханалық жабдықтар | 10 |
| 7 | Тағы басқалар | 7 |

2. Егер есепті кезең ай (тоқсан болып) табылатын болса, амортизациялық аударымдардың нормасы мынадай формула бойынша анықталады:

$$n = (1 - (1 - 0,01N1/t) \times 100, \text{ мұнда}$$

n - амортизацияның ай сайынғы (тоқсан сайынғы) нормасы;

N - амортизацияның жылдық нормасы;

t - салық жылындағы есепті кезеңдердің саны.

3. Пайдалануға берілген жаңа машиналар мен жабдықтар бойынша бірінші салық жылында салық төлеуші, аталған тіркелген активтерді кәсіпкерлік қызметінде кемінде үш жыл пайдалану шартымен осы баппен белгіленген көтеріңкі нормалар бойынша амортизациялық аударымдарды қосымша есептеуге қ ұ қ ы л ы .

Оларды үш жылдық кезең аяқталғанға дейін өткізген жағдайда жүргізілген шегерімнің сомасы жылдық жиынтық табысты ұлғайтуға жатады.

Бұл норманы табиғи монополистер салық салу және босаған қаражатты күрделі салымдарды қаржыландыруға пайдалану мақсатында анықталатын таза табыс болған кезде қолданады.

Ескерту. Жаңа 20-4-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

ЕСКЕРТУ. 20-4 бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

20-5-бап. <*>

ЕСКЕРТУ. 20-5 бап алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

20-6-бап. Тіркелген активтер бойынша басқа да шегерімдер

1. Егер шығып қалған тіркелген активтердің құны салық жылының аяғындағы ішкі топтың құндық балансынан артып кеткен болса, арту мөлшері салық төлеушінің жиынтық жылдық табысына енгізуге жатады. Бұл ретте салық жылының аяғындағы осы ішкі топтың құндық балансы нөлге тең болып қалады.

2. Ішкі топтың барлық тіркелген активтері шығып қалған кезде есептік кезең аяғындағы осы ішкі топтың құндық балансы шегерімге жатқызылады.

3. Егер осы Заңның 20-5-бабына сәйкес анықталған тіркелген активтің қалдық

құны есептік кезең аяғында оның бастапқы құнының кемінде 5 процентін құраған жағдайда, салық төлеушілер мұндай тіркелген активтің қалдық құнын шегерімге жатқызуға құқылы.

Ескерту. Жаңа 20-6-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

20-7-бап. Жалгерлік, негізгі құралдардың қаржы лизингі шарттарымен берілетін (алынатын) тіркелген активтер

1. Ағымдағы жалгерлік шарттарымен берілген (алынған) тіркелген активтердің құны жалға берушінің топтарының құндық балансында есепке алынады.

2. Қаржы лизингіне (қаржы лизингі бойынша) берілген (алынған) негізгі құралдардың құны лизинг алушы топтарының құндық балансында есепке алынады.

Бұл ретте, лизинг берушінің тиісті ішкі тобының құндық балансы қаржы лизингіне берілген негізгі құралдардың құнына кемітілуі тиіс.

Ескерту. Жаңа 20-7-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

ЕСКЕРТУ. 20-7 бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

20-8-бап. Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау

1. Салық төлеуші салық салу мақсатында бухгалтерлік есепті жүзеге асыру шартымен негізгі құрал-жабдықтарға дербес қайта бағалау жүргізуге құқылы.

Бұл ретте, салық салу мақсатында қолданылатын негізгі құрал-жабдықтар құнының арту индексі бухгалтерлік есепте тиісті негізгі құрал-жабдықтарға қайта бағалауды жүзеге асыру кезінде пайдаланылған коэффициенттерден артып кетпеуге тиіс.

2 .

< * >

3. Негізгі құралдарды қосымша бағалау сомасына 15 процент ставка бойынша табыс салығы салынады.

Табыс салығын төлеу қосымша бағалау жүргізілген айдан кейінгі айдың ішінде жүргізіледі.

4. Қосымша бағалау нәтижесінде есептелген амортизациялық аударымдарды шегерімдерге жатқызудан салық төлеуші есепті кезеңнің ішінде шеккен зиян салық салу мақсатында есепке алынбайды.

5. Табиғи монополистердің негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеуші уәкілетті мемлекеттік органның келісімі бойынша жүргізіледі.

6. Құрылысы Қазақстан Республикасының мемлекеттік (үкіметтік)

кепілдігімен қамтамасыз етілген заем қаражатымен жүзеге асырылған, үйлердің құнын шетелдік валютада теріс бағамдық айырмашылық сомасына қайта бағалау сомасы салық төлеушінің жиынтық жылдық табысына енгізілмейді.

Ескерту. Жаңа 20-8-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

ЕСКЕРТУ. 20-8 бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

20-9-бап. Тіркелген активтерді сатып алуға, сондай-ақ меншікті құрылысқа алынған кредиттер (заемдар) үшін сыйақы (мүдде)

1. Құрылыс жүргізу кезеңінде алынған кредиттер (заемдар) үшін сыйақыны (мүддені) қоспағанда, тіркелген активтерді сатып алуға алынған, оның ішінде қаржы лизингі түріндегі кредиттер (заемдар) үшін сыйақы (мүдде) осы Заңның 16-бабында белгіленген тәртіппен шегерімге жатады.

2 . < * >

3. Меншікті құрылыс жүргізу кезінде алынған кредиттер (заемдар) үшін сыйақы (мүдде) құрылыс объектісінің құнына енгізіледі және амортизациялық аударымдарды есептеу арқылы шегерімге жатқызылады.

Құрылыс аяқталғаннан кейін төленген кредиттер (заемдар) үшін алынған сыйақы (мүдде) осы Заңның 16-бабына сәйкес шегерімге жатқызылады.

Ескерту. Жаңа 20-9-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

ЕСКЕРТУ. 20-9 бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

21-бап. Жөндеуге жұмсалатын шығыстар бойынша шегерімдер

1. Шегерім осы ішкі топқа кіретін негізгі құралдарды жөндеуге жұмсалатын шығыстар бойынша әрбір ішкі топқа қатысты рұқсат етіледі.

2. Әрбір ішкі топ бойынша негізгі құралдарды жөндеуге жұмсалатын шығыстар сомасы ішкі топтың салық жылының аяғындағы құндық балансының 15 проценті шегінде шегеріледі. Аталған шектен асатын сома ішкі топтың құндық балансын арттырады.

Егер салық төлеуші өзге есепті кезеңді (ай, тоқсан) қолданатын болса, жөндеуге жұмсалатын шығыстар ішкі топтың есепті кезеңнің аяғындағы құндық балансына қарай анықталады.

3. Республикалық және жергілікті бюджеттерден алынған субсидиялардың есебінен жүргізілген жөндеуге жұмсалатын шығыстар шегерімге жатпайды және ішкі топтардың құндық балансын арттырмайды.

4. Егер тіркелген активтердің есебі салық салу мақсатында әрбір объекті

бойынша жүргізілген жағдайда, осы баптың 2-тармағында белгіленген шектен тыс жөндеуге жұмсалатын шығыстар жөндеуге шығыстар жұмсалған тиісті негізгі құрал-жабдықтардың құнын арттыруға жатқызылады.

Ескерту. 21-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

22-бап. Сақтандыру сыйлықтары бойынша шығыстарға шегерім жасау

Жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықтарын қоспағанда, сақтандыру шарттары бойынша сақтанушылар төлейтін сақтандыру сыйлықтары, шегерім жасауға жатады.

ЕСКЕРТУ. 22-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

22-1-бап. Әлеуметтік төлемдерге арналған шығыстар бойынша шегерімдер

Салық төлеушілердің уақытша жұмысқа жарамсыздығына, жүкті болуы және тууы жөніндегі демалысқа ақы төлеу жөніндегі шығыстары есепті кезең үшін есептелген еңбекке ақы төлеу қорының 1,5 проценті шегінде шегеріледі. Қызметкерлерге олардың жұмысына байланысты мертігу не денсаулығының өзгедей зақымдануы арқылы келтірілген зиянның орнын толтыруға, сондай-ақ асыраушысынан айрылуына байланысты ақы төлеуге жұмсалатын шығыстар да заңдарда белгіленген мөлшерде шегерілуге тиіс.

ЕСКЕРТУ. 22-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 Заңымен. Z990356_

22-2-бап. Жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) кепілдік беруге (оларды сақтандыруға) байланысты жарналар бойынша шығыстар шегерімдері

Банктер - жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) ұжымдық кепілдік беру (оларды сақтандыру) жүйесінің қатысушылары жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) кепілдік беруге (оларды сақтандыруға) байланысты аударылған міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналар сомасын шегерімге жатқызуға құқылы.

ЕСКЕРТУ. Жаңа 22-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2000.03.29. N 42 заңымен. Z000042_

23-бап. Табиғи ресурстарды геологиялық зерделеуге және өндіруге дайындық жұмыстарына жұмсалған шығыстар

1. Бағалау, жайластыру жөніндегі шығыстарды, жалпы әкімшілік шығыстарын және жазылу жүргізілетін бонус пен коммерциялық табу бонусын төлеуге байланысты шығыстарды қоса алғанда, пайдалы қазбаларды геологиялық

зерделеуге, барлауға және өндіруге дайындық жұмыстарына жер қойнауын пайдаланушы жұмсаған шығыстар жеке топ құрайды және жер қойнауын пайдаланушының қалауынша белгіленген нормалар бойынша пайдалы қазбаларды өндіру басталған кезден бастап амортизациялық аударымдар түрінде жиынтық жылдық табыстан шегеріледі, бірақ олар 25 процент мөлшеріндегі амортизациясының шекті нормаларынан аспауы тиіс.

Осы шығыстар, пайдалы қазбаларды сату кезінде алынған табыстарды (тәжірибе-өнеркәсіптік мақсаттарда өндірілгендерінен басқасын) жылдық жиынтық табыстардан осы Заңның 13-бабына сәйкес алып тастауға жататын табыстарды және осы Заңның 34-бабына сәйкес салық салудан босатылған табыстарды қоспағанда, табиғи ресурстарды геологиялық зерделеуге және өндіруге дайындық жұмыстарын жүргізу кезеңінде жасалған келісім-шарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша жер қойнауын пайдаланушы алған табыстар сомасына оларды азайту арқылы түзетілуге тиіс.

2. Осы баптың 1-тармағында белгіленген тәртіп табиғи ресурстарды геологиялық зерделеу, әзірлеу немесе пайдалану құқығын алуға байланысты салық төлеушінің материалдық емес активтерге жатқызылған шығыстарына да, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушы бюджетке іс жүзінде төлеген келісім-шарттық аумақтарда мемлекет жұмсаған тарихи шығындарды өтеу сомасына да қолданылады.

ЕСКЕРТУ. 23-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 заңымен. Z960061_

ЕСКЕРТУ. 23-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 заңымен. Z980255_

ЕСКЕРТУ. 23-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z990440_

Ескерту. 23-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

24-бап. <*>

Ескерту. 24-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

25-бап. Салықтарды, айыппұлдар мен өтемдік шығыстарды шегеріс жасау

М ы н а л а р :

1) жылдық жиынтық табыс анықталғанға дейін шығарылатын салықтардан, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында және басқа мемлекеттерде төленген табыс салығынан басқа есептелген шектегі төленген салықтар және үстеме пайдаға салынатын салықтар;

2) бюджетке енгізілуге тиістілерінен өзге айыппұлдар мен өсімдерді қоса

алғанда төленген есептелген шектегі айыпақылар.<*><*>

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шығындар нормативтеріне сәйкес мемлекеттік әлеуметтік саланы ұстау үшін заңды тұлғалар шеккен шығындар шегерілуге жатады.

4) жер қойнауын пайдаланушының қазақстандық кадрларды оқытуға және аймақтардың әлеуметтік саласын дамытуға жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім-шарттарда белгіленген сома шегінде іс жүзінде жұмсаған шығындары.

ЕСКЕРТУ. 25-бапқа өзгеріс пен толықтыру енгізілді - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 заңымен.

ЕСКЕРТУ. 25-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 заңымен. Z 9 8 0 2 5 5 _

Ескерту. 25-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1998.12.24. N 333 Заңымен. Z 9 8 0 3 3 3 _

ЕСКЕРТУ. 25-баптың 1),2)-тармақшалары толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 Заңымен. Z990356_

26-бап. Құрылыстар мен бағалы қағаздарды сату кезіндегі шығын

1. Жиынтық жылдық табыс алу үшін кәсіпкерлік қызметте үш жылдан аса пайдаланылған құрылыстарды сату кезінде пайда болған шығын шегеріс жасауға ж а т а д ы .

2. Бағалы қағаздарды сату кезінде пайда болған шығын шегеріс жасауға жатпайды. Аталған шығын басқа бағалы қағаздарды сату кезінде алынған құнның өсімінен түскен табыстың есебінен өтеледі.

3. Егер осы баптың 2-тармағында аталған шығын сол шығын жасалған жылы өтелмейтіндей болса, онда олар бес жылға дейінгі мерзімге алға көшірілуі және бағалы қағаздарды сату кезінде алынған құнның өсімінен түскен табыстың е с е б і н е н ө т е л у г е т и і с .

4. Осы Заңның 12-бабында көзделген мүлікті сату кезінде пайда болған шығын шегеріс жасауға жатпайды. Аталған шығын осы Заңның 12-бабында көзделген мүлікті сату кезінде алынған құнның өсімінен түскен табыстың есебінен өтеледі.

27-бап. Шығынды көшіру

Кәсіпкерлік қызметтен пайда болған шығын (жиынтық жылдық табыстан көзделген шегеріс жасаудың артып кетуі) алдағы кезеңдердегі салық салынатын табыстың есебінен өтеу үшін қоса алғанда үш жылға дейінгі мерзімге алға к ө ш і р і л е д і .

Жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім-шарттар бойынша жүзеге асырылатын қызметке байланысты пайда болатын залалдар қоса алғанда жеті жылға дейінгі мерзімге кейінге көшіріледі.

Осы баптың жоғарыда көрсетілген ережелері қосымша бағалау нәтижесінде есептелген амортизациялық аударымдарды шегерімдерге жатқызудан салық жылы ішінде келтірілген залалдарға қолданылмайды.

ЕСКЕРТУ. 27-бапқа өзгеріс және толықтыру енгізілді - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 заңымен.

ЕСКЕРТУ. 27-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 Заңымен. Z 9 9 0 3 5 6 _

ЕСКЕРТУ. 27-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z 9 9 0 4 4 0 _

Ескерту. 27-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z 9 9 0 4 9 2 _

ЕСКЕРТУ. 27 бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

28-бап. Жеке тұлғаларға берілетін шегерістер

1. Жеке тұлғаның табыс алынған әрбір ай үшін айлық есепті көрсеткіш мөлшерінде бір салық жылы ішінде шегеріс жасауға құқы бар.

2. Жеке тұлғаның салық жылы ішінде өзінің қамқорлығында тұратын отбасының әрбір мүшесіне табыс алынған әрбір ай үшін айлық есепті көрсеткіш мөлшерінде бір салық жылы ішінде шегеріс жасауға құқы бар.

3. Егер отбасының аталған мүшесі орта есеппен айына айлық есепті көрсеткіш артық табыс тапса, осы баптың 2-тармағында көзделген шегеріс жасау құқы қолданылмайды.

4. Осы баптың 2-тармағында көзделген шегеріс тек бір салық төлеушінің - отбасы мүшесінің табысына қолданылады.

5. Жеке тұлғаның жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарнасын төлеуді зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарда белгіленген мөлшерде шегеруге құқығы бар.

Ескерту. 28-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 1995.12.21. N 2703 жарлығымен.

ЕСКЕРТУ. 28-бап 5-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1997.06.19. N 134-І Заңымен. Z970134_ - бұл толықтырулар 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

4-1-тарау. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына салық салу

ЕСКЕРТУ. 4-1 тараумен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

28-1-бап. Салық салу объектісі

1. Өмірді сақтандыру саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымының және қайта сақтандыру ұйымының өмірді, аннуитетті, жазатайым жағдайдан және аурудан сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру (қайта

сақтандыру) жүргізген жағдайда, салық жылы ішінде алуға тиіс (алған) сақтандыру сыйлығы түріндегі табысы табыс салығы салынатын объект болып табылады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы өмірді сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымымен жасасқан және бұдан кейін тәуекелдерді қайта сақтандыру ұйымына берумен байланысты шарттар бойынша тәуекелдерді қайта сақтандырған кезде, осындай қайта сақтандыру шарттары бойынша төленген тиісті сақтандыру сыйлықтары сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының салық салынатын объектісі болып табылмайды.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілгеннен және инвестициялық табыстан басқа алынған (алынуға тиіс), сондай-ақ жалпы сақтандыру саласы бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымының және жалпы сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ісін жүргізген кезде қайта сақтандыру ұйымының табыстары бойынша табыс салығы салынатын объект жылдық жиынтық табыс пен осы Заңда көзделген шегерімдердің айырмасы ретінде есептелген салық салынатын табыс болып табылады.

28-2-бап. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының табыстарын есепке алу

Өмірді сақтандыру саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдары және қайта сақтандыру ұйымдары өмірді сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ісін жүргізген кезде салық салу мақсатында инвестициялық табысты қоса алғанда, осы Заңның 28-1-бабының 1-тармағында көрсетілген табыс бойынша және өзге қызметтен болатын табыс, шығын бойынша бөлек есеп жүргізуге міндетті.

28-3-бап. Табыс салығының ставкалары

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының 28-1-баптың 1-тармағында аталған табыстарына осы Заңда белгіленген шегерімдер жасалмай, алынуға тиіс (алынған) сақтандыру сыйлықтарының сомасынан 2 процент ставка бойынша табыс салығы салынуға тиіс.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының осы Заңның 28-1-бабының 2-тармағында көрсетілген, салық жылы ішінде алған (алуға тиіс) табыстарына осы Заңның 30-бабының 1-тармағында көрсетілген ставка бойынша табыс салығы салынуға тиіс.

28-4-бап. Табыс салығын төлеу мерзімдері

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары осы Заңның 28-1-бабының 1-тармағында көрсетілген табыстары бойынша табыс салығын ай сайын ағымдағы айдың 20-сынан кешіктірмей, салық жылы ішінде алынады деп көзделген (алынған) сақтандыру сыйлықтары сомасының 1/12 бөлігін негізге ала отырып

т ө л е й д і .

2. Осы Заңның 28-1-бабының 1-тармағында көрсетілген табыстарды және инвестициялық табыстарды қоспағанда, салық жылы ішінде алынған (алынуға тиіс) табыстар бойынша осы Заңның 51-бабында белгіленген тәртіппен аванстық төлемдер төленеді.

28-5. Табыс салығы бойынша декларация және есеп

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-інен кешіктірмей, осы Заңның 28-1-бабының 1-тармағында көрсетілген табыстар бойынша тоқсан үшін есептелген табыс салығы жөнінде есеп т а п с ы р а д ы .

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары салық жылының қорытындысы бойынша осы Заңның 49-бабында белгіленген мерзімде барлық табыстар жөнінде декларация тапсыруға міндетті.

3. Табыс салығын түпкілікті есептеу және төлеу осы Заңның 52-бабында белгіленген мерзімдерде жүргізіледі.

5-тарау. ТАБЫС САЛЫҒЫНЫҢ СТАВКАЛАРЫ

29-бап. Жеке тұлғалар үшін табыс салығының ставкалары

Жеке адамның салық салынатын табысына мынадай ставкалар бойынша салық салынуға тиіс:

| | |
|---|--|
| 1) 15 еселенген жылдық есептік көрсеткішке дейін | салық салынатын табыс сомасынан 5 процент |
| 2) 15 еселенгеннен 30 еселенген жылдық есептік көрсеткішке дейін | 15 еселенген жылдық есептік көрсеткіштен алынатын салық сомасы + одан асатын соманың 10 проценті |
| 3) 30 еселенгеннен 65 еселенген жылдық есептік көрсеткішке дейін | 30 еселенген жылдық есептік көрсеткіштен алынатын салық сомасы + одан асатын соманың 20 проценті |
| 4) 65 еселенген жылдық есептік көрсеткіштен бастап және одан жоғары | 65 еселенген жылдық есептік көрсеткіштен алынатын салық сомасы + одан асатын сомадан 30 процент |

5) < * >

6) < * >

Төлем көзінен ұсталатын табыс салығын есептеу салық жылының ішінде бірқалыпты (ай сайын) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілейтін тәртіп бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 29-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 1995.12.21.N 2703 жарлығымен.

Ескерту. 29-бап 2-бөлікпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 заңымен.

ЕСКЕРТУ. 29-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен. Z970200_

ЕСКЕРТУ. 29-баптың 1-бөлігінде 3)-4)-тармақшалары өзгертілді, 5)-6)-тармақшалары алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 355 заңымен. Z990355_

ЕСКЕРТУ. 29-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 Заңымен. Z990356_

30-бап. Заңды тұлғалар үшін табыс салығының ставкалары

1. Заңды тұлғалардың салық салынатын табысы 30 процент ставка бойынша салық салуға жатады.

2 . < * >

3. Негізгі өндіріс құралы жер болып табылатын заңды тұлға оны тікелей пайдаланудан алған табысынан 10 процент ставка бойынша салық төлейді.

Ескерту. 30-бап жаңа 2-тармақпен толықтырылды - ҚР Президентінің 1995.12.21. N 2703 жарлығымен.

ЕСКЕРТУ. 30-баптың 2-тармағы алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

31-бап. Қатысушының үлесін сатудан алынатын табысқа салынатын салық ставкасы және төлем көзінен алынатын дивидендтер

1. Заңды тұлға-резиденттегі жеке тұлғаларға төленетін қатысу үлесін сатудан алынатын кіріс, сондай-ақ заңды және жеке тұлғаларға төленетін дивидендтерге 15 процент ставка бойынша төлем көзінің өзінде салық салынуға тиіс және бұл салықтың төлем көздерінен ұсталғанын растайтын құжаттар болған жағдайда бұдан кейін оларға салық салынбайды.

2. Жарғылық капиталды ұлғайтуға бағытталған таза табыстың бір бөлігіне (әрбір акционердің акциялар үлесін сақтауды есепке алғанда) салық салынбауға

т и і с .

Қатысушы (акционер) заңды тұлғаға қатысу үлесін алып қойған немесе сатқан жағдайда, инфляцияға сай түзетуді ескере отырып, алып қою және сату кезіндегі қатысу үлесінің құны мен қатысушының (акционердің) жарна ретінде жарғылық капиталға енгізген меншікті мүлкінің құны арасындағы айырма ретінде анықталатын құн өсімінің тек 15 процент ставкасы бойынша ғана төлем көзіне салық салынуға тиіс.

ЕСКЕРТУ. 31-бап 3-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен. Z970200_

ЕСКЕРТУ. 31-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 заңымен. Z980255_

ЕСКЕРТУ. 31-баптың атауы және 1-тармағы жаңа редакцияда, 2-тармағы өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 Заңымен. Z990356_

32-бап. Төлем көзіндегі сыйақыға (мүддеге) және ұтыстарға салық ставкалары

1. Осы баптың 3-тармағында көрсетілгеннен басқа жағдайларда заңды тұлғаларға резидент-банктерге және жинақтаушы зейнетақы қорларына төленетіндерді қоспағанда төленетін сыйақыға (мүддеге) тиесілі сомадан 15 процент ставка бойынша төлем кезінде салық салынады. Төлем көздеріне осы салықтың ұсталып қалғанын растайтын құжаттар болған кезде ұсталып қалған салықтың сомасы салық жылы үшін салық төлеушіге есептелген табыс салығы есебіне жатқызылады.

2. Жеке тұлғаларға жеке адамдар алған сыйақылар (мүдделер) ұтыстарға төлем көзіне 15 процент ставка бойынша салық салынады, және төлем көздеріне осы салықтың ұсталып қалғанын растайтын құжаттар болған кезде одан әрі салық салуға жатпайды.

3. Резидент-заңды тұлғаларға борыштық бағалы қағаздар бойынша төленетін сыйақыға (мүддеге) төлем көзінен салық салынбайды.

Ескерту. 32-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 1995.12.21. N 2703 жарлығымен.

ЕСКЕРТУ. 32-бапқа өзгеріс және толықтыру енгізілді - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 заңымен.

ЕСКЕРТУ. 32-баптың 4-тармағы сөздермен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1997.06.09. N 116-1 Заңымен. Z970116_

ЕСКЕРТУ. 32-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 154 Заңымен. Z970154_

ЕСКЕРТУ. 32-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен. Z970200_

ЕСКЕРТУ. 32-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255

з а ң ы м е н .

Z 9 8 0 2 5 5 _

Ескерту. 32-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.11.22. N 485 Заңымен. (өзгерістерді қолдану тәртібін 2-баптан қараңыз) Z990485_

ЕСКЕРТУ. 32-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

32-1-бап. Қызметкерлердің тікелей және жанама табыстарына салынатын салық ставкасы

Қызметкерлердің жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша жұмыс беруші төлеген сақтандыру сыйлықтары сомасын қоспағанда, шаруашылық жүргізуші субъектілер қызметкерлерінің кәсіпкерлік қызметпен байланыссыз, шаруашылық жүргізуші субъектінің таза табысының есебінен алынған тікелей немесе жанама табыстарына төлем кезінде 15 процент ставка бойынша салық салынады.

ЕСКЕРТУ. 32-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 заңымен. Z970200_

ЕСКЕРТУ. 32-1-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

33-бап. Резидент еместердің табысына төлем көзінде салынатын салық ставкалары

Резидент еместің тұрақты мекемеге қатысы жоқ қазақстандық көздерден алған табысы шегеріс жасауды жүзеге асырусыз, жиынтық табысы бойынша төлем кезінде мына ставкалар бойынша салық салуға жатады:

1) дивидендтер мен сыйақы (мүдде) - 15 процент

2) тәуекелділікті сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру төлемдері - 5 процент

3) Қазақстан Республикасы мен басқа мемлекетте арасындағы халықаралық байланыста немесе тасымалда телекоммуникациялық көлік қызметі - 5 процент

4) роялти, басқару және консультациялық қызметті қоса алғанда қызмет көрсетуден түсетін табыс, жал жөніндегі табыс және басқа табыс (осы Жарлықтың 29-бабына сәйкес ставкалар бойынша салық салынатын еңбекке ақы төлеу түрінде алынатын табыстан басқасы) - 20 процент

ЕСКЕРТУ. 33-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 154 Заңымен. Z970154_

6-тарау. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ЖЕҢІЛДІКТЕР

34-бап. Жеңілдіктер

1. Мынадай заңды тұлғалардың салық алынатын табысы салық салудан б о с а т ы л а д ы :

1) акцизделетін тауарлар өндіру мен өткізуден, сондай-ақ сауда-делдалдық қызметтен түскен кірістерді қоспағанда, Ауғанстан соғысы ардагерлерінің Қазақ республикалық ұйымы (кәсіпорындарсыз);

1-1) Қазақстан Республикасы мүгедектері ерікті қоғамының, Асырауында балалары бар мүгедек аналардың республикалық қоғамының ("Бибі-Ана"), Қазақ зағиптар қоғамының, Қазақ саңыраулар қоғамының, Ақыл-есі мен дене бітімі кеміс балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және оларды еңбекпен оңалту орталығының, Қазақстан Республикасының Қызыл Жарты Ай және Қызыл Крест қоғамының, Қазақстан Республикасы "Чернобыль" одағының, сондай-ақ олардың өндірістік ұйымдарының кірістері (акцизделетін тауарлар өндіру мен өткізуден, сондай-ақ сауда-делдалдық қызметтен түскен кірістерді қоспағанда), егер осындай ұйымдар мынадай шарттарға сәйкес келсе:

мүгедектер осындай өндірістік ұйымдар қызметкерлері жалпы санының кем дегенде 51 процентін құраса (есту, сөйлеу, көру қабілетінен айырылған мүгедектер жұмыс істейтін өндірістік ұйымдар үшін кемінде 35 процент);

мүгедектердің еңбегіне ақы төлеу қоры жалпы еңбекке ақы төлеу қорының кем дегенде 51 процентін құраса;

осы тармақшада аталған қоғамдардың (Одақтың, Орталықтың) меншігі болып табылатын және толығымен солардың қаражаты есебінен құрылған болса;

алынған кірістер оларды құрған қоғамдардың (Одақтың, Орталықтың) жарғылық мақсаттарын іске асыруға жұмсалады;

2) < * >

3) коммерциялық емес ұйымдардың демеушілік көмек, кіру және мүшелік жарналар, қайырымдылық көмек, аударымдар мен қайырмалдықтар түрінде алған табыстары бойынша, бұл ретте жоғарыда аталған қаражат қайтарылмайтын негізде берілуге тиіс, сондай-ақ қайтарылмайтын етіп берілген мүліктер б о й ы н ш а ;

4) Қазақстан Республикасы Үкіметі тізбесін белгілейтін халықаралық ұйымдар ;

5) төтенше жағдайға душар болған жағдайда гуманитарлық көмек түрінде мүлік алған және оны өз мақсатында жұмсаған заңды тұлғалар;

6) мемлекет кепілдігімен қамтамасыз етілген шетелдік кредит желілері бойынша, сондай-ақ тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген халықаралық ұйымдар желісі бойынша алынған мүлік бойынша мемлекеттік м е к е м е л е р ;

6-1) "Байқоңыр" кешені объектілерінің мүлкі негізінде құрылған республикалық мемлекеттік кәсіпорын, негізгі қызметпен байланысты кіріс б о й ы н ш а ;

7) алынған (алынуға тиіс) сыйақы (мүдде) және тұрғын үй-жайларды кейіннен лизинг алушының меншігіне беретін болып, осы үй-жайларды үш жылдан аспайтын мерзімге лизинг бойынша және жеке мұқтаждары үшін тұрғын үйлерді сатып алу мен салуға арнап үш жылдан астам мерзімге жеке адамдарға берілген ипотекалық кредиттер бойынша банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар негізгі құрал-жабдықтарды жасау мен жаңғырту үшін үш жылдан астам мерзімге берілген орташа және ұзақ мерзімді инвестициялық несиелер жөнінен;

8) оларды кейіннен лизинг алушыға бере отырып, үш жылдан астам мерзімге алынған негізгі құралдардың қаржы лизингі бойынша сыйақылар (мүдделер) ж ө н і н д е г і ұ й ы м д а р ;

9) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын, қызметінің айрықша түрі ауыл шаруашылығын кредиттеу болып табылатын ұйымдар;

10) халықаралық ұйымдар мен шет мемлекеттер өтеусіз негізде қаржыландыратын ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды орындаудан алынған табыстар бойынша ұйымдар.

2. Қызметкерлерінің жалпы санының кемінде 30 процентін мүгедектер құрайтын өндіріс ұйымдарының салық салынатын табысы мүгедектердің еңбегіне ақы төлеу жөніндегі шығыстардың 2 еселенген сомасына, сондай-ақ мүгедектерге қатысты әлеуметтік салық сомасының 50 процентіне қосымша қ ы с қ а р т ы л а д ы .

3. Мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша сыйақы (мүдде); салық салудан б о с а т ы л а д ы .

4. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына қатысушылардың, оларға теңестірілген адамдардың, I және II топтағы мүгедектердің, сондай-ақ жастайынан мүгедек болған жанның ата-анасының біреуінің жылына 480 мәрте айлық есепті көрсеткіштің шегіндегі табысына, III топтағы мүгедектердің жылына 240 мәрте айлық есепті көрсеткіштің шегіндегі табысына табыс салығы с а л ы н б а й д ы .

5. Жеке тұлғалардың табысы мен төлемдерінің мына түрлеріне салық с а л ы н б а й д ы :

1) Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын дипломатиялық немесе консулдық қызметкердің жалданып істеген жұмысынан алынған ресми т а б ы с ы ;

2) шет мемлекетте табысына салық салынуға тиіс шет мемлекетте мемлекеттік қызметте жүрген адамның жалданған жұмысынан алатын ресми

т а б ы с ы ;

3) бір жеке тұлғадан екінші жеке тұлғаның сыйлық немесе мұра түрінде, сондай-ақ ізгілік, қайырымдылық көмек пен гранттардың түрінде алынған мүліктің құны, еңбекке ақы төлеу түрінде алынған мүліктен басқасы;

4) Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан зейнетақы төлемдері;

білім беру ұйымдарында оқитындарға Қазақстан Республикасының заңдарында мемлекеттік стипендиялар үшін белгіленген мөлшерлерде төленетін стипендиялар ;

жалпы науқастануына байланысты еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша әлеуметтік жәрдемақыларды, пайдаланылмаған жыл сайынғы еңбек демалысы үшін өтемақыларды, сондай-ақ жеке еңбек шартын бұзған кезде төленетін, орташа айлық жалақы мөлшерінен артық өтемақыларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес берілетін атаулы әлеуметтік көмек, жәрдемақылар мен өтемақылар, әлеуметтік жеңілдіктер;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қызметкердің еңбек міндеттерін атқаруға байланысты мертігуінен не денсаулығына өзге де зақым келуінен болған залалдың орнын толтыру (жоғалтқан жалақысына қатысты өтеуден басқа); P930201_ V930037_

қызметкерлерге бала туған кезде, жерлеу үшін, құжатпен расталған, көрсетілген медициналық қызмет (косметологиялық қызметтен басқа) ақысын төлеу үшін 50 еселенген айлық есептік көрсеткіш шегінде берілетін материалдық көмек ;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жұмыс берушінің қызметкерлерді өндірістік қызметке байланысты мамандық бойынша оқытуға және біліктілігін арттыруға жұмсаған шығындары;

жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақы алушылардың жасасқан жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықтарын (аннуитет) төлеу үшін өмірді сақтандыру жөніндегі сақтандыру ұйымдарына жіберген зейнетақы төлемдерінің сомасы;

жұмыс беруші өз қызметкерлерінің жеке жинақтаушы емес сақтандыру шарттары бойынша төлейтін сақтандыру сыйлықтарының сомасы;

бұрын табыс салығы салынған ерікті зейнетақы жарналары есебінен жүзеге асырылатын зейнетақы және сақтандыру төлемдері;

5) балаларға және асырауындағыларға алынатын алименттер;

6) республикалық және жергілікті бюджет қаржысы есебінен көрсетілетін біржолғы төлемдер мен материалдық көмек;

6-1) табыс салығы салынған жалақыдан аударылған аударымдардан құралған кәсіподақ бюджеті қаражатынан кәсіподақ мүшелері үшін материалдық көмек;

7) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар банктер мен

жекелеген банк операцияларын жүзеге асыратын ұйымдардағы сыйақы (мүдде) және борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақы;

8) әскери қызмет міндеттерін атқаруына байланысты әскери қызметшілер алатын ақшалай үлестер, ақшалай сыйақылар және басқа да төлемдер;

9) "Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария етуіне байланысты оларға рақымшылық жасау туралы" 2001 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Z010173_ Заңына сәйкес жеке тұлғалардың жария етілген ақшасы.

6. Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды тұлғалар мен жеке тұлғалардың салық салынатын табысы кәсіпкерлік қызметтен алынатын табысқа салынатын салықтың екі процентінен аспайтын мөлшерде қайырымдылық қызметпен айналысатын коммерциялық емес ұйымдарға ақша қаражатын қоса алғанда қайтарусыз берген мүлігінің сомасына азайтылады. Коммерциялық емес ұйымдарда қайырымдылық және білім беретін мақсатына алынған, бірақ нысаналы мақсатқа пайдаланылмаған қаражат салық салуға жатады.

Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды және жеке тұлғалардың жиынтық жылдық табысы:

а) < * >

б) Астана қаласында тұрғын үйлер салуға жұмсалған қаражат сомасына кемітіледі.

7. Облыстарда, Астана және Алматы қалаларында құрылған тұрмысы төмен азаматтарға қолдау көрсету жөніндегі жалпы ұлттық және аймақтық қорларға қызмет көрсететін банктердің салық салынатын табысы осы қорларға өтеусіз аударылатын қаржының сомасына азайтылады.

8. Салық төлеушілер инвестициялар жөніндегі уәкілетті органмен жасалған келісім-шартқа сәйкес салық салынатын табысты алған кезінен бастап 5 жылға дейін, бірақ келісім-шарт жасалған кезден бастап 8 жылдан аспайтын мерзімге табыс салығын төлеуден босатылуы мүмкін.

Табыс салығы жөнінде жеңілдіктер берудің нақты мерзімі келісім-шарт әрбір салық төлеуші бойынша және негізгі капитал мен экономиканың басым секторына инвестициялардың көлеміне қарай белгіленеді.

Аталған жеңілдік сәйкестендіріліп берілген келісім-шарт бұзылған жағдайда табыс салығы Қазақстан Республикасының салық заңдарында көзделген тиісті айыппұл санкциялары қолданыла отырып, салық төлеушінің бүкіл қызмет ету кезеңіне есептелуге және бюджетке енгізілуге тиіс;

9 < * >

10. Салық төлеушінің салық салынатын кірісі мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларына ерікті зейнетақы жарналарының сомасына мынадай мөлшерде азайтылады:

1) жеке адам үшін - айына он айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде ;

2) заңды тұлға үшін - айына әрбір қызметкерге шаққанда жиырма есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде.

Ескерту. 34-баптың 1-тармағы 2 тармақшамен толықтырылды - ҚР Президентінің 1996.01.26. N 2827 жарлығымен. U962827_

34-баптың 1-тармағы жаңа тармақшамен толықтырылды - ҚР Президентінің 1995.12.21. N 2703 жарлығымен.

Ескерту. 34-баптың 1-тармағы 7 тармақшамен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1996.06.26. N 13-1 Z960013_ заңымен.

ЕСКЕРТУ. 34-баптың 1-тармағының 7)-тармақшасы алынып тасталды, 8) тармақша 7) тармақша болып саналды - Қазақстан Республикасының 1997.06.19. N 134-I Заңымен. Z970134_

Бұл өзгертулер 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Ескерту. 34-баптың 6-тармағына өзгертулер мен толықтырулар енгізілді - ҚР Президентінің 1995.12.21. N 2703 жарлығымен.

Ескерту. 34-баптың 4,7-тармақтарындағы сөздер алмастырылды - ҚР Президентінің 1995.12.21.N 2703 жарлығымен.

Ескерту. 34-бапқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 заңымен. Z960061_

ЕСКЕРТУ. 34-бап 8-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1997.02.28. N 76-I Заңымен. Z970076_

ЕСКЕРТУ. Жаңа 9-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1997.06.09. N 116-1 Заңымен. Z970116_

ЕСКЕРТУ. 34-баптың 5-тармағы 8-тармақшамен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1997.07.02. N 144-1 Заңымен. Z970144_

ЕСКЕРТУ. 34-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.06.19. N 134-I Заңымен - бұл өзгертулер 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

ЕСКЕРТУ. 33-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 154 Заңымен. Z970154_

ЕСКЕРТУ. 34-бап өзгертілді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен. Z970200_

ЕСКЕРТУ. 34-баптың 1-тармағының 2)-тармақшасы жаңа редакцияда және 8) -9)-тармақшалары тиісінше 7)-8)-тармақшалар болып есептелді және басқа өзгертулер енгізілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 заңымен. Z980255_

Ескерту. 34-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1998.12.24. N 333 Заңымен. Z980333_

Ескерту. 34-баптың 1-тармағы толықтырылды - Қазақстан Республикасының

1998.12.28. N 336 Заңымен. Z980336_

ЕСКЕРТУ. 34-баптың 1-тармағы толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 355 заңымен. Z990355_

ЕСКЕРТУ. 34-баптың 1, 2, 6, 7, 8, 10-тармақтары өзгертілді, 3, 5-тармақтары толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 Заңымен. Z 9 9 0 3 5 6 _

ЕСКЕРТУ. 34-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z 9 9 0 4 4 0 _

ЕСКЕРТУ. 34-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.08.02. N 466 Заңымен. Z 9 9 0 4 6 6 _

Ескерту. 34-бап өзгертілді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.11.22. N 485 Заңымен. (өзгерістерді қолдану тәртібін 2-баптан қараңыз) Z 9 9 0 4 8 5 _

Ескерту. 34-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z 9 9 0 4 9 2 _

ЕСКЕРТУ. 34-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z 0 1 0 1 4 7 _

ЕСКЕРТУ. 34-баптың 5-тармағы 9 тармақшамен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2001.06.22. N 213 Заңымен. Z010213_

7-тарау. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЛЫҚ САЛУ

35-бап. Резидент еместің тұрақты мекемеден алатын табысы

Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес салық төлеуші тұрақты мекемеге байланысты Қазақстандағы көздерден түскен табысы бойынша осы Заңмен осындай табысқа қатысты көзделген шегеріс сомасына азайтылған табыс салығын төлеуші болып табылады.

36-бап. Төлем көзінен салық алу

1. Резидент еместің тұрақты мекемемен байланысты емес табысына егер табыс көзі Қазақстан Республикасында болса, жиынтық табысы бойынша төлем көзінде шегеріс жасамай, осы Заңның 33-бабында белгіленген ставкалар бойынша салық салынуы керек.

Бұл тәртіп Қазақстан Республикасының резиденттері сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін импорттық тауарларға ақы төлеген жағдайда қолданылмайды.

2. Төлем көзінде салынатын салық төлемнің Қазақстан Республикасының ішінде немесе одан тыс жерлерде жасалғанына қарамай қолданылады.

ЕСКЕРТУ. 36-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 заңымен. Z980255_

37-бап. Шет ел заңды тұлғасының тұрақты мекемесінің таза табысына салынатын салық

Табыс салығына қосымша ретінде резидент емес заңды тұлғаның тұрақты мекемесіне осы тұрақты мекеменің таза табысына 15 процент ставка бойынша салық салынады.

Есептелген салық сомасы жиынтық жылдық табыс пен жасалған шегерімдер туралы декларацияда көрсетіледі.

ЕСКЕРТУ. 37-бап 2-ші бөлікпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z990440_

38-бап. Шет ел салығын есептеу

1. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде төленген салық сомасы Қазақстан Республикасында табыс салығын төлеген кезде есептеледі.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген есептелетін соманың мөлшері осы табысқа Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген ставкалар бойынша Қазақстан Республикасында есептелуге тиіс сомадан аспауға тиіс.

39-бап. Жеңілдікпен салық салынатын елдерде алынатын табыс

1. Егер шетелдік заңды тұлғаның жарғылық капиталының 10 процентінен астамы тікелей және жанама түрде резидентке тиесілі болса немесе ол өз кезегінде елде жеңілдікпен салық салу арқылы кіріс келтіретін осы заңды тұлғаның дауысқа ие акциясының 10 процентінен астамын алса, заңды тұлға кірісінің резидентке тиесілі осы бөлігі оның салық салынатын кірісіне енгізіледі. Бұл ереже сондай-ақ резиденттің заңды тұлға құрмайтын кәсіпкерлік қызмет ұйымдастырудың басқа нысандарына қатысуына қолданылады.

2. Егер шет елдегі салық сомасы осы Заңмен белгілегендегіден 1/3-ке төмен болса немесе қаржы ақпаратының құпиялылығы туралы немесе мүліктің нақты иесі немесе табыстың нақты иесі жөнінде құпияны сақтауға мүмкіндік беретін компаниялар туралы заңдары болса, онда шет мемлекет жеңілдікпен салық салынатын мемлекет ретінде қарайды.

ЕСКЕРТУ. 39-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-I заңымен. Z960061_

Ескерту. 39-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.11.22. N 485 Заңымен. (бұл өзгерістер 2000 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Z990485_

8-тарау. САЛЫҚ ЕСЕБІНІҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ

40-бап. Салық есебін жүргізу әдісі

Салық төлеуші кірістер мен шығыстарды салық салу мақсатында есептеу әдісі осы Жарлықта белгіленген тәртіп пен шарттар негізінде анықтайды.

ЕСКЕРТУ. 40-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 жарлығымен.

41-бап. Ұзақ мерзімді контрактілер бойынша табыстар және шегеріс жасау

1. Ұзақ мерзімді контрактілерге қатысты табыстар және шегеріс жасау салық жылы ішінде олардың нақты орындалған бөлігінде ескеріледі.

2. Есептеу әдісі қолданылған кезде контрактінің орындалған бөлігінің мөлшері салық жылының аяғына дейін шеккен шығыстарды осы контракт бойынша жиынтық шығысымен салыстыру арқылы анықталады.

3 . < * >

ЕСКЕРТУ. 41-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 заңымен. Z960061_

42-бап. Тауар-материалдық қорларды есепке алу тәртібі

Салық мақсаттары үшін тауар-материалдық қорларды есепке алу бухгалтерлік есеп бойынша ережелерге сәйкес жүргізіледі.

ЕСКЕРТУ. 42-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 заңымен. Z 9 8 0 2 5 5 _

Ескерту. 42-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

43-бап. Негізгі құралдардың қаржы лизингі

1. Лизинг берушінің амортизацияға жататын негізгі құралдарды лизинг алушыға беруі, егер ол мынадай шарттарға сәйкес келсе:

1) лизинг беруші лизинг шартында уағдаласқан негізгі құралдарды сатушыдан өз меншігіне алуға және лизинг алушыға оны белгілі бір ақысын төлеген кезде, белгілі бір мерзімге, белгілі бір жағдайларда уақытша иелік етуге және кәсіпкерлік мақсаттар үшін пайдалануға беруге міндеттенсе;

2) негізгі құралдарды лизинг алушының меншігіне беру немесе лизинг алушыға тіркелген баға бойынша негізгі құралдарды сатып алу жөнінде құқық беру лизинг шартында белгіленсе;

3) қаржы лизингінің мерзімі негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімінің 80 процентінен асып түссе, негізгі құралдардың қаржы лизингі болып табылады.

Қаржы лизингіне (қаржы лизингі бойынша) берілген (алынған) негізгі құралдардың құны лизинг шартын жасасқан кезде анықталады.

Салық салу мақсатында мұндай мәміле лизинг алушының негізгі құралдарды сатып алуы ретінде қаралады.

2. Осы баптың мақсаттары үшін негізгі құралдардың қаржы лизингінің мерзімі лизинг алушы шартқа сәйкес негізгі құралдардың қаржы лизингін ұзартуға құқығы болатын қосымша мерзімді қамтиды.

Ескерту. 43-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492
З а ң ы м е н . Z 9 9 0 4 9 2 _

ЕСКЕРТУ. 43-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2001.01.23.
N 147 Заңымен. Z010147_

44-бап. Өтемақы жасалатын шегеріс жасау

Егер бұрын шегеріс жасалған шығыстарға, шығындарға немесе күмәнді талаптарға өтем жасалса, онда алынған сома оған өтем жасалған жылғы табыс
б о л ы п т а б ы л а д ы .

ЕСКЕРТУ. 44-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356
Заңымен. Z990356_

45-бап. Құнның өсімінен алынған табыс және тіркелген активтерді сату кезіндегі шығын

1. Амортизация сомасына кемітілген тіркелген активтерді сатудан алынған түсім мен осы Жарлықтың 46-бабына сәйкес анықталған олардың құнының арасындағы оң айырма амортизация сомасына кемітілген тіркелген активтерді сату кезінде олардың құнының өсімінен алынған табыс болып табылады.

2. Тіркелген активтерді өткізуден алынған түсім мен осы амортизация сомасына кемітілген құрал-жабдықтың осы Заңның 46-бабына сәйкес анықталған құнының арасындағы теріс айырма тіркелген активтерді өткізу келтірген шығын
б о л ы п т а б ы л а д ы .

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтары топтық әдіс бойынша амортизациялауға жататын тіркелген активтерге қолданылмайды.

ЕСКЕРТУ. 45-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 заңымен. Z960061_

ЕСКЕРТУ. 45-баптың 3-тармағы алып тасталды, 4-тармақ 3-ші тармақ болып саналды - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен. Z970200_

ЕСКЕРТУ. 45-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255
з а ң ы м е н . Z 9 8 0 2 5 5 _

Ескерту. 45-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492
Заңымен. Z990492_

46-бап. Тіркелген активтердің құны

1. Тіркелген активтердің құнына оларды сатып алу, өндіру, құрылысын жүргізу, монтаждау мен орнату жөніндегі шығындар, сондай-ақ олардың құнын арттыратын басқа да шығындар енеді. Бұларға салық төлеушінің шегеріс жасауға құқығы бар шығындар қосылмайды.

2. Егер тіркелген активтердің бір бөлігі ғана өткізілсе, онда өткізу сәтіндегі тіркелген актив құны қалған және өткізілген бөлік арасында бөлінеді.

ЕСКЕРТУ. 46-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 заңымен.

Ескерту. 46-баптың 1-тармағы толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.12.28. N 336 Заңымен. Z980336_

ЕСКЕРТУ. 46-баптың 1-тармағы өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 Заңымен. Z990356_

Ескерту. 46-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

47-бап. Активтерді өтемсіз негізде беруден және (немесе) төмендетілген құны бойынша сатудан түскен табыс

1. Активтерді өтемсіз негізде беру және (немесе) төмендетілген құны бойынша сату кезінде беруші (сатушы) тұлға активтерінің құны - салық салу мақсатында айқындалатын өзіндік құн негізге алынып, ал алушы тұлға активтерінің құны - берілетін (сатылатын) активтердің кіріске алынған бағалау құны бойынша белгіленеді.

Бұл ретте активтердің құны, тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) атаулары бойынша бөлінбестен, есепті кезең үшін тұтастай белгіленеді.

2. Экспорттық операциялар бойынша төмендетілген құнымен активтерді сату кезіндегі салық сату мақсатында айқындалған, сатылған активтердің сатылатын бағасы мен өзіндік құны арасындағы айырма сатушы тұлғаның табысы болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 47-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 47-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 заңымен. Z980255_

Ескерту. 47-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.12.24. N 333 Заңымен. Z980333_

48-бап. Таза табыс есебінен жүзеге асырылатын шығыстар

Шегерілуге тиісті емес таза табыс есебінен жүзеге асырылатын шығыстарға мыналар жатады:

1) негізгі құрал-жабдықтарды сатып алу мен құрылысын жүргізуге арналған шығыстар және күрделі сипаттағы басқа да шығыстар.

2) бюджетке енгізілуге тиіс айыппұл санкциялары.

3) кәсіпкерлік қызметке байланысы жоқ шаруашылық жүргізуші субъектілер қызметкерлерінің тікелей немесе жанама табыстары болып табылатын шығыстар;

4) кәсіпкерлік қызметке пайдаланылмайтын объектілерді салу, пайдалану және ұстау жөніндегі шығыстар;

5) кәсіпкерлік қызметке байланыссыз шығыстар.

ЕСКЕРТУ. 48-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1996.12.31.
N 61 - 1 заңымен.

ЕСКЕРТУ. 48-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200
Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 48-бап өзгертілді және толықтырылды - Қазақстан
Республикасының 1998.07.01. N 255 заңымен. Z980255_

Ескерту. 48-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1998.12.24. N 333
Заңымен. Z980333_

9-тарау. ТАБЫС САЛЫҒЫ ЖӨНІНДЕГІ ӘКІМШІЛІК ЕРЕЖЕЛЕР

49-бап. Кірістер туралы декларациялар және кірістер мен мүлік туралы мәліметтер

беру

1. Жылдық жиынтық табыс пен шегеріс жасау туралы декларацияны мына салық төлеушілер салықты тіркейтін жердегі салық қызметі органдарына есепті жылдан кейінгі жылдың 31 наурызына дейін тапсырады:

1) заңды тұлғалар, олардың осы Заңның 6-бабының 7-тармағына сәйкес дербес салық төлеушілер болып табылатын филиалдары, өкілдіктері мен өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері;

2) Қазақстан Республикасындағы төлем көздеріне салық салынбайтын табыстары бар жеке тұлғалар;

3) тұрғын үй салуды және осындай құрылыс үшін құрылыс материалдарын ірі көлемде сатып алуды қоспағанда, салық жылында 2000 айлық есептік көрсеткіштен астам сомаға құрылыс салған немесе ірі көлемде сатып алу жасаған жеке тұлғалар;

4) Қазақстан Республикасынан тысқары орналасқан шетел банктеріндегі шоттарда ақшасы бар жеке тұлғалар;

5) Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерден табыс алушы жеке тұлғалар;

6) Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихаттардың депутаттары, сондай-ақ заңдардың мемлекеттік қызметшілер үшін көзделген нормалары қолданылатын адамдар, мерзімдік әскери қызметін өткеріп жүрген әскери қызметшілерді қоспағанда;

7) Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметті жүзеге асыратын резидент еместер.

2. Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихаттардың депутаттары сайланған кезде, сондай-ақ заңдардың мемлекеттік қызметшілер үшін көзделген нормалары қолданылатын адамдар, мерзімді әскери қызметін өткеріп жүрген әскери қызметшілерді қоспағанда, мемлекеттік қызметке кіріскен кезде, мемлекеттік қызметтерге тағайындалған кезде, мемлекеттік қызмет бойынша

өскен кезде, салық қызметі органдарына өздеріне меншік құқығымен тиесілі, салық салу объектілері болып табылатын кірістер мен мүлік туралы мәліметтер
т а б ы с е т е д і .

3. Салық төлеушінің Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызметі аяқталған кезде салық қызметі салық төлеушіден себебі мен күні, декларацияның қашан және қай кезеңде тапсырылуы тиіс екенін көрсете отырып, жазбаша хабарлама беру жолымен 12 айдан кем кезеңдегі табысы туралы декларацияны
т а б ы с е т у і н т а л а п е т е а л а д ы .

4. Заңды тұлға таратылған кезде тарату комиссиясы немесе салық төлеуші бұл жайында салық қызметіне дереу жазбаша хабарлайды. Заңды тұлғаны тарату туралы шешім қабылданғаннан кейін 15 күн ішінде салық төлеуші салық органдарына жылдық жиынтық табыс пен шегеріс жасау туралы декларация
ұ с ы н у ғ а м і н д е т т і .

5. Резидент заңды тұлға құрмай жүзеге асырылған кәсіпкерлік қызметті тоқтатқан кезде ол 15 күн мерзімде салық қызметінің органдарына жылдық жиынтық табыс пен шегеріс жасау туралы декларация табыс етеді.

6. Кез келген он екі айлық кезең ішінде Қазақстан Республикасында 30 күннен астам тұрып жатқан немесе қазақстандық көзден 500 айлық есеп айырысу көрсеткішінен астам табыс алған жеке тұлғалар - резидент еместер қызметін тоқтатқан немесе Қазақстан Республикасының аумағынан кеткен кезде салық қызметі органдарына жиынтық табыс пен шегерімдер туралы декларация табыс
е т е д і .

6-1. Түрлі ставкалар бойынша салық салынатын табысы бар және (немесе) табыс салығын төлеуден босатылған заңды тұлғалар және заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке адамдар олар бойынша бөлек есеп жүргізуге және мұндай табыс бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілеген нысанда жеке есеп-қисап беріп, жылдық жиынтық табыс пен жасалған шегерістер туралы декларацияға қоса
т а б ы с е т у ғ е м і н д е т т і .

Ауыл шаруашылығына жатпайтын өнімді, өзі өндірімеген өнімді, акцизделетін өнімді және оларды қайта өңдеу өнімдерін сатудан табысы бар бірыңғай жер салығын төлеушілер бөлек есеп жүргізуге және олар бойынша табыс салығын есептеуді және төлеуді жүзеге асыруға, сондай-ақ жылдық жиынтық табыс пен осы бөлімге сәйкес жүргізілген шегерімдер туралы декларацияны
т а б ы с е т у ғ е м і н д е т т і .

7. Кірістер туралы декларация және кірістер мен мүлік туралы мәліметтер Қазақстан Республикасының заңдарында белгілеген нысанда және тәртіппен
б е р і л е д і .

Ескерту. 49-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 1995.12.21. N 2703

ж а р л ы ғ ы м е н .

ЕСКЕРТУ. 49-баптың 5-тармағы жаңа редакцияда, 5-тармақ 6-тармақ болып саналды - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 49-баптың атау жаңа редакцияда берілген, 1-тармақ 6)-тармақшамен және 2-тармақпен толықтырылған, 2,3,4,5,6-тармақтар тиісінше 3,4,5,6,7-тармақтар болып саналған және 7-тармақ жаңа редакцияда берілген - Қазақстан Республикасының 1997.04.11. N 92 Заңымен. Z970092_

ЕСКЕРТУ. 49-баптың 1-тармағының 3)-тармақшасы сөздермен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1997.05.27. N 114-I Заңымен. Z 9 7 0 1 1 4 _

ЕСКЕРТУ. 49-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 154 З а ң ы м е н .

ЕСКЕРТУ. 49-бап өзгертілді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 заңымен. Z980255_

Ескерту. 49-бап 6-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.12.28. N 336 Заңымен. Z980336_

Ескерту. 49-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.11.22. N 485 З а ң ы м е н . Z 9 9 0 4 8 5 _

ЕСКЕРТУ. 49-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

50-бап. Төлем көздерінен салық ұстау

1. Төлем көздерінен табыс салығын ұстауды мына тұлғалар:

1) еңбек шарты (келісім-шарты) бойынша немесе мердігерлік (жалдау) шарты бойынша жұмыс істейтін жеке тұлғаларға жасалған төлемдерден кәсіпкерлік қызметтің субъектісі ретінде тіркелген жеке тұлғаларға жасалған төлемдерді қоспағанда кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды және жеке тұлғалар;

2) < * >

2) заңды және жеке тұлғаларға дивиденд төлейтін резидент - заңды тұлға;

3) заңды тұлғаларға сыйақы (мүдде) төлейтін заңды немесе жеке тұлға;

4) осы Заңның 33-бабында көзделген төлемдерді жүзеге асыратын заңды немесе жеке тұлға жүргізуге міндетті;

5) жеке тұлғаларға ұтыстар төлейтін заңды және жеке тұлға;

6) осы Заңның 48-бабының 3-тармақшасына сәйкес төлемдер төлейтін заңды немесе жеке тұлға;

7) жеке тұлға резидент-заңды тұлғадағы қатысу үлесін сатудан түскен табысты төлейтін заңды немесе жеке тұлғалар.

2. Орналастырылған зейнетақы активтері бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларына төленетін инвестициялық кірістерге төлем көзінде табыс салығы с а л ы н б а у ғ а т и і с .

3. Салықты ұстауға және бюджетке аударуға табыс төлеуші заңды немесе жеке тұлға жауап береді. Салық сомасы ұсталмаған жағдайда табыс төлеуші заңды немесе жеке тұлға ұсталмаған салық сомасын және соған байланысты айыппұл мен өсімді бюджетке енгізуге міндетті.

4. Төлем көзінен салық ұстайтын заңды және жеке тұлғалар осы баптың 1-тармағына сәйкес:

1) банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын басқа ұйымдардан осы баптың 1-тармағында көзделген төлемдерді төлеуге қаражат алған кезде бюджетке салық сол қаражатты алысымен бір мезгілде, басқа жағдайларда төлем жасалған ай аяқталған соң, шаруа (фермер) қожалықтарын қоспағанда, 5 банк күні ішінде аударуға; шаруа (фермер) қожалықтары жалдамалы қызметкерлердің табыстарынан ұсталатын салық сомасын бірыңғай жер салығын төлеу үшін белгіленген мерзімде енгізеді.

2) жалақы төлеген кезде табыс алушы жеке тұлғаға оның талап етуі бойынша тегі және аты-жөні, табыстың сомасы мен түрі, сондай-ақ ұсталған салықтың сомасы (егер салық ұсталған болса) көрсетілген анықтама беруге;

3) салық жылы аяқталғаннан кейін 30 күн ішінде жеке тұлғаның тіркелген нөмірі, оның атауы немесе тегі мен аты-жөні, табыстың жалпы сомасы мен есепті жылы ұсталған салықтың жалпы сомасы көрсетілген анықтаманы салық қызметінің органдарына табыс етуге, сондай-ақ осы баптың 1-тармағына сәйкес табыс алушы заңды және жеке тұлғаларға олардың талап етуі бойынша жіберуге міндетті.

3 - 1)

< * >

5. Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан тұрақты мекемелер және (немесе) Қазақстан Республикасының резиденттері салық жылында төленбеген қазақстандық көзден алынған табысты шегерімдерге жатқызған кезде төлем көзінен ұсталған салықты осы баптың 1-тармағына сәйкес, жылдық жиынтық табыс және салық жылында жүргізілген шегерімдер туралы декларация табыс еткен күннен бастап 10 күн өткен соң, бірақ есепті жылдан кейінгі жылдың 10 сәуірінен кешіктірмей аударуға міндетті.

Ескерту. 50-бапқа өзгертулер енгізілді - КР Президентінің 1995.12.21. N 2703 жарлығымен.

ЕСКЕРТУ. 50-бапқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 заңымен.

ЕСКЕРТУ. 50-баптың 1-тармағынан 2) тармақша алынып тасталды, 3)-7) тармақшалар тиісінше 2)-6) тармақшалар болып саналды - Қазақстан Республикасының 1997.06.19. N 134-І Заңымен. Z970134_ - бұл өзгертулер 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

ЕСКЕРТУ. 50-баптың 1-тармағының 3)-тармақшасы, 3-тармағының 1)-тармақшасы өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 154 Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 50-баптың 1-тармағы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 50-бап өзгертілді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 заңымен. Z980255_

Ескерту. 50-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z 9 9 0 4 9 2 _

ЕСКЕРТУ. 50-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

51-бап. Табыс салығы бойынша аванстық төлемдер

1. Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды және жеке тұлғалар аванстық төлемдер сомасын бюджетке салық қызметі органдарына мәлімделген салық жылына болжалынып отырған табыс салығы сомасының 1/12 бөлігін негізге ала отырып, әр айдың жиырмаасынан кешіктірмей төлеуге міндетті.

2. Маусымдық жұмыс сипатындағы кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды және жеке тұлғалар салық жылы ішінде төленуге тиісті аванстық төлемдер сомасын салық қызметі органдарымен келісім бойынша айқындайды.

3. Еңбек шарты (келісім-шарт) бойынша немесе мердігер-жалдау шарты бойынша жұмыс істейтін жеке тұлғалар - резидент еместер аванстық төлемдер сомасын бюджетке салық жылының 20 ақпанында, 20 мамырында, 20 тамызында және 20 қарашасында төлеуге міндетті.

4. Табыс салығының төленген аванстық төлемдер сомасы салық жылында салық төлеушіге есептелген табыс салығына есептеледі.

ЕСКЕРТУ. 51-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61 - 1 заңымен.

ЕСКЕРТУ. 51-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 заңымен. Z980255_

52-бап. Жылдың қорытындысы бойынша салық төлеу

Салық төлеуші есепті жылға жиынтық жылдық табыс және шегеріс жасау жайындағы декларацияны есепті жылдан кейінгі жылдың 10 сәуірінен кешіктірмей табыс етілген күннен бастап 10 күн өткен соң түпкілікті есеп айырысып, табыс салығын төлейді.

Резидент емес-заңды тұлғаның тұрақты мекемесі жиынтық жылдық табыс пен есепті кезеңде жасалған шегерімдер туралы декларация ұсынылған күннен бастап 10 күн ішінде, бірақ есепті жылдан кейінгі жылдың 10 сәуірінен

кешіктірмей, осы тұрақты мекеменің таза табысына салық төлейді.

ЕСКЕРТУ. 52-бап 2-ші бөлікпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z990440_

І І І

б ө л і м

ҚОСЫЛҒАН ҚҰНҒА САЛЫНАТЫН САЛЫҚ

Ескерту. III бөлім жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

10-тарау. ҚОСЫЛҒАН ҚҰНҒА САЛЫНАТЫН САЛЫҚ ЖӨНІНДЕГІ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

53-бап. Қосылған құнға салынатын салық ұғымы

Қосылған құнға салынатын салық дегеніміз тауарлар (жұмыстар мен қызметтер) өндірісі мен айналымы процесіне қосылған құн өсімінің бір бөлігінің бюджетке аударымы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағына тауар импорттау кезінде жасалатын аударым.

Бюджетке төлеуге жататын қосылған құнға салынатын салық сатылған тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін есептеліп қосылған құнға салынатын салық сомасы мен сатып алынған тауарлар, орындалған жұмыстар немесе көрсетілген қызметтер үшін төленуге тиіс қосылған құнға салынатын салық сомасының арасындағы айырма ретінде анықталады.

ЕСКЕРТУ. 53-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 заңымен.

Ескерту. 53-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

53-1-бап. Қосылған құнға салық салу объектісі

1. Салық салынатын айналым мен салық салынатын импорт қосылған құнға салық салу объектісі болып табылады.

2. Салықтан босатылған және меншікті өндірісінің мұқтажы үшін жүзеге асырылатыннан басқа, Қазақстан Республикасының аумағында сатылатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сату жөніндегі айналым, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарда көзделген ережелерге сәйкес анықталатын айналым салық салынатын айналым болып табылады.

3. Салық салудан босатылғандарды қоспағанда, импортталатын тауарлар салық салынатын импорт болып табылады.

54-бап. Салық төлеушілер

1. Заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырушы заңды және жеке тұлғалар, сондай-ақ осы Заңның 53-1-бабына сәйкес салық салу объектілері бар тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асырушы Қазақстан Республикасының резидент еместері қосылған құнға салынатын салық

төлеушілер болып танылады.

2. Өзі шығаратын ауыл шаруашылық өнімдерін және оларды қайта өңдеуден алынатын өнімдерді сатудан түсетін айналымдар бойынша бірыңғай жер салығын төлеушілер қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайды.

Ауыл шаруашылығына жатпайтын өнімді, өзі өндірімеген өнімді, акцизделетін өнімді сатудан түсетін айналымдар бойынша, сондай-ақ оларды қайта өңдеу өнімдерін сатудан түсетін айналымдар бойынша бірыңғай жер салығын төлеушілер осы Заңға сәйкес қосылған құнға салынатын салықты есептеуді және төлеуді жүзеге асырады.<*>

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі салық төлеушінің өтініші бойынша заңды тұлғаның бөлімшелерін қосылған құнға салынатын салықты дербес төлеушілер ретінде қарай алады.

4. Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағына осы тауарларды импорттайтын заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері, жеке тұлғалар мен резидент еместер импортталатын тауарларға қосылған құнға салық төлеушілер болып табылады.

5. Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстандық көзден кіріс алатын резидент еместер (Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратындардан басқа) сатқан кезде қосылған құнға салынатын салықты Қазақстан Республикасының резиденттері, сондай-ақ аталған резидент еместермен есеп айырысуды Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын резидент еместер толық мөлшерінде төлейді.

ЕСКЕРТУ. 54-баптан 5-тармақ алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 заңымен.

ЕСКЕРТУ. 54-баптың 4-тармағы алып тасталды - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен.

Ескерту. 54-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

ЕСКЕРТУ. 54-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

55-бап. Халықаралық шарттар

Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес қосылған құнға салынатын салықты есептеудің өзге де тәртібі белгіленуі мүмкін.

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда жұмыстардың (қызметтердің) экспорты мен импортына салық салу көзделсе, осы Заңның 58 және 70-1-баптарында көзделген ставкалар тиісінше қолданылады.

ЕСКЕРТУ. 55-бапқа өзгерістер мен толықтыру енгізілді - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 заңымен.

ЕСКЕРТУ. 55-бап өзгертілді және 5-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 55-бап өзгертілді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 заңымен. Z980255_

ЕСКЕРТУ. 55-баптың 4-тармағы толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 355 заңымен. Z990355_

ЕСКЕРТУ. 55-баптың 2-тармағы өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 Заңымен. Z990356_

ЕСКЕРТУ. 55-бап 1-2-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z990440_

Ескерту. 55-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

11-тарау. Салық салынатын айналымды анықтау

Ескерту. 11-тарау (56, 56-1, 56-2, 56-3, 56-4, 56-5, 56-6, 56-7, 56-8, 57-баптар) жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

56-бап. Салық салынатын айналымның мөлшері

1. Салық салынатын айналымның мөлшері қолданылатын бағалар мен тарифтерге сүйеніп, оларға қосылған құнға салынатын салықты енгізбей сатылған тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) құны негізінде, бірақ сауда-делдалдық қызмет үшін оларды сатып алу бағасынан төмен болмайтындай е т і п а н ы қ т а л а д ы .

2. Тауарларды (жұмыстардың, қызметтердің) айырбастау кезінде немесе оларды өтемсіз берген кезде салық салынатын айналым, айырбастау немесе беру кезінде салық төлеушіде қалыптасқан қосылған құнға салынатын халықты оларға енгізбей, бағалар деңгейін негізге ала отырып, бірақ осы баптың 9-тармағына сәйкес белгіленетін іс жүзіндегі қалыптасқан шығындардан төмен болмайтындай е т і п а н ы қ т а л а д ы .

3. Берілетін тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) құнына жалақы мен басқа да төлемдер заттай түрде төленген жағдайда осы Заңның 62-бабында көзделген ставкалар бойынша есептеліп, қосылған құнға салынатын салық с о м а с ы е н г і з і л е д і .

4. Егер тауарлар (жұмыстар, қызметтер) салық төлеушіге оның кәсіпкерлік мақсаты үшін жеткізілсе, бірақ салық төлеуші немесе өзге де тұлғалар жеке мақсаттарына өтемсіз пайдаланған болса, онда мұндай тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) құны салық салынатын айналым ретінде қаралады.

5. Негізгі құрал-жабдықтарды қоса алғанда, тауарлар бүлінген, жойылған кезде (осы Заңның 64-бабына сәйкес қосылған құнға салынатын салық бойынша

есепке алу көзделмеген тауарларды, сондай-ақ табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар нәтижесінде пайда болған жағдайларды қоспағанда) осы тауарлардың құны салық салынатын айналым ретінде қарастырылады.

Осы Заңның 64-бабына сәйкес қосылған құнға салынатын салық бойынша есепке алу көзделмеген тауарларды бүлдірген, жоғалтқан кезде олардың есепке алу құны қосылған құнға салынатын салық салуға жатпайды.

6. Тауарларды сауда-делдалдық қызмет бойынша экспортқа сатқан кезде сату бағасы мен сатып алу бағасының арасындағы айырма Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын осындай тауарларды сату кезінде қолданылатын осы Заңның 62-бабында белгіленген ставкалар бойынша салық салуға жатады.

7. Қосылған құнға салынатын салықты төлеуші таратылған жағдайда оның тауарларының қалдығы, оның ішінде осы Заңның 64-бабына сәйкес есепке алу көзделген қосылған құнға салынатын салықпен бірге бұрын сатып алынған негізгі құрал-жабдықтар бюджетпен есеп айырысу мақсатында салық салынатын айналым ретінде қарастырылады.

8. Қосылған құнға салынатын салықпен бірге бұрын сатып алынған қосылған құнға салынатын салық бойынша есепке алу көзделмеген тауарларды сату кезінде салық салынатын айналым сатып алу құны мен есепке алу құнының арасындағы айырма түрінде алынған табыс болып табылады. Бұл орайда есептеу құны деп тауарлардың баланстық құны түсініледі.

9. Осы баптың 3-5, 7-тармақтарында көзделген жағдайлардағы салық салынатын айналымның мөлшері қолданылатын бағалар мен тарифтерге сүйеніп, бірақ іс жүзінде қалыптасқан шығындардан кем болмайтындай етіп анықталады.

Осы баптың мақсаты үшін салық төлеушінің іс жүзінде қалыптасқан шығындарына тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) өзіндік құны, сондай-ақ салық төлеушінің кәсіпкерлік қызметімен байланысты ол бойынша жеткізушілер қосылған құнға салынатын салық сомасын көрсете отырып шот-фактурасын табыс еткен және ол бойынша қосылған құнға салынатын салық сомасы осы Заңға сәйкес есепке алуға жатқызылған шығындары енеді.

10. Акцизделетін тауарлар бойынша акциз сомасы салық салынатын айналым мөлшеріне енгізіледі.

ЕСКЕРТУ. 56-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

56-1-бап. Құрылыс, құрылыс-монтаж, жөндеу-құрылыс жұмыстарын жүзеге асыру кезіндегі салық салынатын айналымды анықтау

1. Үйді тұрғызу және жөндеу жөніндегі құрылыс, құрылыс-монтаж, жөндеу-құрылыс жұмыстарын жүзеге асыру кезіндегі салық салынатын айналым орындалған және тапсырысшы ақы төлеуге қабылдаған жұмыстардың құны б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Меншікті өндірістік мұқтаждары үшін шаруашылық әдіспен орындалған құрылыс, құрылыс-монтаж және жөндеу-құрылыс жұмыстарын жүзеге асыру кезінде пайдаланылған тауарлар, жұмыстар және қызметтер бойынша бұрын есепке алуға жатқызылған қосылған құнға салынатын салық сомасы есептен шығарылуға құрылыстың немесе объектінің құнын өсіруге жатқызылады. Аталған салық сомаларын есептен шығару құрылыс, құрылыс-монтаж және жөндеу-құрылыс жұмыстарын жүзеге асыруға арналған тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің берілу шамасына қарай жүргізіледі.

Шаруашылық әдіспен салынған объекті іске асырылған жағдайда бұрын объектінің құнын өсіруге жатқызылған қосылған құнға салынатын салық сомасы растайтын құжаттар бар болған жағдайда, оның құнынан шығарылып тастауға және есепке алуға жатқызылады.

56-2-бап. Тасымалдауды жүзеге асыру кезінде салық салынатын айналымды анықтау

1. Тасымалдауды жүзеге асырушы салық төлеушілерде жол жүру билеттерін сату кезінде салық салынатын айналымға осындай салық төлеушілердің өз күшімен көрсететін тасымалдау бойынша қызметтер бөлігіндегі билеттер құны е н г і з і л е д і .

Жасалған шарттар бойынша басқа тасымалдаушылардың жол жүру билеттерін сату кезінде салық салынатын айналым билеттерді сату жөніндегі қызметтердің құны негізінде анықталады. Тасымалдаудың өз құны осы тасымалдауды тікелей жүзеге асыратын салық төлеушінің салық салынатын а й н а л ы м ы н а е н г і з і л е д і .

2. Тасымалдауды тікелей жүзеге асырмайтын көліктік-экспедиторлық қызметтер көрсететін салық төлеушілерде тасымалдау құны салық салынатын айналымға енгізілмейді.

56-3-бап. Туристік қызметтерді көрсету кезінде салық салынатын айналымды анықтау

1. Қазақстан Республикасының аумағында туристік қызметтер көрсететін және бағыттар бойынша жолдамалар сататын салық төлеушілерде жолдама құны салық салынатын айналым болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде туристердің болуына байланысты туристік қызметтер көрсететін және бағыттар бойынша жолдамалар сататын салық төлеушілерде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде туристерге қызмет көрсету жөнінде шетелдік әріптестер атқаратын жолаушылар

мен жүктерді тасымалдау құнынан және қызметтердің құнынан басқа, осындай жолдамалар құны салық салынатын айналым болып табылады.

56-4-бап. Алыс-беріс шикізаты мен материалдарынан өнім дайындау кезінде салық салынатын айналымды анықтау

1. Алыс-беріс шикізаты мен материалдарынан өнім дайындау кезіндегі салық салынатын айналым оларды қайта өңдеу (өңдеу, жөндеу) жөніндегі қызметтердің (жұмыстардың) құны болып табылады.

Егер олар Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес "Кеден аумағынан тыс жерлерде тауарларды қайта өңдеу" режимінде әкетілген жағдайда Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде қайта өңдеуге (өңдеу, жөндеу) әкетілген алыс-беріс шикізаты мен материалдары салық салынатын айналымға енгізілмейді.

Кеден аумағынан тыс жерлерде тауарларды қайта өңдеу режимі тауарлар экспорты режиміне өзгерген жағдайда, бұрын әкетілген шикізаттар мен материалдар немесе олардың қайта өңделген өнімдері осы Заңға сәйкес салық салынатын айналымға енгізіледі.

2. Алыс-беріс шикізаты мен материалдарынан жасалған тауарларды қайта өңдеу (өңдеу, жөндеу) жөніндегі қызметтер (жұмыстар) төленген жағдайда осы тауарлардың құны салық салынатын айналымға енгізіледі.

56-5-бап. Көп айналымды ыдысты пайдалану кезінде салық салынатын айналымды анықтау

1. Егер дайын өнім салынатын ыдыстың құны осы ыдысты сатып алу құнына тең кепіл баға болып табылса, көп айналымды ыдысты пайдаланатын тауарларды сатуды жүзеге асыратын салық төлеушілерде ыдыс құны салық салынатын айналымға енгізілмейді.

2. Көп айналымды емес ыдыс құны салық салынатын айналымға енгізіледі.

56-6-бап. Кепіл мүлікті сату кезіндегі салық салынатын айналымды анықтау

1. Кепіл беруші кепіл ұстаушыға кепіл мүлікті (тауарларды) беру кезінде кепіл берушідегі салық салынатын айналым мөлшері заемға алынған қаражат мөлшері негізге алына отырып анықталады.

2. Кепіл мүлікті (тауарларды) сату кезінде кепіл ұстаушыдағы салық салынатын айналым мөлшері сатылатын мүліктің құны негізінде, бірақ кепіл беруші кепіл ұстаушыға оны берген құнынан төмен болмайтындай етіп анықталады. Аталған мүлікті сатып алу құны ол бойынша есептелетін сыйақы (мүдде) есепке алынбай, берілген заем қаражаты құнының мөлшері негізге алына отырып анықталады.

56-7-бап. Жылуды, электр энергиясын, су мен газды өндіру, бөлу және тасымалдау жөніндегі қызметтер бойынша, сондай-ақ машина жасау, химия өнеркәсібі мен резеңке және пластмасса бұйымдары өндірісі өнімдерін өндіру және сату жөніндегі салық салынатын айналымды анықтау

1. Жылуды, электр энергиясын, су мен газды өндіру, бөлу және тасымалдау жөніндегі қызметтер бойынша салық салынатын айналымға олар бойынша төлем жасалған сату жөніндегі айналымдар, сондай-ақ олар сатылған сәттен бастап 60 күн өткен айналымдар енгізіледі.

2. Машина жасау, химия өнеркәсібі мен резеңке және пластмасса бұйымдары өндірісі өнімдерін өндіру және сату жөніндегі салық салынатын айналымға олар бойынша төлем жасалған сату жөніндегі айналымдар, сондай-ақ олар сатылған сәттен бастап 90 күн өткен айналымдар енгізіледі.

56-8-бап. Салық салынатын айналымды өзгерту

1. Сатылған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) құны өзгерген жағдайда, тиісінше салық салынатын айналымның мөлшері өзгертіледі.

Салық төлеушіде салық салынатын айналымды өзгерту жеткізілген тауарлар (жұмыстар, қызметтер) үшін төлем алынған сәтте де жүргізіледі, бұған шетелдік валютамен осындай төлем алынған жағдайлар қосылмайды.

2 .

< * >

ЕСКЕРТУ. 56-8-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

57-бап. Қосылған құнға салынатын салықтан босатылған айналымдар

1. Мынадай тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сату жөніндегі айналымдар қосылған құнға салынатын салықтан босатылады:

1) салынған объектіні бастапқы сатуды, қонақүйлерде тұрғаны үшін ақы төлеуді қоспағанда, үйлер мен үй-жайларды сату және (немесе) жалға беру ж ө н і н д е г і ;

2) автомобильдерді немесе көлік құралдарын қойғаны және сақтағаны үшін берген учаскеге ақы төлеуді қоспағанда, жерді иелену мен пайдалану құқығын сату және (немесе) жер учаскелерін жалға беру жөніндегі;

3) сейфтік операцияларды, банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды қайта жіберуді, сондай-ақ бағалы қағаздарды құжаттамалық нысанда шығарылған сақтау жөніндегі қызметтерді қоспағанда, қаржы қызметтері;

4) почта маркалары (коллекциялықтан басқа), таңбаланған конверттер мен открыткалар, акциздік алым маркалары;

5) егер олар балаларды, қарттарды және мүгедектерді қорғау және әлеуметтік камсыздандыру жөніндегі қызметтерді, мәдениет, ғылым, дене шынықтыру мен спорт салаларындағы қызметтерді көрсетумен, діни ұйымдардың жоралғылар мен рәсімдер өткізуімен байланысты болса, коммерциялық емес ұйымдар жүзеге асыратын жұмыстар мен қызметтер;

б) уәкілетті мемлекеттік органдар орындап, оларға байланысты мемлекеттік бажа алынатын қызметтер;

7) жерлеу-ғұрыптық қызметтер, бейіттермен крематорийлер қызметтері;

8) геологиялық барлау және геологиялық іздестіру жұмыстары;

9) лотерея билеттерін сату жөніндегі қызметтерді қоспағанда, оларды сату жөніндегі айналымдар;

10) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асыратын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сату жөніндегі айналымдар;

11) халықаралық тасымалдауларға байланысты жүзеге асырылатын жұмыстар мен қызметтер;

12) Қазақстан Республикасы Мүгедектері ерікті қоғамының, Асырауында балалары бар мүгедек әйелдердің "Бибі-Ана" республикалық қоғамының, Қазақ зағиптар қоғамының, Қазақ саңыраулар қоғамының тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сату жөніндегі айналымы (сауда-делдалдық қызметтен және акцизделетін тауарларды өндіру мен сату жөніндегі айналымдардан түскен тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сату жөніндегі айналымдардан басқа), сондай-ақ, егер осындай ұйымдар мынадай шарттарға сәйкес келсе, олардың өндірістік ұйымдары:

мүгедектер осындай өндірістік ұйымдар қызметкерлері жалпы санының кем дегенде 51 процентін құраса;

мүгедектердің еңбегіне ақы төлеу қоры жалпы еңбекке ақы төлеу қорының кем дегенде 51 процентін құраса (есту, сөйлеу, көру қабілетінен айырылған мүгедектер жұмыс істейтін өндірістік ұйымдар үшін кемінде 35 процент);

осы тармақшада аталған қоғамдардың меншігі болып табылатын және толығымен солардың қаражаты есебінен құрылған болса;

алынған табыстар оларды құрған қоғамдардың жарғылық мақсаттарын іске асыруға жұмсалса;

13) мемлекеттік меншікті жекешелендіру;

14) жарғылық капиталға жарналар;

14-1) бұрын жарғылық капиталға жарна ретінде алынған мүлікті қайтару;

15) уәкілетті мемлекеттік орган пайдалануға рұқсат еткен мектеп оқулықтарын және мектеп оқу құралдарын, балалар әдебиетін, сондай-ақ кәсіптік орта және кәсіптік жоғары оқу орындарына арналған оқу құралдарын шығару және(немесе) сату жөніндегі айналымдар;

16) "SOS-Қазақстанның балалар қалашықтары" қорын ұйымдастырумен, салумен және олардың жұмыс істеуімен байланысты қызметті жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасы резиденттері сатып алатын және көрсететін тауарлар (жұмыстар, қызметтер);

17) баспасөз материалдарының 3/2 көлемін жарнама құрайтын мерзімді баспа басылымдарын қоспағанда, жарнамалық қызмет көрсетулерді және (немесе) отандық шығарылымның газет және журнал өнімдерін сатуды қоса алғанда, шығарылым бойынша айналымдар;

18) дәрі-дәрмектер-субстанцияларды, соның ішінде дәріхана ішінде дайындалатындарын; дәрілік заттарды; протез-ортопедия бұйымдарын; дәрілік заттар өндірісі үшін материалдарды; медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы, сондай-ақ оларды шығаруға арналған материалдарды және жиынтықтаушы заттарды қоса алғанда, дәрілік заттарды сату жөніндегі айналымдар.

Салықтан босатылатын дәрілік заттардың, протез-ортопедия бұйымдарының, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың, сондай-ақ материалдардың және олардың өндірісіне арналған жиынтықтағыштардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

19) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің түзеу мекемелері, қылмыстық-атқару жүйесі түзеу мекемелерінің республикалық мемлекеттік кәсіпорындары жүзеге асыратын өздері өндірген тауарды (жұмыстарды, қызметтерді) сату жөніндегі айналым;

20) мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту, жалпы бастауыш, жалпы негізгі, жалпы орта, кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беру саласында заңды тұлға құрмай, білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензиясы бойынша кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды тұлғалар, сондай-ақ жеке тұлғалар жүзеге асыратын білім беру қызметін көрсету жөніндегі айналымдар;

21) заңды тұлға құрмай, медициналық қызмет көрсету құқығына лицензиясы бойынша кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды тұлғалар, сондай-ақ жеке тұлғалар жүзеге асыратын, косметологиялық қызметті қоспағанда, медициналық қызмет көрсету жөніндегі айналымдар;

22) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мемлекеттік кәсіпорындары әскери бөлімдер үшін жүзеге асыратын коммуналдық қызметтер көрсету жөніндегі айналымдар;

23) осы Заңның 61-бабында аталғандардан басқа, тазартылған бағалы металдар - алтын мен платинаны сату жөніндегі айналым;

24) мемлекеттер, мемлекет үкіметтері және халықаралық ұйымдар желісі бойынша берілетін грант қаржылары есебінен жүзеге асырылатын тауарларды (

жұмыстарды, қызметтерді) сату жөніндегі айналымдар;

25) "Байқоңыр" кешені объектілерінің мүлкі негізінде құрылған республикалық мемлекеттік кәсіпорын көрсететін қызметтер;

26) анықтау, алдын ала тергеу органдарында және соттарда жеке және заңды тұлғалардың өкілі болу және оларды қорғау жөніндегі қызметтер.

27) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес негізгі құралдарды мемлекеттік мекемелер пайдасына өтеусіз негізде беру, сондай-ақ мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік кәсіпорындар пайдасына негізгі құралдарды өтеусіз негізде беруі.

28) жобалау-смета құжаттамасына сәйкес инфрақұрылым объектілерін, әкімшілік және тұрғын үй кешендерін салу және іске қосу процесінде толығымен тұтынылатын тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағы аумағында сату жөніндегі айналымдар.

Осы тармақшада көзделген жеңілдіктер Астана қаласының аумағында тіркелген салық төлеушілерге:

заңды тұлғаларға;

кәсіпкерлік қызметті заңды тұлға құрмай жүзеге асыратын жеке тұлғаларға; тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын резидент еместерге қолданылады.

2. Егер салық төлеуші жұмыс істеп тұрған кәсіпорынды немесе кәсіпорынның дербес жұмыс істейтін бөлігін басқа салық төлеушіге берген (сатқан) жағдайда, онда мұндай беру (сату) қосылған құнға салынатын салықтан босатылады. Осы ереже жер қойнауын пайдалануға келісім-шартпен берілетін құқықты басқа салық төлеушіге беруге де қолданылады.

Ескерту. 57-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.12.24. N 333 Заңымен. Z 9 8 0 3 3 3 _

ЕСКЕРТУ. 57-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 Заңымен. Z 9 9 0 3 5 6 _

ЕСКЕРТУ. 57-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z 9 9 0 4 4 0 _

Ескерту. 57-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z 9 9 0 4 9 2 _

ЕСКЕРТУ. 57-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z 0 1 0 1 4 7 _

ЕСКЕРТУ. 57-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.05.03. N 183 Заңымен. Z 0 1 0 1 8 3 _

ЕСКЕРТУ. 57-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.06.11. N 207 Заңымен. Z 0 1 0 2 0 7 _

ЕСКЕРТУ. 57-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.07.05. N 223

ЕСКЕРТУ. 57-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.07.16. N 244
Заңымен. Z010244_

12-тарау. Нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар

58-бап. Тауарлар экспорты

1. Түсті және қара металл сынықтары экспортын, сондай-ақ осы баптың 5-тармағында көзделген жағдайларды және Қазақстан Республикасына тауарлар экспорты кезінде қосылған құн салығы ескерілген бағаны қолданатын мемлекеттерге тауарлар экспортын қоспағанда, тауарлар экспортына нөлдік ставка бойынша салық салынады.

2. Мыналар экспортталатын тауарларды растау болып табылады:

1) экспортталатын тауарлар жеткізіліміне арналған келісім-шарт (шарт);

2) тауарларды экспорт режимінде шығаруды жүзеге асырған кеден органының және қызмет аймағында тауар сол арқылы Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс жерлерге шығарылған өткізу пункті бар кеден органының белгілері соғылған кедендік жүк декларациясы.

Тауарларды экспорт режимінде құбырды пайдалану немесе электр желілері арқылы, не толық емес кезеңдік декларациялау рәсімін қолдана отырып шығарған жағдайда, салық органына кедендік ресімдеуді жүргізген кеден органының белгілері соғылған толық кедендік жүк декларациясы беріледі;

3) Қазақстан Республикасының және аумағы арқылы тауар өткізу көзделетін транзит мемлекеттердің шекаралық кеден органдарының белгілері соғылған тауарлардың ілеспе құжаттары. Тауарлар экспорты жүзеге асырылатын көлік түріне қарай коносамент немесе оның көшірмесі, халықаралық автокөлікпен тасымалдау туралы халықаралық тауар-көлік жөнелтпе құжаты, халықаралық авиациялық жөнелтпе құжаты немесе теміржол жөнелтпе құжаты осындай құ ж а т т а р б о л ы п т а б ы л а д ы .

Тауарларды экспорт, режимінде құбырды пайдалану немесе электр желілері арқылы шығарған жағдайда, тауардың ілеспе құжаттары көшірмелерінің орнына тауарларды қабылдау-тапсыру актісі табыс етіледі;

4) қажет болған жағдайда салық органдары Қазақстан Республикасының аумағынан экспортталған тауарлардың еркін айналымы үшін шығару режимінде кедендік ресімдеу жүргізілген фактісін растау жөніндегі өтінішпен Қазақстан Республикасының кеден органдары экспорт режимінде ресімдеген кедендік жүк декларациясында көрсетілген тауарлар баратын елдің органдарына жүгіне алады.

2-1. Осы Заңның 60-1-бабының 2-тармағында көрсетілген құжаттар "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағы аумағына еркін кеден аймағы режимінде тауарлар экспортын растау болып табылады.

3. Осы баптың 2-тармағында аталған құжаттар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кеден аумағынан экспорт режимінде шығарылған тауарлар импорты елінде ресімделген кедендік жүк декларациясының көшірмесі, Қазақстан Республикасымен тауарлар экспортына нөлдік ставка бойынша қосылған құн салығын салуды көздейтін халықаралық шарттар жасасқан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерге тауарлар экспортын растайтын құжаттар болып табылады.

4. Осы Заңның 69-бабының 1-тармағына сәйкес қайтарылуға тиіс қосылған құнға салынатын салық сомасын анықтау кезінде салық төлеушінің Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен ашылған шотына валюта түсімі келіп түскен тауарлар экспорты ескеріледі.

5. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттар бар болған жағдайда, тауарлар экспортына осы шарттарда белгіленген тәртіппен қосылған құн салығы салынады.

Қазақстан Республикасымен тауарлар экспортына нөлдік ставка бойынша қосылған құн салығын салуды көздейтін халықаралық шарттар жасаспаған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерге тауарлар экспортына Осы Заңның 62-бабында көзделген ставкалар бойынша қосылған құн

с а л ы ғы с а л ы н а д ы .

ЕСКЕРТУ. 58-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 заңымен.

ЕСКЕРТУ. 58-бап өзгертілді және 6-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен.

Ескерту. 58-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.12.24. N 333 Заңымен. Z980333_

Ескерту. 58-бап 6-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.12.28. N 336 Заңымен. Z980336_

ЕСКЕРТУ. 58-бап 1-тармағы толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 Заңымен. Z990356_

ЕСКЕРТУ. 58-бап өзгерді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z990440_

Ескерту. 58-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

ЕСКЕРТУ. 58-баптың 1-тармағы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2001.06.22. N 213 Заңымен. Z010213_ (Бұл өзгеріс 2001 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі).

ЕСКЕРТУ. 58-бап 2-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2001.07.05. N 223 Заңымен. Z010223_

59-бап. Халықаралық тасымалдарға салық салу

1. Қазақстан Республикасымен тауарлар (жұмыстар, қызметтер) экспортына нөлдік ставка бойынша қосылған құн салығын салуды көздейтін халықаралық шарт жасаспаған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерде жүзеге асырылатын тасымалдауларды қоспағанда, жолаушыларды, тауарларды, жануарларды, жүктер мен поштаны халықаралық тасымалдауға нөлдік ставка бойынша салық салынады.

2. Осы баптың 1-тармағындағы ереже халықаралық тасымалмен байланысты жүзеге асырылатын жұмыстар мен қызметтерге қолданылмайды.

ЕСКЕРТУ. 59-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен.

Ескерту. 59-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

60-бап. Тоқыма, тігін, тері-аяқ киім өнеркәсібі салаларының өнімдеріне салық салу

Қазақстан Республикасының резиденттері Қазақстан Республикасы аумағында сататын тоқыма, тігін, тері-аяқ киім өнеркәсібі салаларының өз меншігіндегі өндірісінің өнімдеріне нөлдік ставка бойынша салық салынады.

ЕСКЕРТУ. 60-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z 9 9 0 4 4 0 _

Ескерту. 60-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

60-1-бап. "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағы аумағына сатылатын тауарларға салық салу

1. Жобалау-смета құжаттамасына сәйкес инфрақұрылым объектілерін, әкімшілік және тұрғын үй кешендерін салу және іске қосу процесінде толығымен тұтынылатын тауарлар мен жабдықтарды "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағы аумағына сатуға нөлдік ставка бойынша қосылған құн салығы салынады.

Осы Заңның мақсаттары үшін үйлерді, ғимараттарды, инфрақұрылым объектілерін тұрғызу процесіне тікелей тартылған тауарлар құрылыс процесінде толығымен тұтынылатын тауарлар деп ұғынылады. Электр энергиясы, мұнай өнімдері мен су құрылыс процесінде толығымен тұтынылатын тауарларға жатпайды.

2. Осы бапқа сәйкес қосылған құн салығы бойынша нөлдік ставканы қолдану үшін:

1) арнайы экономикалық аймақ аумағында инфрақұрылым объектілерін, әкімшілік және тұрғын үй кешендерін салуды жүзеге асыратын, осы Заңның 57-бабы 1-тармағының 28) тармақшасында көрсетілген тұлғалармен тауарлар беруге жасалған шарт (келісім-шарт);

2) еркін кеден аймағының кеден режимінде тауарларды шығаруды жүзеге асырған кеден органы ресімдеген кедендік жүк декларациясының көшірмесі;
3) осы Заңның 57-бабы 1-тармағының 28) тармақшасында көрсетілген тұлғаларға тауарлардың тиіп жөнелтілгенін растайтын тауарға ілеспе құжаттар;
4) осы Заңның 57-бабы 1-тармағының 28) тармақшасында көрсетілген тұлғалардың тауарларды алғанын растайтын құжаттардың көшірмелері негіз болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 60-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2001.07.05. N 223 Заңымен. Z010223_

61-бап. Тазартылған бағалы металдар - алтын мен платинаға салық салу

Қазақстан Республикасының резиденттері сататын өз меншігіндегі өндірісінің - тазартылған бағалы металдарына алтын мен платинаға нөлдік ставка бойынша салық салынады.

Ескерту. 61-баптың 1-тармағы толықтырылды - ҚР Президентінің 1995.12.21. N 2703 жарлығымен.

ЕСКЕРТУ. 61-бапқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 заңымен. Z960061_

ЕСКЕРТУ. 61-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 154 Заңымен. Z970154_

ЕСКЕРТУ. 61-баптың 1-тармағы 18)-тармақшамен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1997.10.30. N 175-I Заңымен. Z970175_

ЕСКЕРТУ. 61-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен. Z970200_

ЕСКЕРТУ. 61-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 260 Заңымен. Z980260_

ЕСКЕРТУ. 61-бап өзгертілді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 заңымен. Z980255_

Ескерту. 61-бап өзгерді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.12.24. N 333 Заңымен. Z980333_

Ескерту. 61-баптың 1-тармағының 17)-тармақшасы жаңа редакцияда және 17) -1-тармақшамен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.12.28. N 336 Заңымен. Z980336_

ЕСКЕРТУ. 61-бап 1-тармағы толықтырылды, 2 тармақтың 4) тармақшасы жаңа редакцияда және 10) тармақшасы өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 Заңымен. Z990356_

ЕСКЕРТУ. 61-бап өзгерді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z990440_

Ескерту. 61-бап өзгертілді және толықтырылды - Қазақстан

Республикасының 1999.11.22. N 485 Заңымен. (өзгерістерді қолдану тәртібін 2-баптан қараңыз) Z 9 9 0 4 8 5 _

Ескерту. 61-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

61-1-бап. Теледидар және радиохабарларын тарату ұйымдарының өнімдеріне салық салу

Қазақстан Республикасының теледидар және радиохабарларын тарату ұйымдары жүзеге асыратын өз шығарылымдарының теле- және радиоөнімдерін шығару мен (немесе) тарату, сондай-ақ жарнамалық қызмет көрсету (сату үшін әзірленген көркем киноөнімдерін, бейнеклиптерді және жарнамалық роликтерді қоспағанда) бойынша айналымға нөлдік ставкамен қосылған құн салығы салынады.

Бұл норма баспасөз істері және бұқаралық ақпарат құралдары жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша байланыс саласындағы уәкілетті орган берген лицензия негізінде жұмыс істейтін Қазақстан Республикасының теледидар және радиохабарларын тарату ұйымдарына қолданылады.

ЕСКЕРТУ. 61-1-баппен толықтырылды- Қазақстан Республикасының 2001.05.03. N 183 Заңымен. Z010183_

13-тарау. Салықты есептеу және төлеу тәртібі

62-бап. Салық салынатын айналым бойынша қосылған құн салығының ставкалары

1. Қосылған құн салығының ставкасы, осы баптың 2-тармағында аталған жағдайларды қоспағанда, салық салынатын айналым мөлшерінің 16 процентіне теңестіріледі.

2. Осы Заңның 58-61-баптарында көзделген тауарларды, жұмыстарды немесе қызметтерді сату жөніндегі айналымдарға нөлдік ставка бойынша салық салынады.

3 . < * >

Ескерту. 62-бап сөздермен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.11.22. N 485 Заңымен. Z990485_

Ескерту. 62-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z 9 9 0 4 9 2 _

ЕСКЕРТУ. 62-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z 0 1 0 1 4 7 _

ЕСКЕРТУ. 62-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.05.03. N 183 Заңымен. Z010183_

63-бап. Бюджетке төленуге тиіс қосылған құн салығы

Бюджетке төленуге тиіс қосылған құн салығының салық салынатын айналым бойынша сомасы осы Заңның 62-бабына сәйкес салық салынатын айналым

бойынша есептелген салық сомасы мен осы Заңның 64-бабына сәйкес есепке алуға жататын салық сомасының арасындағы айырма ретінде белгіленеді.

Ескерту. 63-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

64-бап. Бюджетке түсетін жарналарды анықтау кезінде есепке алуға жатқызылатын қосылған

құн салығы

1. Салық төлеуші нақты түскен тауарлар бойынша, негізгі құрал-жабдықтарды қоса алғанда (үйлер мен жеңіл автомобильдерден басқа), салық салынатын айналымның мақсаты үшін пайдаланылып отырған немесе пайдаланатын есепті кезең ішінде атқарылған жұмыс немесе көрсетілген қызмет бойынша, нөлдік ставка бойынша айналымды қоса алғанда, табыс етілген шот-фактураларына орай, салық төлеушілер жеткізушілерге төлеуге тиісті салық сомасы есепке алуға жатқызылған қосылған құн салығының сомасы болып т а б ы л а д ы .

Негізгі құрал-жабдықтарды қоса алғанда (жеңіл автомобильдерден басқа), импортталатын тауарлар бойынша Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес ресімделген, кедендік жүк декларациясында көрсетілген және кедендік режим шарттарына сәйкес қайтарылуға жатпайтын салық, есепке алуға жатқызылатын қосылған құн салығының сомасы болып табылады.

2. Мемлекеттік материалдық резервтен алынған тауарлар бойынша мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген нысанда жазып берген, тиеуге арналған құжатта көрсетілген қосылған құн салығының сомасы есепке алуға ж а т қ ы з ы л а д ы .

3. Негізгі құрал-жабдықтарды жөндеуде атқарылған жұмыс бойынша қосылған құн салығының сомасы есепке алуға жатқызылуға тиіс.

Үйлерді жөндеуге жұмсалған шығындар бойынша қосылған құн салығы амортизациялық аударымдарды есептеуге арналған кезеңде салық төлеушінің қолданғаны үшін осы Заңның 21-бабының 2-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын жөндеу жұмыстары бойынша шығыстар сомасы негізге алынып есептелген мөлшерде есепке алуға жатқызылады, салықтың қалған сомасы үйдің қ ұ н ы н а р т т ы р у ғ а ж а т қ ы з ы л а д ы .

4. 3-тармақтың ережесі жалға берілетін негізгі құрал-жабдықтарды жөндеуге қ а т ы с т ы да қ о л д а н ы л а д ы .

Егер жалға берілетін негізгі құрал-жабдықтарды, соның ішінде үйлерді жөндеу жөніндегі шығындар жалдау ақысы құнына енгізілсе, сондай-ақ жалдау шартының мерзімі аяқталған немесе ол бұзылған жағдайда жалдаушыда жөндеу қ ұ н ы с а л ы қ с а л у о б ь е к т і с і р е т і н д е қ а р а с т ы р ы л а д ы .

6. Қосылған құнға салынатын салық, егер салық төлеушінің кәсіпкерлік қызметіне жатпайтын шаралар өткізуіне орай тауарлар алуға, жұмыстарға немесе қызметтерге байланысты төлеуге жататын болса, есепке алынбайды.

7. Есепке алуға жатқызылмайтын қосылған құнға салынатын салық осы бапқа сәйкес тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алу құнын арттыруға жатқызылады және осы баптың 6-тармағында аталған жағдайларды қоспағанда, салық төлеушінің шығындары құрамына енгізіледі.

Үйлер мен жеңіл автомобильдер бойынша төленуге тиіс, есепке алуға жатқызылмайтын қосымша құнға салынатын салық амортизация сомасы арқылы салық төлеушінің шығындары құрамына енгізіледі.

8. Қазақстан Республикасында қосылған құнға салынатын салықты төлеуші болып табылмайтын жеткізушілерге төленуге тиіс қосымша құнға салынатын салық сомасы есепке алуға жатқызылған жағдайда аталған сомалар есептен алып тасталуға және сатып алу құнын арттыруға жатқызылады.

ЕСКЕРТУ. 64-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен.

ЕСКЕРТУ. Жаңа 64-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z990440_

Ескерту. 64-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

ЕСКЕРТУ. 64-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.05.03. N 183 Заңымен. Z010183_

64-1-бап. Қосылған құнға салынатын салықтан босатылған, іске асыру бойынша айналымдар кезінде қосылған құнға салынатын салықты есепке алуға жатқызу ерекшеліктері

1. Кезеңдік ресімдеу кезінде де жеткізушілерге төленуге тиіс қосылған құнға салынатын салық, қосылған құнға салынатын салықтан босатылған айналымдар бойынша есепке алуға жатқызылмайды, салық төлеушінің шығындары құрамына, ал негізгі құрал-жабдықтар бойынша оларды сатып алу құнын арттыруға енгізіледі.

2. Салық салынатын және салықтан босатылған айналымдар кезінде салық төлеушінің таңдауы бойынша немесе төпе-тең бөлектеу әдісімен белгіленген қосылған құнға салынатын салық сомасы қабылданады.

Таңдап алынған әдіс бойынша есепке алуға жатқызылған қосылған құнға салынған салықтың сомасын анықтауды салық төлеуші бүкіл салық жылының ішінде жүзеге асырады.

3. Тепе-теңдік әдісі бойынша есепке алуға жатқызылған қосылған құнға

салынатын салық сомасы айналымның жалпы сомасындағы салық салынатын айналымның үлес салмағына қарай анықталады.

Заңды және жеке тұлғалардың бағалы қағаздарды сатып алу-сату бойынша мәмілелерді жүзеге асыруы кезінде осы тармақтың мақсаттары үшін жалпы айналымға бағалы қағаздарды өткізу кезінде алынған өсім енгізіледі.

4. Бөлектеу әдісі бойынша есепке алуға жатқызылған қосылған құнға салынатын салық сомасын анықтау кезінде салық төлеуші жеткізушілерге салық салынатын және салықтан босатылған айналымдар бойынша тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер үшін төленуге тиіс қосылған құнға салынатын салық сомасының бөлек есебін жүргізеді.

Тек салық салынатын айналымдар мақсатында пайдаланылатын тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша қосылған құнға салынатын салық осы Заңның 64-бабында көзделген тәртіппен толық көлемінде есепке алуға жатқызылады.

Босатылған айналымдар мақсатында пайдаланылған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша қосылған құнға салынатын салық есепке алуға ж а т қ ы з ы л м а й д ы .

Салық салынатын да, салықтан босатылған да айналымдар мақсатында пайдаланылатын жұмыстар мен қызмет көрсетулер бойынша айналымның жалпы сомасындағы салық салынатын айналымның үлес салмағы бойынша анықталған қосылған құнға салынатын салық сомасы есепке алуға жатқызылады.

Ескерту. 64-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

64-2-бап. Күдікті талаптар мен күдікті міндеттемелер бойынша төленуге тиіс қосылған құнға салынатын салық сомасына түзету енгізу

1. Егер тиелген тауарлар, атқарылған жұмыстар немесе көрсетілген қызметтер үшін төлемнің бір бөлігі немесе бүкіл мөлшері күмәнді талап туғызса, онда салық төлеушінің күмәнді талаптың туындауымен байланысты қосылған құнға салынатын салық ескерілген есепті кезең аяқталғаннан кейінгі екі жылдан соң ғана бюджетке төленуге тиіс жарна сомасын азайтуға құқығы бар.

Осы тармақта көзделген, салық төлеуші күмәнді талаптар бойынша қосылған құнға салынатын салық сомасын есепке алуға жатқызу құқығын пайдаланғаннан кейін тиелген тауарлар, атқарылған жұмыстар немесе көрсетілген қызметтер үшін ақы алынған жағдайда салық салынатын айналым ақы төленген есепті кезеңдегі аталған ақы құнына өсірілуге тиіс.

2. Бұрын есепке алуға қабылданған қосылған құн салығының сомасы тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша күмәнді міндеттемелерді есептен шығару кезінде ол есепке алынған кезден бастап екі жыл өткеннен кейін есепке алудан шығарып тасталуға тиіс.

Егер күмәнді міндеттемелер есептен шығарылғаннан кейін тауарлар (жұмыстар, қызметтер) үшін салық төлеуші ақы төлеген жағдайда аталған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша салық сомасы есепке алуда сол ақы төленген есепті кезеңде қалпына келтірілуге тиіс.

Ескерту. 64-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

64-3-бап. Көлік-экспедиторлық ұйымдардағы қосылған құнға салынатын салықты есепке алуға жатқызу ерекшеліктері

Жүк тасымалын жүзеге асыратын ұйымдар табыс еткен шот-фактураларда көрсетілген қосылған құнға салынатын салық, осындай ұйымдардың тікелей мұқтаждары үшін жүзеге асырылатын тасымалдарды қоспағанда, көлік-экспедиторлық ұйымдарда есепке алынуға жатпайды.

Ескерту. 64-3-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

65-бап. Шот-фактура

1. Шот-фактура қосылған құнға салынатын салықты төлеушілердің барлығы үшін міндетті құжат болып табылады. Қосылған құн салығы салынатын тауарларды тиеуді, жұмыстарды атқаруды немесе қызмет көрсетулерді жүргізетін салық төлеуші, тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) жеке тұлғаларға (халыққа) қолма-қол есеп айырысып сату жағдайларын қоспағанда, аталған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) алушы тұлғаға шот-фактура табыс етуге міндетті.

2. Шот-фактуралар нысанын және оны қолдану тәртібін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және статистика жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша белгілейді.

Қосылған құнға салынатын салық бойынша есептесу кезінде шот-фактурада мыналар көрсетілуге тиіс:

- 1) рет нөмірі және шот-фактураның жасалған күні, айы, жылы;
- 2) тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) жеткізуші мен сатып алушының атауы, мекен-жайы және тіркеу нөмірі;
- 3) жеткізілетін (тиелетін) тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) атауы (с и п а т т а м а с ы) ;
- 4) тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) салықсыз (салық салынатын а й н а л ы м) ;

5) < * >

6) қосылған құнға салынатын салық ставкасы;

7) қосылған құнға салынатын салық сомасы;

8) қосылған құнға салынатын салық ескерілген тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) құны ;

9) жеткізушінің мөрі (мөртабаны).

Шот-фактура тауарлар тиеп жіберілген, жұмыстар атқарылған, қызметтер көрсетілген күннен кешіктірілмей жазылады.

Тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) құны және қосылған құнға салынатын салықтың сомасы шот-фактурада Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен көрсетіледі.

3. Осы Заңның 56-8-бабына сәйкес салық салынатын айналымды түзету құнына өзгерту кезінде қосымша шот-фактура жазып беріледі, соның негізінде сатып алушының есепке алуға жатқызылатын салық сомасы өзгертіледі.

4 . < * >

Ескерту. 65-бап алынып тасталды - ҚР Президентінің 1995.12.21. N 2703 жарлығымен .

ЕСКЕРТУ. 65-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 заңымен .

ЕСКЕРТУ. 65-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 заңымен . Z 9 8 0 2 5 5 _

Ескерту. 65-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен . Z 9 9 0 4 9 2 _

ЕСКЕРТУ. 65-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен . Z 0 1 0 1 4 7 _

ЕСКЕРТУ. 65-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.05.03. N 183 Заңымен. Z010183_

65-1 бап. Көлік-экспедиторлық қызмет пен жол жүру билеттерін сату жөнінде қызмет көрсету кезінде шот-фактураларды жасаудың ерекшеліктері

1. Көлік-экспедиторлық қызметтер көрсететін, тасымалды тікелей жүзеге асырмайтын салық төлеушілер осындай салық төлеушілер көрсеткен қызметтер құны мен нақты жүк жөнелтушіге қатысты тасымалдаушылар көрсеткен қызметтер құнын көрсете отырып шот-фактура жазып береді.

2. Жүк жөнелтушілер үшін шот-фактураның көшірмесін жазып беру тікелей тасымалдаушылар берген шот-фактуралар негізінде жүргізіледі, осы баптың 1-тармағында аталған салық төлеушілер онда әрбір жүк жөнелтушінің тасымал көлемін көрсете отырып, олардың тізілімін жүргізеді.

3. Осы баптың 2-тармағына сәйкес табыс етілген шот-фактура жүк жөнелтушінің қосылған құнға салынатын салығына есептеуге жатқызу үшін негіз болып табылады .

4. Жол жүру билеттерін сатуды жүзуге асыратын және тасымалды тікелей жүзеге асырмайтын салық төлеушілер жол ақысы құнын және билеттерді сату жөніндегі қызметтерді есепке ала отырып, оларда билет құнын көрсетіп шот-фактуралар жазып береді.

Ескерту. 65-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

ЕСКЕРТУ. 65-1-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

65-2-бап. Дипломатиялық және соларға теңестірілген өкілдіктерге салықты қайтарып беру

1. Шетелдік дипломатиялық және соларға теңестірілген өкілдіктердің ресми пайдалануына, сондай-ақ осы өкілдіктердің дипломатиялық және әкімшілік-техникалық қызметкерлерінің, соның ішінде олармен бірге тұратын отбасы мүшелерінің тікелей өздерінің пайдалануына арналған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша дипломатиялық және соларға теңестірілген өкілдіктер жеткізушілерге төлеген қосылған құнға салынатын салық Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын тиісті халықаралық шарттарда көзделетін мөлшерде дипломатиялық және соларға теңестірілген өкілдіктерге қайтарылуға тиіс.

2. Қазақстан Республикасында тіркелген дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктердің қосылған құнға салынатын салық сомасын қайтарып беру осы дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктер жасаған жиынтық ведомостар (тізілімдер) және қосылған құнға салынатын салықтың төленген фактісін растайтын құжаттар көшірмелері (шот-фактуралар, чектер және т.б.) негізінде жүзеге асырылады.

3. Жиынтық ведомостар (тізілімдер) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілеген нысанда орындалады және жанама салықтар бойынша (қосылған құнға салынатын салыққа және акцизге) жеңілдіктер беру кезінде өзара іс-қимыл принципін сақтау жөніндегі Ноталар алмасуды растау үшін оларды Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктер табыс етеді. Жиынтық ведомостар (тізілімдер) расталғаннан кейін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі уәкілеттік берген салық органына берілуге тиіс, ол салықты қайтарып беру ісін жүргізеді.

4. Бюджеттен қайтарылуға тиіс салық сомасы дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктердің тиісті шотына аударылады.

Егер жиынтық ведомостарға (тізілімдерге) қоса тіркелген Құжаттарда Қосылған Құнға салынатын салық сомасы бөлек көрсетілмесе, салық бойынша қайтарып алуға құқық тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) жеткізушілердің

шот-фактураға қосылған құн салығы енгізілгендігі туралы растау алынған кезде
ғана мүмкін болады.

5. Дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерге салықтың қайтарылуын салық органдары Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінен жиынтық ведомостар (тізілімдер) алғаннан кейінгі 20 күн ішінде жүзеге асырады.

Ескерту. 65-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

66-бап. Қосылған құнға салынатын салық жөніндегі есепті кезең

1. Күнтізбелік ай қосылған Құнға салынатын салық бойынша бюджетпен нақтылы есеп айырысу жөніндегі есепті кезең болып табылады.

2. Егер қосылған құнға салынатын салық бойынша тоқсан ішіндегі орташа айлық төлемдер 500 айлық есептік көрсеткіштен аз болатын болса, онда тоқсан есепті кезең болып саналады.

ЕСКЕРТУ. 66-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 66-бап өзгертілді және 4-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 260 Заңымен. Z980260_

Ескерту. 66-баптың 4-тармағы толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.12.28. N 336 Заңымен. Z980336_

Ескерту. 66-баптың 4-тармағы өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 Заңымен. Z990356_

ЕСКЕРТУ. 66-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z990440_

Ескерту. 66-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

67-бап. Декларацияны табыс ету және қосылған құнға салынатын салықты төлеу

1. Әрбір салық төлеуші:

1) әрбір есепті кезең үшін қосылған құнға салынатын салық жөнінде декларация тапсырып отыруға;

2) декларация табыс ету үшін белгіленген мерзімге дейін немесе сол белгіленген күні әрбір есепті кезең үшін бюджетке салық төлеуге міндетті.

2. Қосылған құнға салынатын салық жөніндегі декларация әрбір есепті кезең үшін одан кейінгі айдың 15-і күнінен кешіктірілмей табыс етіледі.

Есепті кезең үшін декларациямен бір мезгілде міндетті түрде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілеген нысанда сатып

алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша шот-фактуралардың тізілімі
табыс етіледі.

3. Қазақстан Республикасының шикізат (спирттің барлық түрлерінен басқа) өндіруші резиденттері оны Қазақстан Республикасының аумағында алғашқы өнеркәсіптік қайта өңдеу үшін сату кезінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен келісім бойынша белгілеген тәртіпте есепке алу әдісімен қосылған құнға салынатын салық төлейді.

Осы тармақта көзделген шарттар сақталмаған жағдайда қосылған құнға салынатын салық осы Заңның 56-бабына сәйкес шикізатты өткізу кезінен басталған өсімақы қосыла отырып есептеледі.

ЕСКЕРТУ. 67-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z 9 9 0 4 4 0 _

Ескерту. 67-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z 9 9 0 4 9 2 _

ЕСКЕРТУ. 67-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.05.03. N 183 Заңымен. Z010183_

68-бап. Қосылған құнға салынатын салық бойынша ағымдағы төлемдер

1. Қосылған құнға салынатын салық жөнінде тоқсан ішінде 1000 айлық есептік көрсеткіштен астам мөлшерде орташа айлық төлем төлейтін салық төлеуші ағымдағы төлемдерін айдың жиырма бесі күні және есепті айдан кейінгі айдың бесі күні төлейді.

Салық төлеушінің таңдауы бойынша бүкіл салық жылы ішінде ағымдағы төлемдердің мөлшері өткен тоқсан бойынша және есепті кезеңнің өткен кезеңі ішіндегі нақты айналым бойынша салық сомасының алтыдан бірі мөлшерінде анықталады.

2. Салық жөніндегі ағымдағы төлемдердің енгізілген сомалары төлемнің есепті кезеңдегі декларацияда мәлімделген салықтың есебіне қосылады.

3. Ағымдағы төлем артық төленген жағдайда артық төленген сома мерзімі жөнінен келесі ағымдағы төлемнің мөлшерін анықтаған кезде есептеледі.

4. Салықтың ағымдағы төлемдерін дер кезінде төлемегені үшін осы Заңның 164-бабына сәйкес өсімақы қоса есептеледі.

ЕСКЕРТУ. 68-бапқа өзгеріс енгізілді және 5-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 заңымен.

ЕСКЕРТУ. 68-бап өзгертілді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1997.12.08.N 200 Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 68-баптың 5-тармағы алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 260 Заңымен. Z980260_

ЕСКЕРТУ. 68-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255
з а ң ы м е н . Z 9 8 0 2 5 5 _

Ескерту. 68-баптың 1-тармағы толықтырылды, 2-тармағының 2-ші абзацы алынып тасталды және 4-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.12.28. N 336 Заңымен. Z980336_

ЕСКЕРТУ. 68-бап 1-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 355 заңымен. Z990355_

Ескерту. 68-баптың 1-тармағы өзгертілді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 Заңымен. Z990356_

Ескерту. 68-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.11.22. N 485
З а ң ы м е н . Z 9 9 0 4 8 5 _

Ескерту. 68-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

69-бап. Есепке алуға жатқызылатын салық сомасы есепті кезеңге есептелген салық сомасынан асып кеткен жағдайда бюджетпен өзара

қарым-қатынас

1. Есепке алуға жатқызылатын салық сомасының есепті кезеңге есептелген салық сомасынан артығы, егер осы Заңның 179-бабының 12-тармағында өзгеше көзделмесе, қосылған құнға салынатын салық бойынша алдағы төлемдердің е с е б і н е қ о с ы л а д ы .

Нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналым бойынша салық төлеушілерге (осы Заңның 138-2, 138-3 және 138-4-баптарына сәйкес салық салудың оңайлатылған режимін қолданатындарды қоспағанда) мұндай сома қосылған құнға салынатын салық бойынша салық төлеуші табыс еткен декларация және жеткізушілер салық органдарына табыс еткен қосылған құнға салынатын салық бойынша декларацияларда ескерілген салық сомасын қоса алғанда, қайтарылуға табыс етілген салық сомасының растығын тексеру негізінде салық төлеушінің өтінішін салық органы алған кезден бастап 90 күн і ш і н д е қ а й т а р ы л а д ы .

Егер дұрыстығын тексеру кезінде нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар мақсатында одан әрі пайдалану үшін салық төлеушілерге тиіп жіберілген тауарлар бойынша қосылған құнға салынатын салықты есептеу мен төлеу тәртібін жеткізушілердің бұзу фактілері анықталған жағдайда, аталған артық сома жеткізушінің белгілі болған тәртіп бұзушылығын жойғаннан кейін қайтарылады. Қайтарылуға ұсынылған қосылған құн салығы сомасының дұрыстығы расталған жағдайда, берушіге тексеру тағайындау туралы шешімді салық органының басшысы мынадай ережелерді ескере отырып қабылдайды:

аталған салық төлеушіге осындай салық төлеуші қосылған құн салығын

қайтаруға өтініш берген кездің алдындағы он екі айлық кезең ішінде айына кемінде бір рет тауарлар (жұмыстар, қызметтер) сатуды жүзеге асырған берушілерге қарсы тексеру жүргізілмейді;

1 миллион теңгеден астам сомаға қосылған құн салығын көрсете отырып, шот-фактура жазып берген берушілер (жоғарыда аталғандарды қоспағанда) міндетті түрде тексерілуге тиіс.

2 .

< * >

ЕСКЕРТУ. 69-бап өзгертілді және 3-тармақ алып тасталды, 4,5-тармақтар тиісінше 3 және 4-тармақтар болып есептелді - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 69-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 заңымен. Z980255_

Ескерту. 69-баптың 2-тармағы өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 Заңымен. Z990356_

Ескерту. 69-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.11.22. N 485 Заңымен. Z990485_

Ескерту. 69-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

ЕСКЕРТУ. 69-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

ЕСКЕРТУ. 69-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.05.03. N 183 Заңымен. Z010183_

14-тарау. Импорттталатын тауарларға салынатын қосылған құн салығы

70-бап. Салық салынатын импорт мөлшері

1. Осы Заңның 71-бабына сәйкес салықтан босатылғандардан басқа Қазақстан Республикасының кеден аумағында еркін айналыс үшін импорттталатын тауарлар салық салынатын импорт болып табылады.

2. Қазақстан Республикасы тауарлар импортына қосылған құн салығын салуды көздейтін халықаралық шарттар жасаспаған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерден тауарлар әкелген кезде салық салынатын импорт, олар шыққан ел - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер болып табылмайтын, импорттталатын тауарлар құны болып табылады.

Тауарлар шыққан ел кеден төлемдерін алу үшін Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес анықталады.

3. Егер экспорт елінде белгіленген қосылған құнға салынатын салық ставкасы Қазақстан Республикасында белгіленген қосылған құнға салынған салық ставкасынан төмен болған жағдайда, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына

катысушы мемлекеттерден шығарылған импортталатын тауарлардың құны салық салынатын импортқа енгізіледі.

4. Салық салынатын импорт мөлшеріне Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес белгіленген кеден құны, сондай-ақ, қосылған құн салығын қоспағанда, Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес тауарларды импорттау кезінде төленуге тиіс алымдар, баждар, салықтар сомасы енгізіледі.

Ескерту. 70-баптың 3-тармағы сөздер мен және 4-тармақпен толықтырылды - ҚР Президентінің 1995.12.21. N 2703 жарлығымен.

ЕСКЕРТУ. 70-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 заңымен.

ЕСКЕРТУ. 70-баптың 4-тармағы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1997.12.08.N 200 Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 70-бап өзгертілді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 заңымен. Z980255_

Ескерту. 70-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1998.12.24. N 333 Заңымен. Z980333_

Ескерту. 70-баптың 3,4,5-тармақтары өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 Заңымен. Z990356_

Ескерту. 70-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.11.22. N 485 Заңымен. Z990485_

Ескерту. 70-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

ЕСКЕРТУ. 70-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

ЕСКЕРТУ. 70-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.05.03. N 183 Заңымен. Z010183_

70-1-бап. Салық салынатын импорт бойынша қосылған құнға салынатын салық ставкалары

1. Салық салынатын импорт бойынша қосылған құнға салынатын салық ставкасы, осы баптың 2 және 3-тармақтарында көрсетілгеннен басқа жағдайларды қоспағанда, осы Заңның 70-бабында белгіленген салық салынатын импорт мөлшерінің 16 процентіне теңестіріледі.

2 . < * >

3. Осы Заңның 70-бабының 3-тармағында көрсетілген импортталатын тауарлар бойынша қосылған құнға салынатын салық, ставкалардағы айырмашылықтар бойынша төленеді.

Ставкалардағы айырмашылық тауар жеткізушілер табыс еткен шот-фактурада көрсетілген, қосылған құнға салынатын салық есептелген салық ставкасы мен осы баптың 1 және 2-тармақтарына сәйкес осы тауарлар импорты

кезінде Қазақстан Республикасында қолданылатын салық ставкасы арасында а й қ ы н д а л а д ы .

Ескерту. 70-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

ЕСКЕРТУ. 70-1-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z 0 1 0 1 4 7 _

ЕСКЕРТУ. 70-1-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.05.03. N 183 Заңымен. Z010183_

71-бап. Қосылған құнға салынатын салықтан босатылатын тауарлар импорты

Мынадай тауарлардың импорты:

1) ұлттық валютаның, шетелдік валютаның (нумизматикалық мақсаттарда пайдаланылатындарынан басқа), сондай-ақ бағалы қағаздардың импорты;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тауарларды бажсыз әкелу нормалары бойынша жеке тұлғалардың тауарлар импорты;

3) мемлекеттік сыртқы займдар есебінен алынған тауарлар импорты;

4) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өз қажеттіліктері үшін жүзеге асыратын тауарлар импорты;

5) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен гуманитарлық көмек ретінде әкелінген, акцизделетін тауарлардан басқа, тауарлар импорты;

6) техникалық жәрдем көрсетуді қоса алғанда, мемлекеттер, мемлекеттердің үкіметтері, халықаралық ұйымдар желісі бойынша қайырымдылық мақсаттарда әкелінетін акцизделетін тауарлардан басқа тауарлар импорты;

7) шетелдер елшіліктері мен оларға теңестірілген өкілдіктер ресми пайдалануы үшін, сондай-ақ осы өкілдіктердің дипломатиялық және әкімшілік-техникалық қызметкерлерінің, олардың өздерімен бірге тұратын отбасы мүшелерін қоса, жеке пайдалануы үшін әкелінген және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес салықтан босатылатын тауарлар импорты;

8) "Еркін айналым үшін тауарлар шығару" режимін қоспағанда, Қазақстан Республикасының кеден заңдарында белгіленген кеден режимдері шеңберінде босатылатын, Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілген тауарларды әкелу;

9) субстанция дәрілерді, оның ішінде аптеканың ішінде дайындалғандарын қоса, дәрілік заттардың; протездік-ортопедиялық бұйымдардың; дәрілік заттар шығаратын материалдардың; медициналық мақсаттағы және медициналық техника бұйымдары, сондай-ақ оларды шығаруға арналған материалдар және жиынтықтаушы заттар импорты қосылған құнға салынатын салықтан босатылады.

Импорты қосылған құнға салынатын салықтан босатылатын дәрілік заттардың, протездік-ортопедиялық бұйымдардың, медициналық мақсаттағы және медициналық техника бұйымдарының, сондай-ақ оларды шығаруға арналған материалдар мен жиынтықтаушы заттардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді;

10) мемлекеттер, мемлекет үкіметтері және халықаралық ұйымдар желілері бойынша берілетін гранттар қаражаты есебінен жүзеге асырылатын тауарлар импорты қосылған құнға салынатын салықтан босатылады.

Ескерту. 71-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 1995.12.21. N 2703 ж а р л ы ғ ы м е н .

Ескерту. 71-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

71-1-бап. Импортталатын тауарларға салынатын қосылған құн салығын төлеу мерзімдері

1. Импортталатын тауарлар бойынша қосылған құн салығы, осы баптың 2-тармағында көрсетілген жағдайларда салық төлеуші төлеуге тиіс қосылған құн салығын қоспағанда, кеден төлемдерін төлеуге арналған Қазақстан Республикасының кеден заңдарында белгіленген күнде төленеді.

Салық органдары өнеркәсіптік қайта өңдеуге арналған импортталатын шикізат пен материалдарға, сондай-ақ импортталатын суға, газға және электр энергиясына салынатын қосылған құн салығын төлеу мерзімін үш айға ұзартады.

Үш ай мерзім ішінде берешектердің аталған сомасын өтеуді сатылған өнім бойынша қосылған құн салығына орай бюджетпен өзара есептесу әдісімен салық органдары жүргізеді. Өтелмеген берешек сомасына, аталған үш айлық мерзім біткеннен кейінгі алғашқы күннен бастап, өсімақы есептеледі.

Осындай шикізат пен материалдарды өнеркәсіптік қайта өңдеусіз сатқан жағдайда қосылған құн салығы осы Заңның 63-бабына сәйкес белгіленген тәртіппен өсімақы қосылып есептеледі.

2. Салық төлеуші ауыл шаруашылығы өндірісінде пайдаланылатын тауарлар импорты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбе бойынша осы Заңның 71-бабына сәйкес босатылғандарды қоспағанда, құрал-жабдық, шикізат, материалдар, қосалқы бөлшектер мен дәрі-дәрмектер импорты бойынша қосылған құн салығын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен келісім бойынша белгілеген тәртіппен төлейді.

15-тарау. Тіркелмеген резидент емес үшін салынатын қосылған құн салығы

72-бап. Салық салынатын айналымды анықтаудың ерекшеліктері

1. Осы Заңның 54-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында салық төлеуші болып танылмайтын резидент еместер Қазақстан Республикасының аумағында тауарлар (жұмыстар, қызметтер) сату кезінде аталған резидент еместердің Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын тауарлар (жұмыстар, қызметтер) сату бойынша айналымы салық салу объектісі болып табылады.

Резидент емес үшін бюджетке аударылуға тиіс қосылған құнға салынатын салықты есептеу кезінде салық салынатын айналымға осы Заңның 36-бабына сәйкес табыстың төлем көзінде ұсталатын салық сомасымен қоса, алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) үшін резидент емес төлеуге тиіс тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) құны енгізіледі.

Алынған тауарлар (жұмыстар, көрсетілген қызметтер) үшін ақы төлеу шетел валютасымен жүргізілген жағдайда, аталған тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі тауарлар (жұмыстар, көрсетілген қызметтер) алынған кездегі бағамы бойынша белгілеген теңгемен қайта есептелген құны салық салынатын айналымға енгізіледі.

2 . < * >

ЕСКЕРТУ. 72-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255
З а ң ы м е н . Z 9 8 0 2 5 5 _

Ескерту. 72-бап 1-тармағы өзгертілді - Қазақстан Республикасының
1998.12.28. N 336 Заңымен. Z980336_

Ескерту. 72-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.11.22. N 485
З а ң ы м е н . Z 9 9 0 4 8 5 _

Ескерту. 72-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N
492 З а ң ы м е н . Z 9 9 0 4 9 2 _

ЕСКЕРТУ. 72-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147
З а ң ы м е н . Z 0 1 0 1 4 7 _

ЕСКЕРТУ. 72-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.05.03. N 183
Заңымен. Z010183_

73-бап. Резидент еместер үшін салық төлеу тәртібі

1. Резидент еместер үшін төленуге тиісті қосылған құнға салынатын салық тауарлар (жұмыстар, қызметтер) жеткізілген айдан кейінгі айдың бесі күнінен кешіктірілмей бюджетке аударылады.

Резидент еместер үшін қосылған құнға салынатын салық сомасын бюджетке төлеу фактісін растайтын құжаттар болса, төленген салық сомасы осы Заңның 64-бабына сәйкес қосылған құнға салынатын салық бойынша есепке алуға ж а т қ ы з ы л у ғ а т и і с .

2. Осы баптың 1-тармағында белгіленген тәртіп сыртқы сауда

келісім-шарттары бойынша жүзеге асырылатын және Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес кедендік ресімдеуден өткен тауарлар импортына қолданылмайды.

ЕСКЕРТУ. 73-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 заңымен.

ЕСКЕРТУ. 73-баптың 1-тармағы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1997.12.08.N 200 Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 73-бап өзгертілді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 заңымен. Z980255_

Ескерту. 73-баптың 1-тармағы өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.12.28. N 336 Заңымен. Z980336_

ЕСКЕРТУ. 73-бап 2,3-тармақтары толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 355 заңымен. Z990355_

Ескерту. 73-баптың 1-тармағы өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 Заңымен. Z990356_

ЕСКЕРТУ. 73-баптың 4-тармағы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z990440_

Ескерту. 73-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

ЕСКЕРТУ. 73-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

I V б ө л і м

АКЦИЗДЕР

16-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

74-бап. Белгіленген акциздер

1. Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген және Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын, тізбесі осы Заңның 76-бабында көрсетілген тауарларға, сондай-ақ ойын бизнесіне акциз салынады.

2. Тауар өндіруші тауарлардың экспортқа шығарылуын растаған жағдайда экспортқа шығарылған акцизделетін тауарларға акциз салынбайды. Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарда көзделген жағдайлар бұған кірмейді.

3. Алыс-беріс шикізатының меншік иесі осындай шикізаттан өндірілген акцизделетін тауарларды экспорттаған кезде өнімді беру кезінде төленген акциз осы Заңның 80-бабының 3-тармағына сәйкес алыс-беріс шикізатына меншік иесінің осы салық бойынша алда төлейтін төлемі есебіне жатқызылады не салық органы оның өтінішін алған кезден бастап 60 күн ішінде қайтарылады.

Бұл тармақ, Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарда көзделген жағдайларды қоспағанда, алыс-беріс

шикізатының меншік иесі осы Заңның 80-бабының 3-тармағына сәйкес акцизді төлеу және тауарларды экспортқа әкету фактісін құжаттай растаған жағдайда қ о л д а н ы л а д ы .

Ескерту. 74-бап 3-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 Заңымен. Z990356_

75-бап. Төлеушілер

1. З а н д ы т ұ л ғ а л а р ж әне :

Қазақстан Республикасының аумағында акцизделетін тауарлар өндіретін; бензинмен (авиация бензинін қоспағанда), дизель отынымен көтерме және бөлшек сауданы жүзеге асыратын;

Қазақстан Республикасының аумағына акцизделетін тауарларды и м п о р т т а й т ы н ;

Қазақстан Республикасының аумағында ойын бизнесін жүзеге асыратын жеке тұлғалар акциздерді төлеушілер болып табылады.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелерін ескере отырып, резидент емес - заңды тұлғалар, олардың филиалдары, өкілдіктері және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері де акциздерді төлеушілерге жатады.

3. Қазақстан Республикасы аумағында осы Заңның 76-бабының 1-тармағының 1)-9) тармақшаларында көрсетілген акцизделетін тауарларды өндіретін, бензиннің (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отынының көтерме және бөлшек саудасын жүзеге асыратын және (немесе) ойын бизнесін жүзеге асыратын заңды тұлғалар Қазақстан Республикасы аумағында акцизделетін тауарлар өндіретін және (немесе) ойын бизнесін жүзеге асыратын өз филиалдары, өкілдіктері және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері үшін, олардың орналасқан жері бойынша, Қазақстан Республикасының салық заңдарында белгіленген тәртіппен тиісті бюджеттерге акциздер төлеуді жүзеге а с ы р а д ы .

4. Тәркіленген, мұрагерлік құқығы бойынша мемлекетке өткен иесіз және мемлекет меншігіне өтеусіз берілген акцизделетін тауарлар бойынша, сондай-ақ қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында ол бойынша бұрын акциз төленбеген тауарлар бойынша аталған тауарларды сатуды жүзеге асыратын тұлғалар акциз төлеушілер болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 75-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 заңымен.

ЕСКЕРТУ. 75-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 заңымен. Z980255_

Ескерту. 75-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1998.12.24. N 333 Заңымен. Z980333_

Ескерту. 75-баптың 1-тармағы өзгертілді, 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР

Президентінің 1999.03.31. N 356 Заңымен. Z990356_

ЕСКЕРТУ. 75-баптың 4-тармағы өзгерді - Қазақстан Республикасының
1999.07.16. N 440 Заңымен. Z990440_

Ескерту. 75-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N
492 Заңымен. Z990492_

ЕСКЕРТУ. 75-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147
Заңымен. Z010147_

76-бап. Акцизделетін тауарлар тізбесі

1. Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген немесе Қазақстан
Республикасының аумағына импортталатын тауарлар акцизделетін тауарлар
б о л ы п т а б ы л а д ы :

- 1) спирттің барлық түрлері;
- 2) арақ;
- 3) ликер-арақ өнімдері;
- 4) күшейтілген сусындар, күшейтілген шырындар мен бальзамдар;
- 5) шарап;
- 6) коньяк;
- 7) шампан шарабы;
- 8) сыр;
- 9) шарап өнімдері;
- 10) темекі өнімдері;
- 11) құрамында темекі бар басқа да өнімдер;
- 12) бекіре мен қызыл балық, бекіре мен қызыл балық уылдырығы, бекіре мен қызыл балықтан және уылдырықтан дайындалған жеңсік тағамдар;
- 13) алтыннан, платинадан немесе күмістен жасалған зергерлік бұйымдар;
- 14) хрусталь бұйымдар, жарық беретін хрусталь приборлар;
- 15) бензин (авиация бензинінен басқасы), дизель отыны;
- 16) жеңіл автомобильдер (мүгедектерге арнайы арналған қолмен басқарылатын автомобильдерден басқасы);
- 17) атыс және газ қаруы (мемлекеттік өкімет органдарының мұқтажы үшін сатып алынғандардан басқасы);
- 18) өңделмеген мұнай, газ конденсатын қоса алғанда;
- 19) электр қуаты.

2. Осы баптың 1) - 11)-тармақшаларында көрсетілген тауарлар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен және шарттарға сәйкес акциздік алым маркаларымен немесе есеп-бақылау маркаларымен таңбалануы мүмкін.

Ескерту. 76-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 1995.12.21. N 2703
ж а р л ы ғ ы м е н .

ЕСКЕРТУ. 76-бапқа өзгеріс және толықтыру енгізілді - Қазақстан

Республикасының 1996.12.31. N 61-1 заңымен.

ЕСКЕРТУ. 76-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1997.06.19. N 134-I Заңымен. Z970134_ - бұл толықтырулар 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

ЕСКЕРТУ. 76-баптың 14)-17)-тармақшалары алып тасталды, 18)-23)-тармақшалар тиісінше 14)-19)-тармақшалар болып есептелді - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 76-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

77-бап. Акциз ставкалары

Акциз ставкаларын тауардың құнына немесе белгіленген мөлшерде заттай күйіндегі физикалық көлеміне шаққанда процентпен Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген акцизделетін тауарларға осы Заңның 76-бабының 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларында аталған акциз ставкасы оның құрамында таза (жүз проценттік) спирттің болу мөлшеріне байланысты белгіленуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ. 77-бап 2-ші бөлікпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z990440_

Ескерту. 77-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.11.22. N 485 Заңымен. Z990485_

78-бап. Халықаралық шарттар

Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес акциздер қосылатын бағалар бойынша тауарлар беріп тұрғаны үшін өзара есеп айырысулар көзделуі мүмкін.

17-тарау. ОТАНДЫҚ АКЦИЗДЕЛЕТІН ТАУАРЛАР ӨНДІРІСІ

79-бап. Салық салу объектісі

1. Отандық өндірілген тауарлар үшін өндіруші осы тауарды немесе даяр өнімнің нақты көлемін беріп тұратын, акциздер қосылмайтын бағалар бойынша белгіленген құн салық салу объектісі болып табылады.

2. Тауар өндіруші акцизделетін тауарды заттай төлем, сый ретінде берген кезде, кепілге салынған тауарларды кепіл ұстаушының меншігіне берген немесе айырбастау операциялары кезінде өзі өндірген тауар бағасы бойынша белгіленген, акциздер немесе даяр өнімнің нақты көлемі қосылмайтын тауар құны салық салу объектісі болып табылады.

3. Акциздеуге жататын, өзі өндірген шикізаттан акцизделетін өнімді өндірген кезде, осы шикізаттың құны немесе оның заттай көлемі салық салу объектісі болып табылады.

4. Осы баптың 1 және 2-тармақтары тауардың өз шикізатынан немесе

алыс-беріс шикізатынан өндірілген-өндірілмегеніне қарамастан қолданылады. Алыс-беріс шикізатынан өндірілген өнімдер бойынша акциз тапсырысшыға өнім берілген кезде және осы баптың 1-тармағына сәйкес белгіленген баға бойынша е с е п т е л е д і .

5. Ойын бизнесі бойынша (лотереялардан басқа) салық салу объектісі - ойын бизнесінен түскен түсім, лотереялар бойынша (олардың үлгілері мен түрлеріне қарамастан) салық салу объектісі лотереяны өткізуден түскен мәлімделген түсім б о л ы п т а б ы л а д ы .

5-1. Есепті кезеңде электр қуатының өзін өндіретін технологиялық процесте нақты пайдаланылғанын қоспағанда, электр қуатын өндіру және сату кезінде өндірілген электр қуатының бүкіл көлемі салық салу объектісі болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 79-бап жаңа 4-тармақпен толықтырылды, 4-тармақ 5-тармақ болып саналды - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 заңымен.

ЕСКЕРТУ. 79-баптың 4-тармағы алып тасталды, 5-тармақ тиісінше 4-тармақ болып саналды - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 79-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 заңымен. Z980255_

Ескерту. 79-бап 5-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.12.28. N 336 Заңымен. Z980336_

Ескерту. 79-баптың 5-тармағы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

80-бап. Төлеу мерзімі

1. Осы Заңның 76-бабының 1) - 9)-тармақшаларында көрсетілген тауарлар акцизі тауарлар сатылған күннен кейін он күннен кешіктірілмей бюджетке а у д а р ы л у ғ а т и і с .

2. Өзге де акцизделетін тауарлардың акциздері мынадай мерзімнен кешіктірілмей бюджетке аударылуға тиіс:

1) айдың алғашқы он күні ішінде сатуды жүзеге асырғаны үшін айдың он ү ш і н ш і к ү н і ;

2) айдың екінші он күні ішінде сатуды жүзеге асырғаны үшін айдың жиырма ү ш і н ш і к ү н і ;

3) есепті айдың қалған күндерінде сатқаны үшін есепті айдан кейінгі айдың ү ш і н ш і к ү н і .

3. Алыс-беріс шикізатынан шығарылған өнімдер бойынша акциз өнімді тапсырысшыға берген кезде төленеді.

Акциздеуге жататын, өзі өндірген шикізаттан акцизделетін өнімді өндірген кезде, осы шикізаттың акцизі осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделген мерзімде ұқсатылған өнімді сату кезінде төленеді.

4. Ойын бизнесінен (лотереялардан басқа) түскен түсім бойынша акциз осы

баптың 3-тармағында көрсетілген мерзімде төленеді.

Лотереяларды өткізуден алынған акциздерді төлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша белгілейді.

5

< * >

ЕСКЕРТУ. 80-баптан 2-тармақ алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 80-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 Заңымен. Z980255_

ЕСКЕРТУ. 80-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z990440_

Ескерту. 80-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

ЕСКЕРТУ. 80-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

81-бап. Салық төлеушілердің жауапкершілігі

1. Акциздердің дұрыс есептелуі мен уақтылы төленуі үшін жауапкершілік салық төлеушілерге жүктеледі.

2. Салық төлеуші тиісті салық қызметі органдарына есепті айдың әрбір он күні үшін төленуге жататын акциздер сомасын көрсетіп, есепті айдан кейінгі айдың он бесінен кешіктірмей ай сайын декларация тапсыруға міндетті.

82-бап. Акциздерді бюджетке аудару

Бюджетке аударылуға жататын акциздерді банк төлем тапсырмасын (өкімді) алған күні тиісті бюджеттерге есептейді. Акциздерді тиісті бюджетке уақытылы аудармағаны үшін банк осы Заңға сәйкес жауап береді.

Лотереяларды өткізуден алынған акциздердің бюджетке төленген сомасы қайта есептеуге және қайтаруға жатпайды.

Ескерту. 82-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

83-бап. Арнаулы ережелер

1. Қазақстан Республикасының аумағында акциз төленген шикізаттан акцизделетін өнім (газ конденсатын қоса алғанда, өңделмеген мұнайды және спирттің барлық түрлерін қоспағанда) өндірілген жағдайда, сатылған өнім бойынша акциз сомасы есепті кезеңде аталған өнімді әзірлеуге нақты пайдаланылған шикізаттың көлеміне қарай белгіленетін акциз сомасына кемітілуге жатады.

Акциз алымы маркаларымен таңбалануға жататын, акцизделетін өнім бойынша сатылған өнім жөніндегі акциз сомасы акциз алымы маркаларының құнына (оларды дайындау құнын қоспағанда) кемітілуге жатады.

2. Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген өңделмеген мұнайды өндірістік ұқсатуға беру кезінде акциз оны берген кезде төленеді.

3. Ішкі өндіріс үшін сатып алынған акциздік алым маркалары жоғалған және бүлінген жағдайда табиғи сипаттағы төтенше оқиғалардың салдарынан туындаған жағдайларды қоспағанда, акциз мәлімделген түр-түрі мөлшерінде төленеді.

4. Акциздеуге жататын өнім жоғалған және бүлінген жағдайда табиғи сипаттағы төтенше оқиғалардың салдарынан туындаған жағдайларды қоспағанда, акциз толық мөлшерінде төленеді.

ЕСКЕРТУ. 83-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 заңымен.

ЕСКЕРТУ. 83-бап өзгертілді және 2,3,4-тармақтармен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 83-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 заңымен. Z 9 8 0 2 5 5 _

Ескерту. 83-баптың 1-тармағы толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.12.28. N 336 Заңымен. Z980336_

18-тарау. АКЦИЗДЕЛЕТІН ТАУАРЛАРДЫҢ ИМПОРТЫ

84-бап. Импортталған тауарлар бойынша салық салу объектісі

1. Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес белгіленген кеден құны немесе заттай күйіндегі физикалық көлем импортталған акцизделетін тауарлар бойынша салық салу объектісі болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі акцизделетін өнімдерді акцизделетін алым маркаларымен таңбалау тәртібін енгізген жағдайда импортталған акцизделетін тауарлар бойынша есептелген акциз сомасы әкелінген тауарлардың көлемі бойынша акциз алымы маркаларының (оларды дайындау құнын қоспағанда) құнына кемітілуге жатады.

Ескерту. 84-баптың 2-тармағы толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.12.28. N 336 Заңымен. Z980336_

85-бап. Төлеу мерзімі

Импортталған тауарларға акциздер кеден төлемдерін жасау үшін Қазақстан Республикасының кеден заңдарында белгіленген күні төленеді.

86-бап. Акциздерден босату

1. Қазақстан Республикасының Үкіметін бекіткен нормалар бойынша жеке тұлғалар импорттаған акцизделетін тауарларға акциз салығы салынбайды.

2. Мынадай импортталған тауарлар акциз төлеуден босатылады:

1) халықаралық жүк, қол жүгі мен жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын көлік құралдарын жол үстінде және аралық аялдау бекеттерінде пайдалану үшін

қажетті акцизделетін тауарлар, сондай-ақ аварияны (істен шығуды) жою үшін шет елде сатып алынған тауарлар;

2) Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілгенге дейін бүліну салдарынан бұйымдар мен материалдар ретінде пайдалануға жарамсыз болып қалған тауарлар;

3) < * >

4) < * >

5) < * >

5) шетелдік дипломатиялық және соларға теңестірілген өкілдіктердің ресми пайдалануы үшін, осы өкілдіктердің дипломатиялық әрі әкімшілік-техникалық қызметкерлерінің, сондай-ақ олармен бірге тұратын және Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес босатылатын олардың отбасы мүшелерін қоса, жеке пайдалануы үшін әкелінген тауарлар;

б) "Еркін айналыс үшін тауарлар шығару" режимін қоспағанда, Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілетін, Қазақстан Республикасының кеден заңдарында белгіленген кеден режимдері шеңберінде босатылған тауарлар.

ЕСКЕРТУ. 86-баптан 5)-тармақша алып тасталды 6),7)-тармақшалар тиісінше 5),6)-тармақшалар болып саналды - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен.

Ескерту. 86-баптың 2-тармағы 3-4-тармақшалары алып тасталды - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 Заңымен. Z990356_

V б ө л і м

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ЭМИССИЯСЫН ТІРКЕГЕНІ ҮШІН АЛЫНАТЫН АЛЫМ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУГЕ ЖАТПАЙТЫН АКЦИЯЛАР ЭМИССИЯСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙЛАНДЫРУ НӨМІРІН БЕРУ

ЕСКЕРТУ. V-бөлім жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен.

ЕСКЕРТУ. V-бөлімнің тақырыбы толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z990440_

19-тарау. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ЭМИССИЯСЫН ТІРКЕГЕНІ ҮШІН АЛЫНАТЫН АЛЫМ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУГЕ ЖАТПАЙТЫН АКЦИЯЛАР ЭМИССИЯСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙЛАНДЫРУ НӨМІРІН БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

ЕСКЕРТУ.19-тараудың тақырыбы толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z990440_

87-бап. Алым төлеушілер

Бағалы қағаздар эмиссиясын тіркегені және мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясының ұлттық бірыңғайландыру нөмірін беру үшін алым төлеушілер олардың эмиссиясын жүзеге асыратын заңды тұлғалар болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 87-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z990440_

88-бап. Алым алу объектілері

Бағалы қағаздар эмиссиясын тіркегені және мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссияларының ұлттық сәйкестендірме нөмірін бергені үшін алым алудың объектісі барлық бағалы қағаздардың және мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясының ұлттық бірыңғайландыру нөмірін бергені жалпы нақты құны болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 88-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z 9 9 0 4 4 0 _

Ескерту. 88-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

20-тарау. Бағалы қағаздар эмиссиясын тіркегені және мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясының ұлттық бірыңғайландыру нөмірін бергені үшін алым төлеу

ЕСКЕРТУ.20-тараудың атауы толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z990440_

89-бап. Алым ставкалары

Бағалы қағаздардың эмиссиясын тіркегені және мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясының ұлттық бірыңғайландыру нөмірін бергені үшін алынатын алым бағалы қағаздардың бір эмиссиясының жалпы номиналды құнымен:

бағалы қағаздардың бастапқы эмиссиясын тіркеген кезде 0,1 процент мөлшерінде;

бағалы қағаздардың келесі эмиссиясын тіркеген кезде (оның ішінде сот шешімі бойынша акциялардың қосымша эмиссиясын) 0,5 процент мөлшерінде; мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясының ұлттық бірыңғайландыру нөмірін берген кезінде 0,1 процент мөлшерінде төленеді.

ЕСКЕРТУ. 89-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z990440_

90-бап. Алым жөніндегі жеңілдіктер

Мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясы бойынша алым төленбейді.

91-бап. Алым сомасын белгілеу

Төлем жасаушылар бағалы қағаздардың жалпы нақты құнын және алым ставкаларын негізге ала отырып, алым сомасын дербес есептеп шығарады.

92-бап. Алым төлеудің тәртібі мен мерзімдері

1. Бағалы қағаздар эмиссиясын тіркеген және мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясының ұлттық бірыңғайландыру нөмірін берген кезде эмитент тіркеуші органға алымның бюджетке тиесілі сомасын төлегенін растайтын құжат тапсыруға міндетті.<*>

2. Бағалы қағаздар эмиссиясын тіркеуден және мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясының ұлттық бірыңғайландыру нөмірін беруден бас тартқан жағдайда, төленген алым қайтаруға жатпайды және бағалы қағаздар эмиссиясын келесі тіркеу кезінде немесе мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясының ұлттық бірыңғайландыру нөмірін келесі беру кезінде ескеріледі.

Заңдарға сәйкес бағалы қағаздардың эмиссиялары шығарылмады деп танылған жағдайда бұрын төленген алым қайтарылмайды және бағалы қағаздардың одан кейінгі эмиссиялары кезінде есепке алынбайды. Бағалы қағаздардың эмиссиялары қайталанып тіркелген және бұрын шығарылмады деп танылған, мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялардың эмиссияларына ұлттық сәйкестендірме нөмірі берілген жағдайда алым осы Заңда көзделген ставкалар бойынша төленуге тиіс.

3. Бағалы қағаздар эмиссиясын тіркегені және мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясының ұлттық бірыңғайландыру нөмірін бергені үшін алымдар жөніндегі декларацияны эмитент Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілеген нысан бойынша есепті жылдан кейінгі жылдың 31 наурызына дейін салық қызметі органдарына табыс етеді.

ЕСКЕРТУ. 92-бап 3-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 заңымен. Z980255_

Ескерту. 92-баптың 3-тармағы өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 Заңымен. Z990356_

ЕСКЕРТУ. 92-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z990440_

Ескерту. 92-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

93-бап. Төлеушінің жауапкершілігі

Бағалы қағаздар эмиссиясын тіркегені үшін және мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясының ұлттық бірыңғайландыру нөмірін бергені алымның бюджетке толық және уақтылы төленуіне төлеуші жауап берді. Алымды есептеу мен төлеудегі тәртіп бұзушылық үшін төлеушілерге осы Заңда көзделген санкциялар қолданылады.

ЕСКЕРТУ. 93-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z990440_

ЕСКЕРТУ. V-бөлім, 19,20-тарау және 87,88,89,90,91,92,93-баптар жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен.

V I б ө л і м

ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУШЫЛАРҒА САЛЫҚ САЛУ

ЕСКЕРТУ. VI-бөлім жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 заңымен. Z960061_

21-тарау. ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУШЫЛАРҒА САЛЫҚ САЛУ ЖӨНІНДЕГІ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

94-бап. Жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім-шарттарда салық режимін белгілеу

1. Жер қойнауын пайдаланушылар үшін салықтар мен басқа да міндетті төлемдер жөнінде белгіленетін талаптар (салық режимі) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жер қойнауын пайдаланушы мен Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген Құзыретті орган арасында жер қойнауын пайдалануға жасалатын келісім-шарттарда айқындалады.

2. Келісім-шартта белгіленетін салық режимі заңды және жеке тұлғалардың салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді төлеуін реттейтін, келісім-шарт жасалған күні қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес болуға тиіс.

Жер қойнауын пайдалануға бұрын жасалған келісім-шартты атқаруға жер қойнауын пайдаланушымен немесе оның құқықтық мұрагерімен жаңа келісім-шарт жасалған жағдайда, бұрынғы келісім-шарттың салық режимі сол жер қойнауы учаскелерінде жер қойнауын пайдалануға жасалатын болашақ келісім-шарттағы салық режимін ішінара немесе толық көшіру көзделген шектегі айналымға қолданылады.

3. Жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім-шарттарды қоспағанда, салық пен төлемдер төлеуге қатысты мәселелерді лицензияларға және жер қойнауын пайдалануға байланысты басқа да актілерге енгізуге тыйым салынады.

4. Құрамында ұйымдар мен жеке тұлғалар бір келісім-шарт бойынша қызмет атқаратын жер қойнауын пайдаланушы салық салу мақсаты жөнінен біртұтас салық төлеуші деп саналады және келісім-шартта белгіленген салықтар мен төлемдерді төлеуге міндетті.

5. Жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын пайдалану жөніндегі келісім-шарт бойынша салықтар мен төлемдерді есептеу мақсатында табыстар мен шегерімдерді жер қойнауын пайдалану жөніндегі аталған келісім-шарттың шеңберінен тыс қызмет жөніндегі табыстармен және шегерімдермен біріктіре алмайды.

Көп таралған пайдалы қазбаларды және (немесе) жер асты суларын өндіру

жөніндегі келісім-шарттарда пайдалы қазбалардың басқа түрлерін өндіру көзделмеген жағдайда бұл ереже ондай келісім-шарттарға қолданылмайды.

5-1. Келісім-шартта көрсетілмеген ілеспе пайдалы қазбаларды шығарған ретте жер қойнауын пайдаланушы олар бойынша осы Заңның 94-7-бабына сәйкес белгіленген тәртіппен төлем жүргізеді.

ЕСКЕРТУ. 94-баптың 2,5-тармақтары жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 94-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z 9 9 0 4 4 0 _

Ескерту. 94-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

94-1-бап. Жер қойнауын пайдалануға жасалатын келісім-шарттардың салық режимінің үлгілері

1. Жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу келісім-шарттардың негізгі түрлеріне қарай мынадай екі үлгіге бөлінеді:

1) бірінші үлгі жер қойнауын пайдаланушылардың Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің барлық түрлерін төлеп отыруын көздейді;

2) екінші үлгі жер қойнауын пайдаланушылардың өнімді бөлісу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін төлеуін (беруін), сондай-ақ салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің мынадай түрлерін төлеуін көздейді: төлем көзінен ұсталып қалатын табыс салығы мен шетелдік заңды тұлғаның тұрақты мекемесінің таза табысына салынатын салықты ескере отырып, заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы, қосылған құнға салынатын салық, бонустар, роялти, әлеуметтік салық, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін алынатын лицензиялық алым, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін алынатын алымдар, Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген және осы Заңның 3-бабында көзделмеген басқа да міндетті төлемдер.<*>

2. Салық режимінің бірінші үлгісі келісім-шарттардың барлық түрлеріне белгіленеді, бұған салық режимінің екінші үлгісі белгіленетін "Өнімнің бөлінуі туралы" түріндегі келісім-шарттар қосылмайды.

3. "Өнімнің бөлінуі туралы" келісім-шарттар бойынша алынатын өнімнің бөлінуі жөніндегі Қазақстан Республикасының үлесі республикалық және жергілікті бюджеттердің көзі болып табылады және кезекті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасы заңында белгіленген мөлшерде тиісті бюджеттердің кірісіне түседі.

Қазақстан Республикасының өнімді бөлу жөніндегі үлесін төлеудің тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

4. Жер қойнауын пайдаланушының салық міндеттемелерінің деңгейі салық

режимінің екі үлгісінің бірі қолданылуына қарамастан тең болуға тиіс.

ЕСКЕРТУ. 94-1-бап өзгертілді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен.

Ескерту. 94-1-баптың 1-тармағы өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 Заңымен. Z990356_

Ескерту. 94-1-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.11.22. N 485 Заңымен. Z990485_

94-2-бап. Жер қойнауын пайдалануды жүзеге асыруға қатысы жоқ операциялар бойынша салық режимі

Жер қойнауын пайдаланушының келісім-шарт ережелері бойынша төлейтін төлемдері оны келісім-шартта көзделмеген қызметті жүзеге асырғаны үшін Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген салықтар мен төлемдерді төлеу міндеттемелерінен босатпайды.

94-3-бап. Салық режимінің тұрақтылығы

1. Жер қойнауын пайдалануға белгіленген тәртіппен жасалған келісім-шартта белгіленген және міндетті салық сараптамасынан өткен салық режимі, сол келісім-шарттың қолданылу мерзімі біткенге дейін өзгеріссіз қолданыла береді, бұған келісім-шарттың салық режиміне өзгерістер келісім-шарт тараптарының келісімі бойынша енгізіліп, Қазақстан Республикасы мен келісім-шарт бойынша жер қойнауын пайдаланушының бастапқы экономикалық мүдделері арақатынасының өзгеруіне әкеп соқпайтын жағдайлар қосылмайды.

2 . < * >

ЕСКЕРТУ. 94-3-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен .

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ жаңа редакцияда, 2-тармақ алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 1998.04.15.N 216 Заңымен. Z980216_

94-4-бап. Құқықтарды қайта беруге салық салу

Келісім-шартта берілген құқықтарды қайта беруден алынатын табыстарға осы Заңда белгіленген тәртіп бойынша салық салынуға тиіс.

94-5-бап. Жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері мен салықтары

1. Жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері мен салықтары:

1) жазылу жүргізілетін, коммерциялық табу, бонустарын;

2) р о я л т и д і ;

3) үстеме пайдаға салынатын салықты қамтиды;

4) өнім бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі.

2. Бонустар мен роялтидің барлық түрлері табыс салығы мен үстеме пайдаға салынатын салыққа арналған салық салынатын табысты айқындаған жағдайдағы шегерімдер болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 94-5-бап өзгертілді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 заңымен. Z980255_

94-6-бап. Салық сараптамасы

1. Уағдаласушы тараптар арасында жасалатын барлық келісім-шарттар олар жасалған кезге дейін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен міндетті салық сараптамасынан өтуге тиіс. Бұл ереже бұрын жасалған келісім-шарттарға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға да қолданылады.

2. Келісілген салық режимі келісім-шарттың түпкілікті мәтініне міндетті түрде енгізілуге тиіс.

94-7-бап. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарт жасалғанға дейін жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу

Жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарт жасағанға дейін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін мөлшерде және шарттарда республикалық бюджеттің кірісіне роялти есебіне а у д а р ы м ж а с а й д ы .

Бұл орайда, салық салу объектісі мен осы аударымдарды төлеудің мерзімдерін белгілеу де роялтилерге арналған тәртіппен жүргізіледі.

Ескерту. Жаңа 94-7-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

22-тарау. БОНУСТАР

95-бап. Бонустар туралы жалпы ережелер

1. Бонустар жер қойнауын пайдаланушылардың тіркелген төлемдері болып табылады және жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім-шарттар белгіленген мөлшер мен тәртіп бойынша ақшалай түрде төленеді.

2. Жер қойнауын пайдалануды жүргізудің жеке шарттары негізге ала отырып, жер қойнауын пайдаланушылар бонустардың мынадай түрлерін төлейді:

1) жазылу жүргізілетін бонус;

2) коммерциялық табу бонусы;

Жасалатын келісім-шарттар жобасының экономикасына сәйкес бонустардың бір немесе бірнеше түрі қолданылуы мүмкін.

ЕСКЕРТУ. 95-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 Заңымен. Z980255_

96-бап. Жазылу жүргізілетін бонус

Жазылу жүргізілетін бонус жер қойнауын пайдаланушының заңдарда белгіленген тәртіп бойынша келісім-шарт жасалған кезде жер қойнауын пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығы үшін бір жолғы тіркелген төлемі болып табылады.

96-1-бап. Жазылу жүргізілетін бонусты белгілеу тәртібі, оның мөлшері мен төлену мерзімі

1. Жазылу жүргізілетін бонустардың бастапқы мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе Құзыретті орган белгілейді не ол тендер өткізу ережелері бойынша белгіленеді.

2. Жазылу жүргізілетін бонустың түпкілікті мөлшері келісім-шартта жер қойнауын пайдалану үшін берілген кен орындарының (аумақтардың) экономикалық құндылығына байланысты, бірақ бастапқы мөлшерден кем емес болып белгіленеді.

3. Жазылу жүргізілетін бонусты төлеу мерзімі тараптардың келісім-шартымен немесе келісімімен, бірақ келісім-шарт жасасқан уақыттан бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей беріледі.

4. Жер қойнауын пайдаланушылар жазылу жүргізілетін бонус бойынша декларацияны есепті айдан кейінгі айдың оны күніне дейін тіркеу орны бойынша аумақтық салық органдарына ұсынады.

ЕСКЕРТУ. 96-1-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.07.16 . N 440 Заңымен. Z990440_

Ескерту. 96-1-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

97-бап. Коммерциялық табу бонусы

1. Коммерциялық табу бонусы тіркелген төлем болып табылады және жер қойнауын пайдаланушы оны келісім-шарт жасалған аумақтағы әрбір коммерциялық табу үшін төлейді.

2. Пайдалы қазбаларды кейіннен өндіруді көздемейтін кен орнына барлау жүргізуге жасалған келісім-шарттар бойынша коммерциялық табу бонусы төленбейді.

97-1-бап. Коммерциялық табу бонусын есептеу тәртібі, оның мөлшері мен төлену мерзімі

1. Коммерциялық табу бонусын есептеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. Коммерциялық табу бонусының мөлшері келісім-шартпен белгіленеді.

3. Коммерциялық табу бонусы белгіленген тәртіпке сәйкес коммерциялық табу расталған уақыттан бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей төленеді.

4. Жер қойнауын пайдаланушылар коммерциялық табу бонусы бойынша декларацияны коммерциялық табу жасалған жылдан кейінгі жылдың 10 сәуіріне дейін тіркеу орны бойынша аумақтық салық органдарына ұсынады.

ЕСКЕРТУ. 97-1-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.07.16 . N 440 Заңымен. Z990440_

98-1-бап. <*>

ЕСКЕРТУ. 98, 98-1-баптар алып тасталды - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 заңымен. Z980255_

23-тарау. РОЯЛТИ

99-бап. Роялти туралы жалпы ережелер

Роялтиді жер қойнауын пайдаланушылар Қазақстан Республикасының аумағындағы пайдалы қазбалардың барлық түрлері бойынша жеке-жеке төлейді.

99-1-бап. Роялтидің төлену түрі

1. Жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім-шарттарда, осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, роялтиді ақшалай түрде төлеу белгіленеді.

2. Келісім-шарттар бойынша қызметті жүзеге асыру барысында, тараптардың қосымша келісімі негізінде, роялтиді ақшалай төлеу түрі белгіленген мерзімде ақшалай түріне балама төлеуінің заттай нысанына толық немесе ішінара уақытша ауыстырылуы мүмкін.

99-2-бап. Роялти белгілеудің жалпы шарттары

1. Жер қойнауын пайдалануға жасалған әрбір келісім-шартта роялтидің ставкалары пайдалы қазбалардың түріне қарай:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген кесімді ставкалармен кең таралған пайдалы қазбалар мен жерасты сулары бойынша;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіп бойынша техникалық-экономикалық есеп-қисаптарға негізделген жоба экономикасын негізге ала отырып, әрбір келісім-шартта жеке-дара барлық қалған пайдалы қазбалар бойынша белгіленеді.

2. Бір келісім-шарт бойынша пайдалы қазбалардың бірнеше түрін өндірген жағдайда роялти пайдалы қазбалардың әрбір түрі бойынша белгіленіп, төленеді.

2-1. Роялтидің тіркелген ставкасы белгіленген пайдалы қазбаларды қоспағанда, пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі келісім-шарттардың мерзімі ұзартылған жағдайда құзыретті орган роялти ставкасын ұлғайту жағына қарай қ а й т а қ а р а у ғ а қ ұ қ ы л ы .

Ескерту. 99-2-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

100-бап. Кең таралған пайдалы қазбалар мен жерасты сулары бойынша роялти

Есепті кезең ішіндегі орташа сату бағасын негізге ала отырып, өндірілген пайдалы қазбалар мен жерасты сулары көлемінің құны өндірілген пайдалы қазбалар мен жерасты суларының құн түрінде есептелген көлемі жанама

салықтарды және жөнелту орнынан тасымалдауға арналған іс жүзіндегі шығыстардың сомасын есептемегенде кеңтаралған пайдалы қазбалар мен жерасты сулары бойынша роялти салынатын объектілер болып табылады.

Роялтиді есептеудің бұл тәртібі жер қойнауын пайдаланушының өз қажетіне пайдалану үшін өндірілген кең таралған пайдалы қазбалар мен жерасты суларына да қолданылады.

Ескерту. 100-баптың 1-бөлігі толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 Заңымен. Z990356_

Ескерту. 100-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

100-1-бап. Бағалы металдар мен асыл тастар бойынша роялти

1. Алтын, күміс және платина бойынша роялти салу объектісі өндірілген металдың Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін халықаралық металл биржасында есепті кезеңдегі орташа сату бағасы негізге алынып, құн түрінде есептелген көлемі болып табылады.

2. Бағалы металдар (осы баптың 1-тармағында аталғандарын қоспағанда) және асыл тастар бойынша роялти салудың объектісі өндірілген бағалы металдар мен асыл тастардың есепті кезеңдегі жанама салықтарды есепке алмағандағы орташа сату бағасы негізге алынып, құн түрінде есептелген көлемі болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 100-1-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен.

Ескерту. 100-1-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

100-2-бап. Көмірсутектер бойынша роялти

1. Есепті кезең ішінде көмірсутектерді өткізудің орташа бағасы негізге алынып өндірілген көмірсутектердің құн түрінде есептелген көлемі көмірсутектер бойынша роялти салынатын объект болып табылады.

2. Көмірсутектер өндіруге жасалған келісім-шарттарда роялти өндіру көлеміне қарай айқындалған процент ретінде өзгермелі шкала бойынша белгіленеді.

ЕСКЕРТУ. 100-2-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 100-2-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 Заңымен. Z980255_

Ескерту. 100-2-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

**100-3-бап. Кең таралған пайдалы қазбалардан, сондай-ақ
бағалы металдар мен асыл тастардан басқа қатты пайдалы
қазбалар бойынша роялти**

1. 100 және 100-1-баптарда көрсетілгендерін қоспағанда, қатты пайдалы қазбалар бойынша роялти салудың объектісі өндірілген пайдалы қазбалардың есепті кезеңде нақты өндірілген пайдалы қазбалардан алынған бірінші тауарлы өнімді сатудың жанама салықтар есепке алынбаған орташа сату бағасы негізге алынып, құн түрінде есептелген көлемі болып табылады.

2. Осы бапта көрсетілген қатты пайдалы қазбалар өндіруге жасалған келісім-шарттар бойынша роялти келісім-шарт қолданылатын барлық кезең үшін кесімді проценттік мөлшерде, 99-2-баптың 3-тармағының ережелері ескеріле
о т ы р ы п б е л г і л е н е д і .

ЕСКЕРТУ. 100-3-баптың 1-тармағы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен.

Ескерту. 100-3-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

101-бап. Роялтиді төлеу тәртібі

1. Осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, күнтізбелік ай роялти төлеуді белгілеу жөніндегі есепті кезең болып табылады.

2. Егер роялти бойынша тоқсандық төлемдердің орташа айлық мөлшері есеп айырысатын айлық 1000 көрсеткіштен кем болса, есепті кезең тоқсан болып
т а б ы л а д ы .

2-1. Есепті кезеңде пайдалы қазбаларды (бірінші тауарлық өнімді) сату болмаған жағдайда, осы Заңның 100-1-бабының 1-тармағында көрсетілгендерді қоспағанда, сатудың орташа бағасына соңғы сату болған кезеңдегі пайдалы қазбаларды (бірінші тауарлық өнімді) сатудың орташа бағасы қабылданады.

2-2. Осы Заңның 100-1-бабының 1-тармағында көрсетілгендерді қоспағанда, пайдалы қазбаларды (бірінші тауарлық өнімді) сату мүлде болмаған жағдайда, есепті кезеңде роялтиге салық салу объектісін есептеу үшін пайдалы қазбалар өндіруге жұмсалған іс жүзіндегі шығындар сатудың орташа бағасы ретінде
қ а б ы л д а н а д ы .

Бұл орайда, жер қойнауын пайдаланушы пайдалы қазбалардың (бірінші тауарлық өнімнің) іс жүзіндегі сату бағасын негізге ала отырып, роялтиге осыдан кейінгі түзету жасауға міндетті.

3. Төлеушілер роялти жөніндегі декларацияны салық тіркеу орны бойынша салық қызметі органдарына есепті кезеңнен кейінгі айдың онына дейін табыс
е т е д і .

4. Роялти есепті кезеңнен кейінгі айдың он бесінен кешіктірілмей төленеді.
ЕСКЕРТУ. 101-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440

З а ң ы м е н .

Z 9 9 0 4 4 0 _

Ескерту. 101-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.11.22. N 485

З а ң ы м е н .

Z 9 9 0 4 8 5 _

Ескерту. 101-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

24-тарау. ҮСТЕМЕ ПАЙДАҒА САЛЫНАТЫН САЛЫҚ

102-бап. Үстеме пайдаға салынатын салық жөніндегі жалпы ережелер

"Өнімнің бөлінуі туралы" келісім-шарттар және кең таралған пайдалы қазбалар мен жерасты суларын өндіруге жасалған келісім-шарттар бойынша қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылардан басқаларға осы келісім-шарттар пайдалы қазбалардың басқа түрлерін өндіруді көздемейтін жағдайда, үстеме пайдаға салық 103 және 104-баптарда белгіленген тәртіп пен ставкалар бойынша салынады.

103-бап. Үстеме пайдаға салық салынатын объект және оны есептеу тәртібі

1. Жер қойнауын пайдаланушы пайданың жиырма процентінен жоғары ішкі нормасын алған жағдайда жер қойнауын пайдаланушының есепті жылғы әрбір жеке келісім-шарт бойынша алған таза табысының сомасы үстеме пайдаға салық салынатын объект болып табылады.

2. Үстеме пайдаға салынатын салық пайданың есепті жылдың аяғындағы ішкі нормасының қол жеткен деңгейін негізге ала отырып, 104-бапта белгіленген ставкалар бойынша есептеледі. Пайданың ішкі нормасын анықтау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

104-бап. Үстеме пайдаға салынатын салық ставкалары және оны төлеу мерзімдері

1. Үстеме пайдаға салынатын салық ставкалары мынадай мөлшерде белгіленеді:

| Пайданың ішкі нормасы (ПН), % | | | Есепті жылғы таза табысқа шаққанда %-пен алынған үстеме пайдаға салынатын салық ставкасы | | |
|----------------------------------|--------|-------|---|-----|--------|
| 20-дан кем немесе оған тең | | | 0 | | |
| 20-дан | артық, | бірақ | 22-ден | кем | немесе |
| оған тең | | 4 | | | |
| 22-ден | артық, | бірақ | 24-тен | кем | немесе |
| оған тең | | 8 | | | |

| | | | | | |
|----------------------|--------|-------|--------|-----|--------|
| 24-тен | артық, | бірақ | 26-дан | кем | немесе |
| оған тең | | 12 | | | |
| 26-дан | артық, | бірақ | 28-ден | кем | немесе |
| оған тең | | 18 | | | |
| 28-ден | артық, | бірақ | 30-дан | кем | немесе |
| оған тең | | 24 | | | |
| 30 - д а н а р т ы қ | | | | | 30 |

2. Үстеме пайдаға салынатын салық жөніндегі декларацияны жер қойнауын пайдаланушылар салық тіркейтін орын бойынша салық қызметінің органдарына есепті жылдан кейінгі жылдың оныншы сәуіріне дейін табыс етеді.

3. Үстеме пайдаға салынатын салық есепті жылдан кейінгі жылдың он бесінші сәуіріне дейін төленеді.

ЕСКЕРТУ. 104-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z990440_

VI-I Бөлім. <*>

ЕСКЕРТУ. VI-I, VI-II және VI-III-бөлімдермен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.12.24. N 333 заңымен. Z980333_

Ескерту. VI-I-бөлім алып тасталды - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 Заңымен. Z990356_

VI-II Бөлім. Әлеуметтік салық

24-3-тарау. Әлеуметтік салық бойынша жалпы ережелер

104-7-бап. Салық салу объектісі

1. Салық салу объектісі еңбекке ақы төлеу қоры болып табылады.

2. Әлеуметтік салық қаржыландыру көздеріне қарамастан тиісті салықтарды ұстағанға дейін есептеледі.

3. Салық төлеушілер төлемнің мынадай түрлеріне әлеуметтік салық төлемейді :

1) заңды тұлғалардың және заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке адамдар жеке тұлғалардан (қызметкерлерден) жинақтаушы зейнетақы қорларына ұстайтын міндетті зейнетақы жарналарына;

2) пайдаланылмаған демалыс үшін өтемақыға;

3) ұйым таратылған немесе жұмыс берушінің қызметі тоқтатылған, қызметкерлердің саны немесе штаты қысқарған жағдайда жеке еңбек шарты бұзылған кезде, қызметкер әскери қызметке шақырылған кезде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес орташа айлық жалақы мөлшерінде төленетін өтемақыға ;

4) геологиялық-барлау, топографиялық-геодезиялық және іздестіру жұмыстарымен шұғылданатын қызметкерлердің Қазақстан Республикасының

заңдарында белгіленген мөлшердегі далалық жабдықтылығына;

5) вахталық әдіспен жұмыс істейтін немесе жылжымалы сипатқа байланысты жұмыстарды орындайтын қызметкерлердің жалақысына қосылатын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшердегі үстеме ақыларға;

6) берілген арнаулы киімдердің, арнаулы аяқкиімдердің және басқа да жеке қорғаныс құралдарының, сабынның, майды кетіретін құралдардың, сүттің және емдеу-алдын алу тамағының құнына;

7) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қызметкердің еңбек міндеттерін атқаруға байланысты мертігуінен не денсаулығына өзге де зақым келуінен болған залалдың орнын толтыруға (жоғалтқан жалақысына қатысты өтемнен басқа); P930201_ V980612_

8) спорт жарыстарында, байқауларда, конкурстарда және тағы басқаларда жүлделі орын үшін берілетін ақшалай сыйлықтарға;

9) әскери қызметшілерге әскери қызмет міндеттерін орындауға байланысты олар алатын және ішкі істер органдарының қызметкерлеріне қызметтік міндеттерін орындауға байланысты олар алатын төлемдердің барлық түрлеріне;

10) қызметкерлерге бала туған кезде, ақылы медициналық операция жасату үшін, жерлеуге берілетін материалдық көмекке;

11) ұйыммен бірге басқа жерге жұмысқа ауысқан не көшкен кезде жол жүру, мүлікті жеткізу және үй-жайды жалдау бойынша құжатпен расталған шығындардың өтемақысына;

12) жалпы науқастануына байланысты еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша, жүктілігі және босануы бойынша әлеуметтік жәрдемақыларға және бала асырап алған әйелдерге (еркектерге) берілетін әлеуметтік жәрдемақыларға;

13) экологиялық апаттың немесе ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес азаматтарға берілген төлемдерге;

14) табыс салығы салынған жалақы аударымдарынан қалыптасқан кәсіподақ бюджетінің қаражаттарынан кәсіподақ мүшелеріне арналған материалдық көмекке;

15) мемлекеттер, мемлекеттер үкіметтері және халықаралық ұйымдар желісі бойынша берілетін гранттардың қаражаты есебінен жүргізілетін төлемдерге;

16) Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі берген мемлекеттік сыйлықтарға, стипендияларға;

17) жұмыс берушінің өз қызметкерлерінің жеке жинақтаушы емес сақтандыру шарттары бойынша төлейтін сақтандыру сыйлықтарына;

Ескерту. 104-7-бап 3-тармағының 1-тармақшасы жаңа редакцияда - Қазақстан Президентінің 1999.03.31. N 356 Заңымен. Z990356_

ЕСКЕРТУ. 104-7-бап өзгерді және толықтырылды - Қазақстан

Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z990440_
Ескерту. 104-7-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.11.22. N 485
З а ң ы м е н . Z 9 9 0 4 8 5 _
Ескерту. 104-7-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.12.10.
N 492 Заңымен. Z 9 9 0 4 9 2 _
ЕСКЕРТУ. 104-7-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147
З а ң ы м е н . Z 0 1 0 1 4 7 _
ЕСКЕРТУ. 104-7-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.12.31. N 277
Заңымен. Z010277_

104-8-бап. Салықты төлеушілер

Салықты төлеушілер мыналар:
заңды тұлғалар (шетелдіктер қатысқан заңды тұлғаларды, шетелдік заңды
тұлғалардың өкілдіктері мен филиалдарын қоса);
осы Заңның 104-7-бабына сәйкес салық салу объектісі бар, заңды тұлға
құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар.

Әлеуметтік салықты төлеушілер салық төлеуді өздерінің орналасқан жерлері
б о й ы н ш а жүзеге а с ы р а д ы .

Заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының салық заңдарымен белгіленген
тәртіппен Астана, Алматы қалаларының тиісті бюджеттеріне немесе облыстық
бюджеттерге өз филиалдары, өкілдіктері мен өзге де оқшауланған құрылымдық
бөлімшелері үшін әлеуметтік салық төлеуді тиісті бюджеттерге бойынша жүзеге
а с ы р а д ы .

Ескерту. 104-8-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356
З а ң ы м е н . Z 9 9 0 3 5 6 _

Ескерту. 104-8-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.11.22. N 485
З а ң ы м е н . Z 9 9 0 4 8 5 _

ЕСКЕРТУ. 104-8-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147
Заңымен. Z010147_

24-4-тарау. Салықты төлеу

104-9-бап. Салық ставкалары

1. Әлеуметтік салықты заңды тұлғалар қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу
қорының 21 процент ставкасы бойынша төлейді.

1 - 1 . < * >

2. Ақыл-ойы мен дене дамуы жөнінен кемістігі бар балалар мен
жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және еңбекпен оңалту орталығы әлеуметтік
салықты еңбекке ақы төлеу қорының 20,5 проценті ставкасы бойынша төлейді.

3. "Ардагер" зейнеткерлер кәсіпорындарының Республикалық бірлестігі,
сондай-ақ тек қана зейнеткерлер жұмыс істейтін, осы бірлестіктің меншігі болып
табылатын және оның қаражаттары есебінен құрылған өндірістік, оқу- өндірістік

ұйымдар; "SOS - Қазақстанның Балалар қалашықтары" Балалар қайырымдылық қоры, Қызыл Жарты ай және Қызыл Крест Қоғамы, Ауғанстандағы соғыс ардагерлерінің Қазақ республикалық ұйымы кәсіпорындарының Республикалық бірлестігі (өндірістік ұйымдарсыз), Ауғанстандағы соғыс мүгедектерінің Ерікті қоғамы (өндірістік ұйымдарсыз) еңбекке ақы төлеу қорының 7,5 процент ставкасы бойынша салық төлейді. Олар сауда-делдалдық қызметтен, акцизделетін тауарларды өндіруден және сатудан табыс тапқан жағдайда салық 8 процент ставка бойынша төленеді.

4. Қазақстан Республикасы мүгедектерінің ерікті қоғамы, Қазақ саңыраулар қоғамы, Қазақ зағиптар қоғамы, қызметкерлерінің жалпы санының кемінде 50 процентін мүгедектер құрайтын, осы қоғамдардың меншіктері болып табылатын және солардың қаражаттары есебінен құрылған өндірістік, оқу- өндірістік ұйымдар, асырауында балалары бар мүгедек аналардың "Бибі-Ана" республикалық қоғамы, мүгедектерді және психикалық-дене дамуы бұзылған балаларды қорғау жөніндегі "Ақ бота" Лига қоғамдық бірлестігі еңбекке ақы төлеу қорының 6,5 процент ставкасы бойынша төлейді.

Олар сауда-делдалдық қызметтен, акцизделетін тауарлар өндіру мен сатудан табыс тапқан жағдайда, салық 7 проценттік ставка бойынша төленеді.

5. Шаруа (фермер) қожалықтарын, сондай-ақ заңды тұлға құрмай патент негізінде кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғаларды қоспағанда, заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке адамдар әрбір қызметкері үшін айлық есептік көрсеткіштің 60 проценті, сондай-ақ осы Заңға сәйкес шегерім жасауға жатпайтын шығындарды қоспағанда, табыс алумен байланысты шығындарды алып тастағандағы айлық табыстың қосымша 10 проценті мөлшерінде әлеуметтік салық төлейді.

Заңды тұлға құрмай патент негізінде кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке адамдар әрбір қызметкер үшін айлық есептік көрсеткіштің 49 проценті, сондай-ақ патент құнын анықтау кезінде мәлімделген салық салынатын болып жорамалданған айлық табыстың қосымша 5 проценті мөлшерінде әлеуметтік салық төлейді.

Шаруа (фермер) қожалықтары шаруа (фермер) қожалығының әрбір қызметкері, басшысы және шаруа (фермер) қожалығының әрбір мүшесі үшін айлық есептік көрсеткіштің 20 проценті мөлшерінде әлеуметтік салық төлейді.

6 . < * >

ЕСКЕРТУ. 104-9-бап өзгерді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z990440_

Ескерту. 104-9-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.11.22. N 485 Заңымен. Z990485_

ЕСКЕРТУ. 104-9-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147

З а ң ы м е н .

Z 0 1 0 1 4 7 _

ЕСКЕРТУ. 104-9-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.05.03. N 183
Заңымен. Z010183_

104-10-бап. Салықты есептеу мен төлеу тәртібі

1. Әлеуметтік салық төлеу, жалақының төленуіне қарамастан, бірақ келесі айдың 15-інен кешіктірілмей, айдың екінші жартысы үшін жалақы төлеуге белгіленген мерзімде ай сайын жүргізіледі.

Бірыңғай жер салығын төлеушілер бірыңғай жер салығын төлеу үшін осы Заңда белгіленген мерзімдерде есепті кезеңнің әрбір айына әлеуметтік салық т ө л е й д і .

1-1. Мемлекеттік мекемелер есепті кезең ішінде аударған салық сомасы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тағайындалған жұмысқа уақытша жарамсыздығы жөніндегі, жүкті болуы және бала тууы жөніндегі жәрдемақылар сомасына еңбекке ақы төлеу қорының 1,5 проценті шегінде азайтылады. Жұмысқа уақытша жарамсыздығы бойынша, жүктілігі мен бала тууы бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тағайындалған жәрдемақылардың есепті кезеңнің еңбекке ақы төлеу қорының 1,5 процентінен асатын сомасы келесі есепті кезеңдерге ауыстырылады және осы тармақта белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекемелер есептеген соманы азайтады.

2. Әлеуметтік салық бойынша декларация тоқсаннан кейінгі айдың 15-і күнінен кешіктірілмей тапсырылады.

Бірыңғай жер салығын төлеушілер бірыңғай жер салығы бойынша декларация табыс ету үшін осы Заңда белгіленген мерзімдерде әлеуметтік салық бойынша декларация табыс етеді.

Занды тұлғаның шешімі бойынша оның филиалдары, өкілдіктері және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері декларацияны оның орналасқан орны бойынша аумақтық салық органына ұсынуы және салық төлеуді дербес жүзеге а с ы р у ы м ү м к і н .

3. Есептелген шекте төленген салық сомасы шегеріске жатқызылады.

Ескерту. 104-10-бап 1-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 Заңымен. Z990356_

ЕСКЕРТУ. 104-10-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z990440_

Ескерту. 104-10-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.11.22. N 485 Заңымен. (өзгерістерді қолдану тәртібін 2-баптан қараңыз) Z990485_

Ескерту. 104-10-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

104-11-бап. Әлеуметтік салық бойынша есепті кезең

Әлеуметтік салық бойынша бюджетпен нақтылы есеп айырысу жөніндегі есепті кезең күнтізбелік ай болып табылады.

VI-III Бөлім. <*>

Ескерту. VI-III Бөлім алып тасталды - Қазақстан Республикасының 1999.03.31 . N 356 Заңымен. Z990356_

V I I б ө л і м

ЖЕР САЛЫҒЫ

25-тарау. ЖЕР САЛЫҒЫ ЖӨНІНДЕГІ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

105-бап. Салық салу объектісі

1. Жер учаскесі салық салу объектісі болып табылады.

2. М ы н а л а р :

- 1) ауыл шаруашылығы мақсатындағы;
- 2) елді мекендердегі;
- 3) өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге мақсаттағы;
- 4) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы жерлер;
- 5) о р м а н қ о р ы н ы ң ;
- 6) су қорының жері салық салу объектілері болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 105-баптың 2-тармақтың 4-тармақшасы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 заңымен.

106-бап. Жер салығын төлеушілер

Бірыңғай жер салығын төлеушілерді қоспағанда, меншігінде, тұрақты пайдалануында немесе бастапқы өтеусіз уақытша пайдалануында жер учаскесі бар заңды тұлғалар (оның ішінде резидент еместер), олардың филиалдары, өкілдіктері және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері және жеке тұлғалар жер салығын төлеушілер болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 106-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 106-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 355 заңымен. Z990355_

ЕСКЕРТУ. 106-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z990440_

107-бап. Салық салу принциптері

1. Жер салығының мөлшері жер учаскесінің сапасына, орналасу өңіріне және сумен қамтамасыз етілуіне қарай анықталады және жер иесі мен жерді пайдаланушының шаруашылық және өзге де қызметінің нәтижесіне байланысты б о л м а й д ы .

2. Жер салығы жер алаңының бірлігі үшін жыл сайынғы тіркелген төлем түрінде белгіленеді.

3. Басқа мемлекеттерге берілген жер учаскесін пайдаланғаны үшін салық

салудың тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының осы мемлекеттермен жасасқан шарттарымен анықталады.

4. 108, 112 және 114-баптар бойынша жер салығының негізге алынатын ставкаларына Қазақстан Республикасының Үкіметі жыл сайын белгілеп отыратын коэффициент қолданылады.

ЕСКЕРТУ. 107-бап 4-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 заңымен.

26-тарау. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЖЕРГЕ САЛЫНАТЫН САЛЫҚ

108-бап. Жер салығының базалық ставкасы

1. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге салынатын жер салығының базалық ставкалары, 1 гектар есебімен белгіленіп, топырақ сапасы бойынша с а р а л а н а д ы .

2. Далалық және қуаң далалық аймақтардың кәдімгі және оңтүстік қара топырақты, күңгірт қызыл қоңыр және қызыл қоңыр топырақты жазықтағы аумақтары жерлеріне, сондай-ақ тау бөктерлеріндегі күңгірт (сұрғылт қоңыр), қызыл қоңыр (қоңыр), сұр топырақты және тау бөктерлеріндегі қара топырақты аумақтарға бонитет балына бара-бар жер салығының мынадай базалық ставкалары белгіленеді:

| Бонитет балы | Салықтың базалық ставкасы, т е ण г е м е н |
|-------------------------|---|
| 1 - 1 0 | 0 , 2 5 - 1 , 2 5 |
| 1 1 - 2 0 | 1 , 5 0 - 2 , 5 0 |
| 2 1 - 3 0 | 2 , 7 5 - 5 , 0 0 |
| 3 1 - 4 0 | 7 , 5 0 - 1 2 , 5 0 |
| 4 1 - 5 0 | 1 5 , 0 0 - 2 0 , 0 0 |
| 5 1 - 6 0 | 2 2 , 5 0 - 2 7 , 5 0 |
| 6 1 - 7 0 | 3 0 , 0 0 - 4 2 , 5 0 |
| 7 1 - 8 0 | 4 5 , 0 0 - 5 7 , 5 0 |
| 8 1 - 9 0 | 6 0 , 0 0 - 7 5 , 0 0 |
| 9 1 - 1 0 0 | 7 7 , 5 0 - 1 0 0 , 0 0 |
| 1 0 0 - д е н а р т ы қ | 1 0 5 , 0 0 |

3. Жартылай шөлейт, шөлейт және тау бөктеріндегі шөлейт аумақтардағы бозғылт қызыл қоңыр, қоңыр, сұр қоңыр, бозғылт және кәдімгі сұр топырақты, сондай-ақ таулы-далалық, таулы шалғындық-далалық және таулы альпілік және субальпілік топырақты таулы аумақтардағы жерлерге бонитет балына бара-бар жер салығының мынадай базалық ставкалары белгіленеді:

| Бонитет балы | Салықтың базалық ставкасы, теңгемен |
|-------------------------|--|
| 1 - 1 0 | 0 , 2 5 - 0 , 5 0 |
| 1 1 - 2 0 | 0 , 7 5 - 2 , 5 0 |
| 2 1 - 3 0 | 2 , 7 5 - 5 , 0 0 |
| 3 1 - 4 0 | 5 , 2 5 - 7 , 5 0 |
| 4 1 - 5 0 | 7 , 7 5 - 1 0 , 0 0 |
| 5 1 - 6 0 | 1 0 , 2 5 - 1 2 , 5 0 |
| 6 1 - 1 0 0 | 1 2 , 7 5 - 2 5 , 0 0 |
| 1 0 0 - д е н а р т ы қ | 2 6 , 0 0 |

4. Азаматтарға жеке қосалқы шаруашылық жүргізу, бағбандық, бақша өсіру және саяжай салу үшін берілген жерлерге, оның ішінде қосалқы құрылыстар орналасқан жерлерге салықтың базалық ставкасы, теңгемен мынадай мөлшерде белгіленеді:

0,50 гектарға дейінгі жер алаңына - 0,01 гектар үшін 20 теңге;

0,50 гектардан асатын жер алаңына - 0,01 гектар үшін 100 теңге;

ЕСКЕРТУ. 108-бап өзгертілді және 4-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 заңымен.

ЕСКЕРТУ. 108-баптың 4-тармағы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 355 заңымен. Z990355_

ЕСКЕРТУ. 108-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z 9 9 0 4 4 0 _

ЕСКЕРТУ. 108-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

109-бап. Салық ставкасын айқындау

Жергілікті өкілді органдар өз құзыры шегінде жер учаскесінің орналасқан өңіріне, оның сумен қамтамасыз етілуіне, шаруашылық жүргізудің өндірістік және басқа жағдайларына байланысты жер салығының базалық ставкасын азайтуға немесе көтеруге құқылы, бірақ 20 проценттен артық көтермеуге тиіс.

110-бап. Ауыл шаруашылығы үшін пайдаланылып жүрген ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған жерлерге салынатын салық

Елді мекендердің, өнеркәсіп, көлік, байланыс, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері, орман және су қорлары жерінің құрамына кіретін ауыл шаруашылығы үшін пайдаланылып жүрген учаскелерге осы Заңның 108 және

109-баптарында көзделген тәртіп пен шарт бойынша салық салынады.

ЕСКЕРТУ. 110-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 заңымен.

27-тарау. ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІҢ ЖЕРЛЕРІНЕ САЛЫНАТЫН САЛЫҚ

111-бап. Салық салынатын алаң

Салық салынатын алаңға құрылыстар мен ғимараттар алып тұрған жер учаскелері, оларды ұстауға қажетті учаскелер, сондай-ақ, егер олар басқа азаматтар мен ұйымдарға берілмеген болса және жалпы пайдаланымдағы жерлер болмаса, санитарлық-қорғау аймақтары, техникалық және өзге де аймақтар енеді.

112-бап. Салықтың базалық ставкалары

1. Елді мекендердің жеріне салынатын салықтың базалық ставкасы бір шаршы метр алаңға есептеліп мынадай мөлшерде белгіленеді:

| Елді мекеннің түрі | Тұрғын емес құрылыстар, ғимараттар, оларды ұстауға арналған учаскелер, сондай-ақ объекттерінің санитариялық-қорғаныш аймақтары, техникалық және өзге де аймақтар алып жатқан жерге теңгемен салынатын салықтың базалық ставкасы | Жанындағы құрылыстары мен ғимараттарын қоса тұрғын үй қоры алып жатқан жерге теңгемен салынатын салықтың базалық ставкасы |
|--------------------|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Қ а л а л а р : | | |
| А л м а т ы : | 15,00 | 0,5 |
| А с т а н а | 10,00 | 0,5 |
| А қ т а у | 5,00 | 0,3 |
| А қ т ө б е | 3,50 | 0,3 |
| А т ы р а у | 4,25 | 0,3 |
| Т а р а з | 4,75 | 0,3 |

| | | |
|--------------------------------------|---|-----|
| Қарағанды | 5,00 | 0,3 |
| Қызылорда | 4,50 | 0,3 |
| Қостанай | 3,25 | 0,3 |
| Павлодар | 5,00 | 0,3 |
| Петропавл | 3,00 | 0,3 |
| Орал | 3,00 | 0,3 |
| Өскемен | 5,00 | 0,3 |
| Шымкент | 4,75 | 0,3 |
| Алматы облысы: | | |
| облыстық маңызы бар қалалар | 3,50 | 0,2 |
| аудандық маңызы бар қалалар | 3,00 | 0,2 |
| Ақмола облысы: | | |
| облыстық маңызы бар қалалар | 3,00 | 0,2 |
| аудандық маңызы бар қалалар | 2,60 | 0,2 |
| Облыстық маңызы бар басқа да қалалар | Облыс орталығы үшін белгіленген ставканың 85 проценті | 0,2 |
| Аудандық маңызы бар басқа да қалалар | Облыстық орталығы үшін белгіленген ставканың | 0,1 |

| 7 5 п р о ц е н т і |

| | | |
|-------------------|------|------|
| Поселкелер | 0,50 | 0,07 |
| Селолар (ауылдар) | 0,25 | 0,05 |

2. Астана, Алматы қалалары мен облыстық маңызы бар қалалар үшін үй маңындағы жер учаскелеріне салынатын салықтың базалық ставкасы, жанындағы құрылыстары мен ғимараттарын қоса алғанда тұрғын үй қоры алып жатқан жерлерді қоспағанда, мынадай мөлшерде белгіленеді:

0,1 гектарға дейінгі жер алаңына - 0,01 гектар үшін 20 теңге;
0,1 гектардан асатын жер алаңына - 0,01 гектар үшін 600 теңге.

Қалған елді мекендер үшін үй маңындағы жер учаскелеріне салынатын салықтың базалық ставкасы, жанындағы құрылыстары мен ғимараттарын қоса тұрғын үй қоры алып жатқан жерлерді қоспағанда, мынадай мөлшерде белгіленеді:

0,50 гектарға дейінгі жер алаңына - 0,01 гектар үшін 20 теңге;
0,50-ден асатын жер алаңына - 0,01 гектар үшін 100 теңге;

2-1. Астана, Алматы қалаларының, облыс орталықтары мен облыстық маңызы бар қалалар шегіне енгізілген елді мекендер үшін, осы қалалардың шекарасы өзгеруіне байланысты, жанындағы құрылыстар мен құрылыстарды қоса, тұрғын үй қоры алып жатқан жерден басқа, үй жанындағы 0,1 гектардан асатын жер учаскелеріне жер салығының ставкасын жергілікті өкілді органдар 0,01 гектар үшін 20 теңгеден 600 теңгеге дейінгі мөлшерде белгілейді.

3. Елді мекендердің Қазақстан Республикасының базарларында тауарлар сату құқығы үшін алым алынатын қызметті жүзеге асыруға, автотұрақтарға, май құю станцияларына бөлінген жеріне тұрғын емес құрылыстар, ғимараттар, оларды ұстауға қажетті учаскелер, сондай-ақ объектілердің санитариялық-қорғаныш аймақтары, осы баптың 1-тармағында көзделген техникалық және өзге де аймақтар алып жатқан жерлердің базалық ставкалары бойынша 2 еседен 10 есеге дейін ұлғайтылған салық салынады.

Ставкаларды ұлғайтудың нақты мөлшерін жергілікті өкілді органдар белгілейді.

ЕСКЕРТУ. 112-баптың 1-тармағы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1997.12.08.N 200 Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 112-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 355 заңымен. Z990355_

Ескерту. 112-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 Заңымен. Z990356_

ЕСКЕРТУ. 112-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440

З а ң ы м е н .

Z 9 9 0 4 4 0 _

ЕСКЕРТУ. 112-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147
Заңымен. Z010147_

113-бап. Салық ставкасын анықтау

1. Елді мекендердің жеріне салынатын салық ставкасын әрбір жер иеленуші мен жер пайдаланушыға осы Заңның 112-бабында белгіленген базалық ставкаларға және осы баптың 4-тармағының шарттарына қарай жергілікті өкілді органдар анықтайды. Аудандарға бөлінетін қалаларда салық ставкасын қалалық өкілді өкімет органдары анықтайды.

2 .

< * >

3. Елді мекеннің шегінде, бірақ игерілген аумақтардан тысқары орналасқан өнеркәсіп, көлік, байланыс және өзге де ауыл шаруашылық мақсатындағы емес (шахталарды, карьерлерді және олардың санитариялық-қорғаныш, техникалық және өзге аймақтарын қоса) жерлерге 112-бапта көзделген базалық ставкалар бойынша жетпіс процентке дейін төмендетілген салық салынады. Төмендетудің нақты мөлшері жергілікті өкілді органдар белгілейді.

4. Жергілікті өкілді органдар учаскенің көлік қатынауына қолайлылығына, сәулет-көркемдік және құрылыс салудың ландшафтық құндылығына, айналадағы ортаның, микроклиматтық және санитарлық-гигиеналық жағдайына, аумақтық табиғи күштердің қиратушы әсеріне ұшырауына, халыққа мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету орталықтарының өркендеуіне және басқа да факторларға байланысты жер салығының базалық ставкасын 20 проценттен асырмай азайтуға немесе арттыруға құқылы.

ЕСКЕРТУ. 113-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1
з а ң ы м е н .

ЕСКЕРТУ. 113-баптың 2-тармағы алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 355 заңымен. Z990355_

ЕСКЕРТУ. 113-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147
Заңымен. Z010147_

28-тарау. ӨНЕРКӘСІП, КӨЛІК, БАЙЛАНЫС, ҚОРҒАНЫС ЖӘНЕ БАСҚА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МАҚСАТЫНА АРНАЛМАҒАН ЖЕРГЕ САЛЫНАТЫН САЛЫҚ

114-бап. Салықтың базалық ставкалары

1. Базалық салық ставкалары елді мекендерден тыс орналасқан өнеркәсіп, көлік, байланыс және басқа ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған жерлер үшін бір гектарға есептеліп бонитеттің балына бара-бар мынадай мөлшерде белгіленеді:

Бонитет балы

Салықтың базалық ставкасы,
теңгемен

| | |
|-------------------------|-------------------|
| 0 - 1 0 | 2 5 - 2 5 0 |
| 1 1 - 2 0 | 2 7 5 - 5 6 2 |
| 2 1 - 3 0 | 5 9 0 - 8 2 5 |
| 3 1 - 4 0 | 8 5 3 - 1 0 7 5 |
| 4 1 - 5 0 | 1 1 0 2 - 1 3 3 8 |
| 5 1 - 6 0 | 1 3 6 5 - 1 6 2 5 |
| 6 1 - 7 0 | 1 6 5 2 - 1 9 2 5 |
| 7 1 - 8 0 | 1 9 5 3 - 2 2 3 8 |
| 8 1 - 9 0 | 2 2 6 5 - 2 5 5 0 |
| 9 1 - 1 0 0 | 2 5 7 8 - 2 9 5 0 |
| 1 0 0 - д е н а с т а м | 3 0 0 0 |

2. Салық төлеушілер алып отырған жер учаскелеріне бонитет балын анықтау мүмкін болмаған жағдайда жер салығының мөлшері аралас орналасқан жер бонитеті балын негізге ала отырып анықталады.

ЕСКЕРТУ. 114-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

115-бап. салықтың базалық ставкасын анықтау

Аудандық өкілді органдардың салықтың базалық ставкасын учаскенің орналасқан өңіріне коммуникациялар болуына және басқа факторларға қарай 20 проценттен асырмай азайтуға немесе арттыруға құқығы бар.

ЕСКЕРТУ. 115-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

116-бап. Қорғаныс мұқтажы үшін берілген жерге салынатын салық

1. Қорғаныс мұқтажы үшін берілген жерлерге, Қазақстан Республикасының жер заңдарына сәйкес басқа жер пайдаланушылар уақытша пайдаланып отырған жерлерден басқасына, осы Заңның 114-бабында көзделген базалық ставкаларға с ә й к е с с а л ы қ с а л ы н а д ы .

2. Қорғаныс мұқтажына уақытша пайдаланылмайтын және ауыл шаруашылық мақсаты үшін басқа жер пайдаланушыларға берілген жерлер осы Заңның 108 және 109-баптарында көзделген тәртіп пен шарттар негізінде салық с а л у ғ а ж а т а д ы .

3. Қорғаныс мұқтажы үшін берілген жер үшін салық төлету тәртібі мен шарттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайды.

29-тарау. ЕРЕКШЕ ҚОРҒАЛАТЫН ТАБИҒИ АУМАҚТАРДАҒЫ ЖЕРЛЕРГЕ САЛЫНАТЫН САЛЫҚ

117-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы жерлерге салынатын салық

Заңды және жеке тұлғаларға иелену немесе пайдалану үшін берілген ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы жерлерге салық салынуға тиіс.

ЕСКЕРТУ. 117-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 заңымен.

118-бап. Салық төлету тәртібі мен шарттары

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы жерлердің құрамына кіретін ауыл шаруашылық мақсатына пайдаланылатын учаскелер осы Заңның 108 және 109-баптарында көзделген тәртіп пен шарттар негізінде салық салуға жатады.

2. Сауықтыру және қалпына келтіру мақсатындағы жерлердің құрамына кіретін, заңды және жеке тұлғалардың иеленуіне немесе өзге мақсат үшін пайдалануына берілген учаскелер, ауыл шаруашылық мақсатына пайдаланылатынынан басқасы, осы Заңның 114 және 115-баптарында көзделген тәртіп пен шарттар негізінде салық салуға жатады.

ЕСКЕРТУ. 118-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 заңымен.

30-тарау. ОРМАН ҚОРЫНЫҢ ЖЕРЛЕРІНЕ САЛЫНАТЫН САЛЫҚ

119-бап. Салық салуға жататын орман қорының жерлері

О р м а н қ о р ы н ы ң :

- 1) ауыл шаруашылығы мақсаты үшін пайдаланылатын;
- 2) орман шаруашылығы органдарының үйлері, ғимараттары және басқа да объектілері тұрған ;
- 3) ағаш дайындаушы кәсіпорындардың пайдалануына берілген жерлері салық салуға жатады.

120-бап. Салық төлету тәртібі мен шарттары

1. Орман қоры жерлерінің құрамына кіретін және ауыл шаруашылығы мақсатына пайдаланылатын учаскелер осы Заңның 108 және 109-баптарында көзделген тәртіп пен шарттар негізінде салық салуға жатады.

2. Орман шаруашылығы органдарының үйлері, ғимараттары және басқа объектілері тұрған орман қоры жерлері осы Заңның 114 және 115-баптарында көзделген тәртіп пен шарттар негізінде салық салуға жатады.

3. Орман қоры жерлеріне салынатын салық ағаш дайындау үшін пайдалануға арналып игерілген әрбір орман алқабынан орманды пайдалану кезеңіне белгіленеді және оны пайдаланғаны үшін төлемақы құрамында өсіп тұрғанда босатылатын ағаштың кесімді құнының бес проценті мөлшерінде төлетіледі.

31-тарау. СУ ҚОРЫНЫҢ ЖЕРЛЕРІНЕ САЛЫНАТЫН САЛЫҚ

121-бап. Салық салуға жататын су қорының жерлері

С у қ о р ы н ы ң :

- 1) ауыл шаруашылық мақсаты үшін пайдаланылатын;
- 2) су шаруашылығы органдарының үйлері, ғимараттары және басқа объектілері тұрған жерлері салық салуға жатады.

122-бап. Салық төлету тәртібі мен шарттары

1. Су қоры жерлерінің құрамына кіретін және ауыл шаруашылық мақсатына пайдаланылатын учаскелер осы Заңның 108 және 109-баптарында көзделген тәртіп пен шарттар негізінде салық салуға жатады.

2. Су шаруашылығы органдарының үйлері, ғимараттары және басқа объектілері тұрған су қорының жерлері осы Заңның 114 және 115-баптарында көзделген тәртіп пен шарттар негізінде салық салуға жатады.

Ескерту. 122-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 1995.12.21. N 2703 жарлығымен.

32-тарау. ЖЕР САЛЫҒЫ БОЙЫНША ЖЕҢІЛДІКТЕР

123-бап. Салық төлеуден босату

1. Қорға деп сақталған жерлер және әдетте, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы, орман және су қорының жерлері, осы Заңның 117, 119, 121-баптарында көрсетілген жерлерден басқасына, салық салуға жатпайды.

2 . М ы н а д а й :

- 1) елді мекендердің жалпы пайдаланымындағы;
- 2) жалпы пайдаланымдағы мемлекеттік автомобиль жолдарының желілері а л ы п ж а т қ а н ;

3) < * >

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша тұмшаланып отырған объектілері алып жатқан;

5) "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағы аумағындағы құрылыс жүзеге асырылатын немесе аталған аймақ жұмыс істеп тұрған кезеңде онда инфрақұрылым объектілері, әкімшілік және тұрғын үй кешендері салынған жер учаскелерінен салық алынбайды.

3 . Ж е р с а л ы ғ ы н т ө л е у д е н :

1) балаларды сауықтыру мекемелері, қорықтар, ұлттық, дендрологиялық және зоологиялық парктер, ботаника бақтары, зираттар;

2) мемлекеттік мекемелер;

2-1) қызметінің негізгі түрі ғылым және кітапхана қызметін көрсету саласындағы жұмыстарды орындау болып табылатын мемлекеттік кәсіпорындар;

2-2) ғылыми кадрларды мемлекеттік аттестаттау саласындағы міндеттерді жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорын;

2-3) қызметінің негізгі түрі театр-ойын-сауық және (немесе) концерттік

шараларды жүзеге асыру, тарихи-мәдени құндылықтарды сақтау жөнінде, балаларды, қарттар мен мүгедектерді әлеуметтік қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру саласында, спорт саласында қызметтер көрсету болып табылатын мемлекеттік кәсіпорындар;

3) Қазақстан Республикасы мүгедектерінің ерікті қоғамы, Қазақ зағиптар қоғамы, Қазақ саңыраулар қоғамы, Ақыл-есі мен дене бітімінің кемістігі бар балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және еңбек ету қабілетін қалпына келтіру орталығы, Ауғанстан соғысы ардагерлерінің Қазақ республикалық ұйымы (кәсіпорындарсыз) Қазақстан Республикасының Қызыл Жарты Ай және Қызыл крест ұлттық қоғамы (кәсіпорындарсыз) және балалардың қайырымдылық қорлары (кәсіпорындарсыз);

4) мүгедектер жалпы қызметкерлер санының кемінде 50 процентін құрайтын өндірістік кәсіпорындар мен ұйымдар - есепті кезеңде алынған табыстың кемінде 50 процентін мүгедектерге әлеуметтік қорғауға нақтылы пайдаланған жағдайда;

5) Қазақстан Ұлттық Банкі оның филиалдары, өкілдіктері және ұйымдары;

6) ауыл шаруашылық мақсаты үшін иеленуге немесе пайдалануға бүлінген немесе өнімділігі аз жерлерді алған Қазақстан Республикасының заңды және жеке тұлғалары, пайдаланудың алғашқы он жылында;

6-1) "Байқоңыр" кешені объектілерінің мүлкі негізінде құрылған республикалық мемлекеттік кәсіпорын "Байқоңыр" кешеніне енгізілген жер учаскелері бойынша;

7) осы Заңның 34-бабының 4-тармағына сәйкес табыс салығы бойынша жеңілдіктерді пайдаланатын жеке тұлғалар;

8) салық төлеушілер инвестициялар жөніндегі уәкілетті органмен жасалған келісім-шартқа сәйкес келісім-шарт жасалған кезден бастап 5 жылға дейінгі мерзімге жер салығын төлеуден босатылуы мүмкін;

Жер салығы жөнінде жеңілдіктер берудің нақты мерзімі келісім-шартта әрбір салық төлеуші бойынша және негізгі капитал мен экономиканың басым секторына инвестициялардың көлеміне қарай белгіленеді.<*>

Аталған жеңілдік сәйкестендіріліп берілген келісім-шарт бұзылған жағдайда жер салығы осы Заңда көзделген тиісті айыппұл санкциялары қолданыла отырып, салық төлеушінің бүкіл қызмет ету кезеңіне есептелуге және бюджетке енгізілуге тиіс.

9) түзеу мекемелері, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі түзеу мекемелерінің республикалық мемлекеттік кәсіпорындары;

10) мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту, жалпы бастауыш, жалпы негізгі, жалпы орта, кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта, кәсіптік жоғары білім беру саласында медициналық көмек (косметологиялық қызмет көрсетуді қоспағанда)

және (немесе) білім беру қызметін көрсетуге байланысты жұмысты қызметтің осы түрлерін жүргізуге құқық беретін тиісті лицензиялар бойынша жүзеге асыратын ұйымдар, осындай қызметтен алынатын табысы жылдық жиынтық табыс көлемінің кем дегенде 50 процентін құраған жағдайда босатылады.

4. Осы баптың 3-тармағының 1)-5), 9), 10) тармақшаларында аталған заңды тұлғалар жерге салынатын салықтан оны пайдалануға немесе жалға берген кезде б о с а т ы л м а й д ы .

Ескерту. 123-баптың 3-тармағы 7-тармақшамен толықтырылсын - ҚР Президентінің 1996.01.26. N 2827 жарлығымен.

123-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 1995.12.21. N 2703 ж а р л ы ғ ы м е н .

ЕСКЕРТУ. 123-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 з а ң ы м е н .

ЕСКЕРТУ. 123-баптың 3-тармағы 10-тармақшамен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1997.02.28. N 76-I Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 123-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 154 З а ң ы м е н .

ЕСКЕРТУ. 123-бап 4-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 123-баптың 2-тармағы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 Заңымен. Z980255_

ЕСКЕРТУ. 123-баптың 3-тармағының 2)-тармақшасы өзгертілді және 9)-10)-тармақшалармен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.12.24. N 333 З а ң ы м е н . Z 9 8 0 3 3 3 _

ЕСКЕРТУ. 123-баптың 3-тармағы толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 355 заңымен. Z990355_

ЕСКЕРТУ. 123-баптың 3-тармағы толықтырылды және өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 заңымен. Z990356_

ЕСКЕРТУ. 123-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 З а ң ы м е н . Z 9 9 0 4 4 0 _

ЕСКЕРТУ. 123-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.08.02. N 466 З а ң ы м е н . Z 9 9 0 4 6 6 _

Ескерту. 123-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.11.22. N 485 З а ң ы м е н . Z 9 9 0 4 8 5 _

Ескерту. 123-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 З а ң ы м е н . Z 9 9 0 4 9 2 _

ЕСКЕРТУ. 123-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 З а ң ы м е н . Z 0 1 0 1 4 7 _

ЕСКЕРТУ. 123-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.06.11. N 207

З а ң ы м е н .

Z 0 1 0 2 0 7 _

ЕСКЕРТУ. 123-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 2001.07.05. N 223 - II Заңымен.

Z 0 1 0 2 2 3 _

ЕСКЕРТУ. 123-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.07.16. N 244 Заңымен. Z010244_

33-тарау. ЖЕР САЛЫҒЫН ЕСЕПТЕУ МЕН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

124-бап. Салықты есептеу

1. Заңды тұлғалар ақы төлеуге жататын жер салығының мөлшерін дербес есептейді және жыл сайын, ағымдағы жылдың бірінші шілдесінен кешіктірмей, өзі тұрған жердегі аумақтық салық органдарына әрбір жер учаскесі бойынша есептелетін салықтың декларациясын беріп отырады. Жаңадан бөлінген жер учаскелері бойынша салық сомасының есебі олар берілген сәттен бастап бір ай і ш і н д е та б ы с е т і л е д і .

2. Азаматтарға жер салығын есептеуді аумақтық салық органдары жүргізіп, ағымдағы жылдың бірінші тамызынан кешіктірмей оларға салықты төлеу туралы төлем хабарламасын тапсырып отырады.

3. Төлеушілердің есебін алу және жер салығын есептеу жыл сайын ағымдағы жылдың бірінші маусымындағы жағдай бойынша жүргізіледі.

4. Заңды және жеке тұлғалардан алынатын жер салығы оларға жер учаскесі берілген айдан кейінгі айдан бастап есептеледі.

ЕСКЕРТУ. 124-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 заңымен.

Ескерту. 124-бап 1,2-тармақтары өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 Заңымен. Z990356_

125-бап. Салық төлеу тәртібі

1. Жер салығын ауыл шаруашылық жер иеленушілер мен жер пайдаланушылар және жеке тұлғалар - жер учаскелерінің иелері ағымдағы жылдың бірінші қазанынан кешіктірмей төлейді.

Ауыл шаруашылығына арналмаған жерді пайдаланушы - заңды тұлғалар жер салығын ағымдағы жылдың жиырмамыншы ақпанында, жиырмамыншы мамырында, жиырмамыншы тамызында және жиырмамыншы қарашасында тең ү л е с п е н тө л е й д і .

Салықтарды төлеу жер учаскелері орналасқан жерде жүргізіледі.

2. Жер учаскесін иелену құқығы немесе пайдалану құқығы тоқтатылған жағдайда жер салығы учаскені пайдаланудың нақты мерзімі үшін төленеді. Артық төленген салық сомасы төлеушінің жазбаша өтініші бойынша оған қ а й т а р ы л а д ы .

Ескерту. 125-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 1995.12.21. N 2703 жарлығымен.

ҮІІ-І Бөлім. Бірыңғай жер салығы

ЕСКЕРТУ. Жаңа ҮІІ-І бөліммен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z990440_

33-1-тарау. Бірыңғай жер салығы бойынша жалпы ережелер

125-1-бап. Салық төлеушілер

Жер пайдалану құқығында жер учаскелері бар шаруа (фермер) қожалықтары бірыңғай жер салығын төлеушілер болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 125-1-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

125-2-бап. Салық салынатын объекті

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен айқындалатын жер пайдалану құқығындағы жер учаскесінің бағалау құны салық салынатын объекті болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 125-2-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

33-2-тарау. Салық төлеу

125-3-бап. Салық ставкасы

Бірыңғай жер салығы осы Заңның 125-4-бабында көзделген тәртіппен және шарттарда жер пайдалану құқығындағы жер учаскесін бағалау құнының 0,1 процент ставкасы бойынша жыл сайын төленеді.

ЕСКЕРТУ. 125-3-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

125-4-бап. Салықты есептеу, төлеу және декларация тапсыру тәртібі

1. Салық төлеушілер бірыңғай жер салығын жерді пайдалану құқығындағы жер учаскесінің бағалау құнын және салық ставкасын ескере отырып есептейді.

2. Бірыңғай жер салығы жер учаскесінің орналасқан жері бойынша тиісті бюджетке екі мерзімде - ағымдағы есепті кезеңнің 20 қазанынан және есепті кезеңнен кейінгі жылдың 20 наурызынан кешіктірілмей төленеді.

Бірыңғай жер салығын төлеушілер төлемнің бірінші мерзімінде ағымдағы есепті кезеңде есептелген бірыңғай жер салығы жалпы сомасының кемінде 1/2 бөлігін төлейді. 20 қазаннан кейін құрылған бірыңғай жер салығын төлеушілер ағымдағы есепті кезең үшін төленуге тиіс салықтың жалпы сомасын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 20 наурызынан кешіктірілмейтін мерзімде төлейді.

Декларация бойынша бірыңғай жер салығының қалдық сомасын төлеу есепті кезеңнен кейінгі жылдың 20 наурызынан кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі.

3. Салық төлеушілер жер учаскесінің орналасқан жері бойынша аумақтық салық органдарына есепті кезең үшін бірыңғай жер салығы бойынша декларацияны есепті кезеңнен кейінгі жылдың 15 наурызынан кешіктірілмейтін мерзімде тапсырады.

Ағымдағы есепті кезеңге арналған тиісті құжаттармен бірге салық сомасының есебі де ағымдағы жылдың 15 наурызынан кешіктірілмей тапсырылады.

Декларацияның және салық сомасы есебінің нысанын, оларды толтыру тәртібін, сондай-ақ салық есебімен бірге тапсырылатын тиісті құжаттардың тізбесін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілейді.

Жаңадан құрылған салық төлеушілер ағымдағы есепті кезеңге арналған қосымшаларымен бірге салық бойынша есепті жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік алған кезде тапсырады.

Салық төлеушілер қызметін тоқтатқан кезде бірыңғай жер салығын төлеу бойынша декларацияны жер учаскесінің орналасқан жері бойынша аумақтық салық органына қызметтің тоқтатылғаны туралы шешім қабылданған кезден бастап 15 күн мерзімде тапсырады.

4. Салық төлеушілер жер учаскесін жер пайдалану құқығында иеленудің нақты кезеңі үшін (салық салу объектісінің өзгерістерін ескере отырып) бірыңғай жер салығын есептейді және төлейді.

5. Шаруа (фермер) қожалығы жер учаскесін басқа шаруа (фермер) қожалығына кейінгі пайдалануға берген кезде тараптардың әрқайсысы жер учаскесін иеленудің нақты кезеңі үшін бірыңғай жер салығын есептейді және төлейді.

6. Шаруа (фермер) қожалығы жер учаскесін кейінгі пайдалануға бірыңғай жер салығын төлеуші болып табылмайтын басқа салық төлеушіге берген кезде, берілген жер учаскесі бойынша бірыңғай жер салығын жалға беруші төлейді.

7. Осы баптың 5 және 6-тармақтарында белгіленген жағдайларда жалға беруші жер учаскелерін жалға беруден алынған табыстар бойынша тиісті салық пен бюджетке төлемдерді жалпы белгіленген тәртіппен төлейді. Жер учаскесін иеленудің нақты кезеңін айқындау үшін жер учаскесін жалға беру жүргізілген ай жалға берушінің иелену кезеңіне қосылады.

ЕСКЕРТУ. 125-4-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

125-5-бап. Бірыңғай жер салығы бойынша есепті кезең

Бірыңғай жер салығы бойынша бюджетпен іс жүзінде есеп айырысу жөніндегі есепті кезең салық жылы болып табылады.

V I I I

б о л і м

КӨЛК ҚҰРАЛДАРЫНА САЛЫНАТЫН САЛЫҚ

34-тарау. КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫНА САЛЫНАТЫН САЛЫҚ ЖӨНІНДЕГІ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

126-бап. Салық төлеушілер

Мемлекет есебінде тұрған, меншік иесі, меншікті сенім білдіріп басқару, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы көлік құралдары бар заңды және жеке тұлғалар көлік құралдарына салынатын салықты төлеушілер б о л ы п т а б ы л а д ы .

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін көлік құралдарына қажеттілік нормативтері шегінде бірыңғай жер салығын төлеушілер көлік құралдарына салық төлеушілерге жатпайды. Қажеттіліктің белгіленген нормативтерінен жоғары көлік құралдары бойынша салық осы бөлімге сәйкес т ө л е н е д і .

ЕСКЕРТУ. 126-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z990440_

127-бап. Салық салынатын объектілер

Осы Заңның 128-бабында атап көрсетілген, Қазақстан Республикасының аумағындағы көлік құралдарының барлық түрі салық салынатын объектілер болып табылады.

35-тарау. САЛЫҚ ТӨЛЕУ

128-бап. Салық ставкалары

1. Көлік құралдарына салынатын салық жылына бір рет төленіп отырады және айлық есептік көрсеткіштен мынадай ставкалар бойынша есептеледі:

| Салық салынатын объект | Салық мөлшері (айлық есептік көрсеткішпен) |
|--|--|
| 1. Жеңіл автомобильдер:<*> | |
| қоса алғанда 1100<*>) -ге дейін | 4,0 |
| 1100-ден жоғары - 1500-ді қоса алғанда | 6,0 |
| 1500-ден жоғары - 2000-ды қоса алғанда | 7,0 |
| 2000-нан жоғары - 4000-ды қоса алғанда | 22,0 |
| 4000-нан жоғары | 117,0 |
| 2. Жүк автомобильдері: | |
| жүк көтерімділігі | |
| 1,5 тоннаға дейін | 9,0 |
| жүк көтерімділігі | |
| 1,5 тоннадан 5 тоннаға дейін | 12,0 |
| жүк көтерімділігі | |
| 5 тоннадан жоғары | |

| | |
|---|---|
| | 15,0 < * > |
| 3. Пайдаланылу мерзімі 6 жылдан асатын жеңіл автокөлік құралдары бойынша салық төлеудің белгіленген мерзімі аяқталғанға дейін мынадай түзету коэффициенттері қолданылады: | |
| ТМД елдері шығарған машиналар үшін: | |
| 6 жылдан 20 жылға дейін - | 0,3 |
| 20 жылдан 30 жылға дейін - | 0,2 |
| 30 жылдан астам - | 0,1 |
| двигателінің көлеміне қарай қалған машиналар үшін: | |
| 3000 текше сантиметрге дейін - | 0,5 |
| 3000-нан 4000 текше сантиметрге дейін - | 0,7 |
| 4000-нан және одан да жоғары - | 1,0<*> |
| | 3,0 |
| 4. Автобустар: | |
| 12 отыру орнына дейінгі | 9,0 |
| 12 отыру орнынан 25 отыру орнына дейінгі | 14,0 |
| 25 отыру орнынан жоғары | 20,0 |
| 5. Мотоциклдер, мотороллерлер, мотошаналар, шағын кемелер (двигателінің қуаты 55 кВт-тан кем). | 1,0 |
| 6. Катерлер, кемелер, буксирлер, баржалар, яхталар: | |
| 160<***>) дейін | 6,0 |
| 160-тан 500-ге дейін | 18,0 |
| 500-ден 1000-ға дейін | 32,0 |
| 1000-нан жоғары | 55,0 |
| 7. Ұшу аппараттары | Әр киловатт қуаттан айлық есептік көрсеткіштің 8,0 проценті |

<*> - двигательдің текше саниметрлік жұмыс көлемі;
 <***> - ат күші.

2. Двигателінің көлемі 1500-ден жоғары - қоса алғанда 2000 текше сантиметрге дейін болған кезде, 7 айлық есептік көрсеткіш ставкасы бойынша салық салынатын және двигатель көлемі 2000-нан жоғары - қоса алғанда 4000 текше сантиметрге дейін болғанда, 22 айлық есептік көрсеткіш ставкасы бойынша салық салынатын жеңіл автомобильдерге салық сомасы двигательдің аталған көлемінен асқан әр бірлік үшін 12 теңгеге ұлғайтылады.

3. Пайдаланылу мерзімі 6 жылдан асатын жеңіл автокөлік құралдары бойынша салық төлеудің белгіленген мерзімі аяқталғанға дейін мынадай түзету коэффициенттері қолданылады:

ТМД елдері шығарған машиналар үшін - 0,3;
двигателінің көлеміне қарай қалған машиналар үшін:
3000 текше сантиметрге дейін - 0,5;
3000-нан 4000 текше сантиметрге дейін - 0,7;
4000-нан және одан жоғары - 1,0.

4. Пайдаланылу мерзіміне байланысты ұшу аппараттарына салынатын салық ставкасына мынадай түзету коэффициенттері қолданылады:

1999 жылғы 1 сәуірден кейін сатып алынған ұшу аппараттарына:

5 жылға дейін пайдаланылғанына - 1,0;
5 жылдан 15 жылға дейін пайдаланылғанына - 2,0;
15 жылдан көп пайдаланылғанына - 3,0;

1999 жылғы 1 сәуірге дейін сатып алынған ұшу аппараттарына:

5 жылға дейін пайдаланылғанына - 1,0;
5 жылдан 15 жылға дейін пайдаланылғанына - 0,5;
15 жылдан көп пайдаланылғанына - 0,3.

5. Көлік құралын пайдалану мерзімі техникалық паспортта (әуе кемесін жазғы пайдалану жөніндегі басшылықта) көрсетілген көлік құралының шығу кезінен бастап есептеледі.

Ескерту. 128-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 1995.12.21. N 2703 жарлығымен.

ЕСКЕРТУ. 128-бап өзгертілді және 2-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1997.12.08.N 200 Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 128-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 Заңымен. Z980255_

ЕСКЕРТУ. 128-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 355 заңымен. Z990355_

ЕСКЕРТУ. 128-бап өзгертілді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z990440_

ЕСКЕРТУ. 128-бап өзгертілді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2000.07.05. N 65 Заңымен. Z000065_

129-бап. Салық жөніндегі жеңілдіктер

Көлік құралдарына салынатын салықты төлеуден:

- 1) Қазақстан Республикасының Үкіметі тізбесін белгілейтін ауыл шаруашылығы өнімін мамандандырылған ауыл шаруашылық техникасымен өндірушілер, бірыңғай жер салығын төлеушілерді қоса алғанда;
- 2) жүк көтерімі 40 тоннадан асатын карьерлік автоаударғыштар;
- 3) бір автокөлік құралдары бойынша - меншігінде мотоколяскалар мен автомобильдері бар мүгедектері;
- 4) меншік құқығында бар бір автокөлік құралы бойынша - Кеңес Одағының Батырлары мен Социалистік Еңбек Ерлері, "Халық қаһарманы" атағы барлар, Даңқ орденінің үш дәрежесімен және "Отан" орденімен наградталғандар, "Алтын алқа" және "Ардақты ана" атағына ие болған көп балалы аналар;
- 5) Қазақстан Республикасы мүгедектерінің ерікті қоғамы, Қазақ зағиптар қоғамы, Қазақ саңыраулар қоғамы, Ақыл-есі мен дене бітімінің кемістігі бар балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және еңбек ету қабілетін қалпына келтіру орталығы, сондай-ақ осы қоғамдардың меншігі болып табылатын және олардың қаражаты есебінен салынған өндірістік кәсіпорындар, Ауғанстандағы соғысының ардагерлерінің Қазақ республикалық ұйымы (к ә с і п о р ы н д а р ы н с ы з) ;
- 6) қызметкерлерінің жалпы санының кемінде 50 проценті мүгедектерден тұратын өндірістік кәсіпорындар мен ұйымдар, мұнда алынған табыстың кемінде 50 проценті есепті кезеңде іс жүзінде мүгедектерді әлеуметтік қорғауға нақтылы п а й д а л а н ы л ғ а н ж а ғ д а й д а ;
- 7) Қазақстан Ұлттық Банкі оның филиалдары, өкілдіктері және ұйымдары;
- 8) мемлекеттік мекемелер және кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын көлік құралдары бойынша коммерциялық емес ұйымдар босатылады;
 - 8-1) мамандандырылған медициналық көлік құралдары;
 - 8-2) "Байқоңыр" кешені объектілерінің мүлкі негізінде құрылған республикалық мемлекеттік кәсіпорын "Байқоңыр" кешенінің объектілері болып табылатын көлік құралдары бойынша;
- 9) меншік құқығында бар бір автокөлік құралы бойынша - Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға теңестірілген адамдар;
- 10) ауылшаруашылық құрамасынан шығу нәтижесінде пай ретінде алған жүк автомобильдері мен автобустар бойынша жеке адамдар босатылады.

Ескерту. 129-бап толықтырылды - ҚР Президентінің 1995.12.21. N 2703 ж а р л ы ғ ы м е н .

ЕСКЕРТУ. 129-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 1 5 4 З а ң ы м е н .

ЕСКЕРТУ. 129-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1998.12.24. N 333

З а ң ы м е н . Z 9 8 0 3 3 3 _

Ескерту. 129-бап 8-1)-тармақшамен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 Заңымен. Z990356_

ЕСКЕРТУ. 129-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z 9 9 0 4 4 0 _

Ескерту. 129-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.11.22. N 485 Заңымен. Z 9 9 0 4 8 5 _

Ескерту. 129-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z 9 9 0 4 9 2 _

ЕСКЕРТУ. 129-бап өзгертілді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2000.07.05. N 65 Заңымен. Z000065_

130-бап. Салықты есептеу және төлеу тәртібі

1. Көлік құралдарына салынатын салықты салық төлеушілер салық ставкаларын ескере отырып, көлік құралдарының түрлеріне қарай есептейді.

2. Заңды тұлғалар көлік құралдарына салық бойынша декларацияны Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілеген нысан бойынша есепті жылдан кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей табыс етеді .

3. Көлік құралдарының иелері салықты ағымдағы жылдың 1 шілдесіне дейінгі мерзімде төлейді, ал көлік құралдары тіркелген және қайта тіркелген жағдайларда салық төлеу көлік құралдарының тіркелген және есепке алынған жері бойынша аталған әрекеттер аяқталғанға дейін жүргізіледі. Иесінің өзгеруіне немесе ағымдағы жылда Қазақстан Республикасы аумағында тұратын жерін ауыстыруына байланысты көлік құралдарын қайта тіркеген кезде салық екінші р е т т ө л е н б е й д і .

4. Жол полициясы органдары көлік құралдарын тіркеу, қайта тіркеу немесе техникалық жағынан тексеру кезінде көлік құралдарының иелерінен көлік құралдарына салықтың толық төленгенін растайтын құжатты талап етуге міндетті. Осы Заңның 128-бабында көзделген мөлшерде салықтың толық төленгенін растайтын құжат болмаған жағдайда тіркеу, қайта тіркеу немесе техникалық жағынан тексеру жүргізілмейді.

5. Көлік құралына меншік құқығынан айырылған кезде салық төлеушінің жыл ішінде төлеген салық сомасы қайтаруға жатпайды.

Ескерту. 130-бап толықтырылды - ҚР Президентінің 1995.12.21. N 2703 ж а р л ы ғ ы м е н .

ЕСКЕРТУ. 130-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 Заңымен. Z 9 8 0 2 5 5 _

ЕСКЕРТУ. 130-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 355 заңымен. Z990355_

МҮЛК САЛЫҒЫ**36-тарау. МҮЛК САЛЫҒЫНЫҢ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ****131-бап. Салық төлеушілер**

Меншік иесі, меншікті сенім білдіріп басқару, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы салық салу объектілері бар заңды тұлғалар (оның ішінде резидент еместер), олардың филиалдары, өкілдіктері және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері және жеке тұлғалар мүлік салығын төлеушілер болып табылады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін мүлікке қажеттілік нормативтері шегінде бірыңғай жер салығын төлеушілер мүлік салығын төлеушілерге жатпайды. Қажеттіліктің белгіленген нормативтерінен жоғары мүлік бойынша салық осы бөлімге сәйкес жалпы белгіленген тәртіппен төленеді.

Ескерту. 131-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 Заңымен. Z990356_

ЕСКЕРТУ. 131-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z990440_

132-бап. Салық салу объектілері

Салық салу объектілері:

1) кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды тұлғалар және жеке тұлғалардың заңды тұлға құрмай, көлік құралдарының салық салынатын көлік құралдарын қоспағандағы, амортизацияланатын активтерінің қалдық құны;

2) жеке тұлғалардың кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын, азаматтардың жеке пайдалануындағы, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан тұрғын үй-жайларының, саяжай құрылыстарының, гараждарының, өзге де құрылыстарының, ғимараттарының, үй-жайларының құны.

"Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағы жұмыс істеп тұрған кезеңінде оның аумағында салынған заңды тұлғалардың және заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалардың үйлері мен ғимараттарының қалдық құны мүлік салығын салу объектісі болып табылмайды.

ЕСКЕРТУ. 132-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 132-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 Заңымен. Z980255_

ЕСКЕРТУ. 132-баптың 1) тармақшасы өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 355 заңымен. Z990355_

ЕСКЕРТУ. 132-баптың 1 тармағы толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 заңымен. Z990356_

ЕСКЕРТУ. 132-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N

ЕСКЕРТУ. 132-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 2001.07.05. N 223-II Заңымен. Z010223_

37-тарау. САЛЫҚ ТӨЛЕУ

133-бап. Салық ставкалары

1. Заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды тұлғалардың, олардың филиалдарының, өкілдіктерінің және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелерінің және жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық осы Заңның 135-бабында көзделген тәртіп пен шарттар негізінде амортизацияланатын активтерінің құнынан 1 проценттік ставка бойынша жыл сайын төленеді.

2. Жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметке пайдаланылмайтын мүлкіне салынатын салық Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген органның төмендегідей ставкалар бойынша белгілеген жылжымайтын мүлік құнынан жыл сайын төленіп отырады:

- 1) 1 000 000 теңгеге дейін жылжымайтын мүлік құнының 0,1 проценті;
- 2) 1 000 000 теңгеден 2 000 000 теңгеге дейін 1 000 000 теңге тұратын жылжымайтын мүлік құнына салынатын салық сомасы + одан артық соманың 0,15 проценті;
- 3) 2 000 000 теңгеден 3 000 000 теңгеге дейін 2 000 000 теңге тұратын жылжымайтын мүлік құнына салынатын салық сомасы + одан артық соманың 0,2 проценті;
- 4) 3 000 000 теңгеден 4 000 000 теңгеге дейін 3 000 000 теңге тұратын жылжымайтын мүлік құнына салынатын салық сомасы + одан асатын соманың 0,3 проценті;
- 5) 4 000 000 теңгеден 5 000 000 теңгеге дейін 4 000 000 теңге тұратын жылжымайтын мүлік құнына салынатын салық сомасы + одан асатын соманың 0,4 проценті;
- 6) 5 000 000 теңгеден 6 000 000 теңгеге дейін 5 000 000 теңге тұратын жылжымайтын мүлік құнына салынатын салық сомасы + одан асатын соманың 0,5 проценті;
- 7) 6 000 000 теңгеден 7 000 000 теңгеге дейін 6 000 000 теңге тұратын жылжымайтын мүлік құнына салынатын салық сомасы + одан асатын соманың 0,6 проценті;
- 8) 7 000 000 теңгеден 8 000 000 теңгеге дейін 7 000 000 теңге тұратын жылжымайтын мүлік құнына салынатын салық сомасы + одан асатын соманың 0,7 проценті;
- 9) 8 000 000 теңгеден 9 000 000 теңгеге дейін 8 000 000 теңге тұратын жылжымайтын мүлік құнына салынатын салық сомасы + одан асатын соманың

0 , 8 п р о ц е н т і ;

10) 9 000 000 теңгеден 10 000 000 теңгеге дейін 9 000 000 теңге тұратын жылжымайтын мүлік құнына салынатын салық сомасы + одан асатын соманың

0 , 9 п р о ц е н т і ;

11) 10 000 000 теңгеден және одан жоғары 10 000 000 теңге тұратын жылжымайтын мүлік құнына салынатын салық сомасы + одан асатын соманың 1 п р о ц е н т і .

ЕСКЕРТУ. 133-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 з а ң ы м е н .

ЕСКЕРТУ. 133-бап өзгертілді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 133-баптың 1 тармағы өзгертілді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 355 заңымен. Z990355_

ЕСКЕРТУ. 133-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z990440_

134-бап. Салық жөніндегі жеңілдіктер

1. Мүлік салығын төлеуден:

1) мемлекеттік мекемелер және кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын мүліктер бойынша коммерциялық емес ұйымдар;

2) өндірістік мақсатта және әлеуметтік салада пайдаланылатын мүлік бойынша - осы Заңның 129-бабының 5-тармағында көрсетілген ұйымдар;

2-1) қызметінің негізгі түрі ғылым және кітапхана қызметін көрсету саласындағы жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындау болып табылатын мемлекеттік кәсіпорындар;

2-2) ғылыми кадрларды мемлекеттік аттестаттау саласындағы міндеттерді жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорын;

2-3) қызметінің негізгі түрі театр-ойын-сауық және (немесе) концерттік шараларды жүзеге асыру, тарихи-мәдени құндылықтарды сақтау жөнінде, балаларды, қарттар мен мүгедектерді әлеуметтік қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру саласында, спорт саласында қызметтер көрсету болып табылатын мемлекеттік кәсіпорындар;

3) негізгі қызметінде пайдаланатын мүлкі бойынша Қазақстанның Ұлттық Банкі б о с а т ы л а д ы .

4) жалпы пайдаланудағы мемлекеттік автомобиль жолдарын және олардағы жол құрылыстарын жедел басқаруға құқығы бар ұйымдар;

5) салық төлеушілер инвестиция жөніндегі уәкілетті органмен жасалған келісім-шартқа сәйкес келісім-шарт жасалған кезден бастап 5 жылға дейінгі мерзімге мүлікке салынатын салықты төлеуден босатылуы мүмкін.

Мүлікке салынатын салық жөнінде жеңілдіктер берудің нақты мерзімі

келісім-шартта әрбір салық төлеуші бойынша және негізгі капитал мен экономиканың басым секторына инвестициялардың көлеміне қарай белгіленеді.

Аталған жеңілдік сәйкестендіріліп берілген келісім-шарт бұзылған жағдайда мүлікке салынатын салық Қазақстан Республикасының салық заңдарында көзделген тиісті айыппұл санкциялары қолданыла отырып, салық төлеушінің бүкіл қызмет ету кезеңіне есептелуге және бюджетке енгізілуге тиіс.

6) түзеу мекемелері, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі түзеу мекемелерінің республикалық мемлекеттік кәсіпорындары ;

7) мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту, жалпы бастауыш, жалпы негізгі, жалпы орта, кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта, кәсіптік жоғары білім беру саласында медициналық көмек (косметологиялық қызмет көрсетуді қоспағанда) және (немесе) білім беру қызметін көрсетуге байланысты жұмысты жүзеге асыратын, қызметтің осы түрлерін жүргізуге құқық беретін тиісті лицензиялары бар ұйымдар осындай қызметтен алынатын табысы жылдық жиынтық табыс көлемінің кем дегенде 50 процентін құраған жағдайда босатылады.

8) "Байқоңыр" кешені объектілерінің мүлкі негізінде құрылған республикалық мемлекеттік кәсіпорын "Байқоңыр" кешенінің объектісі болып табылатын мүлік бойынша ;

2. Мына санаттардағы азаматтардың кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын мүлкі бойынша есеп айырысатын 1000 айлық көрсеткіш мөлшерінде салық салынбайтын ең төменгі деңгей белгіленеді:

1) Кеңестер Одағының Батырларына, Социалистік Еңбек Ерлеріне, Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен соларға теңестірілген адамдарға, "Халық қаһарманы" атағына ие болған, Даңқ орденінің үш дәрежесімен және "Отан" орденімен наградталған адамдарға ;

2) "Алтын алқа" және "Ардақты ана" атағына ие болған көп балалы аналарға;

3) I және II топтағы мүгедектерге;

4) жеке тұратын зейнеткерлерге белгіленеді.

2-1. Кәсіпкерлік қызметке пайдаланылмайтын мүлік бойынша әскери қызметшілер мүлікке салық төлеуден босатылады.

3. Осы баптың 1-тармағының 1)-7) тармақшаларында аталған заңды тұлғалар мүлікке салынатын салықты төлеуден оны пайдалануға немесе жалға беру кезінде босатылмайды .

Ескерту. 134-баптың 1-тармағы 5-тармақшамен толықтырылған - ҚР Президентінің 1996.01.26. N 2827 жарлығымен.

134-бап 4-тармақшамен толықтырылды және 2-тармағынан сөздер алынып тасталған - ҚР Президентінің 1995.12.21. N 2703 жарлығымен.

ЕСКЕРТУ. 134-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-

ЕСКЕРТУ. 134-баптың 1-тармағы 6-тармақшамен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1997.02.28. N 76-I Заңымен. Z970076_

ЕСКЕРТУ. 134-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 154 Заңымен .

ЕСКЕРТУ. 134-бап өзгертілді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 134-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 Заңымен . Z980255_

ЕСКЕРТУ. 134-бап өзгертілді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.12.24. N 333 Заңымен. Z980333_

ЕСКЕРТУ. 134-баптың 1 тармағы толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 355 заңымен. Z990355_

ЕСКЕРТУ. 134-баптың 1 тармағы тармақшалармен және жаңа 2-1-тармақпен толықтырылды, 3-тармақ өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 заңымен . Z990356_

ЕСКЕРТУ. 134-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен . Z990440_

ЕСКЕРТУ. 134-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.08.02. N 466 Заңымен . Z990466_

Ескерту. 134-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.11.22. N 485 Заңымен . Z990485_

Ескерту. 134-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен . Z990492_

ЕСКЕРТУ. 134-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.06.11. N 207 Заңымен . Z010207_

ЕСКЕРТУ. 134-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.07.16. N 244 Заңымен. Z010244_

135-бап. Салықты есептеу мен төлеу тәртібі

1. Заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды тұлғалар және жеке тұлғалар мүлік құнынан 1 проценттік ставка бойынша есептелетін салықтың ағымдағы сомасын салық жылының жиыrmасыншы ақпанында, жиыrmасыншы мамырында, жиыrmасыншы тамызында және жиыrmасыншы қарашасында тең үлеспен төлейді. Есепті жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша нақтылы есептелетін салықты төлеу немесе артық төленгенін қайтару салық төлеушілер декларация табыс еткеннен кейінгі он күн ішінде салық жылының нәтижелері бойынша, табыс салығы жөніндегі декларацияны ұсыну үшін көзделген мерзімде жүргізіледі.

2. Жеке пайдалануындағы мүлкі бойынша жеке тұлғалар ағымдағы жылдың

бірінші қазанынан кешіктірілмей салық төлейді.

Салықты есептеу салық жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша жылжымайтын мүлік құнын негізге ала отырып жүргізіледі.

3. Салық салу объектілер тұрған жерде төленеді.

Ескерту. 135-бапқа өзгертулер мен толықтырулар енгізілді - ҚР Президентінің 1995.12.21. N 2703 жарлығымен.

ЕСКЕРТУ. 135-бапқа өзгеріс пен толықтыру енгізілді - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 заңымен.

ЕСКЕРТУ. 135-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z990440_

Х

б о л і м

ЖАЛПЫ ӘКІМШІЛІК ЕРЕЖЕЛЕР

38-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

136-бап. Әкімшілік ережелері мен салық есебін қолдану тәртібі

1. Егер осы Заңның өзге бөлімдерінде басқадай белгіленбесе, осы бөлімде көзделген әкімшілік ережелер салықтардың барлық түрлеріне қолданылады.

2 . < * >

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 заңымен.

137-бап. Төлемдердің бюджетке толық және уақтылы түсуін тексеру

1. Салықты және Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеудің дұрыстығы және оларды дер кезінде төлеу мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғаларды тексеруді салық қызметі органдары, ал осы Заңда көзделген жағдайларда қаржы полициясы органдарымен бірлесіп жүзеге асырады.

2. Салықтың белгілі бір түрі бойынша тексеру жарты жылда бір реттен, ал кешенді тексеру - жылына бір реттен жиі жүргізілмейді.

Нақты салық төлеушіге қатысты кезектен тыс тексерулер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің нормативтік бұйрығына сәйкес, сондай-ақ қылмыстық іс жүргізу заңдарында белгіленген жағдайларда жүргізіледі.

3. Тексеру актілері бойынша есептелген салық, алым, басқа да міндетті төлемдер, айыппұлдармен өсімдер сомалары бойынша салық қызметінің органы осы Заңның 149-бабына сәйкес хабарлама жазады.

Ескерту. 137-баптың 2-тармағы толықтырылды - ҚР Президентінің 1995.12.21 . N 2703 жарлығымен .

ЕСКЕРТУ. 137-бап 3-тармақпен толықтырылды - Қазақстан

Республикасының 1999.03.31. N 355 заңымен. Z990355_

ЕСКЕРТУ. 137-баптың 2-тармағының екінші бөлігі жаңа редакцияда -
Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 355 заңымен. Z990355_

Ескерту. 137-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.07.12. N 240
Заңымен. Z010240_

138-бап. Жекелеген жағдайларда салық салу объектісін анықтау тәртібі

1. Мәмілені жасау кезінде қолданылатын бағаның нарықтық бағадан ауытқуы кезінде салық қызметі органдары салық салу объектілерін трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі мемлекеттік бақылау туралы заңдарға сәйкес т ү з е т е д і .

1-1. Кәсіпкерлік қызметі кезеңдік сипаттағы (яғни кәсіпкерлік қызметті бір айға жетпейтін уақытта жүзеге асыратын) жеке тұлғалар бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен келісім бойынша қызмет түрлерінің тізбесін және біржолғы талондар негізінде салық төлеу тәртібін айқындайды.

2. Салықтық және бухгалтерлік есеп жүргізу тәртібі бұзылған, есеп құжаттары жойылған немесе жоғалған, сондай-ақ салық салу объектісін анықтау мүмкін емес жағдайда, салық қызметі органдары салық салу объектісі мен салықты тікелей және жанама әдістер (активтер, айналым, өндіріс шығасысы және т.б.) негізінде анықтайды.

Тиіп жөнелту құжаттарының, сондай-ақ салықтық есеп-фактуралардың дұрыстығы үшін тауар жеткізіп беруші (жұмыс орындаушы, қызмет көрсетуші) ж а у а п б е р е д і .

3. Егер жеке тұлға өз тұтынуы үшін, оның ішінде мүлік сатып алуға, жұмсаған шығыстарына сәйкес келмейтін табысын көрсетсе, салық қызметі өткен кезеңдердегі табыстарын ескере отырып, оның жұмсаған шығыстарының негізінде табыс пен салықты анықтайды.

4. Сол сияқты басқа тұлғалар мен органдар аталған табыстың алыну заңдылығын даулаған жағдайда, табыс салық салуға жатады.

5. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда соттың шешімі бойынша табыс бюджетке алынуға жататын болса, онда аталған табыс одан төленген салық сомасы шегеріліп алынады.

6 . < * >

7. Барлық салықтарға қатысты баспа-бас операциялар бұл операцияларды шот-фактуралармен міндетті түрде ресімдей отырып, қолданылып жүрген баға бойынша тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сату ретінде қ а р а с т ы р ы л а д ы .

ЕСКЕРТУ. 138-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының

1996.12.31. N 61-I Заңымен. Z960061_
ЕСКЕРТУ. 138-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N
1 5 4 Заңымен.
ЕСКЕРТУ. 138-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N
2 0 0 Заңымен.
ЕСКЕРТУ. 138-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N
2 5 5 Заңымен. Z 9 8 0 2 5 5_
Ескерту. 138-баптың 6-тармағы алып тасталды, 7-тармақ жаңа редакцияда -
Қазақстан Республикасының 1998.12.28. N 336 Заңымен. Z980336_
ЕСКЕРТУ. 138-баптың 1-тармағы өзгерді - Қазақстан Республикасының
1999.03.31. N 356 заңымен. Z990356_
ЕСКЕРТУ. 138-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N
4 4 0 Заңымен. Z 9 9 0 4 4 0_
Ескерту. 138-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.11.22. N
4 8 5 Заңымен. Z 9 9 0 4 8 5_
Ескерту. 138-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N
4 9 2 Заңымен. Z 9 9 0 4 9 2_
ЕСКЕРТУ. 138-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147
Заңымен. Z010147_

138-1-бап. Салық салудың оңайлатылған режимі

1. Салық төлеушілердің жекелеген санаттары үшін патент және оңайлатылған декларация негізінде салықтарды есептеудің және төлеудің ерекше тәртібін көздейтін салық салудың оңайлатылған режимі белгіленеді.

2. Осы Заңның 138-2, 133-3, 138-4-баптарында көрсетілген жағдайларға сәйкес келетін салық төлеушілерге (құмар ойын бизнесі саласындағы қызметті жүзеге асырушыларды қоспағанда) жалпы белгіленген тәртіппен немесе салық салудың оңайлатылған режимінде салықтарды есептеу және төлеу тәртібін таңдауға құқық беріледі.

Құмар ойын бизнесі саласындағы қызметті жүзеге асыратын салық төлеушілер бюджетпен есеп айырысуды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілеген тәртіппен патент негізінде жүзеге асырады.

3. Салық төлеудің оңайлатылған режимдерін қолдану үшін белгіленген шарттар сақталмаған жағдайда, оның ішінде дұрыс емес деректер бергені үшін салық төлеуші Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауапты болады.

ЕСКЕРТУ. Жаңа 138-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.12.28. N 336 Заңымен. Z980336_

ЕСКЕРТУ. 138-1-баптың 2,3,15-тармақтары толықтырылды, - Қазақстан

Республикасының 1999.03.31. N 355 Заңымен. Z990355_

ЕСКЕРТУ. 138-1-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

138-2 бап. Патент негізінде салық салудың оңайлатылған режимі

1. Патент негізінде салық салудың оңайлатылған режимі негізінен қолма-қол ақшамен жұмыс істейтін және тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді жүзеге асыру бойынша шектеулі айналымы бар, сондай-ақ жұмыспен қамтылған қызметкерлердің саны шектеулі жеке және заңды тұлғаларға қолданылады.

Патент негізінде салық салудың оңайлатылған режимін қолдану шарттарын, салықтарды есептеу тәртібін және төлеу мерзімін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілейді.

Патент негізінде салық салудың оңайлатылған режимін қолдануға мүмкіндік бермейтін жағдайлар туындаған кезде салық төлеуші оңайлатылған декларация негізінде салық төлеудің оңайлатылған режиміне не салықты есептеу мен төлеудің жалпы белгіленген тәртібіне көшеді.

Осы баптың ережелері 138-3-баптың 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғаларға қатысты қолданылмайды.

ЕСКЕРТУ. 138-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

138-3-бап. Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші заңды тұлғалар үшін патент негізінде салық салудың оңайлатылған режимі

1. Осы бапта көзделген салық салудың оңайлатылған режимі:

1) жерді пайдалана отырып ауыл шаруашылығы өнімін өндіретін және өзі өндірген ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін және өткізетін;

2) мал шаруашылығының және құс шаруашылығының (оның ішінде асыл тұқымды) ауыл шаруашылығы өнімін төлді өсіруден бастап толық циклмен өндіретін, омарташылық өнімін өндіретін, өзі өндірген осы өнімді қайта өңдейтін және өткізетін заңды тұлғаларға қолданылады.

Патент негізінде салық салудың оңайлатылған режимін:

филиалдары мен өкілдіктері бар,

тәуелді (оның ішінде еншілес) ұйымдары бар заңды тұлғалардың қолдануға қ ұ қ ы ғ ы ж о қ .

2. Патент бойынша салық салудың оңайлатылған режимі негізінде салықтарды есептеу және төлеу үшін салық төлеуші жер учаскесінің орналасқан жері бойынша аумақтық салық органына Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілеген нысан және тәртіп бойынша өтініш пен құжаттарды ағымдағы салық жылының 20 ақпанынан кешіктірілмейтін мерзімде т а п с ы р а д ы .

Салық төлеушінің көрсетілген мерзімде өтініш тапсырмауы оның салықтарды жалпы белгіленген тәртіппен есептеп төлеуге келісімі болып есептеледі.

Оңайлатылған режимді қоса алғанда, салық жылының басында таңдап алынған салықтарды есептеу мен төлеу тәртібі салық жылының ішінде өзгертілуге жатпайды.

3. Патенттің құнына заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы, қосылған құнға салынатын салық, әлеуметтік салық, жер салығы, мүлікке салынатын салық, көлік құралдарына салынатын салық енгізіледі.

Патент құнын есептеу кезінде бюджетке төленуге тиіс салық сомасы 80 процентке кемітіледі.

Патент құнын есептеудің тәртібін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілейді.

4. Патент құнының есебіне енгізілген салықтарды төлеу Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілеген тәртіппен мынадай үш мерзімде:

- 1) ағымдағы салық жылының 20 мамырынан кешіктірілмей;
- 2) ағымдағы салық жылының 20 қазанынан кешіктірілмей;
- 3) есепті жылдан кейінгі салық жылының 20 наурызынан кешіктірілмей жүргізіледі.

Салық төлеушілер патент құнына енгізілген салықтар бойынша декларация ұсынудан босатылады.

5. Осы баптың 1-тармағында көрсетілмеген қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде, оның ішінде акцизделетін өнімдерді өндіру және (немесе) қайта өңдеу кезінде салық төлеушілер табыстар мен шығыстардың (жалақы төлемдерін қоса алғанда), мүліктің (оның ішінде көлік құралдары мен жер учаскелері) бөлек есебін жүргізуге және қызметтердің осы түрлері бойынша тиісті салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді жалпы белгіленген тәртіппен есептеуге және төлеуге міндетті.

ЕСКЕРТУ. 138-3-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

138-4 бап. Оңайлатылған декларация негізінде салық салудың оңайлатылған режимі

1. Оңайлатылған декларация негізінде салық салудың оңайлатылған режимі, төлем көзінен ұсталатын табыс салығын қоспағанда, заңды тұлғалардан және заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын жеке тұлғалардан алынатын табыс салығын (бұдан әрі - табыс салығы) және әлеуметтік салықты есептеу мен төлеудің оңайлатылған тәртібін белгілейді.

Осы тармақта көрсетілмеген салықты және бюджетке төленетін басқа да

міндетті төлемдерді есептеу мен төлеу жалпы белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

2. Оңайлатылған декларация негізінде салық салудың оңайлатылған режимінде бюджетпен есеп айырысу үшін есепті кезең тоқсан болып табылады.

3. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, оңайлатылған декларация негізінде салық салудың оңайлатылған режимін мынадай шарттарға сәйкес келетін:

1) заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар үшін :

есепті кезеңде қызметкерлердің орташа тізімдік саны кәсіпкердің өзін қоса алғанда 15 адамнан аспайтын ;

кәсіпкерлік қызметтің 5-тен аспайтын түрін жүзеге асыратын ;

есепті кезеңдегі табысы 4500 мың теңгеден аспайтын ;

2) заңды тұлғалар үшін :

есепті кезеңде қызметкерлердің орташа тізімдік саны 25 адамнан аспайтын ;

кәсіпкерлік қызметтің 7-ден аспайтын түрін жүзеге асыратын ;

есепті кезеңдегі табысы 9 000 мың теңгеден аспайтын салық төлеуші

қолданады .

4. Оңайлатылған декларация негізінде салық салудың оңайлатылған режимін қызметтердің мынадай түрлерін :

1) акцизделетін өнім шығаруды ;

2) консультациялық, қаржылық, бухгалтерлік қызмет көрсетуді ;

3) мұнай өнімдерін сатуды ;

4) шыны ыдыстарын жинау мен қабылдауды ;

5) жер қойнауын пайдалануды ;

6) құмар ойындары бизнесін ;

7) лицензияланатын :

медициналық, дәрігерлік және мал дәрігерлік қызметтерді ;

тұрғын үй, коммуналдық-тұрмыстық объектілерді газдандыру бойынша өндіру, жөндеу және құрылыс жұмыстарын ;

күзет, өрт дабылы және өртке қарсы автоматтық құралдарды жобалауды, монтаждауды, жөндеуді және оларға техникалық қызмет көрсетуді ; өртке қарсы техникаларды, жабдықтарды және өрттен қорғау құралдарын өндіру мен сатуды ;

жолаушылар лифтілерін монтаждауды, жөндеуді және оларға қызмет көрсетуді ;

дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау құралдары мен препараттарын әзірлеуді, өндіруді, қайта өндеуді және көтере сатуды, сондай-ақ оларды пайдалануға байланысты жұмыстар мен қызмет көрсету түрлерін ;

жолаушылар мен жүктерді автомобиль көлігімен халықаралық тасымалдауды ;

емдеу препараттарын әзірлеуді және (немесе) сатуды;
жобалау-іздеу, сараптау, құрылыс-монтаж жұмыстарын, құрылыс материалдарын, бұйымдар мен конструкциялар өндіру жөніндегі жұмыстарды;
алкогольді өнімдерді бөлшек саудада сатуды қоспағанда, жүзеге асыратын салық төлеушілер қолданбайды.

5. Осы баптың 3-тармағында белгіленген шарттарға қарамастан, салық салудың осы оңайлатылған режимін қолдануға:

1) филиалдары, өкілдіктері және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері бар салық төлеушілердің;

2) салық төлеушілер филиалдарының, өкілдіктері мен өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелерінің;

3) заңды тұлғалардың еншілес ұйымдарының және тәуелді акционерлік қоғамдардың;

4) бірыңғай жер салығын төлеушілердің және осы Заңның 138-3-бабының 1-тармағында көрсетілген салық төлеушілердің құқығы жоқ.

6. Оңайлатылған декларация негізінде салық салудың оңайлатылған режимін таңдау кезінде салық төлеуші тіркелген жері бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісімімен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілеген мерзімдерде және нысан бойынша өтінішін аумақтық салық органына тапсырады.

Салықтарды есептеу мен төлеудің таңдап алынған тәртібі, осы баптың 11-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, салық жылының ішінде өзгертілуге жатпайды.

7. Салық төлеуші есепті кезеңнің қорытындысы бойынша оңайлатылған декларацияны аумақтық салық органына есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-ына дейін тапсырады.

8. Есепті кезең үшін оңайлатылған декларация бойынша төленуге тиіс табыс салығы мен әлеуметтік салықтың сомасы (бұдан әрі - салық) салық салу объектісіне осы баптың 10-тармағында белгіленген ставканы қолдану арқылы айқындалады.

Төлем көзінен салықтың ұсталғанын растайтын құжаттар бар болған жағдайда, бұрын салық салынған табыстарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында және оның шегінен тыс жерлерде алынған (алынуға тиіс) табыстарды қамтитын есепті кезеңде алынған (алынуға тиіс) табыс салық салу объектісі болып табылады.

Салық төлеуші оңайлатылған декларация бойынша төленуге тиіс салық сомасын қызметкерлердің орташа тізімдік санын негізге алып, әрбір қызметкер үшін салық сомасының 1,5 проценті мөлшеріндегі сомаға кемітеді.

9. Осы баптың 8-тармағына сәйкес оңайлатылған декларация бойынша

есептелген салық сомасы табыс салығы мен әлеуметтік салыққа тең үлесте бөлінеді және есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-інен кешіктірілмей бюджетке төленуге тиіс.

10. Заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын жеке тұлғалардың табыстарына мынадай ставкалар бойынша салық салынуға тиіс:

| Тоқсандағы табыстың мөлшері | ! | Салық ставкасы |
|---------------------------------------|--|----------------|
| 1500,0 мың теңгеге дейін қоса алғанда | Табыс сомасынан 4 процент | |
| 1500,0 мың теңгеден жоғары | 60,0 мың теңге + 1500,0 мың | |
| 3000,0 мың теңгеге дейін қоса алғанда | теңгеден асатын табыс сомасынан 7 процент | |
| 3000,0 мың теңгеден жоғары | 165,0 мың теңге + 3000,0 мың | |
| 4500,0 мың теңгеге дейін қоса алғанда | теңгеден асатын табыс сомасынан 11 процент | |

Заңды тұлғалардың табысына мынадай ставкалар бойынша салық салынуға тиіс:

| Тоқсандағы табыстың мөлшері | ! | Салық ставкасы |
|---------------------------------------|--|----------------|
| 1500,0 мың теңгеге дейін қоса алғанда | Табыс сомасынан 5 процент | |
| 1500,0 мың теңгеден жоғары | 75,0 мың теңге + 1500,0 мың | |
| 3000,0 мың теңгеге дейін қоса алғанда | теңгеден асатын табыс сомасынан 7 процент | |
| 3000,0 мың теңгеден жоғары | 180,0 мың теңге + 3000,0 мың | |
| 4500,0 мың теңгеге дейін қоса алғанда | теңгеден асатын табыс сомасынан 9 процент | |
| 4500,0 мың теңгеден жоғары | 315,0 мың теңге + 4500,0 мың | |
| 6500,0 мың теңгеге дейін қоса алғанда | теңгеден асатын табыс сомасынан 11 процент | |
| 6500,0 мың теңгеден жоғары | 535,0 мың теңге + 6500,0 мың | |
| 9000 мың теңгеге дейін қоса алғанда | теңгеден асатын табыс сомасынан 13 процент | |

11. Осы баптың 3-5-тармақтарында белгіленген шарттарға сәйкес келмеген жағдайда, салық төлеуші есепті кезеңнен кейінгі тоқсаннан бастап салықтарды есептеу мен төлеудің жалпы белгіленген тәртібіне көшеді.

12. Заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын жеке тұлға осы баптың 3-тармағының 1) тармақшасында белгіленген шарттар өзгерген кезде (көрсеткіштердің артуы), заңды тұлға ретінде тиісті тіркеуден өткеннен кейін оңайлатылған декларация негізінде салық салудың оңайлатылған режимін қолдануға құқылы.

ЕСКЕРТУ. 138-4-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

139-бап. Салық төлеушілерді есепке алу

1. Аумақтық салық органдарында салық төлеуші ретінде есепке қою қандайда бір салық бойынша салық міндеттемесінің туындауы мен орындалуына байланысты болатын, осы Заңда көзделген жағдайларға қарамастан жүзеге асырылады.

2. Заңды немесе жеке тұлғаны есепке қою олардың өтініштері бойынша аумақтық салық органында, тиісінше Заңды тұлғаның орналасқан жері немесе жеке тұлғаның тұратын жері бойынша жүргізіледі. Бұл орайда, заңды тұлға мемлекеттік тіркеуге тұрған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей, ал жеке тұлға - өзі келу тәртібімен өтініш беруге міндетті.

3. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты мекеме құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының аумағында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруды бастағаннан не салықтар, алымдар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша басқа міндеттемелер туындағаннан кейін 10 күн ішінде салық есебіне қою үшін аумақтық салық органдарына өтініш білдіруге міндетті.

ЕСКЕРТУ. 139-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 заңымен.

ЕСКЕРТУ. 139-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 Заңымен. Z980255_

Ескерту. 139-баптың 1-4 тармақтары өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 Заңымен. Z990356_

ЕСКЕРТУ. 139-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z990440_

Ескерту. 139-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

139-1-бап. Салық органдарында есепке қою және есептен шығару тәртібі. Салық төлеушінің тіркеу нөмірі

1. Есепке қою және есептен шығару туралы өтініштердің нысанын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілейді.

2. Заңды тұлға өтініш беру кезінде есепке қою туралы өтінішпен бірге тіркеу

туралы куәліктің, құрылтай құжаттарының белгілеген тәртіппен расталған бір дана көшірмесін табыс етеді.

Есепке қою кезінде салық төлеушілер - жеке тұлғалар туралы мәліметтердің құрамына олардың дербес деректері:

- 1) тегі, аты және әкесінің аты;
- 2) туған күні, айы, жылы және туған жері;
- 3) жынысы;
- 4) мекен-жайы;

5) жеке куәлігінің немесе салық төлеушінің жеке басын куәландыратын өзге құжаттың нөмірі енгізіледі.

3. Аумақтық салық органдары салық төлеуші өтініш берген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде салық төлеушіні есепке қоюды жүзеге асыруға міндетті.

4. Әрбір салық төлеушіге аумақтық салық органында Қазақстан Республикасының барлық аумағында бірыңғай салық төлеушінің тіркеу нөмірі беріледі.

5. Салық төлеушінің орналасқан жері немесе тұрған жері өзгерген жағдайда бұрынғы аумақтық салық органынан есептен шығару және жаңа аумақтық салық органында есепке қою салық төлеушінің бұрынғы тіркеу нөмірі сақтала отырып, көрсетілген аумақтық салық органдары белгіленген тәртіппен қажетті құжаттарды (мәліметтерді) алған күннен бастап он күн ішінде жүргізіледі.

6. Заңды тұлға (банкте жеке балансы және есеп шоты жоқ оның оқшауландырылған бөлімшелері) таратылған немесе қайта құрылған жағдайда не жеке тұлға кәсіпкерлік қызметін тоқтатқан жағдайда есептен шығаруды аумақтық салық органдары көрсетілген заңды немесе жеке тұлғалардың өтініштері бойынша жүргізеді.

7. Аумақтық салық органдарында есепке қою фактісі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілеген нысанда және тәртіппен салық төлеушіге берілген құжаттармен расталады.

Аумақтық салық органы салық төлеушіге берілетін барлық құжаттарда оның тіркеу нөмірін көрсетеді.

8. Әрбір салық төлеуші салық төлеушінің тіркеу нөмірін заңды және жеке тұлғалардың кәсіпкерлік қызметте қолданатын бланкаларында, құжаттарында, салық декларациясында және аумақтық салық органдарына берілетін өзге де құжаттарда көрсетеді.

Салық төлеушілер есеп айырысу құжаттарында, оның ішінде шот-фактураларында салық төлеушінің өз тіркеу нөмірін көрсетуге міндетті.

9. Салық төлеушінің тіркеу нөмірін берудің, өзгертудің тәртібін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілейді.

10. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі есеп деректері

негізінде Салық төлеушілердің мемлекеттік тізілімін жүргізеді.

Салық төлеушілердің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру және жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Ескерту. Жаңа 139-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

139-2-бап. Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерінің жүзеге асырыла бастауының салық органдарында тіркелуі

1. Салық төлеушілер аумақтық салық органдарында тиісінше заңды тұлғаны, филиалын, өкілдігін орналасқан жері бойынша, кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын жеке тұлғаны тұратын жері бойынша кәсіпкерлік қызметтің мынадай түрлерін:

1) бензиннің (авиация бензинін қоспағанда), дизель отынының көтерме және бөлшек саудасын;

2) алкогольді өнімдер өндіруді және сатуды;

3) шыны ыдыстарды қабылдауды;

4) лотереяларды ұйымдастыруды, өткізуді және сатуды;

5) ойын бизнесін жүзеге асыра бастағанын тіркеуге міндетті.

2. Лицензиялауды жүзеге асыратын органдар лицензия берілгеннен кейін 3 күн ішінде лицензия алушыға лицензия берілгендігі туралы тиісті аумақтық салық органдарын хабардар етуге міндетті.

Ескерту. Жаңа 139-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

140-бап. Салық төлеушілермен хат-хабар алысу

Салық қызметінің салық төлеушіге жіберетін хабарлама қағазы немесе басқа да құжаттары жазбаша жасалып, оларға тегі мен аты-жөні көрсетілген бастықтың немесе уәкілді лауазымды адамның қолы қойылуға, сондай-ақ елтаңбалы мөрмен расталып, салық төлеушіге жіберілуге не болмаса тапсырылуға тиіс. Құжаттар оның мекен-жайына хабарламамен жеткізілсе немесе тапсырыс почтасымен жіберілсе, белгіленген тәртіппен тапсырылған болып саналады.

141-бап. Мерзімді белгілеу

Осы Заңмен белгіленген мерзімнің саналуы, оның басталуы белгіленген нақты оқиғадан немесе заңды әрекеттен кейін келесі күні басталады. Мерзім осы Заңмен белгіленген уақыттың соңғы күні бітеді. Егер мерзімнің соңғы күні демалыс күніне сәйкес келсе, онда мерзім келесі жұмыс күнінің соңында бітеді.

142-бап. Салық төлеушінің құқығы және міндеттері

1. Салық төлеушінің:

1) салық жөнінде жеңілдіктерге құқығын растайтын құжаттарды табыс етуге;

2) жүргізілген тексеру актілерімен танысуға;

3) салық органдарына салықтарды есептеу мен төлеу және жүргізілген тексеру актілері жөнінде түсіндірмелерді ұсынуға;

4) заңда белгіленген тәртіппен салық органдарының шешімдеріне шағымдануға;

5) салық салуға қатыссыз ақпарат пен құжаттарды тапсырмауға құқығы бар.

2. Салық төлеуші:

1) табыс етілген жазбаша нұсқау негізінде салық қызметі органдары қызметкерлерінің талап етуі бойынша салықты және бюджетке төленетін басқа да төлемдерді есептеуге және төлеуге байланысты есеп құжаттамасы мен мүлікті тексеруге ол аяқталғанға дейін ұсынуға;

1-1) осы Заңға сәйкес салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді уақтылы және толық көлемінде төлеу;

2) табыс етілген жазбаша нұсқау негізінде салық қызметі органдары қызметкерлерін табыс алу үшін пайдаланылатын не салық салынатын объектілерді ұстауға байланысты пайдаланылатын өндірістік, қойма, сауда, өзге де үй-жайларды және көлікті тексеруге жіберуге;

3) қолма-қол ақша, банктің төлем карточкалары, чектер арқылы сауда операцияларын жасау немесе қызмет көрсету кезінде тұтынушылармен жүзеге асырылатын ақшалай есеп айырысуды міндетті түрде фискалды зердесі бар бақылау-касса аппаратын пайдалана отырып және тұтынушының қолына бақылау чегін бере отырып жүргізуге міндетті.

Фискалды зердесі бар бақылау-касса машиналарын пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. Фискалды зердесі бар бақылау-касса машиналары - тауарлар сату және қызмет көрсету кезінде тұтынушылармен ақшалай есеп айырысуды тіркеу үшін пайдаланылатын, ауысым сайынғы түзетусіз тіркеуді және энергияға тәуелсіз ұзақ мерзім бойы ақпарат сақтауды қамтамасыз ететін фискалды зерде блогы бар электронды құрылғы және (немесе) банктің компьютерлік жүйесі. Уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген фискалды зердесі бар бақылау-касса машиналарының Мемлекеттік тізілімін б е к і т е д і .

Осы тармақшаның ережесі:

акцизделетін тауарларды (темекі бұйымдарынан басқа) сатушыларды қоспағанда, қызметін патент негізінде, тіркелген жиынтық салық төлей отырып жүзеге асыратын және Астана, Алматы қалаларындағы және 100 000 адамнан астам тұрғыны бар облыстық маңызы бар қалалардағы тұрақты белгіленген үй-жайларда бөлшек сауданы жүзеге асыратын жеке тұлғаларға;

акцизделетін тауарлар (темекі бұйымдарынан басқа) сататын жеке тұлғаларды қоспағанда, жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеуден өткен

кезден бастап алты ай мерзім өтпеген жеке кәсіпкерлерге қолданылмайды.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбемен айқындалатын салық төлеушілер Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген нысандар бойынша электронды құжаттар түрінде ақпарат табыс етуге міндетті.

ЕСКЕРТУ. 142-бап өзгертілді және 2-тармақпен толықтырылды, 2-тармақтың 3)-тармақшасы 1998 жылғы 1 сәуірден бастап күшіне енеді - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 142-бап өзгертілді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z990440_

Ескерту. 142-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.11.22. N 485 Заңымен. (өзгерістерді қолдану тәртібін 2-баптан қараңыз) Z990485_

ЕСКЕРТУ. 142-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

39-тарау. АҚПАРАТТАРДЫ ҰСЫНУ ЖӘНЕ ЖИНАУ

143-бап. Есеп құжаттамаларын жасау және сақтау

1. Салық төлеушілер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі актілеріне сәйкес салық есебі бойынша құжаттама жүргізуге міндетті.

2. Салық төлеушілер салық есебі жөніндегі құжаттаманы қағаз, электрондық немесе магниттік көздерде бес жыл бойы сақтауға міндетті.

3. Егер салық төлеушінің жекелеген құжаттары шет тілдерде жасалған болса, салық қызметі оларды қазақ немесе орыс тілдеріне аударуды талап етуге құқылы.

ЕСКЕРТУ. 143-баптың 1,2-тармақтары жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен.

Ескерту. 143-баптың 1-тармағы өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.03.31.N 356 Заңымен. Z990356_

144-бап. Салық декларацияларын және кірістер мен мүлік туралы мәліметтер беру

1. Салық төлеушілер салық қызметі органдарына салық декларациясын осы Жарлықта белгіленген мерзімде және Мемлекеттік кіріс министрлігі бекіткен нысан бойынша табыс етеді.

2. Салық декларациясына және кірістер мен мүлік туралы мәліметтерге салық төлеуші немесе ол болмаған не оның әрекет қабілеті болмаған жағдайда, оның заңды өкілі қол қоюға тиіс.

3. Салық декларацияларын және салық төлеушінің кірістер мен мүлкі туралы мәліметтерді жасау жөніндегі қызметтерді көрсеткен аудитор аталған декларацияға және кірістер мен мүлік туралы мәліметтерге қол қоюға, мөр басуға және салық төлеушінің өз тіркелу нөмірін көрсетуге міндетті.

4. Салық төлеушілер аумақтық салық органдарына салық декларацияларын: өзі келу тәртібімен; почтамен, табыс етілгені хабарланатын тапсырыс хатымен; заңды тұлға бастығының және (немесе) бас бухгалтерінің электрондық қол қоюымен расталған, ақпараттары компьютерлік өңдеуге болатын электрондық түрде, бірақ белгіленген мерзімнен кешіктірмей және белгіленген нысандарға сәйкес табыс етуге құқылы.

Осы Заңда белгіленген мерзімнің соңғы күніне жиырма төрт сағат қалғанға дейін почтаға, телеграфқа немесе өзге байланыс мекемелеріне тапсырылған салық декларациялары мерзімінде тапсырылды деп есептеледі.

ЕСКЕРТУ. 144-баптың атауы және 2,3-тармақтары жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1997.04.11. N 92-І Заңымен. Z970092_

ЕСКЕРТУ. 144-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 Заңымен. Z980255_

Ескерту. 144-баптың 1-тармағы өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 Заңымен. Z990356_

Ескерту. 144-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

145-бап. Төлемдер туралы ақпарат беру

Тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) жөнелтуді және (немесе) тауар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) үшін төлемді жүзеге асыратын салық төлеушілер салық қызметінің талабы бойынша жөнелтілген тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) құны және (немесе) атқарушыға төлеген сомасы туралы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген нысандар бойынша ақпарат беруге міндетті.

ЕСКЕРТУ. 145-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z990440_

146-бап. Салық декларациясын тапсыру мерзімін ұзарту

Салық комитеті органының басшысы салық декларациясын тапсырудың осы Жарлықта белгіленген мерзімін, егер салық төлеуші осы мерзім жеткенге дейін оны ұзарту жөнінде өтініш берсе, үш айдан аспайтын уақытқа ұзарта алады. Осы бапқа сәйкес декларация тапсыру мерзімін ұзарту салық төлеу мерзімін өзгертпейді.

ЕСКЕРТУ. 146-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 Заңымен. Z980255_

147-бап. Банк шоттары

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асырушы банктер мен басқа ұйымдар:

1) салық төлеушіге (резидент емес жеке тұлғалардан басқасына) банк шоттарын ашқан кезде салық қызметі органдары хабарлаған салық төлеушінің

тіркелу нөмірін ескеруге, салық қызметі органдарын салық төлеушіге - заңды тұлғаға немесе заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаға аталған шоттардың ашылғаны жайында үш банк күні ішінде хабардар етуге және төлем құжаттарында (банк шоттарынан банктің нақты ақша қабылдауына және беруіне негіз болатын немесе көмектесетін вексельді және төлем құжаттарын қоспағанда) салық төлеушілердің тіркелу нөмірлерін көрсетпей, клиенттердің шоттары бойынша операциялар жүргізбеуге;

2) салық төлеушілердің банктік шоттардан салық төлеуге арналған төлем тапсырмаларын бірінші кезекте атқаруға міндетті. Салық төлеушілер белгіленген мерзімде бюджетке өткізбеген салық, айыппұл және өсім сомаларын өндіріп алуға арналған аумақтық салық органдарының инкассалық өкімдерін осындай ретпен, салық органынан нұсқау алған күннен бастап үш күннен кешіктірмей атқаруға міндетті.

Салық төлеушінің банктік шоттарында теңге қаражаты болмаған жағдайда, салықтар, айыппұлдар мен өсімақылар бойынша берешектерді өндіріп алуды салық төлеушінің банктік шоттарындағы шетел валютасы қаражаттарынан осы шоттарға аумақтық салық органдарының инкассалық өкімдері негізінде төлем жасау күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шетел валютасына белгілеген теңге бағамын қолдана отырып, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында көзделген тәртіппен және шарттарда жүргізуге.

Салық төлеуші заңды тұлғалардың банктердегі шоттарында ақшасы жоқ немесе жеткіліксіз болса салықтар бойынша кем берілген төлемді, сондай-ақ айыппұл мен өсім сомаларын өндіріп алуды төлемді кем берушіге тиесілі сомалар шегінде олардың дебиторларының банк шоттарындағы ақшасына қолдануға;

Салық төлеушінің немесе оның дебиторының банктік шотында салық органының инкассалық өкімінде аталған соманы толық төлеу үшін жеткілікті ақша болмаған жағдайда салық органының инкассалық тапсырмасы (өкімі) салық төлеушінің немесе оның тиісті дебиторының банктік шотына ақша түсу шамасына қарай орындалады.

Банк салық төлеушінің бір банк шотынан салық (алым), айыппұл және өсімақы жөніндегі берешекті өндіріп алуға салық органының инкассалық тапсырмасын (өкімін) орындаған кезде, салық төлеушінің аталған банкте ашқан басқа банк шоттарына салық органы шығарған инкассалық тапсырмалары (өкімдері), егер салық органы мұндай инкассалық тапсырмаларды (өкімдерді) сол сомаға, берешектің сол түріне, сол есептік кезеңге шығарған болса, банк салық органының инкассалық тапсырмасын (өкімін) орындау фактісін растайтын төлем құжатын қоса тіркей отырып, салық органына оны орындамай қайтарады.

3) салық сомаларын салық төлеушінің банктік шотынан ақшаны шығарып

тастау жөніндегі операциялар жасалған күні тиісті бюджеттің кірісіне есептеуге (банкке немесе бюджет жүйесінің кассалық атқарылуын жүзеге асыратын басқа қаржы мекемесіне аударуға);

4) салық қызметінің қызметкерлеріне тексеріліп отырған салық төлеушінің - заңды тұлғаның немесе заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаның банктік шоттар бойынша жасалған (немесе ағымдағы) операцияларды, осы шоттарда ақшаның бар-жоғын тексеруге рұқсат етуге;

5) салық қызметінің шешімі бойынша, осы Заңның 171-бабының 1-тармақтың 4) тармақшасында көзделген жағдайларда, салық төлеушілердің - заңды тұлғалардың немесе заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалардың банктік шоттарындағы барлық шығыс операцияларын тоқтатуға және бірінші кезекте тиісті салықтарды сөзсіз аударуға қатысты нұсқаларды атқаруға;

б) жазбаша сұратып алу негізінде белгілі бір кезең ішінде банк шоттарымен жасалған операциялар туралы, тексеріліп отырған салық төлеушінің шоттарында ақшаның бар-жоғы туралы, оның өткен жыл ішіндегі қаржы операциялары туралы және сыйақы (мүдде) ставкасын белгілеу туралы Мемлекеттік кіріс министрлігінің белгілеген нысан мен мерзімде салық қызметі органдарына Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып ақпарат табыс етуге міндетті.

ЕСКЕРТУ. 147-баптан сөздер алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 1996.09.27. N 37 Заңымен. Z960037_

ЕСКЕРТУ. 147-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 заңымен.

ЕСКЕРТУ. 147-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 154 Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 147-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 147-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 Заңымен. Z980255_

ЕСКЕРТУ. 147-баптың 1)-тармақшасы жаңа редакцияда және 5)-тармақша өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.12.28. N 336 Заңымен. Z980336_

Ескерту. 147-баптың 2)-тармақшасы толықтырылды, б)-тармақшасы өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 Заңымен. Z990356_

ЕСКЕРТУ. 147-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z990440_

Ескерту. 147-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

Ескерту. 147-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2000.03.29. N 42
Заңымен. Z 0 0 0 0 4 2 _

ЕСКЕРТУ. 147-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147
Заңымен. Z010147_

148-бап. Талаптың ескіру мерзімі

Салық қызметі органдарының қайта қаралған салық сомасын немесе есептелген салық сомасын төлеу туралы талаптарына, сондай-ақ төлеушілердің артық төленген салық сомасын қайтару немесе есепке алу туралы талаптарына жасалатын талаптың ескіру мерзімі 5 жыл болып белгіленеді.

Ескерту. 148-бап жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 1995.12.21. N 2703 жарлығымен.

149-бап. Есептелген салық, алым және басқа да міндетті төлемдердің сомасы туралы хабарлама

Тексеру актісі бойынша есептелген салық, алым және басқа міндетті төлемдер сомасы туралы хабарламада мынадай мәліметтер болуға тиіс:

- 1) салық төлеушінің тегі, аты және әкесінің аты (немесе атауы);
- 2) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
- 3) хабарланған күні;
- 4) есептелген салық, алым, басқа да міндетті төлемдер мен айыппұл санкцияларының сомалары;
- 5) төлеу туралы талап және төлеу мерзімдері;
- 6) төленетін орны мен әдісі;
- 7) шағымдану тәртібі.

ЕСКЕРТУ. 149-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 355 заңымен. Z990355_

40-тарау. САЛЫҚ ЖИЮ

150-бап. Салық, алым және басқа да міндетті төлемдерді төлеу

Салық, алым және басқа да міндетті төлемдер осы Заңда, Қазақстан Республикасы Үкіметі Мемлекеттік кіріс министрлігінің актілерінде, сондай-ақ салық қызметі органдарының хабарламаларында көзделген мерзімде төленеді.

Ескерту. 150-баптың атауы жаңа редакцияда және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 Заңымен. Z990356_

151-бап. Артық төленген салық сомасын қайтару

1. Егер төленген салық сомасы есептелген сомадан асып кетсе, салық қызметі :

- 1) артық төленген салық сомасын салық төлеуші төлейтін басқа салықтардың есебіне жатқызады ;
- 2) салық төлеушінің келісуі бар болған жағдайда қалдығын алдағы төлемдер

жөніндегі міндеттемелер есебіне жатқызады;

3) қалдығын 20 күн мерзім ішінде төлеушінің жазбаша өтініші бойынша салық төлеушіге қайтарады.

2. Егер салық төлеушінің артық төлеген салық сомасы басқа салықтар бойынша міндеттемелердің есебіне жатқызылса, жоғарыда аталған соманы пайдалануға қатысты мәліметтер есептелген салық сомасы туралы хабарламада жазылуға тиіс.

Ескерту. 151-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.11.22. N 485 Заңымен. Z990485_

152-бап. Салық төлеу мерзімін ұзарту және айыппұл санкциялары

1. Салық төлеушіден негізделген жазбаша өтініш алғаннан кейін аумақтық салық органының басшысы тиісті қаржы органының басшысымен келісе отырып, жергілікті бюджетке толық көлемде төлеуге жататын осы Заңда белгіленген салық және (немесе) айыппұл санкцияларын төлеу мерзімін бір салық жылынан аспайтын мерзімге ұзартуға құқылы.

Жергілікті атқарушы органның өтінімін алғаннан кейін салық төлеушінің тіркеу орны бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша осы тармақтың бірінші бөлігінде аталмаған, осы Заңмен белгіленген салық және (немесе) айыппұл санкцияларын төлеу мерзімін ұзартуға құқылы, бірақ бұл мерзім бір жылдан аспауға тиіс.

Салық және (немесе) айыппұл санкцияларын төлеу мерзімін ұзарту тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Осы баптың 1-1-тармағында және осы Заңның 71-1-баптың 1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, төлеу мерзімінің ұзартылуы салық төлеушіні салықты бюджетке уақтылы өткізбегені үшін өсім төлеуден босатпайды.

Салық төлеушілерге заңды тұлғалардың төлем көзінен ұсталған табыстарынан табыс салығын төлеу мерзімін ұзарту берілмейді.

Басқа адамға құқықтар ауысып берілген жағдайда салықты және (немесе) айыппұл санкцияларын төлеу мерзімін ұзарту құқығы ауыспайды.

Салық және (немесе) айыппұл санкцияларын төлеу мерзімін ұзарту салық төлеуші оларды төлеу жөнінде өздерінің міндеттемелерін қамтамасыз етуге кепіл берілгеннен кейін беріледі.

Салық органдары мен салық төлеушілер арасындағы кепіл қатынастарына осы Заңмен реттелмеген бөлікте кепіл туралы жалпы ереже қолданылады.

1-1. Қызметінің бірден-бір түрі жылу өндіру, бөлу және жеткізіп беру салаларында қызмет көрсету болып табылатын заңды тұлғаларға салық және (немесе) айыппұл санкцияларын төлеу мерзімін ұзартқан кезде ұзартылған

кезеңге өсім есептелмейді.

1-2. Акциялардың қосымша эмиссиясы туралы сот шешімі күшіне енген күннен бастап қосымша эмиссияланатын акцияларды орналастыру аяқталғанға дейін салық бойынша мерзімі өткен берешек соманың бөлігіне өсімақы есептелмейді.

2. Акцизді төлеу мерзімдері ұзартылмайды.

3. Салық қызметі органдары бюджетке төленуге тиісті салық сомасының бұрын ашылмаған кемітілуін анықтаса, кеміту сомасы өсім есептелмей және айыппұл санкциялары қолданылмай өндіріп алынады.

4. Мәжбүрлі түрде таратылатын банктердің кредит берушілеріне банктің таратылуына байланысты пайда болған салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді уақтылы төлемегені үшін айыппұлдар мен өсімақылар банкті мәжбүрлі тарату басталғанын растайтын ресми құжат күшіне енген кезден бастап есептелмейді.

Ескерту. 152-бап нақтыланған.

ЕСКЕРТУ. 152-бап 3-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 152-бап өзгертілді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 Заңымен. Z980255_

ЕСКЕРТУ. 152-баптың 1-тармағы сөзбен және 1-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.12.28. N 336 Заңымен. Z980336_

ЕСКЕРТУ. 152-бап өзгертілді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z990440_

ЕСКЕРТУ. 152-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

153-бап. Салық бойынша берешекті өтеу тәртібі

Мемлекеттік бюджетке берешекті өтеу мынадай кезектілікпен жүргізіледі:

- 1) салық сомасы;
- 2) есептелген өсім;
- 3) есептелген айыппұл.

Ескерту. 153-баптың қолданылуы 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін тоқтатыла тұрсын - ҚР Президентінің 1995.12.21. N 2703 жарлығымен.

ЕСКЕРТУ. Қазақстан Республикасының 1997.12.08 N 200 заңымен - 153-бабының қолданылуы 2001 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, бұл орайда мемлекеттік бюджет алдындағы берешектерді өтеуді мынадай кезектілігі белгіленсін:

- 1) салық сомасы;
- 2) есептелген өсімақылар;
- 3) есептелген айыппұлдар.

САЛЫҚ ЗАҢДАРЫН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

41-тарау. САЛЫҚТЫ ЕРІКСІЗ ӨНДІРІП АЛУ

154-бап. Салық қызметі органдарының салық, алым және басқа да міндетті төлемдер бойынша берешектерді өндіріп алуы

1. Осы Заңда белгіленген салық, алым және басқа да міндетті төлемдерді төлеу мемлекет алдындағы борыш болып табылады.

2. Аумақтық салық органдарына тапсырылған декларациялар және (немесе) есептер бойынша салық төлеуші есептеген салық немесе ағымдағы және аванстық төлемдер, сондай-ақ алымдар мен басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңдарында белгіленген мерзімдерде төленбеген жағдайда аумақтық салық органдары салық төлеушілердің заңды тұлғаның немесе заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаның банктегі шоттарынан (еркін өзгермелі айырбас бағамы режиміне көшуге байланысты қайта ресімделген заңды және жеке тұлғалардың теңге депозиттерін қоспағанда) салық, ағымдағы және аванстық төлемдер, алымдар, басқа да міндетті төлемдер, айыппұлдар мен өсімдер бойынша пайда болған берешек мөлшерінде салық төлеушінің келісімінсіз қаражат өндіріп алуға құқылы.

3. Салық төлеуші салық қызметі органдарының тексеру актісі бойынша есептелген салықпен, алыммен, басқа да міндетті төлемдермен, айыппұлдармен және өсімақылармен келіскен жағдайда, салық төлеушінің аталған сомаларды төлеу мерзімдері 60 күнге ұзартылады және оларды салық төлеуші еркін нысанда жасап, аумақтық салық органымен келісілген графикке сәйкес салық төлеуші осы кезең ішінде әрбір 15 күн сайын теңбе-тең үлестермен төлеп отыруға тиіс.

Осы тармақтың ережелеріне сәйкес салық қызметі органдарының тексеру актісі бойынша есептелген салық, алым, басқа да міндетті төлемдер, айыппұлдар мен өсімақылар төлеу мерзімін ұзарту салық төлеушіні осы Заңның 152-бабының 1-1-тармағында және 70-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, бюджетке төленетін салық жарнасын уақтылы төлемегені үшін өсімақы төлеуден босатпайды.

Осы тармақтың ережелері салық қызметі органдарының тексеру актісі бойынша есептелген акциз сомасына және заңды тұлғалардың кірісінен төлем көзінен ұсталып қалуға тиісті табыс салығына қатысты қолданылмайды.

Салық төлеуші тексеру актісі бойынша есептеліп, өтеу графигімен белгіленген салықты, алымды, басқа да міндетті төлемдерді, айыппұлдар мен өсімақыларды төлеу мерзімдерін бұзған жағдайда, өтеу графигінің әрекеті тоқтатылады да, аумақтық салық органдары тексеру актісі бойынша есептелген

және төленбеген сомаларды салық төлеуші заңды тұлғаның немесе заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаның банк шотынан өндіріп алады.

4. Тексеру актісі бойынша анықталған және есептелген салық, алым, басқа да міндетті төлемдер, айыппұлдар мен өсім сомасына осы Заңның 165 және 166-баптарында белгіленген тәртіппен 5 банк күні ішінде шағым жасалмауы, осы баптың 3-тармағы бойынша келісім білдіру болып есептеледі.

Осы баптың 3-тармағы бойынша салық төлеуші тексеру актісі бойынша анықталған және есептелген салық, алым, басқа да міндетті төлемдер, айыппұлдар мен өсім сомасына келісім білдірмей, осы Заңның 165 және 166-баптарында белгіленген тәртіппен 5 банк күні ішінде шағым жасаған жағдайда аталған соманы салық төлеушінің банктегі шоттарынан өндіріп алу тоқтатыла тұрады.

Тексеру актісі бойынша анықталған және есептелген салық, алым, басқа да міндетті төлемдер, айыппұлдар мен өсім сомасын салық төлеушінің келісімінсіз өндіріп алу осы Заңның 165-бабында белгіленген тәртіппен және шарттарда тексеру актісі бойынша есептелген салық, алым, басқа да міндетті төлемдер, айыппұлдар мен өсім сомасы туралы хабарламада көрсетілген төлеу мерзімінен бастап өсім есептеле отырып жүргізіледі.<*>

5. Салық төлеушінің банктегі шоттарында қаражат болмаған жағдайда аумақтық салық органдары, салық төлеушіге берешегі бар екенін растайтын салық төлеуші мен оның дебиторы арасында өзара есеп айырысуды салыстыру актісі болған жағдайда, оның дебиторларының, заңды тұлғалардың немесе заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалардың банк шотынан салық, алым, басқа да міндетті төлемдер, айыппұлдар мен өсім бойынша пайда болған берешек және (немесе) тексеру актісі бойынша есептелген салық, алым, басқа да міндетті төлемдер, айыппұлдар мен өсім сомасы шегінде қаражат өндіріп алуға құқылы.

ЕСКЕРТУ. 154-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 заңымен.

ЕСКЕРТУ. 154-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 Заңымен. Z980255_

ЕСКЕРТУ. 154-баптың 2 және 3-тармақтары жаңа редакцияда, 4, 5-тармақтармен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 355 заңымен. Z990355_

ЕСКЕРТУ. 154-баптың атауы және 1-тармағы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 заңымен. Z990356_

ЕСКЕРТУ. 154-бап өзгертілді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z990440_

Ескерту. 154-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.11.22. N 485
З а ң ы м е н . Z 9 9 0 4 8 5 _

Ескерту. 154-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2000.03.29. N 42
Заңымен. Z000042_

155-бап. Салық төлетуді қамтамасыз ету

1. Осы Заңның 154-бабына сәйкес пайда болған берешектің төленуін қамтамасыз ету үшін салық қызметі органдары салық төлеуші немесе оның дебиторларының шотында қаражат болмаған жағдайда, Үкімет белгілеген тәртіппен салық төлеушінің мүлкіне билік етуді шектеу туралы шешім шығаруға қ ұ қ ы л ы .

2. Билік ету шектелген мүлік алынып қойылады не салық төлеушінің иеленуі мен пайдалануында қалдырылады, ол мүліктің сақталуы үшін жауап береді.

3. Берешек өтелген жағдайда мүлікті билік етуін шектеу туралы шешім ж о й ы л у ғ а т и і с .

Ескерту. 155-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасының 1995.12.21. N 2703 жарлығымен.

ЕСКЕРТУ. 155-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен .

ЕСКЕРТУ. 155-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 Заңымен. Z980255_

156-бап. Салық төлеушінің мүлкінен өндіріп алуды қолдау тәртібі

1. Салық қызметі салық төлеушінің келісуімен айыпақыны оның билік етуі шектелген мүлкінен берешек сомасы шегінде өндіріп алуды қолдану құқығы бар.

2. Осы баптың 1-тармағы бойынша салық төлеушінің мүлікті билік етуін шектеу туралы салық органының шешіміне осы Заңның 165 және 166-баптарында белгіленген тәртіппен 5 банктік күн ішінде шағымданбауы келіскені б о л ы п т а б ы л а д ы .

Ескерту. 156-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 1995.12.21. N 2703 жарлығымен.

157-бап. Билік етуі шектелген мүлікті сату

1. Салық төлеушінің билік етуі шектелген мүлкі мамандандырылған ашық аукционда сатылады, оны өткізудің тәртібі мен шарттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайды.

2. Мүлікті сатудан алынған түсім бірінші кезекте өндіріп алуды қолдану мен сату шығындары есебіне, сонан соң өсімді, айыппұлды, салықтың өзін төлеу есебіне жатқызылады. Қаражаттың қалдығы салық төлеушіге банктік үш күн і ш і н д е қ а й т а р ы л а д ы .

Ескерту. 157-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 1995.12.21. N 2703 жарлығымен.

158-бап. Салық төлеушіге тиесілі соманы өндіріп алу

Өндіріп алу процедурасына сәйкес салық қызметінің үшінші тұлға (соның ішінде жұмыс берушіге, банкке немесе басқа қаржы мекемесіне) мүлкінен өндіріп алуды қолдану туралы хабарлама тапсырылған күнге дейін салық төлеушіге тиесілі кез-келген соманы тиісті бюджетке төлеуді ұйғарған хабарлама жіберуге, сондай-ақ үшінші тараптың - дебиторлардың - заңды тұлғалардың немесе заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалардың банк шотынан осындай соманы алуға құқығы бар.

ЕСКЕРТУ. 158-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1
з а ң ы м е н .

Ескерту. 158-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2000.03.29. N 42 Заңымен. Z000042_

159-бап. Экспорт операцияларын кідірту

Салық төлеушінің мүлкінен өндіріп алу қолданылған кезде Қазақстан Республикасының кеден органдары салық қызметі органдары жіберген хабарлама негізінде экспортталатын тауарларды тұмшалау жолымен салық төлеушінің экспорттық операцияларын кідірте тұрады.

42-тарау. Салықтық құқық бұзушылық және оны жасағаны үшін жауапкершілік

160-бап. Салықтық құқық бұзушылық ұғымы

Тұлғалардың (салық төлеушінің, салық немесе басқа уәкілетті органның лауазымды тұлғасының) осы Заңда немесе соған сәйкес салық заңдары актілерінде шығарылатын белгіленген нормаларды және (немесе) ережелерді орындамауынан немесе тиісінше орындамауынан туындаған заңға қайшы істер (әрекеттер немесе әрекетсіздік) салықтық құқық бұзушылық деп танылады.

Ескерту. 160-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

161-бап. Салықтық құқық бұзушылық жасағаны үшін жауапқа тартудың жалпы ережелері

1. Салықтық құқық бұзушылық жасағаны үшін ешкім де Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген негіздерден және тәртіптен өзгеше реттермен жауапқа тартылмайды.

2. Бір салықтық құқық бұзушылық жасағаны үшін ешкімді де қайталап салықтық жауапқа тартуға болмайды.

3. Заңды тұлғалардың салықтық құқық бұзушылық жасағаны үшін жауапқа тартылуы тиісті негіздер болған жағдайда олардың лауазымды тұлғаларын Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген қаржылық, әкімшілік,

қылмыстық немесе өзге де жауапкершіліктерден босатпайды.

4. Салықтық құқық бұзушылық жасағаны үшін салық төлеушінің жауапқа тартылуы оны тиесілі салық сомасын төлеу міндеттемесінен босатпайды.

5. Салық төлеуші салық салу объектісін есепке алу, есептеу және салық төлеу кезінде өзі жіберген қателіктерді өз бетінше жөндеуге және заңдарда белгіленген тәртіппен тиісті аумақтық салық органына хабарлауға құқылы.

Ескерту. 161-бап толықтырылды - ҚР Президентінің 1995.12.21. N 2703 ж а р л ы ғ ы м е н .

ЕСКЕРТУ. 161-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 з а ң ы м е н .

ЕСКЕРТУ. 161-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 154 З а ң ы м е н .

ЕСКЕРТУ. 161-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 З а ң ы м е н . Z 9 8 0 2 5 5 _

Ескерту. 161-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

162-бап. Салықтық санкциялар

1. Салықтық санкциялар салықтық құқық бұзушылық жасағаны үшін жауапкершілік өлшемі болып табылады.

2. Салықтық санкциялар осы Заңда көзделген мөлшерде өндіріп алу (айыппұл, өсімақы) түрінде белгіленеді және қолданылады.

3. Бір тұлға екі және одан да көп салықтық құқық бұзушылық жасаған жағдайда аса қатал емес санкция қатал санкцияның тасасында қалдырылмай, әрбір құқық бұзушылық үшін жеке-жеке салықтық санкция қолданылады.

ЕСКЕРТУ. 162-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 З а ң ы м е н . Z 9 8 0 2 5 5 _

Ескерту. 162-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

163-бап. Салық органында есепке қою мерзімінің бұзылуы

Салық төлеушінің осы Заңның 139-бабында белгіленген аумақтық салық органдарында есепке қою туралы өтінішті беру мерзімін бұзуы, сондай-ақ аумақтық салық органы лауазымды адамының салық төлеушіні есепке қоюдан негізсіз бас тартуы он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл өндіріп а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы .

ЕСКЕРТУ. 163-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 з а ң ы м е н .

ЕСКЕРТУ. 163-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 З а ң ы м е н .

ЕСКЕРТУ. 163-бап өзгертілді және толықтырылды - Қазақстан

Республикасының 1998.07.01. N 255 Заңымен. Z980255_

ЕСКЕРТУ. 163-бап 6-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан

Республикасының 1998.12.28. N 336 Заңымен. Z980336_

ЕСКЕРТУ. 163-баптың 1 және 4-тармақтары өзгертілді және толықтырылды -

Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 355 заңымен. Z990355_

ЕСКЕРТУ. 163-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N

440 Заңымен. Z990440_

Ескерту. 163-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.12.10.
N 492 Заңымен. Z990492_

**163-1-бап. Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерін
аумақтық салық органдарында тіркемей
жүзеге асырудың басталуы**

Осы Заңның 139-2-бабында белгіленген кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерін аумақтық салық органдарында осындай қызметті жүзеге асыруды бастағанын тіркемей жүзеге асырған салық төлеушілер, сондай-ақ аумақтық салық органы лауазымды адамының кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асырудың басталуын тіркеуден негізсіз бас тартуы жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл өндіріп алуға әкеп соғады.

Ескерту. Жаңа 163-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

163-2-бап. Салық декларациясын тапсыру мерзімінің бұзылуы

1. Осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, салық төлеушінің есепте тұрған жері бойынша аумақтық салық органына заңдарда белгіленген мерзімде салық декларациясын тапсырмауы, осы декларация негізінде төлеуге жататын, бірақ төленбеген салық сомасының он проценті мөлшерінде айыппұл өндіріп алуға әкеп соғады.

2. Салық төлеушінің салық декларациясын осындай декларацияны тапсырудың заңдарда белгіленген мерзімі аяқталғаннан кейін 180 күннен астам уақыт ішінде аумақтық салық органына тапсырмауы, осы декларация негізінде төленуге тиісті, бірақ төленбеген салық сомасының елу проценті мөлшерінде айыппұл өндіріп алуға әкеп соғады.

Ескерту. Жаңа 163-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

**163-3-бап. Кірістер мен шығыстарды және салық салу
объектілерін есепке алу ережелерінің бұзылуы**

1. Салық төлеуші кірістер мен шығыстарды және салық салу объектілерін есепке алу ережелерін бұзса, егер осы іс-әрекет бір есептік кезеңде жасалған болса, он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл өндіріп алуға әкеп
с о ғ а д ы .

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген іс-әрекет, егер бір есепті кезеңнен астам уақыт ішінде жасалса немесе кірісті төмендетуге әкеп соқса, жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл өндіріп алуға әкеп соғады.

3. Осы баптың мақсаттары үшін кірістер мен шығыстарды және салық салу объектілерін есепке алу ережелерінің бұзылу ұғымы салық төлеушінің бастапқы құжаттарының, бухгалтерлік есеп тізілімдерінің болмауын, бухгалтерлік есептің шоттарында және қаржылық есептемелерде активтердің және міндеттемелердің жүйелі түрде дер кезінде көрсетілмеуін немесе қате көрсетілуін білдіреді.

Ескерту. Жаңа 163-3-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

163-4-бап. Салық сомаларын төлемеу немесе толық төлемеу, ағымдағы төлем сомаларының мөлшерін кемітіп көрсету

Салық салынатын базаны кемітіп көрсету нәтижесінде салық сомасын төлемеу немесе толық төлемеу немесе салықтық кезеңнің қорытындылары бойынша салықты дұрыс есептемеу төленбеген салық сомасының 50 проценті мөлшерінде айыппұл өндіріп алуға әкеп соғады.

Ағымдағы төлем сомасының мөлшері кемітіп көрсетілгені үшін айына ағымдағы төлемдердің кемітіп көрсетілген сомасының 50 проценті мөлшерінде айыппұл салынады.

Ескерту. Жаңа 163-4-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

163-5-бап. Салық органы лауазымды адамының кәсіпкерлік қызметке пайдаланылатын аумаққа немесе үй-жайға кіруіне заңсыз кедергі жасау

Осы Заңға сәйкес тексеру жүргізетін салық органы лауазымды адамының салық төлеуші кәсіпкерлік қызметке пайдаланатын аумаққа немесе үй-жайға (тұрғын үй-жайды қоспағанда) кіруіне салық төлеушінің заңсыз кедергі жасауы салық төлеушіден жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл өндіріп алуға әкеп соғады.

Ескерту. Жаңа 163-5-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

163-6-бап. Салық органының сұрау салуы бойынша құжаттарды беруден бас тарту

Салық төлеушінің осы Заңда белгіленген құжаттарды (оның ішінде электрондық түрде) беруден бас тартуы жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл өндіріп алуға әкеп соғады.

Ескерту. Жаңа 163-6-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

**163-7-бап. Банктердің және банк операцияларының
жекелеген түрлерін жүзеге асыратын
ұйымдардың жауапкершілігі**

1. Осы Заңның 147-бабының талаптарын орындамайтын (орындамаған) банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға мынадай :

1) заңды және жеке тұлғалар осы Заңның 147-бабының 1) және 5) тармақшаларының талаптарын орындамаған жағдайда олардың банктегі шоттары бойынша жасаған шығыс операциялар сомасынан 5 процент өндіріп алу санкциясы қолданылады .

Осы Заңның 147-бабының 1) тармақшасына қатысты санкция банктегі шот ашылғаннан кейін банктік төртінші күннен бастап банктегі шот ашылғаны туралы аумақтық салық органына іс жүзінде хабарлағанға дейінгі кезең үшін қолданылады ;

2) заңды тұлғалардың банктегі шоттарынан салық сомаларын бюджетке аударып есептен шығару кезектілігін сақтамағаны үшін өсімақы және салық төлеуші-клиенттердің банктегі шоттарынан есептен шығарылған сомаларды бюджет кірісіне есептеуді (аударуды) кешіктіргені үшін, сондай-ақ салық төлеушілердің осы Заңның 164-бабында көзделген мөлшерде бюджетке төлемдер төлеуге арналған төлем тапсырмаларын орындамай қайтарғаны үшін санкциялар сомасын өндіріп алу түріндегі санкциялар қолданылады. Салық төлеушілерден бұл күндер үшін өсімақы алынбайды.

2. Банктерден клиенттердің тапсырмалары бойынша салық төлемдерін кешіктіргені үшін белгіленген мерзімнен өтіп кеткен әрбір күн үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың ресми ставкасы мөлшерінде өсімақы өндіріп алынып, ол жергілікті бюджетке аударылады .

Ескерту. Жаңа 163-7-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

164-бап. Мерзімі өткен салық төлемдері бойынша өсімақы

1. Уақтылы төленбеген салықтар, алымдар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомалары, оның ішінде ағымдағы және мәлімделген аванстық төлемдер мерзімі өткен әрбір күн үшін (төленген күнді қоса алғанда) осы сомалар төленген күнгі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың 1,5 еселенген ресми ставкасы мөлшерінде өсімақы есептеле отырып бюджетке өндіріп алынады.

2. Салық төлеушілердің өтініші бойынша қосылған құнға салынатын салықтың өтеуге жататын сомаларын қоспағанда, салықтардың, алымдардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің артық төленген

сомаларын немесе қате ұсталған сомаларды уақтылы қайтармау мерзімі өткен әрбір күн үшін (төленген күнді қоса алғанда) осы сомалар төленген күнгі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың 1,5 еселенген ресми ставкасы мөлшерінде тұрақсыздық төлемі төлене отырып салық төлеушіге қайтарылады.

Ескерту. 164-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 1995.12.21. N 2703 жарлығымен.

ЕСКЕРТУ. 164-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 154 Заңымен.

Ескерту. 164-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.12.10. N 492 Заңымен. Z990492_

ЕСКЕРТУ. 164-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

43-тарау. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

165-бап. Салық қызметінің шешімдерін қайта қарау

1. Есептелген салық сомасына немесе салық қызметінің өзге шешімдеріне келіспеген салық төлеуші осы шешімді шығарған салық қызметінің бөлімшелеріне оны әкімшілік тәртіппен қайта қарау жайында өтініш жасай алады. Өтініште салық төлеуші өтінішін негіздейтін дәлелдерін баяндап, құжаттарын көрсетуі керек.

2. Салық қызметі салық төлеушінің қайта қарау туралы өтінішін қарап, ол бойынша негізделген шешім шығарады және бұл жайында салық төлеушіні 30 күн ішінде хабардар етеді.

3. Салық қызметі органының шешіміне салық қызметінің жоғары тұрған органынан немесе сотқа шағым жасауға болады. Егер салық қызметінің жоғары тұрған органы шағымға 30 күн ішінде жауап бермесе, салық қызметінің одан жоғары тұрған органына өтініш беруге болады.

3-1. Егер салық төлеушіге тексеру актісі бойынша есептелген салық, алым, басқа да міндетті төлемдер, айыппұлдар мен өсім туралы хабарланған күннен 30 банк күні өткеннен кейін салық төлеушінің өтініші қанағаттандырылмаса немесе салық төлеуші сотқа салық қызметі органы шешіміне шағымданбаса, аумақтық салық органы салық төлеушінің келісімінсіз оның банктегі шоттарынан салық қызметі органының тексеру актісі бойынша есептелген салық, алым, басқа да міндетті төлемдер, айыппұлдар мен өсім сомаларын өндіріп алуға құқылы.

Егер салық төлеуші хабардар етілген күннен бастап 30 күн ішінде салық қызметі органының шешіміне сотқа шағымданса, аумақтық салық органы салық төлеушінің келісімінсіз оның банктегі шоттарынан салық қызметі органының тексеру актісі бойынша есептелген, сот шешімімен дұрыс (заңды) деп танылған салық, алым, басқа да міндетті төлемдер, айыппұлдар мен өсім сомаларын

хабарланған күннен бастап өсімді есептей отырып өндіріп алуға құқылы.

4. Соттың шешімі бойынша негізсіз өндіріп алынған сома салық төлеушіге оларды салық қызметі органдарының өндіріп алған кезден бастап әр күн үшін бұл сома төленген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың 1,5 еселенген ресми ставкасы мөлшерінде өсім есептеле отырып үш күн ішінде қайтарылады.

ЕСКЕРТУ. 165-бап 4-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 165-баптың 1 және 3-тармақтары өзгертілді және 3-1-тармақпен толықтырылды, 4-тармақтың 1-ші азатжолы алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 355 заңымен. Z990355_

ЕСКЕРТУ. 165-баптың 4-тармағы өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 Заңымен. Z990356_

166-бап. Сотқа шағым беру

Салық төлеуші салық қызметінің шешімдеріне қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіп пен шарттардың негізінде сотқа шағым беруге құқылы.

Х І І б ө л і м

САЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ПОЛИЦИЯСЫ ОРГАНДАРЫНЫҢ МӘРТЕБЕСІ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

Ескерту. XXII бөлім тақырыбы өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.07.12. N 240 Заңымен. Z010240_

44-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

ЕСКЕРТУ. 167,168,169,170-баптар жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 заңымен.

167-бап. Салық қызметі және қаржы полициясы органдарының мәртебесі, құрылымы мен міндеттері

1. Салық қызметі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің орталық аппаратынан және оның аумақтық салық органдарынан тұрады.

Аумақтық салық органдарына:

мемлекеттік бюджетке төленетін төлемдердің түсуін және мемлекет алдындағы басқа да қаржылық міндеттемелерді көздейтін салық заңдары мен басқа да заң актілері негізінде барлық деңгейлердегі бюджеттерге салықтар алымы мен басқа да міндетті төлемдердің толық жиналуын қамтамасыз ету;

салық заңдарының тиімділігін зерделеу;

салық салу мәселелері жөнінде заң жобаларын, және басқа мемлекеттермен шарттарды әзірлеуге қатысу;

салық төлеушілерге олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру, салық төлеушілерге салық заңдары мен салық салу жөніндегі нормативтік құқықтық актілердегі өзгерістер туралы уақытылы хабарлап отыру жөніндегі міндеттер

ж ү к т е л е д і .

Қаржы полициясы қылмыстар мен құқық бұзушылықтарды анықтау және олардың жолын кесу, заңдарда белгіленген шекте қылмыстық қудалау жөніндегі құқықтық орган болып табылады.

Қаржы полициясы органдарына заңды және жеке тұлғалардың салық төлемеуіне байланысты не табысын жасыру немесе кемітіп көрсету, салық салынатын объектілерін жасыру мақсатымен жасаған қылмыстары мен өзге де құқық бұзушылықтарын, салықтарды төлеуден және мемлекет алдындағы басқа да қаржы міндеттемелерін орындаудан өзгедей жалтаруды, мемлекетке зиян келтіруге әкеп соққан өзге де қылмыстар мен құқық бұзушылықтарды анықтау және жолын кесу жөніндегі міндеттер жүктеледі.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрі салық қызметі органдарына жалпы басшылықты жүзеге асырады.

3. Салық қызметінің құрылымына Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің орталық аппараты, облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша салық комитеттері, ауданаралық (аймақтық) салық комитеттері, аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша салық комитеттері кіреді .

Салық қызметінің аумақтық органдары жоғары тұрған тиісті салық қызметі органына тікелей жоғарыдан төмен қарай бағынады және жергілікті атқарушы органдарға кірмейді .

4. Салық комитетін Төраға басқарады, оны қызметке Қаржы министрінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі, ал оның орынбасарларын - Салық комитеті төрағасының ұсынысы бойынша Қаржы министрі тағайындайды .

5. Облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша салық комитеттерінің төрағаларын, ауданаралық (аймақтық) салық комитеттерінің, аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша салық комитеттерінің төрағаларын қызметке Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрі тағайындайды. Салық комитеті орталық аппаратының қызметкерлерін қызметке Төраға тағайындайды.

6. Қаржы полициясы агенттігін Төраға басқарады, оны қызметке Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайды. Төрағаның орынбасарлары болады, оларды Қаржы полициясы агенттігі төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайды.

Облыстар мен Астана және Алматы қалалары бойынша, көліктегі қаржы полициясы департаменттерінің бастықтарын, аудандар, қалалар, қалалардағы аудандар бойынша ауданаралық (аймақтық) қаржы полициясы бөлімдерінің бастықтарын және олардың орынбасарларын қызметке Қаржы полициясы

агенттігінің төрағасы тағайындайды.

Облыстық және қалалық қаржы полициясы басқармаларының, ауданаралық (аймақтық), аудандық қаржы полициясы бөлімдерінің қызметкерлерін облыстар мен Астана және Алматы қалалары бойынша, көліктегі қаржы полициясы департаменттерінің бастықтары тағайындайды.

7. Қазақстан Республикасының Қаржы полициясы агенттігі туралы ережені Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

8. Барлық деңгейдегі салық қызметінің органдары заңды тұлғалар болып табылады, олардың белгіленген үлгідегі бланкілері және мөрлері болады, сондай-ақ банктерде шоттары болуы мүмкін.

9. Салық қызметінің органдары республикалық бюджет қаражаты есебінен қ а м т ы л а д ы .

ЕСКЕРТУ. 167-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 167-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 Заңымен. Z980255_

Ескерту. 167-баптың 1-3,5,6 өзгертілді, 4-тармақ алып тасталды, 7-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 Заңымен. Z 9 9 0 3 5 6 _

Ескерту. 167-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.07.12. N 240 Заңымен. Z010240_

168-бап. Салық қызметі жұмысының құқықтық негізі

Қазақстан Республикасының Конституциясы, осы Заң және Қазақстан Республикасының өзге де заңдары салық қызметі жұмысының құқықтық негізі болып табылады.

1 6 9 - б а п .

< * >

ЕСКЕРТУ. 169-бап сөздермен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1997.06.19. N 134-I Заңымен - бұл толықтырулар 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

ЕСКЕРТУ. 169-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 169-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 Заңымен. Z980255_

45-тарау. САЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ПОЛИЦИЯСЫ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Ескерту. 45-тараудың тақырыбы өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.07.12. N 240 Заңымен. Z010240_

ЕСКЕРТУ. 170-173-баптар жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 Заңымен. Z980255_

170-бап. Салық қызметі және қаржы полициясы органдарының міндеттері

1. Салық қызметі органдары:

1) салық төлеушілердің құқықтары мен мемлекеттің мүдделерін сақтауға және қорғауға;

2) тәркіленіп және иесіз қалып мемлекет меншігіне көшкен мүліктерді есепке алу, бағалау және сату жөнінде жұмыс жүргізуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі бекіткен көлемде және тәртіппен жүргізілген жұмыстар туралы есептілік әзірлеп, оны Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне беріп отыруға;

3) осы Заңның 175-бабының ережелеріне сәйкес салық төлеушілер туралы ақпараттың құпиясын сақтауға;

4) салық заңдарын бұзу фактілерін жинауға талдау мен бағалауға және салық құқық бұзушылықтары мен қылмыстарының орын алуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде тиісті ұсыныстар енгізуге;

5) салық қызметі органдары басшыларының ұйғарымы бойынша салық төлеушілерге тексеру жүргізуге міндетті.

2. Аумақтық салық органдары:

1) салық төлеушілер мен салық салынатын объектілердің уақтылы есебін алуды қамтамасыз етуге, бюджетке есептелген және төленген салықтар есебін жүргізуге;

2) есептелген салық сомасымен салыстырғанда артық төленген соманы осы Заңның 151-бабының ережелеріне сәйкес салық төлеушілерге қайтарып беруге;

3) < * >

4) салықтардың және мемлекет алдындағы басқа да қаржылық міндеттемелердің келіп түсуі, салық органдарының жұмысы туралы мемлекеттік статистикаға басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның келісімімен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрі бекіткен көлемде және тәртіппен есептілік жасауға;

5) келіп түскен салықтардың және мемлекет алдындағы басқа да қаржылық міндеттемелердің сомасы туралы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілеген нысан мен мерзімде қаржы органдарына есептер беріп отыруға;

6) заңдарда белгіленген жағдайларда қаржы полициясы органдарына материалдар беруге;

7) дивидендтердің дұрыс есептелуіне және оларды мемлекеттік акция пакеттері бар акционерлік қоғамдардың уақытылы төлеуіне бақылауды жүзеге асыруға;

8) салықтың және мемлекет алдындағы басқа да қаржылық міндеттемелердің

есептелуінің дұрыстығына, толықтығына және олардың уақытылы төленуіне, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарының толықтығы мен уақытылы аударылуына бақылауды жүзеге асыруға;

9) Қазақстан Республикасының салық заңдарының бұзылуы туралы арыздарды, хабарларды және басқа ақпаратты тексеруге міндетті.

3. Қаржы полициясы органдары:

1) заңда көзделген негіздерде және тәртіппен салықтардың төленбеуіне, салық салынадан жалтаруға немесе мемлекет алдындағы басқа да қаржылық міндеттемелерін орындамауына байланысты қылмыстарды ашу және тергеу мақсатында жедел іздестіру қимылдарын, анықтау, алдын ала тергеу жүргізуге;

2) заңды және жеке тұлғалардың салық төлемеуіне байланысты не табысын бүркемелеу немесе кемітіп көрсету, салық салынатын объектілерді жасыру мақсатымен жасаған өзге де құқық бұзушылықтарын, салықтар төлеуден және мемлекет алдындағы басқа да қаржылық міндеттемелерін орындаудан өзгедей жалтаруын мемлекетке зиян келтіруге әкеп соққан өзге де қылмыстар мен құқық бұзушылықтарды ашуға және олардың жолын кесуге;

3) салық және кеден қызметі органдарындағы сыбайлас жемқорлық фактілерінің алдын алуға, ашуға және олардың жолын кесуге;

4) өз құзыреті шегінде салық қызметі жұмысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, олардың қызметкерлерін қызметтік міндеттерін атқаруы кезінде қылмыстық және өзге де құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғауға;

5) салықтарды төлеуден, мемлекет алдындағы басқа да қаржылық міндеттемелерін орындаудан, міндетті зейнетақы жарналарын толық және уақытылы аударудан, олардың мемлекет алдындағы қарызы туралы, міндетті зейнетақы жарналарын толық және уақытылы аудармағаны не декларация толтырудан жалтарған туралы мәліметтер түскен жеке және заңды тұлғаларды іздестіруді жүзеге асыруға міндетті.

3-1. Салықты есептеу мен төлеуге байланысты декларациялар мен өзге де құжаттардың нысандарын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен келісе отырып Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі әзірлейді және бекітеді.

4. Осы Заңды қолдану жөніндегі актілерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен келісе отырып Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі әзірлеп, бекітеді.

Ескерту. 170-баптың 1, 2-тармақтар өзгертілді және 3-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 Заңымен.

Z 9 9 0 3 5 6 _

Ескерту. 170-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.07.12. N 240 Заңымен. Z010240_

171-бап. Салық қызметі және қаржы полициясы органдарының құқықтары

1. Салық қызметі органдарының:

1) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіппен және шарттарда заңды тұлғалардың (ерекше жұмыс режиміндегі заңды тұлғаларды қоса алғанда) және заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалардың барлық ақша құжаттарын, бухгалтерлік кітаптарын, есептерін, сметаларын, қолда бар ақшасын, бағалы қағаздарын және басқа да құндылықтарын, есеп айырысуларын, декларацияларын және бюджетке салық пен басқа да төлемдерді есептеу мен төлеуге және мемлекет алдындағы өзге де қаржы міндеттемелеріне байланысты, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын толығымен және уақтылы аудару жөніндегі өзге де құжаттарын тексеруге, ұйымдардың лауазымды адамдарынан және басқа қызметкерлерінен, сондай-ақ азаматтардан Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып аталған тексерулер барысында туындайтын мәселелер жөнінде анықтамалар, ауызша және жазбаша түсініктемелер алуға, салық төлеушілерді тіркеу есебі;

салық салу объектілерін және салық салумен байланысты объектілерді есепке алу ;

бюджетке түскен түсімдерді есепке алу;

қосылған құнға салық төлеушілерді есепке алу;

камералдық бақылау ;

салық төлеушілердің қаржы-шаруашылық қызметінің мониторингі;

фискалды зердесі бар бақылау-кассалық машиналарды қолдану ережелерінің сақталуын бақылау ;

акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін маркалау ережелерінің сақталуын бақылау ;

мемлекет меншігіне айналдырылған мүлікті есепке алу, бағалау және өткізу тәртібінің сақталуын бақылау нысанындағы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілеген тәртіппен акциздік бекеттер құру жолымен бақылауды жүзеге асыруға құқығы бар.

Бұл ретте жүргізілетін тексерулерді қоса алғанда, жүзеге асырылатын бақылау салық төлеушілердің қызметін тоқтата тұруға әкеп соқпауға тиіс;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде, оның филиалдарында, өкілдіктері мен ұйымдарында заңдарда белгіленген қорларға аударымдар жасалғаннан кейін қалған пайданың бюджетке толығымен және уақтылы түсуі мәселесі бойынша тексерулер жүргізуге;

3) ұйымдардың басшылары мен басқа да лауазымды адамдарына, сондай-ақ азаматтарға анықталған салық заңдарын бұзушылықты жою туралы орындалуы міндетті нұсқаулар беруге және олардың орындалуын бақылап отыруға;

4) заңды тұлғалар салықты есептеу мен төлеуге байланысты есептерді осы Заңда белгіленген мерзімнен бастап 10 күн ішінде салық қызметіне табыс етпеген жағдайда, сондай-ақ салық төлеушілер 142-баптың 3-тармағында аталған электрондық құжат түріндегі ақпараттарды Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген нысандар бойынша табыс етпеген жағдайда, олардың банктердегі және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге де ұйымдардағы банк шоттары (корреспонденттік шоттардан басқа) бойынша шығыс операцияларын анықталған тәртіп бұзушылықтар жойылғанға дейін прокурорға міндетті түрде хабарлай отырып тоқтата тұруға құқылы. Салық заңдарын бұзу фактілері анықталған жағдайда салық қызметінің органдары осыны куәландыратын құжаттарды, ақша қаражатын және материалдық құралдарды, алып қойылған заттардың тізбесі бар акт көшірмесін төлеушіге тапсыра отырып, алып қоюға құқылы;

5) салық заңдарын бұзған ұйымдарға, лауазымды тұлғалар мен азаматтарға осы Жарлыққа сәйкес салық санкциясын және қолданылып жүрген заңдарда көзделген айыппұл салуды қолдануға;

6) ұйымдардың лауазымды тұлғалары мен азаматтардың салық заңдарын бұзу фактілері бойынша осы тармақтың 4), 5) тармақшаларында және осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген негіздер бойынша салық қызметі органының басшысы немесе оның орынбасарлары бекітетін актілер (хаттама) жасауға және қаулы шығаруға;

7) сауда ұйымдары мен басқа да ұйымдардан, жеке кәсіпкерлерден тауарларды (өнімдерді), атқарылатын жұмыс пен көрсетілетін қызметті бақылау ретінде сатып алуға;

8) басқа заңды тұлғалардан, биржалардан және азаматтардан мәліметтерді, анықтамаларды, сондай-ақ кәсіпкерлік қызмет туралы құжаттарды тек қана қызмет бабындағы мақсатта және Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып алуға;

8-1) Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып, банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге де ұйымдардан тексеру жүргізілетін заңды тұлғаға немесе заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаға салық салуға байланысты мәселелер

бойынша оның банк шоттарының бар-жоғы және нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақша қалдықтары мен оның ақша қозғалысы туралы мәліметтерді, сондай-ақ тексеру жүргізілетін тұлғаның банктің сейф жәшіктерінде, шкафтарында және үй-жайларында сақтаулы жатқан мүлкінің сипаты және құны туралы қолда бар мәліметтерді алуға;

9) ұйымдардың білікті мамандарын, басқа да бақылаушы органдардың қызметкерлерін салық қызметі органдарының қаражаты есебінен ақы төлей отырып, тексерулер мен сараптамалар жүргізуге тартуға;

10) қолданылып жүрген заңдарды сақтай отырып, өз өкілеттігін жүзеге асырған кезде ұйымдар мен азаматтардың табыс түсіру үшін пайдаланатын не тұрған жеріне қарамастан салық салынатын объектілерді ұстауға байланысты кез келген өндірістік, қойма, сауда және басқа үй-жайларын тексеруге құқығы бар.

11) Салық төлеушілерден Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбе бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген нысандар бойынша электрондық құжаттар түрінде ақпарат алуға.

2. Аумақтық салық органдарының:

1) белгіленген мерзімде төленбеген салықты, айыппұлды және өсімді, сондай-ақ әкімшілік жолымен салынған айыппұлды ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларымен азаматтардан бірінші кезекті тәртіппен өндіріп алуға, салық салу кезеңі аяқталғаннан кейін 5 жыл ішінде бұрын есептелген салық сомасын есептеуге немесе қайта қарауға;

2) салық, айыппұл және өсім белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес ұйымдар мен азаматтардың жылжымалы және жылжымайтын мүлкін ақшасын хаттауға құқығы бар;

3) Салық комитеті органдарының басшылары осы Заңның ережелеріне сәйкес ұйымдар мен азаматтардың бюджетке салықтар мен басқа да төлемдер жасау мерзімін ұзартуға және оларды дүркін-дүркін бөліп төлеуге мұрсат береді.

3. Қаржы полициясы органдарының:

1) қолданылып жүрген заңдарға сәйкес салық тексерістерін жүргізуге;

2) егер азаматтар мен лауазымды адамдар қылмыс жасады деп күдіктенетін жеткілікті негіздер болса немесе олар әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жағдайда қаржы полицияларының бөлімшелері арқылы олардың жеке басын анықтау үшін қажетті құжаттарды талап етіп алуға және тексеруге;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негізде және тәртіппен қаржы полицияларының бөлімшелерімен жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыруға;

4) салықтардың төленбеуіне, салық салудан жалтаруға немесе мемлекет алдындағы басқа қаржылық міндеттемелердің орындалмауына, байланысты қылмыстар туралы істер жөнінде, мемлекетке зиян келтіруге әкеп соққан өзге де

қылмыстар мен құқық бұзушылықтарды қаржы полицияларының бөлімшелерімен анықтау мен алдын ала тергеуді жүзеге асыруға;

5) салық полициялары бөлімшелері қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негізде және тәртіппен қаруды, арнаулы құралдарды сақтауға, алып жүруге, оларды қолдануға және күш жұмсауға;

б) салық полициялары бөлімшелерінің әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасауға, әкімшілік ұстауды жүзеге асыруға, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдарда көзделген басқа да шараларды қолдануға;

7) салық төлеуден жалтаруға байланысты қылмыс белгілерін көрсететін жеткілікті негіздер болған кезде салық органдарының нұсқамалары негізінде салық органдарымен бірлесіп салық тексерістерін жүргізуге құқығы бар.

ЕСКЕРТУ. 171-бап өзгертілді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 заңымен.

ЕСКЕРТУ. 171-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1997.06.19. N 134-I Заңымен - бұл толықтырулар 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне е н е д і .

ЕСКЕРТУ. 171-бап өзгертілді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен.

Ескерту. 171-баптың 2-тармағы өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 Заңымен. Z990356_

ЕСКЕРТУ. 171-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z990440_

Ескерту. 171-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2000.03.29. N 42 Заңымен. Z000042_

ЕСКЕРТУ. 171-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

Ескерту. 171-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.07.12. N 240 Заңымен. Z010240_

172-бап. Салық қызметі органдарының жауапкершілігі

1. Салық қызметі органдары лауазымды тұлғасының қызмет бабындағы міндеттерін атқармауы немесе тиісінше атқармауы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіптік, материалдық немесе өзге жауапкершілікке әкеп с о ғ а д ы .

2. Салық қызметі қызметкерлерінің заңсыз іс-әрекеті салдарынан салық төлеушіге келтірілген зиян сот шешімі бойынша республикалық бюджеттен (бес жылдан аспайтын кезең үшін) төленеді.

Ескерту. 172-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 1995.12.21. N 2703 ж а р л ы ғ ы м е н .

ЕСКЕРТУ. 172-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-

ЕСКЕРТУ. 172-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен.

173-бап. Салық қызметі органдарының басқа мемлекеттік органдармен және өзара қарым-қатынастары

1. Салық қызметі органдары орталық және жергілікті атқарушы өкімет органдарымен, құқық қорғау, қаржы және басқа да мемлекеттік бақылау органдарымен өзара іс-қимыл жасап отырады, бірлескен бақылау шараларын қолданады, осы Заңның 174-бабының ережелерін ескере отырып, өзара ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді.

2. Мемлекеттік органдар салық қызметі органдарына Қазақстан Республикасының салық заңдары мен мемлекет алдындағы басқа да қаржылық міндеттемелер туралы заңдардың орындалуына бақылау жасау жөніндегі міндеттерді атқаруына, салық құқық бұзушылықтары мен қылмыстарына қарсы күресте жәрдемдесіп отыруға міндетті.

3. Салықтың, бюджетке төленетін басқа да төлемдердің және мемлекет алдындағы өзге де қаржылық міндеттемелердің толық және уақытылы төленуіне мемлекеттік бақылау жасауды қамтамасыз етуге салық қызметінің органдары ғана уәкілетті.

4. Салық қызметі органдары өздеріне жүктелген міндеттерді өзара іс-қимыл жасай отырып атқарады.

5. Салық қызметі және қаржы полициясы органдары жедел деректер алған кезде, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылықтар мен қылмыстар туралы істерді қозғауға себептер мен негіздер болған кезде салық төлеушілерді бірлесіп тексеруді жүзеге асыру үшін өздерінің лауазымды адамдарын жібереді.

Өздерінің лауазымды адамдарын жіберу туралы шешім тиісті сұрау салу келіп түскен күннен бастап бес күн ішінде қабылданады.

6. Аумақтық салық органдары заңдарда қаржы полициясы органдарының тергеуіне жатқызылатын қылмыстар жасалды деп жорамалдауға мүмкіндік беретін фактілерді ашу кезінде аталған фактілер ашылған күннен бастап үш күн ішінде олар жөнінде анықтау, алдын ала тексеру жүргізуді және заңдарға сәйкес шешім қабылдауды жүзеге асыру үшін тиісті қаржы полициясы органына материалдарды жолдауға міндетті.

7. Салық қызметі органдары өздерінің арасындағы келісім бойынша белгіленген тәртіппен салық жолсыздықтары мен қылмыстар туралы өздерінде бар материалдар мен олардың жолын кесу жөнінде қолданылған шаралар, өздері жүргізген бақылаушылық салық тексерулері туралы біріне-бірі хабарлап отырады, сондай-ақ өздеріне жүктелген тапсырмаларды орындау мақсатында басқа да қажетті ақпарат алмасуды жүзеге асырады.

Ескерту. 173-баптың 6-тармағы өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.03.31. N 356 Заңымен. Z990356_

Ескерту. 173-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.07.12. N 240 Заңымен. Z010240_

174-бап. Мүдделер кереғарлығы

Салық қызметінің қызметкерлеріне салық төлеушіге қатысты кәсіби міндеттерін жүзеге асыруға:

- 1) егер бұл қызметкердің онымен тікелей туыстық қатысы болса;
- 2) қызметкердің немесе оның жақын туысының оған қатысты тікелей немесе жанама қаржылық мүдделілігі болса тыйым салынады.

175-бап. Мәліметтер құпиясы

1. Салық қызметі және оның қызметкерлері болып табылатын немесе болған барлық адамдар салық төлеушілер туралы өздерінің қызметтік міндеттерін орындау барысында алған мәліметтерді құпия ұстауға міндетті және осы ақпаратты мына адамдарға ғана:

1) салық қызметінің басқа қызметкерлеріне олардың осы Жарлыққа сәйкес өздерінің қызметтік міндеттерін орындау барысында және мақсатында;

2) салық құқық бұзушылығы мен қылмыс жасаған адамдарды қудалауы үшін құқық қорғау органдарына;

3) салық тәртібін бұзғаны және қылмысы үшін салық төлеушінің салық міндеттемелерін немесе жауапкершілігін белгілеу туралы істі қарау барысында соттарға;

4) халықаралық шарттарға сәйкес басқа елдердің салық органдарына беруге құқылы.

1-1. Жеке тұлғаларды қоспағанда, салық төлеуші төлеген салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің жалпы сомасы туралы мәліметтер құпия болып табылмайды.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес мәлімет алған аталған органдардың қызметкерлері, мұндай ақпаратты ашуға рұқсат етілген мақсатқа қол жеткізу үшін қажетті дәрежеде ғана ақпарат беруді қоспағанда, осы баптың ережелеріне сәйкес осы мәліметтерді құпия сақтауға міндетті.

ЕСКЕРТУ. 175-бап 1-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 147 Заңымен. Z010147_

46-тарау. САЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ПОЛИЦИЯСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ

Ескерту. 46-тараудың тақырыбы өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.07.12. N 240 Заңымен. Z010240_

**176-бап. Салық қызметінің және қаржы полициясының
қызметкерлерін құқықтық және әлеуметтік
қорғау**

1. Салық қызметінің және қаржы полициясының қызметкерлері қызметтік міндеттерін атқару барысында заңмен қорғалады.

2. Салық қызметінің және қаржы полициясының қызметкерлері республикалық бюджет қаражаты есебінен міндетті түрде жеке сақтандырылуға т и і с .

3. Қызметін жүзеге асыруына байланысты салық қызметінің және қаржы полициясының қызметкерлеріне ауырлығы орташа дене жарақаты түсірілген жағдайда, оған республикалық бюджет қаражатынан есебінен бес айлық жалақы мөлшерінде біржолғы жәрдемақы төленеді, кейін бұл сома Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес кінәлі адамдардан ө н д і р і л і п а л ы н а д ы .

4. Қызметін жүзеге асыруына байланысты салық қызметінің және қаржы полициясының қызметкеріне кәсіби қызметімен одан әрі шұғылдануына мүмкіндік бермейтін ауыр дене жарақаты түсірілген жағдайда, оған республикалық бюджет қаражатынан бесжылдық ақшалай үлесі мөлшерінде, кінәлі адамдардан сомасы кейін өндіріліп алынатын, біржолғы жәрдемақы беріледі, сондай-ақ оның лауазымдық жалақысы мен зейнетақысының мөлшері арасындағы айырма (өмір бойы) төленеді.

5. Жұмыс істеген кезінде және жұмыстан босағаннан кейін өз қызметін жүзеге асыруына байланысты салық қызметінің және қаржы полициясының қызметкері қаза тапқан жағдайда қаза тапқан адамның (қайтыс болған адамның) отбасына немесе оның асырауындағы жандарға (мұрагерлеріне):

1) қаза тапқан адамның (қайтыс болған адамның) соңғы лауазымы бойынша республикалық бюджет қаражатынан онжылдық ақшалай үлес мөлшерінде біржолғы жәрдемақы төленеді;

2) асыраушысынан айрылуына байланысты қаза тапқан адамның (қайтыс болған адамның) соңғы лауазымы бойынша республикалық бюджет қаражатынан айлық ақшалай үлесі мөлшерінде мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындалады .

6. Қызметтік міндетін орындауына байланысты салық қызметі қызметкерінің мүлкіне келтірілген зиян, сондай-ақ салық қызметі қызметкерінің отбасы мүшелері мен жақын туыстарының денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зиян, осы соманы кейін кінәлі адамдардан өндіріп ала отырып, республикалық бюджет қаражатынан толық көлемінде өтеледі.

7. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері үшін бірыңғай киім нысаны мен мынадай атақтар беріледі:

кіші басшы құрам :
қаржы полициясының прапорщигі;
қаржы полициясының аға прапорщигі;
орта басшы құрам :
қаржы полициясының кіші лейтенанты;
қаржы полициясының лейтенанты;
қаржы полициясының аға лейтенанты;
қаржы полициясының капитаны;
аға басшы құрам :
қаржы полициясының майоры;
қаржы полициясының подполковнигі;
қаржы полициясының полковнигі;
жоғары басшы құрам :
қаржы полициясының генерал-майоры;
салық полициясының генерал-лейтенанты.

Кіші, орта және аға басшы құрам арнаулы атақтары Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Қаржы полициясы органдарында қызмет өткеру туралы ережеге сәйкес беріледі.<*>

Қаржы полициясы органы қызметкері лауазымына тұңғыш рет тағайындалып отырған адам мәтінін Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін ант қабылдайды .

8. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлерін зейнетақымен камсыздандыру, мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айрылуына байланысты әлеуметтік жәрдемақы төлеу ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін заң актілерінде белгіленген тәртіппен және жағдайларда жүзеге асырылады .

9 . < * >

Ескерту. 176-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 1995.12.21. N 2703 жарлығымен .

ЕСКЕРТУ. 176-баптың 7-тармағы алынып тасталды, 8,9,10-тармақтар тиісінше 7,8,9-тармақтар болып саналды, 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 заңымен.

ЕСКЕРТУ. 176-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.06.19. N 134-І Заңымен - бұл өзгертулер 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

ЕСКЕРТУ. 176-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен .

ЕСКЕРТУ. 176-бап өзгертілді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. N 255 Заңымен. Z980255_

Ескерту. 176-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.07.12. N 240
Заңымен. Z010240_

**177-бап. Салық қызметі және қаржы полициясы
қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және олардың
жұмыс істеу шарттары**

1. Салық қызметі және қаржы полициясы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу шарттарын Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі негізінде жүзеге асырылады.

2. Осы баптың 3-тармағында көзделгеннен басқа жағдайларда салық қызметі қызметкерлеріне:

1) басқа ұйымдарда жұмыс істеуге;

2) кәсіпкерлік қызметпен шұғылдануға тыйым салынады.

3. Салық қызметі қызметкерлеріне салық органдарындағы қызметтен басқа ғылыми және оқытушылық қызметпен шұғылдануға рұқсат етіледі.

Ескерту. 177-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.07.12. N 240
Заңымен. Z010240_

Ескерту. 177-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.10.10. N 247
Заңымен. Z010247_

**178-бап. Салық қызметі және қаржы полициясы органдарын
қаржыландыру және материалдық-техникалық
жағынан қамтамасыз ету**

Салық қызметі және қаржы полициясы органдарын қаржыландыру мен материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 178-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 1995.12.21. N 2703
жарлығымен.

ЕСКЕРТУ. 178-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.06.19. N
134 - I Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 178-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N
200 Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 178-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының
1998.12.22. N 327 Заңымен. Z980327_

Ескерту. 178-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.07.12. N 240
Заңымен. Z010240_

XIII-бөлім. КҮШНЕ ЕНГІЗУ

ЕСКЕРТУ. Жаңа XIII-бөлім енгізілді, оған 179-бап кіргізілді - Қазақстан
Республикасының 1998.07.01. N 255 Заңымен. Z980255_

179-бап. Күшіне енгізу тәртібі

1. Осы Заң 1995 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енгізіледі.

2. Заңды және жеке тұлғалар 1995 жылғы 9 тамыздағы жағдай бойынша салық және кеден органдары деректерінің негізінде 1995 жылғы 1 шілдеге дейін пайда болған құқық қатынастары бойынша есептелген айыппұлдар мен өсімдер жөніндегі берешек сомаларын төлеуден босатылады.

3. Заңды және жеке тұлғалар 1995 жылғы 9 тамыздағы жағдай бойынша салық органдары деректерінің негізінде 1995 жылғы 1 шілдеге дейін пайда болған құқық қатынастары бойынша есептелген Экономиканы жаңғырту қоры мен Кәсіпкерлікті қолдау және бәсекелестікті дамыту қорына төлемдер бойынша, қоғамдық қалалық көлікті дамытуға заңды тұлғалардан алынатын алымдар бойынша және тұтынуға жұмсалатын қаражаттың олардың нормативтік шамасынан асып түскен сомасынан алынатын пайдаға салынатын салық бойынша (тұтыну қоры), сондай-ақ 1997 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша аталған берешектер жөнінде айыппұлдар мен өсімнің есептелген сомаларын төлеу бойынша берешек сомаларын төлеуден босатылады.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметінің немесе Құзыретті орган мен отандық немесе шетелдік жер қойнауын пайдаланушылардың арасында 1996 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарда, сондай-ақ осы жер қойнауын пайдаланушылармен бұрын жасалған келісім-шарттарды орындау үшін аталған күннен кейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарда және 1996 жылғы 1 қаңтардан бастап жасалып, міндетті салық сараптамасынан өткен жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарда айқындалған салық салу талаптары сақталады және олардың қолданылуының күллі белгіленген мерзімі бойы кү ш і н д е б о л а д ы .

4-1. Акцизделетін өнім өндірушілерге 1994 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған келісім-шарттарға сәйкес тікелей салықтар бойынша берілген салық режимі осы келісім-шарттарда белгіленген талаптарда сақталады.

4-2. Осы баптың 4-3-тармағында көрсетілген жер қойнауын пайдаланушыларды қоспағанда, пайдалы қазбаларды барлауды және (немесе) өндіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар мынадай шарттарды о р ы н д а ғ а н ж а ғ д а й д а :

1) Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін қалпына келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен келісім-шарттарда белгіленген салық режиміне өзгерістер енгізгенде. Бұл ретте, өзгертілген салық режимі 2001 жылғы 1 шілдеден бастап қолданылады;

2) жер қойнауын пайдаланушылар 2001 жылғы 1 шілдеден бастап өзгерістер енгізілген күнге дейін өсім мен айыппұл санкцияларын қолданбай, салық

режимінің өзгеруіне байланысты бюджет алдындағы міндеттемелер бойынша қайта есептеу жүргізгенде, 2001 жылғы 1 шілдеден бастап қосылған құн салығына 16 процент, әлеуметтік салыққа 21 процент мөлшерінде ставка қолданады.

4-3. Кең таралған пайдалы қазбаларды және (немесе) жерасты суларын барлауды және (немесе) өндіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар пайдалы қазбалардың басқа түрлерін барлау және (немесе) өндіру жөніндегі операцияларды жүргізбеген жағдайда, осы жер қойнауын пайдаланушылар 2001 жылғы 1 шілдеден бастап қосылған құн салығына 16 процент, әлеуметтік салыққа 21 процент мөлшерінде ставка қолданады.

5. Осы Заңның 94-104-баптары Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан жер қойнауын пайдаланушылармен тиісті контрактілер жасасуына қарай күшіне енеді.

6. Осы Заңның II бөлімінің ережелері үшін 1995 жылғы 1 шілдеден 31 желтоқсанға дейінгі уақыт салық жылы болып саналсын.

7. 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін 1997 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша пайда болған мерзімі өткен және мерзімі ұзартылған салық төлемдері бойынша өсім есептеу тоқтатыла тұрады.

1997 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша есептелген айыппұлдар мен өсімдер салық қызметі органдарының 1997 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша пайда болған, төленген мерзімі өткен және мерзімі ұзартылған салық төлемдерінің сомасына барабар кемітілуге тиіс.

8. Осы тармақ күшіне енгізілген кездегі жағдай бойынша есептелген және төленбеген мерзімі өткен салық төлемдері бойынша өсімақыларды аумақтық салық органдары есептен шығаруға тиіс.

9. Осы Заңның 152-бабының ережелеріне қарамастан машина жасау, тоқыма, тігін, былғары-аяқ киім, резинадан және пластмассадан жасалған бұйымдарды өндіру немесе химия өнеркәсібі салаларындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың осы тармақ күшіне енгізілген кездегі жағдай бойынша пайда болған салықтарын және айыппұл санкцияларын (жергілікті бюджеттерге толық көлемде түсетін салықтар мен акциздерді қоспағанда) төлеу мерзімі, осындай қызметтен түсетін табыстар өсімақыны есептемей жиынтық жылдық табыстың көлемінде кемінде 51 процентті құраған жағдайда, 2003 жылдың 1 қаңтарына дейін ұзартылады. Осы тармақтың ережелері акцизделетін тауарларды өндіретін және (немесе) сататын және (немесе) импорттайтын заңды тұлғаларға қолданылмайды.

10. Жер негізгі өндіріс құралы болып табылатын немесе қызметі ауыл шаруашылығы өнімін өндіру үшін жерді пайдаланумен байланысты ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне - заңды және жеке тұлғаларға, сондай-ақ өзі

өндiрген ауыл шаруашылығы өнiмiн өндеушiлерге 2000 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жинақталған салықтар мен айыппұл санкцияларын төлеу мерзiмдерi, осы Заңның 152-бабының ережелерiне қарамастан, өсiм есептелмей, 3 жыл мерзiмге ұзартылады.

Осы тармақтың ережесi акцизделетiн тауарларды өндiретiн және (немесе) импортқа шығаратын заңды және жеке тұлғаларға қолданылмайды.

11. Заңды тұлғалар, заңды тұлға құрмай кәсiпкерлiк қызметтi жүзеге асыратын жеке тұлғалар, сондай-ақ қызметiн тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының резидент еместерi 2001 жылғы 15 шiлдеден кешiктiрмей салық органдарына мынадай ақпаратты табыс етуге м i н д е т т i :

1) 2001 жылғы 1 шiлдедегi жағдай бойынша қолда бар деп есептелетiн негiзгi құралдардың, материалдық емес активтердiң, тауар-материалдық запастардың қалдықтары туралы мәлiметтер;

2) көрсетiлген күнi жауапты сақтаудағы негiзгi құралдар, тауар-материалдық запастар туралы мәлiметтер. Аталған мәлiметтердi тауарларды жауапты сақтауға тиеп жiберген салық төлеушiлер де, тауарларды жауапты сақтауға қабылдаған салық төлеушiлер де табыс етедi;

3) көрсетiлген күнi жолда келе жатқан негiзгi құралдар, тауар-материалдық запастар туралы мәлiметтер;

4) өнеркәсiптiк ұқсатуға арналып импортталған шикiзат пен материалдар, сондай-ақ 2001 жылғы 1 шiлдедегi жағдай бойынша осы Заңның 71-1-бабының 1-тармағына сәйкес қосылған құн салығын төлеу мерзiмiн үш айға кейiнге қалдыруға рұқсат берiлген және салықтың кейiнге қалдырылған сомасы бойынша көрсетiлген күнге берешек өтелмеген импортталған су, газ және электр энергиясы туралы мәлiметтер;

5) 2001 жылғы 1 шiлдедегi жағдай бойынша ұйымның бухгалтерлiк балансы.

Осы тармақтың 1)-4) тармақшаларында көрсетiлген мәлiметтер осы Заңның 64-бабына сәйкес есепке жатқызылуға тиiс қосылған құн салығымен сатып алынған негiзгi құралдар, материалдық емес активтер, тауар-материалдық запастар бойынша табыс етiледi. Мәлiметтер Қазақстан Республикасы Қаржы министрлiгiнiң келiсiмi бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттiк кiрiс министрлiгi белгiлеген тәртiппен және нысанда табыс етiледi. <*>

12. 2001 жылғы 1 шiлдедегi жағдай бойынша есепке жатқызылуға тиiс қосылған құн салығының сомасы есептелген салық сомасынан асып кеткен салық төлеушiлер сол асып кеткен соманы осы баптың 11-тармағында көрсетiлген мәлiметтерге енгiзiлген тауар-материалдық запастардың өндiрiстiк қызметте пайдаланылуына және (немесе) сатылуына қарай қосылған құн салығы бойынша алдағы төлемдер есебiне жатқызады.

Аталған салық төлеушілер Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілеген нысанда осы баптың 11-тармағында көрсетілген тауарлардың қалдығын пайдалану туралы мәліметтерді қосылған құн салығы жөніндегі декларациямен бір мезгілде салық органдарына табыс етеді.

2001 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жолда келе жатқан, төлемі 2001 жылғы 1 шілдеге дейін төленген, бірақ көрсетілген күннен кейін алынған негізгі құралдар, тауар-материалдық запастар бойынша қосылған құн салығы 2001 жылғы 1 шілдеге дейін қолданылған ставкаға негізделіп есептелген мөлшерде есепке жатқызылады. 2001 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жолда келе жатқан, көрсетілген күнге дейін төлемі төленбеген, 2001 жылғы 1 шілдеден кейін алынған негізгі құралдар, тауар-материалдық запастар бойынша қосылған құн салығы 2001 жылғы 1 шілдеге дейін қолданылған ставкаға негізделіп есептелген, бірақ 16 проценттен аспайтын ставка мөлшерінде есепке жатқызылады.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің берушілерімен 2001 жылғы 1 шілдеге дейін жасалған келісім-шарттар (шарттар) бойынша 2001 жылғы 1 шілдеден кейін қосылған құн салығы ескерілген бағамен алынған тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) қосылған құн салығы есепке ж а т қ ы з ы л у ғ а т и і с е м е с .

13. Осы Заңның 137-бабы 2-тармағының ережелеріне қарамастан, салық органының шешімімен қосылған құн салығы бойынша жоспардан тыс тексерулер жү р г і з і л е д і .

ЕСКЕРТУ. 179-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 61-1 заңымен. Z 9 6 0 0 6 1 _

Ескерту. 179-баптың 2-тармағы жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 1995.12.21. N 2703 жарлығымен.

ЕСКЕРТУ. 179-бап 2-3-тармақтармен толықтырылды, 2, 3, 4, 5-тармақтар 4, 5, 6, 7-тармақтар болып саналды, 7-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1997.06.30. N 138-1 Заңымен. Z970138_

ЕСКЕРТУ. 179-баптың 4-тармағы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1998.04.15. N 216-1 заңымен. Z980216_

ЕСКЕРТУ. 179-бап 4-1 тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.12.14. N 316-1 заңымен. Z980316_

ЕСКЕРТУ. 179-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 440 Заңымен. Z 9 9 0 4 4 0 _

ЕСКЕРТУ. 179-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2000.03.29. N 41 Заңымен. Z 0 0 0 0 4 1 _

ЕСКЕРТУ. 179-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2001.05.03. N 183 Заңымен. Z010183_

Президенті

Қазақстан Республикасының

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК